

Р. Әлмұханова, Е. Раушанов, Е. Омарханов

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
жаратылыстану-математикалық
бағытындағы 11-сыныбына
арналған оқулық

Байқау нұсқасы

11

Алматы



«Жазушы», 2020

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 84 Қаз-922
Қ 17

Шартты белгілер:

 БІЛУ	    ТАЛДАУ
  ТҮСІНУ	     ЖИНАҚТАУ
   ҚОЛДАНУ	      БАҒАЛАУ
 <i>Назар аудар!</i>	
 <i>Артық болмас білгенің</i>	
 <i>Оқу сауаттылығы</i>	
 <i>Оқушы күнделігі</i>	
 <i>Сөйлем</i>	
 <i>Фалаитор</i>	

Қ 17 Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану математикалық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / Өлмұханова Р., Раушанов Е., Омарханов Е. – Алматы: «Жазушы», 2020. – 240 бет.

Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен әдеби шығармаларды ғана қамтиды.

ISBN

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 84 Қаз-922

ISBN

© Өлмұханова Р., Раушанов Е.,
Омарханов Е., 2020
© «Жазушы» баспасы, 2020
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлкітік құқықтары
«Жазушы» баспасына тиесілі

Құрметті оқушылар!

«Қазақ әдебиеті» оқулығы сендердің болашақтарың үшін сенімді дос бола алады. Өйткені сендер тарихтағы оқиғалар мен тұлғалар туралы көп білетін боласыңдар. Тек ақпарат алып қана қоймайсыңдар, көркем оймен көмкерілген туындылар арқылы таным көкжиектерің кеңейе түсетін болады. Ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бағалай білуді үйренесіңдер.

Сондықтан өздеріңе арналған 11-сынып оқулығында бірінші бөлім «Кеңістік пен уақыт» деп аталып, мұнда қазақтың көрнекті жазушысы Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» романы мен ақын Жарасқан Әбдіраштың «Дала, сенің ұлыңмын» атты қуатты шығармалары енгізілген.

Ал оқулықтың екінші бөлімі «Заман шындығы» деп аталған. Төл тарихымызды бағалау – әр адамның парызы. Біздің тарих жұқа кітаптарға сыйып кеткенімен, ежелгі дәуірлерден тамыр тартқан халқымыздың тағдырын білу, сырын ұғу, құндылығын білу, оны зерттеу еш уақытта тоқтамауы керек. Тіпті, алыс дәуірлерді айтпанның өзінде, замандастарымыздан естіп жүрген «Желтоқсан көтерілісі» туралы білгіміз келетіні шындық. Сондықтан 1986 жылы қазақ жастарының алаңға шығып, ұлттық тәуелсіздіктің ізашарын жасауы, әрине, ерлік. Біз оны білуіміз керек.

Сол сияқты Ерболат Әбікенұлының қазіргі заманның шындығы бейнеленген «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі шағын болса да, оқырман қауымды бірден елең еткізген. Өйткені шынайы жазылған дүние көптің көңілінен шықты. Оны да осы оқу жылында оқи аласыңдар.

«Ғасырлық туынды» деп аталған үшінші бөлім қазақтың мақтанышы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясымен таныстырады. Қос мықты – Абай Құнанбайұлы да, Мұхтар Әуезов те – ұлтымыздың бетке ұстар тұлғалары, ал олар бір-бірін толықтырып тұрған керемет оркестр сияқты әсер етеді. Енді ол туралы тек естіп қана қоймай, Мұхтар қаламынан туған «Абай жолы» арқылы ұлы Абайды жақыннан тани аласыңдар.

Ал төртінші бөлім «Табиғат және адам» деп аталған. Мұнда қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әли мен драматург Сұлтанәлі Балғабаевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» атты комедиялық драмасын оқысындар.

«Қазақтың Қадыры» атанған көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлидің «Қызыл кітабы» кім-кімге де ой салары анық. Қазақ қана емес, жалпыадамзатқа ортақ құндылықтарды арқау еткен, гуманизмге толы шығармалармен танысасындар. Ал «Тойдан қайтқан қазақтар» қазіргі өзіміздің тірлігімізді сахнаға лайықтап көрсетуімен ой салатын болды.

Қадірлі оқушы, «Қазақ әдебиетін» жандарыңа рухани серік етіп, әдеби білім алумен бірге азаматтық қалыптасуларың үшін құрметтендер, сендер білімді де, парасатты ұрпақ болуларың керек. Сонда ғана қазіргі заманға сай толық адам бола аласындар.

Оқулықтағы бар мүмкіндікті пайдаланып, сабақты түрлендіру өз қолдарыңа беріледі. Өйткені біздің оқулықта асықтардың суреті сендердің топтық жұмыстарда немесе сыныптағы өзара білім жарыстарында ұпай жинауға көмектесе алады.

«Оқушы күнделігіндегі» жазбалар сендердің өз өнімдерің деп біліңдер. Өздерің жазған дүниені талдай білу қазақ тілі мен әдебиеттану саласындағы білімдеріңді ширата түсері анық. Кейін естелікке де сақтап қоюға болады.

Оқу жылының соңында сендерге «Ойталқы» айдары бойынша маңызды тапсырма беріледі. Сондықтан «Қазақ әдебиетін» мұқият оқындар.

Іске сәт, достар!

Авторлар

I бөлім

КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ

Әдеби шығармаларды кейіпкерсіз елестете алмаймыз, ал кейіпкер бар жерде өмір бар, ол өмір сүретін жерде, өрине, уақыт пен кеңістік бар. Кейіпкердің өмір сүрген кезеңін ғана емес, оған қатысты әр қимылдың, іс-әрекеттің қай мезгілде жасалғанын біліп те отырамыз. Оған көркем туындыда баяндалатын ертеден жеткен аңыз, жырлар қосылады, сонда оқырманның әдеби шығарма арқылы қабылдайтын уақыт пен кеңістігі одан сайын кеңейе, ұлғая түседі. Көркем шығармалар осылайша оқырманды баурайды, өзінің өдемі әлеміне, эстетикаға баулиды.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ
(1943–1993)



Назар аудар!

Құрметті оқушылар, сендер 6-сыныпта Оралхан Бөкейдің өмірбаяны мен шығармашылығы туралы оқыдыңдар. Сол оқығандарыңды еске түсіріңдер. Жазушының қай шығармаларын оқып едіңдер? Енді Оралхан Бөкейдің басқа да көрнекті туындыларымен таныс боласыңдар.

1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы Шыңғыстай ауылында дүниеге келген.

«Адамды ардақтау, оның ұлылығын жырлау, жалы алғанда, Оралхан повестерінің негізгі тақырыбы десе де болғандай», – деп жазды Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Серік Қирабаев. Шынында, Оралхан Бөкей шығармаларының сюжеті, негізінен, қазіргі заман бойынша жазылған. Ол жазушы ретінде өз туындыларында әр кейіпкердің іс-әрекетін келістіріп, сөзбен жеткізіп қана қоймайды, оның азаматтық ұстанымы да сезіліп тұрады. Оның авторлық бейнесі айқын байқалады. Әсіресе, соғыстан кейінгі адамдардың тағдыры туралы замандастарымызға ой салу мақсатымен жазылған «Біздің жақта қыс ұзақ» повесінде



жалғандықты өшкерелейді. Өз ұстанымы айқын көрінеді.

Оралхан Бөкей шығармаларына арқау болған оқиғалар табиғаты сұлулықтың символындай болған еліміздің шығысы – өр Алтайдың баурайында өтеді.

Жазушының қай-қай шығармасы да оқырманды бірден елең еткізген. Солардың арасында «Қар қызы», «Сайтан көпір», «Атау-кере», т.б. автордың жазушылық шеберлігін, ойының тереңдігін танытады. Бұлардың бәріне де ортақ ой арнасы – гуманизм. Кейіпкерлерді таныған сайын адам туралы, жалпы өмір туралы да терең ойға қалдырады.

Сюжет ұсынуда да шеберлік бар. Мәселен, қар қызы – фольклорлық образ. Ал оны, шынында да, көру, кездесу мүмкін бе, әлде ол тек қиялдан туған образ ба – мұны, әрине, әлі де зерттеу керек. Ал Оралхан Бөкей қар қызы бейнесін 1978 жылы өз шығармасына басты кейіпкерлердің бірі етіп алып, оқырманға жаңа дүние ұсынды. Демек автор фольклорды қайталамайды, ол өзінің шеберлігін біле отырып, адамды қадірлеу туралы ой дөнін себеді.

Ауылдағы механизатор жас жігіт Нұржанның: «Иә, рас айтамын. Шекарада служить еттім. Соғыстан айырмашылығы – атыспағанымыз, атысуға жібермегеніміз ғана... Отанды оқ атпай күзету, анау-мынау соғыстан әлдеқайда қиын. Өйткені, жау көзге көрініп тұрған жоқ. Сізде секілді «уралап», тисе терекке, тимесе бұтаққа деп, теріс қарап, көзді жұмып, оқ жаудыра берген жоқпыз...», – деген сөзі кейіпкердің жан дүниесін танытады және осы шынайылық кейіпкер негізінде жазушының өзі байқалады деген де пікір бар.

Шығарманың басты кейіпкерлері – тракторшы үш жігіт болғанымен, шығармадағы оқиға өтетін жер – Айыртау, оның күнгейінде – Қоңқай, теріскейде – сиыршы қарт. Шығарманың идеясы сиыршы қарттың: «Ол адастырады, мен тауып аламын. Монадақтай жердің бетін бір жақсы, бір жамандық жайлаған. Ал егер мен осы Айыртаудан көшіп кетсем, Қоңқай зәлімнің жеңгені ғой», – деген сөзінен айқын аңғарылады.

Оралхан Бөкейдің «Қар қызын» оқығанда, «Ер Төстік» ертегісіндегі Көлтауысар, Желаяқ, Таусоғарды еске түседі. Өйткені шығармадағы әр кейіпкер өз иеліктерін таңдап, әркім өзіне лайықты орындарда қалады. Мұндай ұқсастықты жазушы саналы түрде жасаған. Бірақ ол бұл көпке

белгілі халықтық ертегіні көшіріп алды деген сөз емес, керісінше, жазушы өз ойын шеберлікпен жеткізу үшін ұтымды ой қалдырған. Жаны таза Нұржан сонау биіктегі жамандыққа жаны қас сиыршы қарттың қызы – қар қызы – Алмажанды ұнатып, сол жерде қалады. Ал Аманжанның түсі Қоңқайға ұқсас екені айтылғаны жай сөз болып қана қалмаған, жол бойы жігіттер үлкен сынға түсіп тұрған кезде өз мәдениетін көрсетіп алған, сондықтан оның Қоңқай иелігін таңдауы да бекер емес. Осылайша жазушы философиялық ой қалдырады. Шындығына келгенде, жазушы «Ер Төстік» ертегісіндегі Көлтауысар, Желаяқ, Таусоғарды ойламағанда болуы мүмкін, алайда оның «қар қызын» жазудағы шеберлігі оқырманды ойландырады және осылайша шығармасын тартымды еткен. Оқырман үнемі осындай ұқсастықтың жауабын іздеп, ойланып жүретін болады. Солайша жазушының әлеміне бойлай түседі.

«Сайтан көпір» хикаяты да гуманистік идеяға құрылған. Бұл шығармада үш ұрпақ бар: Тәңір, Аспан, Аман. Шығарма кейіпкерлерінің осылай аталуында да символдық мән бар. Қазақ фольклорлық сана бойынша, Алла деп ешкім баласына ат қоймайды, бірақ жазушы өз кейіпкерін Тәңір деп атайды. Ал оның баласының аты – Аспан, келесі ұрпақ – Тәңірдің немересі, Аспанның ұлы, ол – жалғыз ұл, сол аман болсыншы деген оймен оған Аман деген есім берілген. Тәңірдің жазғаны болады, осынау аспан астында адам өзіне бұйырғанын көреді, әйтеуір, ұрпақ аман болсыншы деген мағыналы ойды меңзейді автор.

Шығармада, сондай-ақ, отансүйгіштікті насихаттау идеясы да бар. Шығармада үш буын ұрпақтың «кездестірілуі» бекер емес, бұлардың үшеуі де жылқы баққан, ауылда еңбек еткен жандар. Кеңес өкіметі орнағанша Тәңір Өбдікәрім байдың, кейін колхоздың жылқысын баққан. Сол Тәңір шал, яғни баба: «Сен мықты болсаң, қайталама менің өмірімді», – деп айтқан болатын. Бірақ оны ұлы Аспан: «Дүниеде кіндік қаның тамған – кіндік жұрттан ыстық не бар?! Ата-бабасының: «Туған жерден бір күрек топырақ бұйырсын», – деп, зарлап өткені бекершілдік емес, рухының мықтылығы шығар» дегізіп, ой тастайды. Өйткені Аспанның ұлы Аман бөлімше басқарушысы қызметін атқарады, яғни оқыған адам, білімсіз малшы емес, ол қаладағы тірлікке қызықпай, өз әулетіне, ауылына келіп, еңбек етеді. «Сайтан көпірден» ол да өтеді. Егер әкесі Аспан сол «Сайтан көпірге» қос аяғын «беріп» келсе, Аман сол тар кезеңнен өту жолында жаны қиналғанында, көз алдына әкесінің осыдан жарты ғасыр бұрын жерге көмген қос сирағы елес болып келіп, қиындықтан алып шығады. «Аспан ұлына шаруаның бар-барлығын үйретті. Ең әуелі шындықты үйретті», – дейді жазушы.

«Шалбарының құйрығына тері тігіп алған әкесі, сол қия жерде артымен сырғып, шөп шабатын. Қалың өскен шалғынның арасынан бойы көрінбейтін. Анадайдан қараған адам жап-жасыл шалғын өзінен-өзі жапырылып жатқандай зәре-құты қалмай, қорқушы еді». Енді ұлы Аман «Сайтан көпірден» өтуі керек боп, өмір мен өлімнің арасында қалғанда, әкесінің рухы көмекке келді. Талықсып жатқан Аманның көз алдына әкесінің жерге көмілген екі сирағы көз алдына елес түрінде келіп, баласының санасына сілкініс тудырып, алып шығады. «Мықтылық дегеніміз – әдемі тұрмыс құрып, бақытты ғұмыр кешу емес, қоржын арқалап жүрсең де, адамдығыңды жоғалтпау», міне, Оралхан Бөкей шығармаларындағы басты идея осы.

Жалпы, Оралхан Бөкей шығармаларының арқауы – өмір – адам – табиғат. Кейіпкерлер табиғат аясында адамға лайықты өмір сүрулері керек, ең бастысы, жазушының ұсынар үлгісі осы.

АТАУ-КЕРЕ¹

«ҚАУШТІ БУДАН»

(Повесть. Басы. Ықшамдалған)

Ара жасаған қоғамдық өмірдің
деңгейіне жету үшін адам баласының
алдында өлі талай ұзақ жол жатыр.
(Матерлинк)

Көптен кеткен көмусіз қалар.
(Халық нақылынан)

1

Ол Бек-Алқаға жылына бір рет міндетті түрде қатынайтын. Туған ауыл, ел-жұртын емешегі үзіліп сағынғандықтан емес (қайбір екі туып, бір қалғаны бар), жыл бойғы табан ет, маңдай тердің құнын шығарып, ұшы-қиыры таусылмас шаруасының шалғайын қайыру үшін, етектегі елге – Үлкен Жерге асығатын. Ал шаруа, басқаны қайдам, Ерік үшін қайта айналып орнына келе берер күн мен түн секілді мәңгілік қозғалыстығы, мәңгілік айналымдағы дүбірлі дүние, таусылмас қазына.

¹ Бөкей Оралхан. Шығармалары. Роман, повестер. Т. 2. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 бет.

Сонау Таулы Алтай өлкесімен қолтықтасып жатқан «Қатын суының» дәл кемеріндегі омартадан мынау Бұқтырма өзенін мінбелей орналасқан Бек-Алқаға дейін атпен жүрсең – күншілік жол. Онда да таңның алғашқы хабаршы сәулелері тарап, елең-алаң шақ туа атқа мінбесең, қонаға жете алмай қаласың. Ерік бүгін тым ерте шыққан. Түнге қалсаң, тау арасындағы шөп көмкеріп, тастаған жалғыз аяқ соқпақтан адасып, соқыраңдап сорың қайнайды, тек – астыңдағы атыңның жершілдігіне сенер едің. «Шашты» деп аталар асудың үстіне шыққанда, мұқым ойпат: сонау Алтайдын, күміс шашбауындай ирелендей аққан Бұқтырма өзені; сол ерке өзенді еміп, екі жағалауына өңірдегі түймедей қаз-қатар орналасқан үлкенді-кішілі ауыл; сол ауылдың ара-арасын құр жіптей шуатыла жалғап жатқан жіңішке жол; сол жолдың үстінде шаңнан шашу шаша құйғытқан замана көлігі – машиналар – бәр-бөрінің үстінен тас лақтырсақ, тұтып қалардай тұнып тұрған қою мұнар омарташы жігіттің көз алдына әлдеқандай бір сиқырлы сұлулықты елестеткен. Бірақ ол осына көк мұнар қабыздаған көркем көрініске терең тебіреніспен сүйсіне қойған жоқ. Тіпті, сол сылаңдаған сұлулықты әдібін ашып түсіне де қоймапты; жоқ іздегендей қанағатсыз көңілмен ұзақ қарап тұрды да, аспанмен таласқан заңғар асуды бауыздай бауырлап кетер қолдың тамырындай сан ирек, сан тарау соқпақты қуалап құлдай бастаған; құлдаған сайын, жайлаудың өлгіндегі жанынды жөннатқа бастап аймалаған салқын самалы биікте қалып, тамыздың таңдай кептірер аптабы алдынан анталай ұмтылды. Ол етектеген сайын, өрмекшінің торындай көзге көріне шымырлап қайнап тұрған ыстық лепындынын қаңсыта бастаған; ат тұяғы тиген сәтте сырт-сырт етіп ыршып түсер шегірткенің миыңды тербеп зәрезап қылар шырылы құлақ тұндырады; ойдың шөбі пісіп қалған – мұрынға ерменнің кермек иісі келеді, ал басы сарғайыңқы тартып, қаулап өскен ақ ерменді кешіп өткенінде, басынан тозаңы ұшып, тиген жерін сап-сары ала тоңғақтап тастайды. «Ауыл биыл ыстық екен» деп ойлады. Басындағы қалпағын шешіп, маңдайындағы моншақтаған терді алақанымен сыпырып тастады. Кеудесіндегі тері жарғақты да шешіп, ердің алдындағы қанжығасына байлады. Астындағы жол жорғасы бар көкбестінің алғашында құлағының түбі ғана жіпсіп еді, енді тоқымының шетінен ылжырап көбік шығып, күннің ыстығы мен еңіске қарай тарбаяқтаған лоқылдақ жүріс қарадай қинап, қан сорпасын шығарды. Көкбестінің арқасындағы тепсе темір үзетін төртбақ жігіт қана салмақ болып келе жатқан жоқ-тын; көкбестінің белінде әрқайсысы елу килограмм тартар екі сүйретпе бал бар еді. Ал дүниеде балдан төтті әрі ауыр нәсте жоқ. Жылқының терісінен мұнтаздап илеп, әдемілеп тіккен

тері қоржынды жергілікті кержақ-орыстар «сума» деп атайтын. Сұйықтық қай түрін құйсаң да, бір тамшы ақпайтын, не жыртылып, тозбайтын тері қоржынды Еріктің әкесінің әкесі ұстап, атадан балаға мирас боп келе жатқан киелі мүлік еді. Еріктің әкесі, Қандауыр жарықтық, тері қоржынның игілін онша көре қоймаған, тек анда-санда ерігіп аңға шыққанда, ердің артқы қасына іле салатын. Қанжығасы қанданып, олжалы оралған күнді Ерікке көруге жазбапты. Тура жүріп, тура сөйлейтін Қандауырдың тым-тым қара қылды қақ жарған әділдігі тұқым құалап, Ерікке жұға қойған жоқ-ты;..

Еріктің былтырдан бері ауылға келгені осы. Өзгермеген. Өзгергені өзі ғана секілді, көшеде көрген жұрттың бәрі бұған үрке қарайтындай сезікті сезінді...

Бұл ауылдан қара үзіп, қарада бой, қарда ізін қалдырмай ауып кеткен ешкім жоқ, өзі жылына бір рет қатынап, хабар-ошарын алып-ақ тұрады...

Еріктің үйі баяғыда әкесі кержақ-орыстардан сатып алған екі қабатты ағаш үй...

Еріктің әкесі ер мінезді, ақ көңіл, адал да атпал азамат болғанымен, үй шаруасына салақ, дүние-боқты парық қылмайтын арсыл-гүрсіл, ашуының алды бар, арты жоқ адам еді;.. оның еңгезердей бойы, гүрілдеп сөйлейтін даусы мен мұндалап, ауылдың бір шетінде отырса, екінші шетіне үні тарап, дабырлап, өзін өзі өшкерелеп қоятын ғажап адам еді; ауылдастары «вейлка» деп атап кеткен Қандауырдан төрт құбыласы сай мұра қалмаған, тек Ерік ержеткенде ғана, бұл шаңырақтың шашылып кеткен шаруашылығы жинақталып, берекесі кіріп еді. Шешесі айтып отырады: «Ұлым менің әкеме тартқан пысық, қолы месекерлі. Бірақ...» Сол «бірақтың...» ақыры өлі күнге айтыла қойған жоқ.

Қос қабатты ағаш үйдің бірінші қабатына кіретін есіктің жұдырықтай құлыбын ашты...

Бұл шақта батыста барыстай болып сұлап жатқан таудың жон арқасына иегі ілінген күннің шапағы әр үйдін, шатыр-шатырларын жалынымен жалап, тура Ерік үңіліп отырған терезеге түскен... Дүкеннің бұрышында соқа басы ғана байлаулы тұрған ат жалқындана жанып, оттан шыққандай қып-қызыл жылқыға айналған. Терезенің шынысына түскен шапақ Еріктің жанарына қайта құйылып, ол да маздап жанғандай еді. «Қой, болмас» деп, кері бұрыла бергенінде, оның құлағына «Дүние, құдым сені сегізімнен...» деп, барқырап әндеткен әлдекімнің масаң даусы естілді... Күн салып қанша қарағанымен, батар күннің нұрында адасып жүрген, ауылды басына көтеріп барқыраған «әншіні» табанда тани алмады...

Ерік дүкеннің алдында өлі байлаулы тұрған атқа көзі қайта түсіп, тасыған көңілін су сепкендей басты. «Тәңірім-ау, қайда анау қасқыр жегірдің иесі?»..

...жотадағы үйден ептеп басып, байырқалап тың-тыңдап, омарташы жігіт... кеше кештен бері сары масадай ызыңдап, миын шаққан сұрағын қойды:

– Кеше дүкеннің алдында байлаулы тұрған шабдар аттың иесі кім?

– Білмеймін, – деді... сатушы. – Аузы-басынан арақ сасыған біреу мініп келді... Бейшараның 45 тиыны жетпей қалды. Үсті-басы адам қарағысыз кір және жағымсыз иіс шығып тұрды. Тезірек құтылайын деп, ақшасы жетпесе де, бере салдым. Ат байлаулы қалды. Өзі жоқ болып кетті. Қылығына қарағанда, көрші ауылдан міне, қашып келген-ау.

* * *

Ерік ауылдағы барлық шаруаларын тындырып, керек-жарағын түгендеп болған соң, түнде тоғай арасына арқандап қойған көкбестіні жетектеп, өз үйіне келді. Қараса, қақпасы ашық қалған екен. Қайран қала, атын жетектеген күйі аулаға кірді. Көкбесті құлағын тіге қорс ете түсті. Тура есік алдында бүк түсіп ұйықтап жатқан алба-жұлба адамды енді ғана байқаған Ерік те сескене, тұрып қалды. Көкбестіні байырқалата арқасынан қағып, діңгекке байлады да, жетім балаша қол-аяғын бауырына ала, бүрісіп жатқан маскүнемнің жанына жақындады... Еңкейіп барып, алқам-салқам жағасынан жұлқылады – былқ етер емес: «Мына нәлеттің түрі таныс» деп ойлады. Өсіресе, құс қанатындай иіле біткен қап-қара қасын көрген секілді...

Өрең дегенде басын қалқайтып отырғызды...

– Құдай берді! – деп, орнынан қуана тұрды. – Издегенім сен едің! «Өлмегенге өлі балық» деген осы, Ерік. Аманбысың, кластасым!

Өзін құшақтағалы ұмтылған маскүнемнің кеудесінен жақтырмай итеріп қалғанда, ол тәлтіректеп барып, тыраң ете түсті. Көтерем сиырдай орнынан өрең көтерілген. Көтерілген соң буынын мықтап тұрып бекіте алды да: – Танымай тұрмысың, Қарабауыр. Баяғы кезім болса, аяғыңды аспаннан келтірер едім, – деді. Оның әбден арақ өтіп лайланған көзі кең ашылып, қанталанып кеткен қарашығынан болар-болмас от – өлі де мүлдем сөне қоймаған ашу ұшқыны, бәлкім, намыс шоғы жылтырады. Қара нардай қайқайып тұрған омарташының жұлындары дір етіп, біртүрлі сескеніп қалды. Осы сескеніс он шақты жылды араға салып барып, іздеп тауып алғанына қайран қалудан туған-ды. Қайран қалмасқа амалы жоқ еді, өйт-

кені ол «қарабауыр» деген намысын шабақтар сөзді жалғыз-ақ адамнан еститін және кек қайтаруға шамасы жетпей, бейамал күй кешіп, іштей кектенетін және де анау иілген құс қанат қастың астындағы аялы қара көзде өмбе жылт еткен ұшқынды да бір-ақ жігіттен көрген, көрген сөтте ғана асау бермес асау мінезі пәс тартып, мысы басылатын. «Сол, – деп дауыстап жіберді. – Соның өзі. Таған ғой мынау!» Иә, оның алдында адамдық сиықтан айрылып, ербиіп тұрған маскүнем мектепте он жыл бойы бір партада отырған, Алматыда бес жыл қатар оқыған, аспирантураны тауысқан, ешкім жауырынын жерге тигізіп көрмеген жігіттің сұлтаны, қыз-келіншектің сырттаны Таған еді! «Құдай-ау, бұл қайдан жүр? Өлмеп пе еді?»

– Иә, мен өлі тірімін, Қарабауыр! – деген сөзден селк етіп, сасқалақтап ойын жинап алды.

– Мықты екенсің онда. – Басқа еш нәрсе аузына түсе қойған жоқ.

– Менің мықты екенімді білмеуші ме едің. Өлмегеніме қуансаң, басымды жаз, – деді ыржалақтап. Еріктің ес-ақылын жинаған осы сөз болды.

– «Е, бәсе, неғып күшейіп кетті десем».

– Басыңды жазбақ түгіл, астауға кұйып шомылдырайын. Тек айтқанымды істейсің, айдағаным жүресің, айтақтағаным үресің.

– Көк есегің болайын, көкетай. – Шөге түсіп аяғынан құшақтады. – Зекетіңмін. Құлыңмын.

«Өбден біткен екенсің, Қарабура» (Бұл Тағанның бір кездегі лақап аты еді. Бүгінде оны ешкім де бұлай атап, әспенсітпейді). Адамдықтан кері азып, маймылға айналып-ақ кеткен екенсің»...

– Ей, Қарабура, сен маған еріп жүр. Аузыңнан арақ, алдыңнан тамақ кетпейді...

– Құлдығың болайын, Ерікжан. Білемін, сен бала кезіңнен ішпейтінсің. Мен дайынмын, бірақ... Көрші ауылдан мініп кеткен атты иесіне қайтару керек еді...

– Ауыл арасы жақын, атты өздері-ақ іздеп тауып алады, сайтан алады дейсің бе, сойып жейтін сорпалығы да жоқ. Кеттік, – деді...

– Сені аттың артына мінгестіре алмаймын...

2

Атақты «Мұзтау» деп аталатын шың Алтайдың мәңгі жығылмас, шаңырағы шайқалмас ақ отауы сынды еді. Міне, осына шілденің ми қайнатар ыстығында пұшпағы шетінемей жататын, мұз құрсаулы шыңның алқымы-

нан бұлақ болып басталып, арыны қатты арқыраған өзенге айналатын суды жергілікті қазақтар «Қатын суы» деп атағалы қа-а-а-ша-ан, одан бері де мың жыл өткен шығар-ау... Міне, сол Қатын суына Тихой (Тихая) өзені келіп құятын... Осы бір шағын өзеннің ерекшелігі сол, ...Өрге қарай аққан өзен тоқтап тұрған су секілді толқынсыз, айғай-шусыз, жым-жырт жатар еді. Бәлкім, сондықтан да «Момақан» деп атап кеткен секілді... Дәл осы үлкенді-кішілі екі өзеннің құйылысындағы алақандай жазықта ағаштан қиып салған керіскедей үй тұр. Арпалысқан әлемнің әлегінен, даңғаза да мазасыз тіршілігінен қашып келіп немесе ұлы шерулі көштен адасып қалып, жападан-жалғыз қалған бұл үйдің иесі – біз жоғарыда әнгіме еткен, Ерік ісімді омарташы жігіт. Алматыдағы дене тәрбиесі институтын бітірген, күрестен спорт шебері Еріктің жалпақ дүниенің барлық қызығынан жеріп, атты адам араға бір қонып, (онда да жаз айында, қыста жан баласы қатынай алмайды) өрең жетер ит өлген жерге кетуінің сырын ешкім де білмейді. Бұл үйдің ала жаздай анда-санда келіп тұрар жалғыз-ақ қонағы бар. Ол – орманды өртен қорғаушы, вертолетші жігіт Прохор Александрович Лаптев. Омарташы мемлекетке тапсырар балды осы кісіден беріп жіберетін және үлкен жермен арадағы байланыс тек Лаптев арқылы жасалар еді.

Қазір мұнда бұрынғыдан ары тыныштық. Қатын суының гүрілі осы өңірдің ешқашан толастамас музыкасы секілді еді... Қатын суының ағысуына үйренген адам басқа жерге барса, түн баласында өзеннің гүріліне үйреніп алғаны сонша, көз ілмеуші еді. ...ес біліп, етек жапқалы, барлық ғұмырын қадірлі халқы, жағалай жұртымен өткізіп, «Көппен көрген ұлы той» деген ұлағатты сөзі имандай тұтып келген Еріктің шешесі – Нюра Фадеевнаға да қиын тиді. Ал Еріктің жары Айнаға Қап тауын асып кетсе де, бөрібір, күйеуі қайда – бұл сонда, қосағымен қоса ағарудан өзге арман да, мақсат та жоқ. Тау қойнауындағы жалғыз үйдің күйбің-күйбін, шаруасы жалықтырған емес, белі талып шаршаған да емес. Күйеуі әр жылдың осы мезгілінде ауылға аттанып, ұшқан құстың қанаты талып өрең жетер құзар таудың басында енесі екеуі ғана қалатын. Енесі жасы ұлғайған адам, оның үстіне, міне, жарты жыл болды саржамбас күй кешіп, төсек тартқан сал ауру, екі аяғын баса алмайды, оның асты-үстін тазалап, тамағын әзірлеп, сусын жұтқызып отыру да Айнаның мойнында...

Қора жақтан жүгіріп келген ит Айнаға бірер еркелеп алды да, тағы да қарауытқан теріске қарап саңқылдады.

«Мынаған бірдеңе көрінген шығар».

Сиыр мөңіреді. Жылқылар осқырынды. Малдың тынышы бұзылған секілді. Келіншек жүрексінейін деді. Үйге қайта кірді.

– Апа, маңайда бір нәрсе жүрген тәрізді.

– Өнегүні қонжығын ерткен аю көрдім деп едің, сол шығар омартаны торып жүрген, шықпай-ақ қой.

– Араның ұясын қиратып кетеді ғой, – деп, күпәйкесін киіп, қос ауыз мылтықты қолына алды.

– Қиратпақ түгіл, түк қалдырмай жеп кетсе екен, аманымызда ауылға қайтатын, – деп күңкілдеді енесі.

– Өзімізді де асап қойса қайтеміз, апа? – деп күлді.

– Бүйтіп тобан аяқ болып жатқанша, аюдың қорегіне жарасам арман жоқ. Алтайдың аюы кісі жеп дәндемеген.

Айна сайланып далаға қайта шыққанда, ағаш-жалды алып таудың артындағы ай шапшаң көтеріліп қалған екен, маңай сүттен бастапты...

«Аюдың келгені анық» деп ойлады Айна. Жүрегі кеудесін балғалай жөнелді. Қаттырақ дем алса, аузынан ыршып шығып кетердей, іштей тынып алға жылжыды. Тас байлап алғандай табаны өрең көтеріледі. «Қолымда қос оғы бар мылтық, несіне қорқам» деп, өз-өзіне қайрат берді де, ұзаққырап шығып, баспалап төңіректі шолды... Аламойнақ та алдына түсіп, саңқылдай үріп енді ғана ұзай беріп еді, күндіз үйездеген жылқылар тұратын бай самырсынның түбінен қыңсылай шәңкілдеп, кері қашты. Сол самырсынның түбінен екі аяғына тік тұрып, ақырған аюды көргенде, Айнаның мылтығы қолынан түсіп-ақ кеткені. ...аю сасқан жоқ, неге екені белгісіз, ол да қозғалмаған. Айнаның пыр етіп ұшып кеткен жаны қайта айналып қонған сәтте, еңкейіп мылтықты алғысы келді-ақ, амал не, сіресіп қалған денесі бағынбайды. Аю ақылды болып шықты. Жанында шоқайып-шоқайып, енесі не істесе, соны қайталаған екі қонжығын томпаңдата ертіп, бұрылып жүре берді...

– Ол не екен, Айнаш? – Үйге кіріп, күпәйкесін шешіп тұрған келіні: «Аю екен» деген сөзді, «Сиыр екен» дегендей аса жайбарақат айтты.

– Айттым ғой, Алтайдың аюы адамға шаппайды...

– Баяғыда Қандауыр, жарықтық, айтып отырушы еді, – деп, Нүрке кемпір бір әңгіменін, ұшығын шығарды, – ...Аюдан ақылды хайуан жоқ деп, сүйсініп отырушы еді, жарықтық.

– Сіз ол кісіні шын жақсы көріп қосылдыңыз ба? – деп, Айна оқыстау сұрақ қойған.

– Ой, ол бір таусылмас хикая, – деді енесі жастығына жайғаса жантәйіп.

– Айтып беріңізші, апатай. Сіздердің өмір тарихтарыңызды мен білмеймін. Еріктен қанша рет қадалып сұрасам да... айтпай қойды. Түріңіз

болмаса, сізді орыстың қызы деуге кісінің, сенгісі келмейді. Мен осы үйге келін болып түскеннен бастап, өз тіліңізде ләм деп сөйлегеніңізді естіген емеспін, әлде ұмытып қалдыңыз ба?..

– ...Әке-шешем және бүкіл Фадеевтер әулеті қазаққа тұрмысқа шығатынымды естігенде, үзілді-кесілді қарсы болды, әкем мен ағайым, тіпті, өлтіреміз деп те қорқытты. Біздің кержақтар – орыстың ішіндегі төменгі жақтан ауып келген аса діншілі. Естуімше, патша ағзамның өзі ішкері жаққа жер аударыпты, неге екенін білмеймін, «кержақтар» атанғанбыз...

Әкемнен гөрі шешем қатал болды. Мені Қандауыр бір-ақ күннің ішінде алып қашып ауылына алып барған күннің ертеңінде, артымыздан шешемнің өзі бастаған қуғыншылар келді, түрлерінен адам шошырлық ашулы, бөрінің қолында мылтық...

Шымылдықты ашпаған күйі атам тіл қатты:

«Келінжан, өзің бөтуаға келтірмесең, екі елдің арасы ашылып, азаматымыздан айрылғалы тұрмыз. Сені ықылассыз алып кетті деп, күш бермей тұр... Менің қазақша сөзімді түсіндің бе?»

«Ұқтым, ата, өзім барайын» деп, шымылдықты сыдыра, атып шыққаным... кермедегі кербестіге міне шаптым... Екі жақтың жігіттері сақадай сай, бетпе-бет келіп тұр екен, тура орталарына ағызып шықтым. Өз туғандарыма: «Мен өз еркіммен келген адаммын. Мен Қандауырды сүйемін! Токтатыңдар шайқасты!» – деп, орысша да, қазақша да үш рет қайталап, дәл орталарында атымды ойнатып, тұрып алдым. Не істерлерін білмеді. Атыса жөнелейін десе – оқ маған тиюі мүмкін... Осы кезде шешем келді жаныма: «...Қор болғаның осы... қызым... енді қайтып сенің қара жүзінді, қазақ жалаған бетіңді көрмеймін, лағнет, лағнет» деп, аттарын ойнақшытып, көздері қанталаған туыстарымды ертіп, кері шаба жөнелді....

– Шешем марқұм, күйеуі Фадей өлген соң, бүкіл шаруашылықты өз қолына алған өжет те өркөкірек кісі еді. Қазіргі қазақтар Бек-Алқа, орыстар Фадиха деп атайтын село, сол менің шешемнің иелігінде болатын...

– Сіз апа, анаңызға тартпаған екенсіз... Сіз... апа, сіз орыс та, қазақ та емессіз... сіз басқа бір... ұлтсыз... жер бетінде жоқ ұлттың өкілісіз. Ол ұлттың аты – аяулы АНА. Өттең, сіздей адам жалғыз-ақ па деп қорқамын...

3

Қазақтар Бек-Алқа, орыстар Фадиха деп атап кеткен ауылдан шыққан қос жолаушының жүрістері маңдымады: астында елпек аты бар Еріктің бір өзі ғана болса, ба-я-ғы-да-а-ақ сау желіп, соза тартып, ұзап кетер еді.

Өттең... не керек, соңында ілбіген «сапарласы» бар, жүруінен отыруы көп, өрең-ақ еріп келеді байғұс. Қазақтар «Мың жолдыны бір сорлы байлайды» деп бекер айтпаған. Тастап-ақ кетейін десе, даяр тұрған «құлдан» аяқ астынан айрылып қалғысы жоқ, ал атының артына мінгестіріп алайын десе – көкбестіні аяйды. Сондықтан да асықпай, асқан шыдамдылыққа басып, өгіз аяңмен келе жатқан...

Сайға жасырына орналасқан жалғыз үйге Таған жеткенде, Ерік атын байлап кіріп кеткен екен. Неге екені белгісіз, Таған үйге бірден кіріп бармай; қашаға сүйеніп тұрып қалды...

Үй ұядай жылы екен. Табада қуырылып жатқан балықтың иісі мұрынды жарып барады. Таған жұтынып, қарны ашқанын сезді. Үйдің иесі өзін Захар, әйелін Марфа деп таныстырды...

– Мұны қайдан қазып тауып алдың? – деді Захар. – Өзінің есі дұрыс па?

– Есі дұрыс болса, осынау ит арқасы қиянға аттыға еріп, таңы айрылар ма еді? Маскүнем деген рудың елшісі. Қолбала ретінде ұстауға ертіп келемін. Қыстай бағып-қағып, егер жақпай жатса, келесі жылы жазда тауып алған жеріме апарып тастармын.

– Азып-тозып кеткені болмаса, түбі жаман кісіге ұқсамайды... – деді Марфа...

– Мына философқа жатар орын тауып беріңдер, – деген Ерік орнынан шапшаң тұрып, далаға шығып кетті...

– Маған төсек салып өуре болмай-ақ қойыңдар. Қай тұсқа құлаймын – сол төсек...

Тұра беріп тәлтіректеген жігіттің қолтығынан демеген Захар тысқа беттеді.

«Неге біз осы қатыгез де, қасиетсіз болып кеттік... Неге біз осы...»

– Екеуіміз бірге күшақтасып тұрып ұйықтайық.

– Кешір досым, әйелімнің білегі кеудемде жатпаса, көз іле алмаймын. Сен батқан батпаққа мен де батқанмын, жуып-шайып адам қатарына қосқан – Марфа.

– Ал менің әйелім, – деді Таған Захардың мойнынан қыса түсіп, – қой батпаққа итеріп жіберген. Содан бері өлі шыға алмай, тырбанып жүрмін...

Күндізгі солқылдақ жүрістен шалдыққан көкбестінің ер-тоқымын алып, қақтанған арқасын шапалақтаған Ерік балта мен қазық алып қырға жетелеп кетті... Балтаны білемдей ұстап кері оралған Еріктің есіне Қатын суының ар жағынан аптасына жалғыз рет, тек жұма күні ғана көрінер қызыл орамалды Қыз түсті. Міне, осынау Алтайдың қыз көктемінен бері көз алдынан көлеңдеп, бейне бір қол жетпес армандай, күндіз-түні қия-

лынан, не түсінен шықпай қойды... Қалай десек те, сол қызды жақыннан бір көру – бұл жалғандағы жалғыз арманы. Біздің жігітте бәрі бар, бірақ түк жоқ екен, иә, ең керектісін таба алмай жүруі мүмкін ғой. Сонда маскүнем Тағаннан айырмасы бар ма, бар болса, ол не? Баспанасы, байлығы, ішпейтіні, жары... Жары демекші, оны да жас кезінде жақсы көріп үйленген-ді... Алайда... көп-көп қателіктің бірі – Айнаға қосылуы шығар...

Қашаға, бағана Таған сүйеніп тұрған қашаға екі білегін артып, ойға батқан Ерік алғаш рет: «Осы менің балам неге жоқ?» – деп, күбірлеп қалды. Өз үнінен өзі шошыды да, бұл сұрақты тезірек ұмытуға тырысқандай, үйге беттеді.

Ертеңінде Тағанды өрең тұрғызып алды... Басқыштан тәлтіректей түсіп омарта жәшіктері қойылған тұсқа беттей беріп еді, оның қолтығынан Захар ұстай алды.

– Ол жаққа барма, ара шағып алады... Мен саған таң қаламын, Тағанщик, – деді Захар. – Ойың мен сөзің керемет-ақ секілді, ал іс-әрекетің... нағыз маскүнемдікі. Сонда деймін-ау, ішпей қоюға неужели ақылың жетпейді. ...адам өз кемшілігін өзгеден көруі қате...

Шай ішкен соң, жолға шықты: Ерік – атта, Таған – жаяу...

Жылқылы ауылдан таудан құлдилаған қос жолаушыға қарай үш бірдей ит оқтай зулаған. Саңқылдай үріп жандарына келді, бірі ат үстіндегі Ерікті аударып тастардай қатты өршеленеді, ал қалған екеуі Тағанды иіскелей еріп келеді...

Таудан төмен қарай домалаңдап келе жатқан адамның ұры да, қары да емес, өншейін диуанаға айналып кеткен маскүнем Таған екенін жас балаларды қойып жылқышылардың өздері қайдан білсін? Үш итті бірдей еркелете соңынан ертіп, киіз үйдің іргесіне тақалғанда, көп баланың бірі: «Ой, мынау қайыршы ғой!», – деп, дауыстап жіберген. Бұл сөз әбден шаршаған Тағанның болар-болмас қана істеп тұрған миына шаншудай қадалды, қапелімде селк ете түскені соншалық – бір орнында қатты да қалды...

Тентек ұлды әкесі үйге қуып тықты да, баласы үшін кешірім өтінгендей, қос қолын ұсынып, қауқалақтай амандасты. Жылқышының жылы-жылы сөзі, ықыласқа толы дидарласуы Тағанға әсер етпеді білем, өз қолын суықтау ұсынды да, әлгіндегі бір он жылдан соң кең жайлаудың төсінде алдынан шыққан сөзді ұмыта алмай, дел-сал күй кешкен...

– Бұл жігітті танымадық қой, – деді тостағанға қымыз толтырып.

– Жолдасым, – деді Ерік арқасын керегеге тірей шіреніп. – Ауылдың ыстығында қаңсып жүргенше, жайлауға шығып, аунап-қунап дем алып қайт деп, ертіп келемін.

– Ертіп жүргенше, мінгесіп жүргендерің жолдастыққа жараспаушы ма еді?..

Үй иесі «жолдастардың» арасындағы жігі ашылып кеткен бір жайсыздықты іші сезді ме, өңгімені өрі қарай қаузамады...

Сауын аяқталып, қарына ағаш шелек ілген өйел мен қолында ноқтасы бар жылқышы бұларға қарай беттеді. Итаяқ жастанып жатқан үш ит бірдей «ау-у-у» деп, басын басып кеткендей атып тұрды да, оң жақтағы таз шоқыға қарай атыла жөнелді. Қыбырлаған жанның бары солай қарады...

– Аңшының иті біздің Тағанға ұқсайды екен. Қарашы, қалай-қалай жасқанбай жортады.

– Бұл тауып айтқаның емес, – деді орнынан көтерем сиырдай созалаңдап тұрған Таған кіржиіп. – Қауып айтқаның...

Орта жастан асып кеткен, сақал-мұрты ақшулан жолаушы аттан түсіп, жағалай қол беріп амандасып шықты. Кезек Ерікке келгенде:

– Ө, сен бе едің, тау миллионері, – деп кекетті. Омарташы шамданған жоқ. Жайдары қалпын бұзбастан:

– Қалай, ақсақал, бомба убежищенің құрылысы аяқталды ма? – деді темекісін тұтатып:

– Оның ішінде саған орын жоқ, дәметпей-ақ қой.

– Керек болса, өзім де қазып аламын және сенікінен гөрі қауіпсіз...

– Өзің сыйсаң да, ақшаң сыймас.

– Сенің сандығыңа ұрлыққа түскен жоқ едім ғой.

Бұл екеуінің арасындағы шөлкем-шалысты бұрыннан білетін жылқышы кермалдастыра бермей, пәтуасыз сөздің түбіне тезірек су күйғысы келген сыңаймен:

– Бала-шағаң аман-есен бе?.. Жүріңіздер, үйге кіріп, қымыз ішейік, – деді ергенегі шалқалай ашылған есікті нұсқап.

– Осы фронтовиктерге таң қаламын, – деді әлі әпігі басылмаған Ерік. – Жастарға сүйкенбесе, оқ атқандарын бұлдамаса, ішкен астары батпайтын секілді.

– Сен секілді кергіген кесірлерді көргенде, жауды жеңгеніме өкінем... Жайлауда жүрген жалғыз мынандай, қаладағы қағынғандары қандай екен, төубе...

Етігінің қонышын қамшысымен салып қалды. Енді бір сөз айтса, қолындағы қамшысымен Ерікті қақ шекеден осып өтетіндей долданып айтты...

– Тышқан терісіне сен құнықпай жүрген шығарсың. Суырға құрған он қақпанымды қапқа салып, қақшып кеткеніңді екі дүниеде де кешпеймін.

– Осы сендерге не жетпейді? – деді жылқышы қабағын түйе қыржиып. – Алтайға сыймай жүрсіндер ме? Аңшы ағанын, жөні бір басқа, саған не жорық, ей, Ерік... Өкеңдей адаммен айтысып...

Жылқышы аңшының қолтығынан демей, киіз үйге қарап ыңғайлады.

Омарташы жігіт көкбестіге қарғып мінді де, сау желе жөнелді... Аттылы-жаяулы қос жолаушы шыршалардан көкке найза шаншыған сайға түсіп көрінбей кетті.

4

...Қатын суы айлағына орналасқан Еріктің омартасына да АРАЛАР мемлекеті өздерінің антикалық заңымен ғұмыр кешуде... Өсіресе, осы өңірге екі жылдан бері қоныстанған «қауіпті будан», яғни ғылыми тілде «жауыз ара» деп аталар араның жаңа тұқымы алапат еңбекқор еді... Араның осы бір бұл елде жоқ түрін алғаш рет вертолетші жігіттен естігенде, Ерік жанын қоярға жер таппай, аса қызыққан және «Не алсаң да, маған тауып бер» деп, ұшқыш жолдасына қолқа салған. «Наука и жизнь» журналынан «Қауіпті гибрид» деген мақаланы оқып шыққан соң, аңсары одан ары ауып, қалай да, қолға түсірудің жолын іздеді. Ал бұл араның қысқаша өмірбаяны былай еді: 1956 жылы генетик-селекционер У.Керр африкалық бал арасын алып келеді де, жергілікті тұқыммен будандастырады. Африкалық аралары шапшаң, өлі алысқа ұшады, анасы балалағыш. Буданнан пайда болған африкаландырылған араның сыртқы пішінінде пөлендей айырмашылық болмағанымен, еңбекқор және қауіп төнсе, тобымен шабуыл жасайтын өте агрессивті болып қалыптасқан. «Жауыз ара» атануы да содан...

Міне, осы «жауыз араны» шет елге ұшатын самолетте істейтін әріптестері арқылы жең үшіннен жалғасып өкеліп бергенде, Ерік бөркін аспанға атып, вертолетші Прохор Александровичтің бетінің сау-тамтығын қалдырмай сүйіп еді-ау... Апталық алыс жол, мыңдаған шақырымдық қашықтықты аттап өтіп, Алтайға қоныс аударған «қауіпті гибрид» бүгінде қаулап өсіп, жеке бір ұяны мекендеген...

Өз бағымындағы аралар ішінде жүріп жатқан жұмбақты процестен Айна хабарсыз-тын. Жаңа тұқымды «импорт» араның ұясын ғана біледі, онда да Ерік көп жолатпайтын, балын өзі ғана ағызып алатын...

Екі-үш күннен бері үйген шөмеленің саны көбейіп, алыстан қарағанда, тау арасына орналасқан ағаш үйді қаумалап коршаған шөп-қос секілді... Ендігі жұмыс осы шүпірлеген балапан-шөмелелерді атпен қораға тасымалдап, маялап үю болатын... Оған жалғыз Айнаның шамасы жетпейтін еді...

Егер Ерік ертең де кешіксе, кер биеге қамыт салып, амал жоқ, жалғыз өзі тасуға бел буған-ды... Түс ауа жұмыссыз қалғандай, омартаның ішін аралап, ұсақ-түйек істің басын қайырып жүргені де содан еді. Биенің сауымы келіп, ағаш күбіні білегіне іліп тұрып та, орманның ішінен суыртпақталар жалғыз аяқ сүрлеуге қарағыштады-ай... Енді, міне, сол өткел үшінші күн жым-жырт жатыр...

Айна дәл бүгінгідей көңілі азынап жалғызсырап та, санамен сарғайып сансырап та көрген жоқ... Тағы да Қатын суының жағасындағы өзінің меншікті мекеніне барды. Ендігі қалған дөтке қуат, жанға суат осы – арқыраған асау өзен ғана... Кейде-кейде өз көңіліне, өз өміріне ұқсастық тауып, не себептен «Қатын суы» аталуы тарихын білгісі келетін. Ал өзен тарихын Нүрке кемпір де, Еркін де білмейді. «Бәлкім, мен секілді жалғыздықтан жаны жанған әйел, өрт болып лаулаған жалынын басар шипа іздеп суға секіріп, ағып өлген шығар...»

...Өлгі бір сайтандай сап ете түскен өзөзіл ойдан құтқарған, ту сыртынан күмбірлей кісінеген жылқының үні болды. Артына жалт қарағанда, Тихойдың өткелінен салып ұрып өте берген Ерікті көрді. Көрді де: «Тәңірім-ай, келдің бе?» – деп, екі бетін алақанымен басқан күйі шөге түсіп, еңіреп жылап жіберген...

Ерік көкбестісін лекілдете аяңдап, аяулы жарының қасына келді. Айна белі кеткендей отырған орнынан тұра алмады. «Ой, саған не көрінді?» – деген ерінің сөзін естімеген секілді, қос жанарынан сорғалаған жас жүзін жуып, мең-зең отыр...

– Не болды, Айнаш?.. – Амансыңдар ма?

– Аманбыз, – деді өксігін баса алмаған Айна.

– Төтеме бір нәрсе болып қалған екен деп... Апыр-ай, мұндайың жоқ еді, не көрінді? Қой, жаман ырым бастама.

– Қойдым, – деді келіншегі көзінің жасын балаша алақанымен сүрткілеп, мұрнын тартып. – Мұншалықты кешікпеуші едің...

Екеуі көкбестіні жетекке алып, үйге қарай қатарласа аяңдай берген кезде:

«Ау, ағайын, мен қалай өтем судан?» – деп барқыраған дауыс оқыс тоқтатты. Тихойдың ар жақ жиегінде делдиіп тұрған самтыр-самтыр кісіні көргенде, Айна шошына таң қалып: «Мұнысы кім?» – деп, Еріктің бетіне қарады.

– Жолдасым ғой, – деді самарқау. – Әй, Қарабура, кіндігіңнен де келмейді, кешіп өт! – деп айқайлады...

Жалғыз ұлы есіктен еңсеріле кіріп келгенде, сал болып жатқан шешесі құшағын аша үмсынып: – Құлыным-ау, есен-сау келдің бе? – деп, аналық абзалдықпен аңырап еді...

– Ауғанға барып келгендей-ақ, қарсы алдыңдар-ау.

– Енді қайтейік, бір үйдегі бір азаматтан айдың-күннің аманында айрылып қалсақ... Ел аман, жұрт тыныш па екен, өйтеуір.

– Еліңіз – орнында, ештеңе ете қояр түрі жоқ. Желдей есіп; желпініп отыр... Ең соңғы маскүнемді мен ертіп келдім...

– Үйбай-ау, ұят болды-ау, жолдасыңды өткізіп алайық, – деген Айна орнынан тұра беріп еді, оның білегінен басып, қайта отырғызған Ерік:

– Өзі-ақ өтеді. Омыраудан келмейтін суға ағып өлер деймісің. Қайта таза су кір-қоңын шайып, иіс-қоңысын кетіреді.

– Ол кім еді тағы?..

– Ол менің бірге оқыған досым, тәте. Сіз білесіз. Біздің елдікі. Көкеннің ұлы – Таған Мақажанов.

Нүрке басын оқыс көтеріп алды:

– Тәңірім-ау, не айтып отырсың... Өзіміздің Мақанның – алты алашты аузына қаратқан Мақажан ақынның немересі ме? Көкен жарықтықтың ұлы ма? Апыр-ай, шешесі марқұм болғаннан бері, бетін көрген жоқ едім. Ол қайдан жүр, бұл ит өлген жерде! Жеткізіндер! – Кемпірдің даусы шаңқ етіп қатты шыққаны соншалық, Айна селк ете түсті...

– Бет-жүзін көрейінші өзінің. Текті тұқымның тұяғы ғой...

– Ендеше, көрімдігіңізді дайындаңыз, – деп, Ерік қамдана бергенінде, ашық тұрған есіктен пұшпақ-пұшпағынан су сорғалаған Тағанның сұлбасы көрінді...

– Ей, Қарабура, кел мұнда; төтем шақырады. Асылдың сынығы едің ғой... нұр дидарыңды жарқыратшы, – деді Ерік саңқылдай.

– Кел, шырағым, кел, – деп бәйек болды кемпір... Табалдырықтың ар жағынан:

– Амансыз ба, апа? – деді Таған тұрған орнынан қозғалмай.

Бұдан сон, Нюра Фадеевнаның ақсары жүзін, көк көзін жаңа ғана байқады ма, – Здравствуйте! – дегенді қосып қойды. Нүрке кемпір күлді. Айна да жұмсақ жымиған.

– Еркек адам есіктен еңселі кірер болар... Ұры иттей жан-жағыңа жалтақтап жанарыңды түсірме, ұлым. Ерді кебенек ішінен таны деген, ханның сарайына кірсең де, қадірінді қашырмай, кеуденді жоғары ұста!

Төсек үстінде отырған орыс кемпірден мұндай торғындай судыраған қазақшаны күтпеді білем, жанарының жапсары жыпылықтаған. Таған әлі де болса үйге кіруге жүрексінгендей.

– Төрге шығатын түр жоқ, шеше.

– Өкең, жарықтық, жұрттың бермесін тартып алар аусар еді, тартпаған екенсің.

– Кірсеңші кергімей! – деп, Ерік гүр ете түсті...

– Қарағым, үстіндегі киіміңді сығып кептіріп қой, – деді Тағанның ұнжырғасы түскен ұсқынына жаны аши қараған Нүрке кемпір: – Жол соғып шаршаған шығарсың ес-ақылынды жиып, демінді ал: Ыстық шай іш. Ерікжан, осында ит жемен жатқан көдедей көп киіміңнің бірін бер мына жігітке, ауыстырып кие тұрсын.

– Айнаға айтайын, тауып берсін...

Ойда жоқта пайда болған «қонақтың» мынау сықпыты, осыншалық қорлықты тірлігі ойлантып еді келіншекті. Өзін бір жерде, бір кезде көрген секілді. Таныс-бейтаныс жүзі әбден титықтап, тозаңы шыға тозғанынан ба екен, анық ажарын ажырату қиын.

«Ерік те еріккен шығар, несіне ертіп келді екен?..»

Еріктің ертіп келген жолдасы сүрініп құлаған жерінде жүрелеп өлі отыр...

– Өлтірмесең, өңешімді жібіт, – деді жөтелдің арасынан саңылау тауып, тілге келген Таған...

– «Алыр-ай, тілінің ащысын-ай мына кісінің, – деп ойлады Айна, – менде несі бар екен».

– Жаның шығып кетсе де, тұра тұр, – деді тері қоржынды арқалап үйге аяңдаған Ерік. – Айтқаным – айтқан. Салқын сыраға шомылдырамын. Әй, Айнаш, әлгі Прохорға арнап ашытқан бал сырадан бір саптыаяқ әкеліп берші анаған, жыланының басы қайтсын.

Самауырға шоқ салып тұрған шымшуырын тастай салып тұра жүгірді. Көп айналған жоқ, сыйымдылығы бір литрге жуық қайыңның безінен ойып жасаған саптыаяқпен меймілдете сыра әкелді. Қолы дірілдеп, өзін жұтып қоярдай ұмтылған жігітке жақындауға сескеніп тұрып қалып еді, анау еңбектеп өзі жетті. Сілекейі шұбырған жүзіне қарауға дәті жетпеген келіншек тез теріс қарап кетті. «Уһ» деген дауыс естілді, саптыаяқ бос төңкеріліп жатыр. Таң қалды. Төгіп алған секілді. «Қой, бұл кісі емес шығар» деп ойлады.

– Шайың қайнады ма, менің де шөлімді бас, – деді ендігі сәтте сонау қаз-қатар тізілген шөмелелерге көз салып тұрған Ерік. Әйелінің екі-ақ күнде апта бойы шапқан шөпті жалғыздан-жалғыз жүріп, қалай ғана жинап, үйіп тастағанына іштей қайран, бірақ бұл таңданысын сыртқа тіс жарып шығармады. Әрине, өз еңбегін бұлдамаса да, өзекті жан болып жа-

ратылған соң, «Мықты екенсің, Айнаш» деген сықылды жылы сөзді ерінің аузынан әйелі күткен еді. Өзі үйген шөмелелерді жақа көргендей бұл да жанар жарыстыра қараған. Амал не, Ерік ләм демеді...

Тағанның жаны жадырап, көбеңсіген көңілі көлдей шалқып сала берді. Ашуы әбден жеткен бал сыра атты кісіні аударып түсірер күшті еді. Бір саптыаяғының өзі-ақ мықтымсынған немені алып ұрды...

Дастарқан басында үшеуі ғана. Былтырғы, одан арғы жылдардағы үшеуі, тек қана үшеуі... Төтеден пайда болған «төртінші» далада қалды. Шешесі сан рет «шақырыңдар, обал болады, қарны ашқан шығар» деп еді, Ерік: «Текке өуре болмаңыз, барқырап тынышымызды алады», – деп міз бақпады...

Бұлардың қаймақшыған тыныштығын қаусатқан – төлтіректеп басып, босағаны тырмалаған Тағанның үні болды.

– Неге біз осы... – деп, ежелгі әдетінше сұқ саусағын шошайтты. – Неге біз осы?.. Бұл шақта екінді туып, Нүрке кемпір намазға қамдана бастаған.

– Жүр-ей, – деді Тағанның қолтығынан нығарлай ұстаған Ерік. – Төтем намаз оқиды. Мазасын алма.

– Орыс намаз оқиды... хи-хи-хи... – Таған шиқылдай күлді. Кластасының бейпіл ауыздығы жанына тиді білем; онсыз да бастерісі келіспей жүрген Ерік желкесінен бүріп теріс қаратты да, құйрығынан бір теуіп етпетінен түсірді. Күйеуінің тым артық кеткендігі шыдамын шарт сындырды білем, самаурынның күлін қағып тұрған Айна:

– Қойсаңшы, обал емес пе? – деп, Ерік келгелі алғаш рет дауыс шығарды...

Төлтіректеп орнынан қайта көтерілген Таған, фашистің жауын ала алмай азаптанған партизанындай-ақ, өзін өр ұстап: «Ей, Қарабауыр, бір тепкенің – бір саптыаяқ сыра», – деді. Жолдасы оның тілегін екі саптыаяқ бал сырамен қанағаттандырды да, оны-мұны саймандар тұратын қораға сүйрелеп апарып тастады. «Таудың түні салқын, тоңады ғой». Айна мазасын ала берген соң, әкесінің ескі ішігін үстіне жапты...

Нүрке кемпірге балаларының арпалысып, күш күрескен мазасыз тірлігі, тіпті де, ұнаған жоқ... Өсіресе, келінін аяйды. Оның үстіне анау Көкеннің сүмірейген ұлы қосылды. Екі жастың біріне келмей қор болған Таған тағдырын да уайымдап, жүрегі сыздайды. «Обал ғой. Текті тұқымның азып-тозып, шілдің боғындай пышырап біткені ғой. Қайра-ан Көкен, әйелі Аналық қандай еді... Мақажан шал ше? Алтайды аузына қаратқан ақын, жан баласына басын имеген кісінің сұлтаны еді. Үһ, Төңірім-ай, не болып барамыз осы», – деп, күрсіне күбірлеп жіберді...

Жанарын жапса болды, Аналықпен бірге еткізген баяғы – тұрлаусыз өткен тұтам-тұтам өмірі көз алдында көлеңдеп тұрып алады-ай. «Құдай-ау, сол Аналық жазғанның жақсылығын өтеді ме? Жоқ, өтей алмапты. Мойнына қарыз, ұрпағыма парыз күйінде қара жер қойнына кірем бе, жасаған ием. Не істеу керек? Қадір-қасиетінен жұрдай тоналған ұлын қалай ғана құтқарам бұл қорлықтан, қайтып қана арашалаймын арағы түскірден... Өл-қуатым жетер ме? Тым болмағанда Еріктің мазағынан...»

Бұл түні Айна да көз ілген жоқ. Күні бойғы салпылдақ жүріс, толассыз жұмыс бойын алып, өлдекім алып ұрып сабап-сабап талғақ қылып тастағандай дел-сал күй кешсе де, өз жанына өмір таба алмады...

* * *

...Ерік өзен жиегінде көп тұрды. Салт атты, жаулықты Қыз көрінбейді. Көңілін алаң биледі... Айнаға деген саздау тартқан салқындықтың себебі... осы елес сынды салт атты қыз еді. Жарының жанына жақындаса болды, салт атты қыз көз алдына көлеңдеп, екеу арасына ала арқан керіп тұрып алатын. Осы бір ішкі қиналысын Айнаға сан рет айтуға оқталса да, батылы барған емес. Қорыққаны емес, соңына шырақ алып жүріп қосылған қосағының көңіліне көлеңке түсірмеудің қамы еді.

«Ол бүгін жоқ. Келмейді», – деп, кетуге ыңғайланғанда, таудың төбесіне жалғыз жолаушы шықты... «Сол! Өзі». Таулы Алтайлық Қыз ақ боз аттың үстінде ертек әлемінен оралғандай, бергі бетке – Қазақстан жеріне қасқая қарап тұр еді...

Қызыл жаулықты Қыз Қатын суының жағалауына тақалып, аттан түскенде ғана, ес-ақылын жиған Ерік тас тиген шыныдай шытынаған санасын жамап-жасқап саябырлады...

Ал Қыз ше? Ол бұрала басып, суға тақалды да, алақанын толтырып ұрттады. Содан соң бұған күле қарап, жүрелей отырды. Оның өлгі әрекетін Ерік те қайталады... Осылайша бірін-бірі екі жағалауда тұрып аңдыса бақылаған олар құла-жалдана құлап аққан Қатын суын суалтар құдіреттің жоқтығына налығандай мұндықты күй кешкен. Бәлкім, махаббат деген осы шығар...

Үсті-басын сылана түзеген қызыл жаулықты Қыз лып етіп, ақ бозға мініп алды. Содан соң соншалықты бір жарасымды қылықпен қолын бұлғап қоштасты. Не істерін білмей, ербиіп тұрған Ерік құлынша аққан жылқыдай аласұрып, тағат таба алмады...

«Әй, сол бір сайтан секілді сандалған қызды қойшы. Енді қайтып көрмеймін» деп бекінді, белін бекем буды... Осы бір кіжінісі оның жүрісін шапшаңдатқан.

Омартаға жеткенде, Айна ұйқыдан тұрып, шай қойып жүр еді... Осы кезде қойма-үйден: «Дүние, құдым сені он жасымнан» деп бақырған Таған өлі де тірі екенін тарғыл даусымен дәлелдеді...

Айна есіктен басын қылттытып шайға шақырды...

– Бүгін не істейміз, пішен үйіліп бітті ғой, – деді Ерікке ерген Таған.

– Сендерге демалыс жариялаймын. Ал мен аң қараймын.

– Ерте кетсең қайтеді, ішім пысады ғой.

– Сенің иісінді сезген мұқым Алтайдың аңы ауып кетер. Сыраны тойғаныңша іш те, сылқиып ұйықта. Қолың қышып бара жатса, анау кеспелтек ағаштарда жарып, саржан сал... Бүгін мен сені танымай тұрмын-ей...

Дастарқан басында төрт көздері түгел жиналған соң, Нүрке кемпір алақанын жайып, ерні жыбырлап бата жасады...

...Нюра Федоровна:

– Қалқам, қолың, қашаннан бері дірілдейді? – деп сұрады.

– Ішкеннен бері, өсіресе, похмель жасамаған күні тыным таппайды.

– Одан құтылудың жолы бар, – деді кемпір.

– Қалайша?

– Ішпеу керек.

– Ой, апа-ай, – деді Таған аузын тістеп алатындай нанды талмап, зорға жеп отырып. – Оны өзім де білемін ғой. Маған қалай ішпеуге болатынын үйретсеңіз.

– Ол да қиын шаруа емес, шырағым.

– Оңай емес, шешей, оңай емес, бір жыл емделіп, жазыла алмағанмын...

Ерік орнынан үнсіз тұрды да, нан пештің іргесінде жабулы тұрған ағаш күбідегі ашуы жеткен сырадан құйып өкеліп берді...

– Кісі болудан қалған. Бекер тәрбиелейсіз, – деді шешесіне.

– Ұлым! – деді Нүрке Еріктің сөзін жақтырмаған сыңайда. – Сен өйтіп арыстай азаматтың обалына қалма, біддің бе... Сенің бұл қылығың жөн емес.

– Ұйбай-ау, тәте-ау, мен бе екен оны маскүнем қылған. Өзінің осалдығы, иттігі. Бәлкім, тұқымынан солай шығар. Бар жазығым аштан өлгелі жатқан жерінен жинап-теріп алғаным ба?

– Сен оның тұқымына тиіспе. Оның асыл текті сойынан көрген жақсылықты бұл дүниеде қайтару екеуміздің де қолымыздан келмейді. Менің бүйтіп тірі отырғаным, сенің бүйтіп жер басып, тайрандап жүргенің Тағанның шешесінің арқасы, білдің бе?!

– Ес білгеннен бері тірі жанға қарыз емес екенімді, бір адамнан бір сом қарыз алмағанымды, өзімді өзім асырап жеткізгенімді ғана білемін. Ал одан бұрынғысының өтеуін өзіңізге тапсырдым, – деген Еріктің тік сөзі Айнаның қасын дір еткізді...

Айна далаға шыққанда, Ерік мылтығының ұңғысын тазалап, қапшығын арқасына таңып, жол қамына қамданып тұр еді...

– Омартаға екі қонжығын ерткен аю келді, – деді Айна.

– Қашан?! – деп жалт қарағанда, оқыс қимылдан шошына шегінген келіншек: – Алдыңғы күні түнде, – деді көзі жаудырап.

– Ендеше ол ұзаған жоқ, осы маңайды төңіректеп жүр. Іздеп табу керек.

– Оны қайтесің?

– Прохор үш жылдан бері аюдың терісін баласының терісімен қоса тауып бер деп, қолқалап жүр емес пе?..

– Обал ғой, Терінің қалаға қажеті қанша?

– Сәндік үшін. Екі креслоның басына екі қонжықтың терісін жауып, журнальный столиктің алдына енесінің терісін жайып тасталық делік... Көз алдына елестетші, әдемі емес пе?.. Кейін қалаға көшіп, үй сатып алсақ, өзімізге де керек.

– Құрысын ондай сәндігі. Менің тілімді алсаң, ата көрме аюды.

– Ең әуелі атқыза ма деп сұрасаңшы... Жә, жолымды бөгеме, аттанамын.

Айна... білегіне шелек іліп бие саууға беттегенде, үй сыртындағы отын жаппаның алдында әлденені күбірлеп, ағаш жарып тұрған Тағанды көрді... Жарылған жаңқаларды жаппаның ішіне бақшалап жинап, тәлтіректеп жүрсе де, шаруасынан шалағайлық жібермейтін ісіне құнтты көрінеді. «Не айтып жүр екен, – деп ойлады Айна. – Өзімен сөйлесіп, әңгімесін тыңдаса... Қайдан көрдім? Жүзі күн өткен сайын жылы ұшырап барады». «Қайдан көрдім?» деген сауал, тіпті, тіміскілеп, соңынан қалмай-ақ қойды... Бие сауып отырғанда да, саумалды сабаға құйып шыққанда да – осы бір қандауырдай қадалған ойдан арыла алмады.

«Қайдан көрдім?»

Күн сәске болғанда, ақ тер, қара тер болып быршып терлеп, бет-аузын жылымшы су басқан Таған балтаны лақтырып жіберді де: «Шөлдедім!» – деп, аю талағандай қорқынышты үнмен айғайды салды дерсің. Оның оспадар даусын төсек үстінде шегеленген кемпір де естіді...

Сасқалақтап үйге жүгіріп кірген Айна саптыаяқты пеш үстіндегі сыра ашытқан ағаш күбіге ала ұмтылып еді, оны кемпір тоқтатты.

– Қоя тұр, келінжан, – деді оқ қолын жоғары көтеріп. – Келсін де өзі осында. Шақыр.

Екі ортада саптыаяқты ұстап делдиіп тұрып қалған Айна, енесінің үнінен зіл байқады. Бұл шақта алты айрығынан тер саулаған Тағанның өзі де өз көлеңкесіне өзі сүрінгендей, қалбалақтап жетіп қалып еді...

– Сен, шырағым... келген екенсің, келімсек болмай, жөніңе көш. Енді бұдан былай сыраны тек менің рұқсатыммен ішесің. Көнсең осы, көнбесең, көшке берген тайыңды жетеле де, есің барда – еліңді тап...

Табалдырықты басып, не ары жоқ, не бері жоқ сілейіп тұрған Таған самайынан құлаған тер тамшысын сұқ саусағымен сүрткілеп, не істерін білмей, абдырады. Төсек үстіндегі құс жастыққа арқасын тіреп мығым жайғасқан кемпірдің көкпеңбек көзінен ызғар мен шоқ сезілді, енді бір сөз қайырса, қарғып тұрып бас салатындай.

– Баспа табалдырықты, жаман ырым! Кір үйге! – деп еді, Таған қаттырақ басса, тақтай сынып кететіндей мысық табандап үйге кірді. – Отыр сереймей, осы үйдің бел ағашы сен төбеңмен тіремесең де түсіп кетпес. Тегің қандай еді, елің қандай еді... сойына сойыл жұмсаған саудайы неме...

– Әй, апа, апатай, – деп қыбыжықтады, – мен сізді әлі сыйлап отырмын, мұндай ауыр сөзді ешкімнен, ешқашанда естіп көрген жоқпын.

– Апа-ау, айналайын апам-ау, сырасын беріп құтылайықшы. Өңіңіз бұзылып кетті ғой, – деп, Айна кемпірдің жанына барып қолынан ұстады. – Сізге ренжуге болмайды...

– Келінжан, араласпа, бұл азаматпен арадағы айтыстың басы ғана. Бұл – менің де балам, тек сезбей, секіріп жүр. Жарықтық шешесі Аналықпен бірге мен де емізгем. Ақ сүтімді ақтасын дегенім емес, кіммен төжікелесіп, тәйткік кетіп отырғанын білсін дегенім...

– Егер осы үйде қыстағың келсе, қояр шартым бар, – деді Нүрке кемпір, – тек менің ғана тілімді алып, айтқанымды істейсің, айдағаныма жүресің... күнде кешке моншаға түсесің, жатар алдында сыраны аузына татып алмайсың. Бұл – бір. Екінші шартым – ертең ерте тұрғанда, Айна қайнаған суға бұқтырып, дайындап берген шөпті ішесің... Сол дөріленген сусынды ашқарынға ішкен соң, жүгірген қалпың өзенге барып, шомыласың, алдымен денең үйренгенше, жеңіл-желпі жуынып бастап.

– Үй-бай-ау, шеше-еке-ау, қыстыгүні қайтемін? – деп желкесін қасыды...

– Қыста қармен жуынасың. Еңбектің де емдік қасиеті бар, балам, көп қимылда – арам терің, арам асың шықсын. Құдай-ау, «Жаман иттің атын бөрібасар қояды» дегендей, сыраны да «ас» депшін-ау...

Ал енді сен, Таған, айналайын балам, ерте айрылған ата-анаңның аруағын сыйласаң, өлгендерді өкпелеткің келмесе, орында осыларымды.

– Өке-шешемді есіме түсіре бермеңізші, апа, жылаймын...

– Әй, қайдам, сен жылауды да ұмытқан шығарсың. Адамның көз жасы – жанының нәсері, сіркіреп-сіркіреп алса, арты айығады, көңілі көгереді.

– Көндім, оллаһи, көндім айтқандарыңызға. Дегенмен... бүгінше сол ережелерді бұзуға бола ма, ақырғы рет... ертең ерте бастасам...

– Түһ, бұған айтып сөз, ұрып таяқ өтпес, – деп шаршады Айна.

– Бер, – деді кемпір, – ішсін атау-кересін. Бірақ ертеңнен бастап басқаша сайрайсың, ұқтың, ба, ұлым!

– Ұқтым, апа, ұқтым, – деп, Айна ұсынған сыраға қолдары қалтырап ұмтыла берді...

Ол кеткен соң, енесінің жанында отырған Айна:

– Осы кісінің адам қатарына қосыларына күмәнім бар, – деді түңіліп: – «Тұқымың текті еді, әке-шешенді білуші едім» деп, қайта-қайта пысықтай бересіз, қайраттансын деп қайрағаныңыз ба, әлде, расында да, мықты рудан шығып па еді?

– Рас, келінжан, рас, әкесі мен шешесінің өмір тарихын кейін айтып беремін, ал атасы Мақажан Алтайды жайлаған Қаратайдың елді аузына қаратқан ақыны еді ғой. Бұларды Дәулеттің ішіндегі Көкі дейді. Мақажанның түсінде Қызыр-ассалам «Көген аласың ба, өлең аласық ба?» деи, аян бергенде, «Өлең аламын» деп, өлеңдетіп тұрған екен деседі...

Ел азарда ер-азаматы – атақ қуғыш тақ құмар, қыз-келіншегі дүние қуғыш бақ құмар келеді. Ал «Бақ дегенің – тойға келген қыз емес пе, байлық деген – қолға ұстаған мұз емес пе, бала – артта қалған із емес пе?» деп, бұрынғылар бекер айтпаған. Қырықтан асқанша не үй, не күй жоқ Тағаннан не қайыр, не үміт. Кейде мен анау төбедегі тақтайға жападан-жалғыз тесіліп қарап жатып ойлаймын: Төңірім-ау, ат төбеліндей ауыл тайлы-таяғы қалмай маскүнем болып кеткенде, ертеңгі күні не болады, тоз-тозы шығып тозып таусылмай ма? Не білген ойлары бар? Ішімдік деген пәле бұл елге қашан дерт болып жабысты? Қашан? Кейде ойлаймын, осы жұрт атау-кересін ішіп жүрген жоқ па деп. Ал атау-керені – өлер алдында, ақтық демі таусылғанда ғана ұрттайтын.

– Мен білмеуші едім, – деді күрсіне тіл қатқан Айна.

– Нені? – деді енесі сөзін бөлгенге елеңдей сұрап.

– Атау-кере деген сөздің төркінін.

– Алда-жалда арғы дүниеге аттанар болсам, маған да ішкізесің.

– Қойыңызшы, апа, қайдағыны айтады екенсіз. Өздігіңізден жүре алмағаныңыз болмаса, денсаулығыңыз мықты ғой...

– Неге екенін бір Алланың өзі біледі, соңғы кезде аруақтар түсіме көп кіріп жүр, – деді аз-кем тыныштықтың тығынын қайта ағытып. – жарық-

тық қайын атам Құранын алдына өңгеріп, Мұзтаудан құлдап келе жатыр екен деймін... Иә, жатқан жерің жаннат, қараңғы көрің жарық болғыр атамның көзі тірісінде бұл ауыл арақ дегенді аузына алмаушы еді. Қазіргі анқау елдің араққа құмар моллалары сілекейі шұбырып, мас болып отырып Құран оқитынды шығарды. Өтірікті судай сапырып, зуылдатқан ондай арамзаның бетіне түкіріп жібергенім өлі есімде.

– Сіз де Құран оқи аласыз ба? – деп өуестенді келіні.

– Өрине... Сенен сұрарым, – деді кемпір Айнаның қолынан сүйіп. – Анау Тағанға қамқор бол. Көп ашуландыра бермеңдер... Атасы Мақажан қандай қуғын-сүргін көрсе де, мойымай, ел мен жердің шырқын бұзған Ісләм-нәшінге:

– Арқаға біткен қайыңды,
Білемін қалмақ жайыңды,
Жолаушыға беруші ең,
Талқан менен шайыңды.
Обада жатып өлуші ен,
Көлденең тістеп найыңды,
Қазаққа кеп байып алған соң,
Ұмыттың ғой Құдайыңды, –

деп, ежетекірекке алып еді-ау. Қайран, от ауызды, орақ тілді, Мақа-ай, сен де күндей күркіреп, жаңбырдай сіркіреп өте шықтың мынау жалғаннан; ұрпағың болса – анау...

Осынша уақыт, замана атты ұлы көштің шаңын жұлып, жұртта қалғандар қаншама, саусақпен санап тауыса алмайсың біреуді Құдай қаңғыртады, енді біреулер Құдай бұйрығына көнбей, өзі қаңғырады... Ел шыдағанға бел шыдамай, қиралаңдап қалса, оған кім кінәлі?! Тіпті, осы кінәлілерді іздеп табудан қиын не бар? Кейде, «мүмкін, өз әке-шешемнің, тым ерте кеткен Тағанның әкесі мен шешенің жасын маған жиып берген шығар... Балаларын ашаршылық жылы да аман алып қалып қалды емес пе бұл ел».

Ашаршылық демекші... Нюра Фадеевнаның сол бір зауал кезең туралы айтары көп... Енді ғана «Аталап, апалап» тәй-тәй басқан тұңғыш қызымның аузы аққа жарымай... көз алдымда көгеріп-сазарып, жан тәсілімін бергенін қалай ұмытайын; өзімнің де аузымнан қара су ағып, аш иттей бұралып, ыңырсып жатқан жерімде осы Тағанның шешесі Аналық емес пе еді, басымнан сүйеп, нәр сыздырған; үйіне апарып бағып-қағып, жалғыз дәнді өзі жемей, ұсынған, апалы-сіңлідей жанымыз жарасып кетіп еді-ау...

Иә, Нюра Фадеевна мен Аналық апалы-сіңлілердей болып, ең бір ауыр да азапты жылдарды бірге өткізді. ...конфискацияның тізіміне Нүркенің күйеуі Қандауыр да іліккен...

1932 жыл, яғни мешін жылдың ашаршылығы басталды. Тігерге тұяқ калмаған, бар үмітті, бар жақсылықты, бар байлықты жалаулатып келген, алаулатып енген кеңес өкіметінен дәмемтті. Өсіресе, қазақтың дәмемткіш көңілі «Өкімет деген – өзіміз, ендеше, өзіңді өзің асырайсың» деген ұр да жық ұранның байыбына бара қойған жоқ. Құрсағын мықтап тұрып бір рет толтырып алды да, көздері шүңірейіп аштан қырыла бастады... Сол заманның қаттылығын «қателігі» деп ұғар зерде жоқ, «Бұнымыз асыра сілтеушілік» – деп айтар пенде жоқ, осынау «жоқтардың» жоқтауын естір құлақ жоқ – қынадай қырылды, арқа сүйер ардақтысынан айрылған Нюра Фадеевнаны ағаштан қиып салған үйінен қарашаның қары түскенде, қуып шығып, жаңа ұйымдасқан қосшының бастығы кіріп алды. Ананың ақ жүзі қуарды, ақ сүті суалды: бір жастан енді ғана асқан қызын бауырына басып, баспанасыз далада қалды. Міне, осы кезде Аналық жетелеп өз үйіне апарды, асырады, сақтады. Алтайдың созалаңдап, таусылып бітпейтін ұз-а-ақ қысынан ілдалдалап әрең шықты. Қарны тойып тамақ ішпеген ананың омырауынан сүт шығушы ма еді, екі үйлі жанның қарап отырған қара сиырына жегізер шөп тақа таусылып, ағаштың бүрі мен теректің қабығын сыдырып беріп, асырап еді, көтеремге айналған хайуанның емшегі шандырланып, суалды. Наурыз туа, әбден тулақ болған сиыр көзі алайып, қорада қатып қалған.

(Жалғасы бар)



СӨЗДІК

Жіпсу – терлеу бастау.

Зәрезап – ығыр, мезі, запыс.

Кер биеге – кер – құла мен күрең аралығындағы жылқы түсі.

Монданақтай – әп-әдемі, сүп-сүйкімді.

Місекерлік – місе – барға қанағат ету.

Сеңке – кебегінен айрылтып тартылған ақ бидай ұны.

Ілдалдалап – қажетке әрең жарап тұрған, бірдеңе етіп амалдау.

Жер-су атауы:

Бұқтырма, Ертіс, Қатын өзендері бастауын Алтай тауынан алады.

Мұзтау – Алтай тау жүйесінің Ресей және Қазақстан жеріндегі ең биік шыңы.

Оның ұшар басында Үлкен, Кіші Берел, т.б. мұздықтары бар. Қатын өзені бастауын осылардан алады.

Автор бейнесі – әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасының көрінуі. Өр шығармада жанрға байланысты ол әртүрлі байқалады. Мысалы, лирикада ақынның ішкі сыры, сезімі, толғанысы басқа жанрларға қарағанда, басым әрі анық.

Өмір шындығын оқырман автор бейнесі арқылы таниды.

Деталь – көркем шығармада белгілі бір мағыналық, идеялық-эмоциялық жүк көтеріп тұрған көркемдегін құрал.

Идея, көркем идея – шығарманың өзегінен танылатын жинақтаушы, образды ой. Шығарма идеясыз болмайды. Суреттеліп отырған өмір құбылысы туралы автордың айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы – көркем идея болып танылады.

Көркемдік шындық – өмірдегі нақты шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну, ол жазушының өзі жазып отырған туындысынан байқалатын өзіндік көзқарасы, бағалауынан туады.

Мақал-мәтел – халықтың белгілі бір ойды ықшамды, ұтымды, өткір етіп айтып беретін кестелі сөзі, бабалардан қалған мәңгілік мұра, фольклорлық жеке жанр. Бұлар қос сөз сияқты айтылғанымен, айырмасы бар. Мақал – өмірлік тәжірибеден туған, қоғамдағы сан қилы құбылыстарға берілетін баға, түйінді ой. Ол толық тұлғалы болады, айтар ойды толық жеткізеді. Мысалы, «Зер қадірін зергер білер», «Ұста пышаққа жарымас, етікші бізге жарымас», т.т.

Ал мәтел мақал сияқты ойды толық құрмайды, ол сөз тіркесі ретінде қалыптасқан, нақышты сөз түрінде жасалады. Мәтелде айтылатын ойдың ізі, тұспалы ғана болады. Мысалы, «Берсе – қолынан, бермесе – жолынан», т.б.

Роман (XI–XII ғасырларда роман тілдерінде жазылған әртүрлі шығармалар атауынан шыққан) – күрделі және дамыған сюжетті, көбінесе прозалық, кейде поэзиялық нұсқада жазылатын көлемді шығарманың бір түрі.

Әдебиеттің басқа жанрларымен салыстырғанда, романда баяндалатын өмір кең ауқымда қамтылады, оқиғадағы тартысты оқиғалар шарықтау шегіне жеткенше, ұдайы даму үстінде суреттеледі. Романда кейіпкерлердің жеке өмірлерін, олардың бір-бірімен қарым-қатынасын суреттеу арқылы дәуір мен қоғамның, салт пен сана кеңінен танылады.

Романдар жанр ретінде іштей: әлеуметтік-психологиялық, тарихи, биографиялық, т.б. түрлерге бөлінеді.

Эпизод – көркем шығарма желісінде мәні бар жеке-жеке оқиғалар, бас-аяғы тиянақталған бөлшектер.



1. 6-сыныпта Оралхан Бөкейдің қай шығармаларын оқыдыңдар? Ол не туралы еді?
2. Жазушының «Тортай мінер ақ боз ат» повесі мен «Апамның астауы» әңгімесінен автор бейнесін еске түсіре аласыңдар ма?



1. Атау-кере деген не?
2. Роман қай кезеңде жазылған?
3. Шығармада қазақ тарихында болған қандай зұлмат баяндалған?
4. Жазушы өзге тілден енген сөздерді қолдануы нені білдіреді?



1. Романды оқи отырып, өздерің түсінбейтін сөздерді іріктеп жазыңдар. Төмендегі сілтемелер бойынша сөздікте жоқ сөздердің мағынасын анықтаңдар.
 - a) <http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1178800>
 - ә) <https://kazakh.academic.ru/>
 Ол сөздердің арасында көркемдік құрал ретінде қолданылғандары да болуы мүмкін екендігіне мән беріңдер.
2. Жазушының көркем тіліне мән беріп, мақалдар-мәтелдерді, фразеологизмдерді теріп жазыңдар және олардың бүгінгі қолданысы туралы айтыңдар.
3. Жазушы шығармасында аталатын жер-су атауларын картадан табыңдар.
4. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім



1. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	

4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

2. Авторлық идеяның тарихи шындықпен байланысын анықтаңдар.
3. Кейіпкерлер жүйесін жасап, оларды топтастыру арқылы да даралау арқылы да мінездеме беріңдер. Олар үшін қолданылған көркемдік құралдарды анықтаңдар. Автор бейнесі қалай байқалады?
4. Жазушының шеберлігін көрсетуде романдағы қандай деталь мен эпизод өздеріңе ұнады? Оның себебін, ұтымдылығын талдау арқылы түсіндіріңдер.



1. Жазушы «қауіпті будан» туралы не айтқысы келді? Бұл термин ара-ларға қатысты ма, әлде адамға қатысты айтылды ма?
2. Кейіпкердің араға айналуы және оның қыз қамшысынан өлуі нені меңзейді? Повесть бойынша қай кейіпкер өмірде ұтылды деп ойлайсыңдар? Нюра кемпірдің ең ақырғы сәттегі әрекеті нені аңғартады? Автор қандай ойды жеткізгісі келді?



1. «Оралхан Бөкейдің «Атау-Кере» романындағы ұлттық және әлемдік құндылықтар» тақырыбында әдеби сын жазыңдар.



Оқу сауаттылығы

1. Көкбестіні байырқалата арқасынан қағып, діңгекке байлады да, жетім балаша қол-аяғын бауырына ала, бүрісіп жатқан маскүнемнің жанына жақындады.

Сұрақ: Байырқалату деген сөз нені білдіреді?

- а) Еркелетіп, арқасынан сипау
 - б) Тыным алдыру, дем алдыру
 - с) Байлап қою
2. Тігерге тұяқ қалмаған, бар үмітті, бар жақсылықты, бар байлықты жалаулатып келген, алаулатып енген кеңес өкіметінен дөметті.
- Сұрақ:** «Тігерге тұяқ қалмаған» деген нені білдіреді?
- а) Мал атау

- b) Бәйгеге қосу, жарысқа қосу
- c) Малдан түк қалдырмай, айдап алып кету

3. Алғашында күпсек қарға малтығып өлген елікті тауып алып, талғажау жасап еді, бұдан соң жазғытұрымның қара қатқағында қарға мен сауысқанға ауыз салған.

Сұрақ: Күпсек қар, талғажау деген сөздердің мәнін табыңдар.

- a) көп қар; талдау
- b) күпсек қар – үлпілдек, жұмсақ қар; талғажау – талшық, қоректік зат.
- c) көп қар; талдырып тастау



Оқушы күнделігі

Оралхан Бөкейдің «Атау-кересі» ой салған сұрақтар төңірегінде өз ойларыңды жазыңдар. Мысалы, «Атау-кере» повесіндегі қай кейіпкерді өз айналамнан көріп жүрмін? Менің өмірімдегі ең қымбат адам кім?



Ғаламтор

Төменде көрсетілген сілтеме бойынша «Атау-кере» романын толық оқи аласыңдар. <http://tilalemi.kz/viewer/viewer.php?file=/books/7456.pdf>

Қосымша оқу үшін:

Бөкей О. Шығармалары. Повестер. Т. 3. – Алматы: Ел-шежіре, 2013, 384 бет.



Сұталқы

«Қазіргі заман және құндылықтар» тақырыбында талқылау ұйымдастырыңдар. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар деген не? Олардың арасына шекара қоюға бола ма? Уақыт алға озған сайын құндылықтар өзгере ме? Қоғам үшін, ата-ана үшін, жастар үшін не маңызды?



ЖАРАСҚАН ӘБДІРАШ (1948–2001)

«...Шын ақын! Қазір біз әлдебіреулерді ұлы ақын, данышпан ақын деп жатамыз ғой. Олар болса – бола жатар... Алдымен шын ақын болу керек! Міне, Әбдіраштің Жарасқаны – қазір саусақпен санайтын өзінің буынындағы маңдайалды ірі ақын!»

(ҚР ҰҒА академигі Зейнолла Қабдолов)

Жарасқан Әбдіраш – көрнекті ақын, сыншы, аудармашы. Ол Қызылорда облысы Арал ауданы Аманөткел ауылында дүниеге келген. Ал 2001 жылы 10 ақпанда Алматы қаласында өмірден өтті. 14–15 жасынан бастап аудандық, облыстық газеттерге өлеңдері, әңгімелері жариялана бастады.

Қазақ мемлекеттік университетінің (бүгінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) журналистика факультетін бітірген.

Еңбек жолын «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде, кейін «Қазақ әдебиеті» газеті және «Жалын», «Жұлдыз» журналдарында қызмет еткен. Қазақстан Жазушылар одағында көркем аударма және әлемдік әдебиеттер байланысы Бас редакциясы төрағасының орынбасары болды. Сондай-ақ көрерменнің көңілінен шыққан «Тамаша» телехабарының бас редакторы болды.

«Тұңғыш кітап» деп аталған тырнақалды кітабы 1969 жылы жарық көрді. «Ақ қайран», «Найзағайлы жаз», «Саяхат», «Парасат пен парыз», «Дала, сенің ұлыңмын», «Өзілің жарасса», «Көңіл көкпары», т.б. кітаптары және «Сана соқпағы» атты үш томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Ал ақын өзінің көзі тірісінде «Құлпытас» атты жинағын дайындаған, ол ақын өмірден өткеннен кейін екі айдан соң, жарық көрген.

Аудармашы ретінде үнді ақыны Рабиндранат Тагордың, француз ақыны П.Элюардың, беларус ақыны Янка Купаланың, орыс ақындары: Александр Пушкин, Александр Блоктың, Агния Бартоның, т.б. өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

Алматы қаласында 2001 жылдан бері Жарасқан Әбдірашев атындағы көше бар. Ақын тұрған үйге ескерткіш тақта қойылды.

Ал туған жері – Арал қаласында ақынның атында орта мектеп бар.

Шығармашылығы. Жарасқан Әбдірашев – көп қырлы талант иесі. Ол әдебиеттің бірнеше саласында еңбек еткен. Соның өзінде қазақ поэзиясында өр жанрда да жазған. Арнау, реквием, элегия, поэманың өзін түрлендірген. Мысалы, «Келешекпен кездесу» поэма-диалог, «Ертеңім менің – ертегім» поэма-монолог түрінде туған. Ал «Абайға наз немесе теңеулер туралы» деген өлеңінде:

Абай ата,
Қол ұшын бер,
Демеу бер.
Білесіз бе,
Біз туралы не деуде ел?..
Болмысымыз күннен-күнге жаңарып,
Күннен-күнге ескіруде теңеулер!.. –

деген арнау өлеңінде шешендік сұрақ қолданылған. Бұл шешендік сұрақ риторикалық сұрақ қызметінде, ол Абай ақыннан жауап күтіп тұрған жоқ, бұл оның поэтикалық тәсіл ретінде қолданғаны. Осындай тапқырлықпен, ойының жүйріктігімен оқырманына жол табады.

Ақынның поэзия өнеріне сіңірген жаңалығы көп. Ол қазіргі қазақ әдебиетінде алғаш болып эпитафия жанрын қолданды. Эпитафия – қабір басындағы жазу. «Құлпытас» жинағының бірінші бөлімі «Фәниден бақиға дейін» деп аталып, мұнда 255 эпиграмма енген. Солардың ішінде Өлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, т.б. арналған эпитафия бар. Осы жинақтың алғы сөзінде ақын: «Жеріміздің кеңдігі, еліміздің елдігі үшін қанын да, жанын да аямаған... жақсылар мен жайсаңдардың рухына арналған тұтас туынды еді. Азаматтық, перзенттік парыз ретінде ақындық қиялмен орнатқым келген ескерткіш-құлпытасым (эпитафия) ...қал-қадарымша тұрғызып келген кесене – ғибадатханам еді», – деп жазған автордың өзі. Ақын қазақ үшін қанын да, жанын да берген азаматтардың аруағын осылайша қадірлейді және қазіргі қазақ әдебиетіне жаңалық қосты.

Ал бұл жинақтың келесі бөлімі «Өзілің жарасса» деп аталып, оған эпиграммалары топтастырылған. Бұл жанр нысанға алған адамның болмысын «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен» танытады. Ақынның бұл жанрды қолдануына оның шешендік қабілеті, өр мінезділігі мүмкіндік береді.

Расында да, ақын поэзиясындағы қай жанрдағы шығармаларын алсақта, тапқыр оймен тәтті ететін шешендік, пафостық екпін, романтикалық еркіндік танылады. Ақын үшін оқырманның үлкен-кішісі жоқ, соның өзінде қай-қай шығармасында да азаматтық рух сезіліп тұрады. Мысалы, ақын «Кірісу» деген өлеңінде:

«Кіріспе» демей,
«кірісу» қойдым жыр атын.
Кірісу менің –
Міндетім,
Хақым,
Мұратым!
Өмірде мынау бәріне,
Бәрі,
Бәріне
Кірісу керек,
Кірісу керек шын ақын!..

Атынан елдің,
Атынан жердің,
Халықтың,
Атынан Айдың,
Атынан Күннің,
Жарықтың,
Атынан ардың,
Атынан ұят,
Намыстың
Адамға біткен парасат пен парықтың... –

деп, азамат рухының биік екенін танытады.

«Дала, сенің ұлыңмын» өлеңінде лирикалық қаһарман:

Туған дала,
Менсіз талай қамалдар алыныпты!..
Сенің арың – маған да ар.
Кешір мені, кеш келіпін өмірге!
Кеш туыпшын!
Кеш қалыпшын!

Не амал бар?
Саған уақыт сәл қиындық жолдаса –
Қағаберіс қалмаспын мен,
Енді аса!..
Бірақ мені кешірме сен,
Өмірде
Өлең қылар өз ерлігім болмаса, –

деп, ағынан жарыла отырып, перзент ретінде өлеңімен бірге парасат пен перзенттік жауапкершілігінің жоғары екенін жарқыратып көрсетеді.

Ақынның поэзиясын оқи отырып, лирикалық кейіпкермен бірге балалық шаққа саяхат жасаудан бастап, азаматтық тұлғалану деңгейіне дейінгі өмірді бірге кешіп өтуге болады. Ақын «Портфель» өлеңінде әке-кейіпкер ретінде:

Екі ұдай сезім тербеумен,
Күлген де болам сыр сақтап.
Жарасқан атты сүрлеуден
Бөлінбек қазір бір соқпақ.

Жақындай бере:
– Ал енді,
Тоқтама, – дедім, – тарт! – дедім.
Шапқылап ала жөнелді
Арқалап шағын портфелін.

Емірендім сол сәт, егілдім,
Сезінсін қайдан сотқарың;
Алғашқы жүгін өмірдің
Арқалап бара жатқанын.

Өлең оқиғаға құрылған. Мұнда әке мен бала мектепке келе жатыр. Лирикалық сурет бар, ол – ақынның өткені мен бүгіні, яғни бала Жарасқан енді әке Жарасқан деңгейіне жеткендегі көзге көрінбейтін, бірақ өлең жолдарымен, көңіл көзімен сезілетін нәзік сыр.

«Дала, сенің ұлыңмын» кітабы 1975 жылы жарық көрген. Осы кітапта «Дала, сенің ұлыңмын» соңынан «Поэтикалық болжам» деген бөлігінде:¹

¹ Өбдіраштың Жарасқаны. Көңіл көкпары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 101–102-беттер.

Туған дала,
«Асқарыңмын,
Шыңыңмын,
Аспаныңмын,
Жұлдызыңмын,
Күніңмін!»
Деуге хақым жоқ әзірге...
Өйтсе де,
Көзіңмін һәм құлағыңмын,
Тіліңмін!..

Ақиқаттан алшақ ұстап,
Езіңді
Алдағандар
Алдай алмайды өзіңді.
Сені соқыр ету үшін
Өуелі
Ою керек мына менің көзімді.

Тисе біреу намысыңа,
Шыдамың
Былай қалып,
Анық: қарғып тұрарың!
Сен саңырау болу үшін
Өуелі
Біту керек мына менің құлағым!

Шығармайын дыбысыңды,
Дымыңды, –
Десе де кім,
Өшіре алмайды үніңді.
Сені мылқау ету үшін
Өуелі
Кесу керек мына менің тілімді!

ДАЛА, СЕНІҢ ҰЛЫҒЫМЫН¹

Бірінші бөлім

(Поэма. Ықшамдалған)

*Жастықтың оты жалындап,
Жас жүректе жанған шақ...
Абай*

Туған дала,
Талайлардың от қанын
Лапылдадты тентек күйің,
Текті өнің.
Сөз сөйлесем –
Сенсің биік тұғырым!..
Сенсің менің абыройым, мақтаным!..

Тоймен емес,
Ауыр оймен ақты күн.
Дабыл қақсам,
Ауыр ойсыз арман жолын тапты кім?
Сенсің – асқақ ұраным!..
Сенсің – менің қасіретім,
Шаттығым!..

Даналық бар,
Даралық бар затында
Болатын тек батырларда,
Ақында!
Өлең жазсам –
Сенсің өмірбаяным!..
Сенсің менің фамилиям,
Атым да!..

* * *

Тебірендім,
Теңізімді сапырдым;
Теңеу іздеп,

¹ Өбдіраш Ж. Құлпытас. – Алматы: «Мер-Press», 2017, 219–234-беттер.

Талай таңды атырдым.
Сезімімді сыйғызарлық сөз таппай,
Тек ішімнен тынып келе жатырмын.

Бейнетім бе,
Басымдағы бағым ба,
Сен дегенде –
Жанымды орап жалынға,
Бұлқынатын бостандыққа шыға алмай,
Бір асау күш бар, өйтеуір, қанымда...

* * *

Туған дала,
Тыным алмас жастамын,
Тер төгуден,
Өртенуден қашпадым!..
Шаршағанда шалғыныңды жастанып,
Шалқаласам,
Шаңырағым – аспаның!

Анау алыс,
Мынау жақын демеген,
Ақынмын ғой,
Көкірегімді өр өлең
Кернегенде кең дүниеге дүбірлі
Көз жіберсем,
Көкжиегің – керегем!

Мезгілім аз меймандардан босаған!
Батысың – бір,
Шығысың – бір босағам!
Сені маған жаным анам – табиғат
О бастан-ақ отау қылып жасаған!

* * *

Табынатын Тәңірім деп,
Ием деп,

Бірге тоңам,
Отқа бірге күйем деп
Ойлаушы едім...
Туған дала,
Мен сені,
Мен сені шын,
Мен сені шын сүйем деп.

Ойлау менен сезінуді
Жұрт бірден
Айырмады-ау...
Айырмапшын түк мүлдем!
Сені,
Сені...
Шын сүюдің не екенін
Бір гүліңе ғашық болып,
Ұқтым мен!..

* * *

Туған дала,
Менсіз талай қамалдар
Алыныпты!..
Сенің арың –
Маған да ар.
Кешір мені,
Кеш келіпшің өмірге!
Кеш туыпшың!
Кеш қалыпшың!
Не амал бар?

Бұл күндерде мәлім бүкіл елге аты
Менен батыр шығар ма еді,
Өр заты?!
Болған жоқпын Амангелді сарбазы,
Болған жоқпын Ұлы Октябрь солдатты!

Портретім қақ төрінде өр үйдің
Тұрар ма еді?!

Бас иетін бар игің:
Болған жоқпын ең алғашқы комсомол,
Болған жоқпын замандасы Ғанидың!..

Білер де едің:
Езбін де бір
Ермін бе!..
Тігер ме едім байрағыңды Берлинге –
Болған жоқпын қан майданда кешегі,
Болған жоқпын Қошқарбаевпен бірге!

Саған уақыт сәл қиындық жолдаса –
Қағаберіс қалмаспын мен,
Енді аса!..
Бірақ мені кешірме сен,
Өмірде
Өлең қылар өз ерлігім болмаса!..

* * *

Туған дала,
Жаным сенен от алды,
Сен деп білем:
Анам,
Әкем, атамды.
Екеу болып аттанбақпын ертеңге,
Батаңды бер,
Батаңды бер,
Батаңды!..

Келдім бүгін,
Келдім саған қол жайып,
Әбес санап,
Мұңымды өсте көрме айып.
Жалын атқан жүрегімнің дүрсілін,
Жалғыз ұл ғып асыраған жандай ұқ!

Келем өлі,
Өлі саған көп келем,

Өнім қанша,
Күйім қанша шертпеген?!
Өзің жаққа өлең болып ұшамын,
Шын қуанған,
Шын қайғырған сәтте мен...

Қаным сенен,
Жаным сенен от алды.
Сен деп білем,
Анам,
Әкем,
Атамды!..

Мен бақытты боларыма сенбеймін –
Ең алдымен, сен бермесең батаңды!

* * *

...Дертің бар ма –
Дос-дұшпаның ұқпаған?
Өртің бар ма –
Өлең болып шықпаған?..
Көкжиектен оянғанда әр күнім,
Ұғу үшін,
Сезу үшін барлығын,
Туған дала,
Тұғырлы тау,
Ақ айдын,
Мен өзіңнің қабағыңа қараймын!

* * *

Туған дала,
Саған деген сезімім
Сан кеудеге сіңіреді өз үнін.
Архивтерден атып тұрып
Сөз алған

Арманыңмын –
Кешегіңнің көзімін...

Жанарымда
Желбіретіп туларды,
Артта қанша асу қалды,
Ну қалды...
Салтанатты мейрамдарда,
Саптағы
Сеніміңмін –
Бүгініңмін думанды!..

Өнге қосып,
Өспеттейтін бар әлем
Өке болдым,
Бақыт күткен балаң ем.
Аулаларда асыр салған,
Алаңсыз
Үмітіңмін –
Ертеңіңмін және мен!..

* * *

Туған дала,
Тынысымды кең алып,
Көңілімнен көп іздедім даналық...
Мүмкін емес –
Менің тексіз болуым,
Ұлы Абайды туған болсаң сен анық!
Қиынға сал,
Қалтқысыз сене гөр,
Намыс үшін найзаласып өледі ер.
Мүмкін емес –
Менің отсыз болуым,
Махамбетті туған болсаң сен егер!

Араласпай даңғазаға,
Шуларға,

Кірем барып күңіренген нуларға!..
Мүмкін емес –
Менің тайыз болуым,
Терең Мұхтар мына сенен туғанда!

Алға апарар жолдар барда,
Жүк барда,
Борышымнан бір сәтке де құтқарма!
Мүмкін емес –
Менің төмен болуым
Биік Шоқан мына сенен шыққанда!..

Мен ұлыңмын!
Буырқанып бойда ағын,
Талай мәрте бақытымды тойладым.
Мықты ағаның немересі – балам да
Осал бола қоймас деген ойдамын!..

* * *

Құйын кезде –
Желің болып жүгірдім.
Қиын кезде –
Белің болып бүгілдім.
Туған дала,
Ұлың емес тек қана! –
Қабақ шытпас,
Құлақкесті құлыңмын!..

Маған қонар –
Саған бақыт қонса кеп,
Менен алар –
Сенен біреу алса көп...
Ұлым менің,
Құлың емес тек қана –
Қиялдаймын
Қожайының болса деп!..

* * *

Туған дала,
Тілеулес дос та көп-тін!
Қас та көп-тін!..
Танытпай асқақ екпін,
Жуас тірлік жабысын жайдақ мініп,
Жиырма жеті дейтұғын жасқа кеппін!..

Дейтін едім:
«Таң болып талай атам!
Сонда маған сүйсінбес қалай Отан?»
Анамсың ғой,
Сен мені кешіресің-ау,
Кешер ме екен бірақ та Абай атам!..

* * *

Туған дала,
Ойы бар,
Оты бар жан
Ерендікті,
Елдікті етіп арман
Өтеді-ау тек...

Ертеде ер ұлдарың
өзі шыққан өлкенің атын алған!..
Білгің келсе,
Тарихқа қарап игер:
Болғанмен бөлек өн,
Дара күйлер,
Сырдың бойын әлемге өйгілепті.
Сығанақи,
Жауһари,
Фарабилер!..

Айыптамас айтты деп кіл дана сын:
Заман басқа,

Басқаша жырланасың!..
Сен мен үшін
Сыр да емес,
Қыр да емессің...
Сен мен үшін –
Бір өлке,
Бір Даласың!..

* * *

Туған дала,
Көп елдің көрдім көгін,
Мен басқамын,
Алыпшын,
Зормын дедім!..
Сенбегенге,
Кебіме көнбегенге
Бұлтартпайтын дәлелім болдың менің!
Сезінемін:
Жанғаның,
Сөнгенің кім?..

Атын атап солардың –
Ерлеріңнің,
Ақталасың,
Мен құсап мақтанасың
Ата тарих алдында сен де бір күн.

Сынайды өркім,
Өзінше сынайды өлін, ортаға сап іргелі іс,
Ұлы ойларын...
Мол бақытқа иемін,
Сол уақытта
Бола алсам мен бұлтартпас бір айғағың.

* * *

Туған дала,
Тауысып тағатымды

Өтіп жатқан күнімді,
Сағатымды
Санаймын да,
Сабылып іздеймін бір
Көңілде бар,
Өмірде жоқ ақынды...

Жүрген болар сезімге пайқатылмай,
Жүрген болар өзiрге байқатылмай...
Бір ақыны қазақтың айта алмаған
Бір шындықты сол ғана айтатындай!..

* * *

Туған дала,
Атыңның,
Атағыңның
Аспандатар тұғырын қатарым мың!..
Сөніңмін мен!
Серіңмін!
Сеніміңмін!
Арыңмын мен!
Ақынмын!
Ақыныңмын!..

Еңселі тау,
Ен жазық,
Құба белің
Тілегімді тілеуде мына менің!..
Жырым –пірім!
Қанатым!
Шалқұйрығым!
Тайбурылым!
Жо-жо-жоқ...
Құлагерім!

Жылдар зулап,
Үшқанда аттандап-ай,

Алға шықпай,
Арындап,
Қапталдамай,
Қалып қойса –
Аман не?
Тек, өйтеуір,
Батыраштар қолынан мерт болмағай!

* * *

Туған дала,
Алшақ бел,
Алыс мекен
Шақырғанда – билейді намыс бөтен...
Міңгірлеген дауыссыз дыбыстарды
Күмбірлеген (амалсыз) дауысты етем!

Болмысыңды ұқтырар бар әлемге
жүрегімнен іздеймін жаңа көмбе!..
Ақ өлеңнің телімін асқақтығын
Қайғыруға жаралған қара өлеңге!

Дегізеді: «О бастан текті ел, міне!»
Баяндаймын бірауық өткенді де!..
Күтінемін састырар сұрақтарға,
Бітіремін (қалай да) леп белгіге!
Қалдырмастан қатемді қағар шотқа,
Хақысы жоқ арымның салар сотқа.
Осы шақтан келемін мен өйткені
Мен өйткені сенемін келер шаққа!

(Жалғасы бар)



СӨЗДІК

Бақи (араб) – өмірлік, мәңгі.

Фәни (араб) – тұрағы жоқ, жалған, баянсыз, алдамшы.

Әдебиет теориясы

Лирикалық шегініс – әдеби шығармадағы көркемдік тәсіл. Оқиға желісін кенет үзіп, өзі жайлы немесе оқиғадан тыс жайтты баяндау. Мұның негізгі оқиғаға тікелей қатысы бола қоймайды. Бірақ бұл әдістің ұтымды жақтары да бар. Мысалы, Абай Құнанбайұлының «Масғұт» поэмасында Бағдатта ерте заманда болған деп айтылатын бір-екі аңызды баяндай келе,

«Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда,

Өлген мола, туған жер жібермейді.

Әйтпесе, тұрмас едім осы маңда», – деп, өз ортасын, көңіл күйін жеткізген.

Пафос – зор шабыт, кеудені кернеген мақтаныш.

Ұйқас – өлең-жырлардың жолындағы соңында бірнеше буынның келесі тармақтағы сәйкес буындармен үйлесуі. Сөздің ырғағын күшейтуге, өлеңнің әуезділігін арттыруға әсер етеді.

Қазақ поэзиясында көп кездесетін ұйқас түрлері: егіз ұйқас (аа), шалыс ұйқас, кейде оны кезекті ұйқас деп те атайды (абаб), т.б.

Эпиграмма (грек. *epigramma* – қолтаңба) – белгілі бір адамды, затты болмыс, құбылысты әзіл тұрғысынан бағалайтын сатиралық поэзияның жанрлық бір түрі.

Эпиграмма қысқа жазуды, белгілі бір ойды емеурінмен, тұспалмен жеткізудің құралы.

Эпитафия (грек. *epitaphios* – қабір үстіндегі) – құлпытасқа жазылған жазу және дүниеден өткен адамға шығарылған жоқтау.



1. Жарасқан Әбдіраштің балаларға арналған қандай өлеңдерін білесіңдер?
2. Осы кезге дейін туған дала, туған ел туралы пафоспен жырланған шығармаларды оқыдыңдар ма? Олардың қайсысы естеріңде қалды?



1. Лирикалық кейіпкер деген кім?
2. Поэтикалық кейіпкер деген кім, өлде оған не деген сұрақ қойыла ма?



1. Ақының көркем тіліне мән беріп, бейнелі сөздерді теріп жазыңдар.
2. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім



1. Ж.Әбдіраш өлеңдерінен ассонанс, аллитерация, метафора, шендестіру, психологиялық параллелизм, ұйқастың түрлерін анықтаңдар.
2. Туған дала,
«Асқарыңмын,
Шыңыңмын,
Аспаныңмын,
Жұлдызыңмын,
Күніңмін!»
Деуге хақым жоқ өзiрге...
Өйтсе де,
Көзіңмін һәм құлағыңмын,
Тіліңмін!.. – деген үзіндіде ақындық «Мен» бар ма? Ауыз өдебиетінде қай жанрда ақындық «Мен» көрінетін еді, үзінділер келтіру арқылы талдау жасаңдар.



1. «Дала, сенің ұлыңмын» поэмасында лирикалық кейіпкер мен поэтикалық кейіпкер бар ма? Осы туралы ойларыңды ортаға салыңдар.
2. Автор осы шығармасы арқылы қандай маңызды құндылықтарды атап көрсетеді?
3. Поэмада тарихи есімдер қандай мақсатта қолданылған?



1. «Дала, сенің ұлыңмын» поэмасындағы «Дала образы» тақырыбында өдеби сын жазыңдар.



1. Туған дала,
Менсіз талай қамалдар алыныпты!..
Сенің арың – маған да ар.
Кешір мені, кеш келіпін өмірге!
Кеш туыпшын!
Кеш қалыпшын!
Не амал бар?
Саған уақыт сәл қиындық жолдаса –
Қағаберіс қалмаспын мен,
Енді аса!..
Сұрақ: Осы үзіндіде «қағаберіс қалмаспын» деген нені білдіреді?
 - a) қиындықта қалу
 - b) тасада қалу
 - c) алысқа кету

2. Туған дала,
Жаным сенен от алды,
Сен деп білем:
Анам,
Әкем, атамды.
Сұрақ: Үзіндіде «Туған дала, Жаным сенен от алды» деген жолдардағы «от алу» нені білдіреді?
 - a) бұл мүмкін емес
 - b) жанып жатқан отты бөліп алу
 - c) күш-қайрат, жігер алу

3. Туған дала,
Ұлың емес тек қана! –
Қабәқ шытпас,
Құлақкесті құлыңмын!..
Сұрақ: «Құлақкесті құлыңмын» деу нені білдіреді?
 - a) малай
 - b) тұтқын
 - c) ауыспалы мағынада айтылған, шын берілген деген мағынада

I бөлім бойынша
ТЕСТ

1. «Атау-кере» романындағы Нүрке кемпірдің шын есімі кім? Ол кімнің әйелі?
 - A) Наташа, Мақажанның әйелі
 - B) Настя, Қандауырдың әйелі
 - C) Надежда, Тағанның әйелі
 - D) Нюра, Қандауырдың әйелі
 - E) Нәсіп, Еріктің әйелі

2. *«Ол менің бірге оқыған досым, тәте. Сіз білесіз. Біздің елдікі. Көкеннің ұлы – ...
Нүрке басын оқыс көтеріп алды:
– Тәңірім-ау, не айтып отырсың... Өзіміздің Мақаңның – алты алашты аузына қаратқан Мақажан ақынның немересі ме? Көкен жарықтықтың ұлы ма?»*
Көп нүктенің орнына тиісті кейіпкерді анықтап жазыңдар.
 - A) Ерік
 - B) Фадей
 - C) Таған Мақажанов
 - D) Айна
 - E) Қандауыр

3. *Шаршағанда шалғыныңды жастанып,
Шалқаласам,
Шаңырағым – аспаның!*
Үзінді қай шығармадан алынған, ақын көркемдік әдістің қай түрін қолданған?
 - A) «Дала, сенің ұлыңмын», ассонанс
 - B) «Портфель», ассонанс
 - C) «Дала, сенің ұлыңмын!», аллитерация
 - D) «Атау-кере», аллитерация
 - E) «Атау-кере» ассонанс

4. *«Расында да, Нюраның табан астында – бір түннің ішінде түтіні өшіп, түндігі жабылып, қайда ғана ғайып болып кеткенінен Аналықтан өзге жұрт хабарсыз еді».*

Аналық кімнің анасы?

- A) Еріктің
- B) Айнаның
- C) Тағанның
- D) Мақажанның
- E) Қандауырдың

5. «...жылдың ызғары артта қалып, еңсені езіп, ел мойнына қыл бұрау байланған заманның зары мен шерменде шерін ұмытып, құба төбел тірлікке көшкен сәл жылымық шақта, іргелес отырған екі үй – Қандауыр мен Көкеннің де шаңырағынан шуақ жауғандай еді».

Көп нүктенің орнындағы санды табыңдар.

- A) 1929
- B) 1930
- C) 1931
- D) 1932
- E) 1933

6. «Атау-кере» романында аталатын жер-су атаулар тізбегін табыңдар.

- A) Алтай, Марқакөл, Арқа, Атырау, Қатын
- B) Алтай, Мұзтау, Шығыс, Қатын
- C) Алтай, Мұзтау, Бұқтырма, Қатын
- D) Алтай, Мұзтау, Іле, Лепсі, Қатын
- E) Алтай, Есіл, Мұзтау, Қатын

7. «Өйткені осы інкібидің (НКВД) бастығы, бұл өңірде ... атанып кеткен адамның аса қатал, алдына барған кісінің қаққанда – қанын, соққанда, сөлін алатын қатыгез деп естіген...»

Көп нүктенің орнына тиісті кейіпкердің кім екенін табыңдар.

- A) Фадей
- B) Ерік
- C) Қандауыр
- D) Шолаққол
- E) Матвей

8. «Ал ... – дүниедегі ең бір күдікшіл әрі иісшіл тіс қаққан ізшіл маман кәсіптік түйсікпен бісміллә дегеннен-ақ, Нюраның жоғалу себебін Көкендерден көрді».

Көп нүктенің орнындағы тиісті сөзді табыңдар.

- A) Фадей
- B) Ерік
- C) Қандауыр
- D) Шолаққол
- E) Матвей

9. *Талаптың аты арындап,*

Әр қиынға салған шақ.

Эпиграф үшін алынған бұл сөздің авторы кім? Ол «Дала, сенің ұлыңмын» поэмасының нешінші бөлімі үшін алынған?

- A) Жарасқан Әбдіраш; бірінші бөлім
- B) Жарасқан Әбдіраш; екінші бөлім
- C) Шәкәрім Құдайбердіұлы, бірінші бөлім
- D) Абай Құнанбайұлы, екінші бөлім
- E) Шәкәрім Құдайбердіұлы, бірінші бөлім

10. *«Теңіз бетінен қаншама биік болғанмен, осы Салықсалғанның кез келген жеріне жерошақ қазсаң, көлкілдеген су шыға келетін».*

Үзінді қай шығармадан алынған, авторын белгілеңдер.

- A) Жарасқан Әбдіраш; «Дала, сенің ұлыңмын!»
- B) Жарасқан Әбдіраш; «Портфель»
- C) Оралхан Бөкей, «Тортай мінер ақ боз ат»
- D) Абай Құнанбайұлы, «Желсіз түнде жарық ай»
- E) Оралхан Бөкей, «Атау-кере»



Ойталқы

«Қазіргі өдебиетте ең өзекті мәселе не болуы керек?» атты тақырыпта ойталқы ұйымдастырыңдар.

II бөлім

ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

Әдебиет – ұлы күш, ұлы құрал. Өйткені ол қай дәуірде де заман шындығын жазады. Ертеде, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағида жүрген заманда да, шын мықтылар ештеңеден тайсалмай, айтарын айтып кеткен. Ал қазіргі заман әдебиеті өзі өмір сүріп жатқан дәуірдің шындығын тасқа таңба басындай етіп, жоғалтпайтын тәсілді қолданады. Халық сол шындықтарды оқуға әрдайым құштар. Әр ақын-жазушы көркем әдебиетті жасаушы тұлға болғандықтан, оқырманға бар сырын, бүкіл шындықты сырлы етіп жазады, оларды өз заманының жыршысы сияқты сезінесіз. Заман алға қалай жылжыса да, шындықты көркем шығарма арқылы оқу еш уақытта маңызын жоймайды. Өйткені өзін сыйлайтын адам тарихи шындықтарды білгісі келеді. Бұл заңды құбылыс.



БАҚҚОЖА МҰҚАЙ
(1948–2008)

Баққожа Мұқай – қазіргі қазақ әдебиетіне дара туындыларымен көрнекті орын алған жазушы. Ол 1948 жылы 31 қаңтарда Алматы облысы, Райымбек ауданына қарасты Нарынқол ауылында өмірге келген. 1971 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің (бүгінде Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын Кеген аудандық «Коммунизм нұры» газетінен бастап, кейін республикалық деңгейдегі қызметтерде болды.

Шығармашылығы. Баққожа Мұқай – «Жалғыз жаяу», «Өмірзая» атты романдары мен «Жаңбыр жауып тұр», «Өмір арнасы», «Аққу сазы», «Мазасыз маусым», «Дүние кезек», «Тоят түні», «Жеті желі», «Алғашқы махаббат», «Ертегідей ертеңім» атты кітаптардың авторы. Шығармалары көптеген тілдерге аударылған.

«Жалғыз жаяу» романының негізгі тақырыбы – кеңес саясатынан қысым көріп, туған жерінен көшуге бет бұрған қазақ тағдыры. Бұл романдағы кейіпкердің прототипі – Мергенбай банды. Жалпы, Баққожа Мұқайдың шығармаларында шынайы өмір бар, өйткені ол қоғам үшін маңызды тарихи тақырыптарға қалам тербеген.

Жазушы шығармаларын, негізінен, екі салада, яғни прозалық және драмалық жанрларда жазды. Ал «Өмірзая» шығармасын екі жанрда да – роман және драма – жазды. Романды 1987 жылы бастаса, 1989 жылы оның бір бөлігін драма түрінде сахнаға шығарды.

«Өмірзая» трагедиясында роман кейіпкерлері: Ес – 77 жастағы шал, Иса – Естің ұлы, Рахия, Ирма, Наполеон, Юлий Цезарь, Ескендір Зұлқарнайын, Шыңғысхан – жас жігіт, т.б. бар. Оқиға №1 жүйке аурулары ауруханасында өтеді. Эпилогта Ес шал әбден қартайған, киімі тозған. Қалың бейітті аралап, әр төбешікке тоқтайды. Ол Рахияның бейітіне келіп: «Жалғыз ұлым азамат болды. Енді оған өкениң керегі жоқ. Ол мен түгіл өзін, кішкентай Исаны, өзінің балалық шағын қылғындырып өлтірді ғой... Мен өкелік міндетімді өтедім. Ұлыма өкпем жоқ. Қатарынан қалмай, өмір сүрсін. Мен жасарымды жасадым, асарымды асадым. Мені өкімет өлтірмейді, білем. Өліп қалмасын деп, зорлап тамақтандырады. Аруақтарға бағыштап, Құран оқыдым. Менің де талқаным таусылар бір күні. Ұлыиісімді бір көріп, құшағыма қысып, бетінен сүйсем, болды. Басқа арманым жоқ. Құдай-ау, ол келіп қалған шығар. Мен барайын. Түнде түсіме кіріпті ол. *(Баланың шыңғырған дауысы естіледі)*. Құдай-ау, мынау Исажанның дауысы ғой. Иса! *(Шал қалың бейітті аралап, ұзап бара жатады. Баланың шыңғырғаны, құлынның кісінегені естіліп тұрады, – деп айтқан сөздерімен аяқталған)*. Осылайша «Өмірзая» трагедиясы – қазіргі заманда мансап үшін ата-анасына қатыгездік танытатын кейбіреулерді еске түсіреді, солардың қылықтарын әшкерелейді. Жазушы бұл драманың оқиғасы өтетін орны жындыхана деп алуының сыры да осында.

Баққожа Мұқайдың пьесалары: «Қош бол, менің ертегім» (1976), «Иірім» (1974), «Сергелдің болған серілер» (1982), «Тойы көп үй» (1992), «Өмірзая» (1989), «Ерулік» (1982), «Раушан гүлі» (1979) театр көрермендеріне жақсы таныс.

Жазушыға «Қош бол, менің ертегім» пьесасы мен «Аққу сазы» хикаялар кітабы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы (1982), Қырғызстан Республикасының Т.Әбдімомунов атындағы әдеби сыйлығы (1995), «Өмірзая» романы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілген (2000). Ол – «Парасат» орденінің иегері (2006).

«Өмірзая» романы туралы. Роман кейіпкерлері. Шығарманың бас кейіпкері – Аяған Қуатов, ал оның ұстазы – Алдияр Ақпанұлы. Роман оқиғасы бойынша Аяған Кенесары ханның баласы Сыздық төре туралы, ал Алдияр Ақпанұлы Кенесары туралы ғылыми зерттеу жазып, диссертациялар қорғаған. Кеңес кезінде Кенесары туралы еңбек жазған және кеңес заманында сол үшін саяси қуғын көрген, қорлық көрген Ермұхан Бекмаханов екені белгілі, дегенмен шығарманың кейіпкерін прототип деп болжаған тұлғаның өмірбаянымен салыстырғанда, роман оқиғасы бойынша толық сәйкес келмейді. Мәселен, Кенесары Қасымұлы туралы ғылыми-зерттеу еңбек жазған Ермұхан Бекмаханов өзі қуғын көре жүріп, шәкіртіне Сыздық туралы диссертация қорғатуы мүмкін емес еді. Е.Бекмаханов 1966 жылы қайтыс болған, ал роман бойынша Алдияр Ақпанұлы қайтыс болған кезде қазақ тарихында орын алған 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі болып жатты, яғни көркемдік уақыт танылады.

Уақыт кеңістігі 1966 және 1986 жылдар аралығымен алғанда, екі арада жиырма жыл, осылайша шығарма авторы Алдияр мен Аяған бейнелері арқылы қазақтың отансүйгіш, ұлтын сүйген азаматтардың жинақты образы жасалғаны белгілі болады.

Роман – әдеби жанр ретінде іштей бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, тарихи роман, әлеуметтік роман, сатиралық роман. Тарихи роман шын өмірде болған нақты оқиғалар бойынша жазылатыны анық. Сонымен бірге тарихи роман жазу барысында шығарма авторының белгілі дәрежеде еркіндігі бар, ол жинақтаушы образдарды сомдай алады. Осы тұрғыдан алғанда, Б.Мұқай «Өмірзая» романындағы кейіпкерлер автордың идеясына қызмет етеді. Жазушының бірінші міндеті кеңес дәуіріндегі саясатты жинақты түрде көркем әдебиетте бейнелеу болған. Сонымен бірге қазақ халқы кеңес идеологиясының ықпалымен біржақты теріс саясатқа бағындырылса да, елдегі ұлттық рух өлген жоқ деген ой да сезіледі.



Ардақты ғалым
Ермұхан Бекмаханов
жұбайымен бірге

Бұл еңбегімді қазақ елінің тәуелсіздігі жолында құрбан болған ерлердің аруағына арнадым.

Автор

1

Бұл үйдің есігінің әмісе ашық тұратынын білсе де, әдептінің әдетіне бағып, қоңырау түймесін басты. Әдеттегідей ешкімнің рұқсатын күтпестен имене басып, ішке енді. Бүйірдегі бөлмеден шашы ұйпа-тұйпа болып, қабағы қабарып, Сыздық шықты. Ұйқыдан жаңа ғана оянған сыңайлы, екі көзінің алды ірінді былшық. Екі беті көнектей болып ісінген, өлеусіреген көзінде жылт еткен сәуле жоқ, ептеп езу тартқанмен, жүзі жылымады. Құнарсыз топыраққа өскен сояудай сирек сақал-мұртына ұстара тимегелі де біраз болған тәрізді. Екі иығы қушиып, дірілдеген Сыздықтың өзіне ашқарақ көзбен, қасқыр пейілмен қарап қалғанын байқаған Аяғанның жүрегі әлсіз ғана шым етті. Бас изеп, қарияның бөлмесіне қарай өтіп кетпек болған, Сыздық жолын кесті.

– Басым сынып барады, – деді ол тілі икемге әрең келіп. Жылайтын адамдай иегі кемсеңдеді, Аяғанға жәдігөйлене қарағанмен, жүзі жылымады, екі көз суық, ызғарлы. – Өлтірмесең, ақша бер.

Аяғанның қолқасын күлімсі иіс қапты. «Шіркіннің денесіне су тимегелі қанша заман болды екен?» деп ойлады жігіт қалтасына қол салып жатып. Үш сомдықты Сыздықтың қолына ұстатты. Оның миығындағы өлеусіреген әлсіз күлкі су тиген шырақтай лып өшті, жәдігөй жүзіне сұс кірді, қарсы алдында өзін жақтырмай тұрған жігітке сұстана қарады. «Бейшара», – деді Аяған іштей күбірлеп. Өнтек езу тартты. Сыздық апыл-ғұпыл киініп, асығыс шығып кетті.

Аяған алып келген тағамын ас үйге апарып қойып, Алдияр қария жатқан бөлмеге кірді. Алдияр Ақпанұлы бөлмеге әлдекімнің келгенін білсе де, көзін ашқан жоқ. Қаны қашып, оңған бөздей болып кеткен жүзінен тіршіліктің нышаны білінбейді, шалқасынан түсіп, қимыл-қыбырсыз жатқан шалдың қабағындағы көзге көрінер-көрінбес әлсіз діріл оның тірлігінен хабар бергендей.

¹ Мұқай Б. Шығармалары. Т. 2. Өмірзая. – Алматы: «Ана тілі», 2018, 480 бет.

– Алдияр аға, сәлеметсіз бе?

Профессор көзін ашып алып, жылы жымыды. Көптен күткен адамы келген соң, қабағы ашылып, жүзіне шыр жүгірді. Жанына отырған шөкіртінің қолын әлсіз саусақтарымен қыса түсті.

Ұстазының өзін асыға күткенін Аяған сезді.

– Қолым тимей кетті, аға, – деді жігіт қысыла күлімсіреп. – Ерте кетеміз, кеш қайтамыз. Күн қысқа.

– Түсінемін ғой, қарағым, – деді қарт қарлығыңқы дауыспен. – Балалар аман-есен бе? Келіннің денсаулығы қалай?

– Жақсы, аға. Сізге сәлем айтып жатыр.

– Сәлемет болсын...

– Таң атса, кеш батады. Сізге келе алмай, келініңіз қысылып жүр.

– Оқасы жоқ. Маған бола, шаршамай-ақ қойсын, – деп күрсінді шал. – Мен аман-есенмін. Дәретханаға бара алмай, қысылатыным болмаса... – Алдияр қинала күлімдеді. Аяғанға ол күліп емес, іштей егіліп, жылап жатқандай болып көрінді.

– Мен асарымды асап, жасарымды жасаған адаммын, қарағым. Мен деген...

Тағы да бір нәрсе айтқысы келіп оқталды да, тілін тістей қойды. Аяған ұстазының көмейіндегі көмескіні болжады.

«Мен деген күні біткен адаммын ғой. Маған бола, өуреге түспей-ақ қойыңдар» дегісі келген шығар», – деп түйді жігіт. Шалға ұрлана қарады, жүзіне көлеңке жүгіріп, қабағы шытылыпты. Ернін жымқырып алып, тым-тырыс тынған. Өмісе осылай, көңілінің қошы кетсе, тырсиып, үндемей қалатын әдеті. Ішін ит тырнап жатса да, қиналғанын пенде баласына білдірмейтін қарттың қажыр-қайратына қайран қалады Аяған. Тағдырдың соққысы мұншалық қатты тигенмен, сынбай, иілмей келе жатқан қайсар шалға әрқашан таң. «Шүкімайдай болып сонша қажыр, қайратты қайдан алады екен?», – деп таңдай қағады. Алдиярдың көрген қиындығы мен тартқан азабы талай пендеге ауыр жүк боларын, ол салмақты кез келген қаймана қазақтың көтеріп кете алмасын Аяған жақсы біледі. Басқа салмақты былай қойғанда, өмірімнің жалғасы, болашағым, үмітім деп жүрген жалғыз ұлдың сықпыты анау. Қолына ақша түссе, араққа жұмсайды, күніне бір уақ таңдайын жібітпесе, ындыны кеуіп, ыңырсыды-ай келіп. Өкенің жағдайын ойлап, қабағына қарайтын ұл қайда?! «Өкем ауру-ау, дәретке бара алмайды-ау, аш қалды-ау» демейді. Сүмеңдеп, сарқытын беретіндердің соңында жүреді. Сыздықты білмейтін жан бұл қалада жоқта шығар, ауладан аулаға ауысып, жемтік іздеп, жуынды аңдып, тіміскі-

леніп жүретін бұралқы иттен айырмашылығы қайсы?! Бұл тірлігіне арланбайды, намыс көрмейді бейшара. Ойы сөнген, бойы көнген. Қу жаны қуырдақ болып қуырылып, мұрнының ұшына келгенде, бір жұтым тентек су үшін арды аяққа басып жүре береді...

Осы қылығы үшін Аяған онымен төбелесіп қала жаздаған. Миына тентек судың уыты жайылып, үнемі көні кеуіп, екі есті күйде есеңгіреп жүретін Сыздықты ақылмен тоқтата, күшпен ықтыра алмасын кейін білді. Одан беріп қана құтылуға болады екен. Аяғанның өлсіз жерін ол да біліп алған, көрсе болды, алақанын жаяды. Бермесе, әдісі белгілі – ауру шалдың миын қажауға кіріседі.

Аяғанның таң қалатыны – мұндай сөтте шал ләм деп жақ ашпастан, екі көзін шарт жұмып алып, сұп-сұр болып жатады да қояды. Өділетсіздік атаулыға шыбын жаны шырқырап, қаймықпай қарсы шығатын Алдияр Ақпанұлы соңғы жылдары мүлде өзгерді, көндіккен сыңайлы.

– Арыстандай азаматтың құрметіне атын Сыздық қойып ем. Ел-жұртының жыртысын жыртып, жоқшысы болсын деп ем. Қателесіппін, қарағым. Сорым болды ғой бұл менің. Сыздық төреден садақа кетсін бұл, – дейді шал оңаша қалғанда, күйініштен өртеніп кете жаздап. Мұндай кезде Аяған оны қалай жұбатарын білмей, абыржиды. Өңгімені басқа арнаға бұрып, алдарқатады. Бірақ Алдиярдың жүзін жапқан көлеңке тарқамайды, қабағы ашылмайды, көзін шарт жұмып алып, қимыл-қыбырсыз іштен тынып жатады да қояды. «Өзін осындай халге жеткізген тағдырына лағнет жаудырып жатқан шығар» деп ойлайды Аяған.

Міне, қазір де ежелгі әдетіне бағып, екі көзін жұмып алып, үнсіз жатыр. Аяған орнынан тұрып, ас бөлмеге шығып кетті. Шай қойды, талай күннен бері жуылмай, баттасып кеткен ыдыс-аяқты тазалады. Ас үйді ретке келтіріп, шайын қайнатып, қайтып келсе, шал өлі көзін ашпапты. Дауыс шығаруға Аяғанның батылы бармады. Соны сезгендей шал көзін ашып, жігітке қадала қарады. Жүзінен реніш, қабағынан кірбің іздеген тәрізді. Сезімтал жігіт ақырын ғана езу тартты.

– Шай дайын, аға.

– Шай ішетіндей жағдай жоқ менде, қарағым, – деп мұңайды Алдияр. Қинала күлімсіреп, қабағын шытынды. – Су болып жатырмын.

Аяған сөзге келместен қарт профессорды көтеріп апарып, туалетке отырғызды да, қайтып оралып, иістеніп, сарғайып кеткен ақ сейсепті жуынатын бөлмеге әкеліп тастады. Терезені ашып, бөлменің ауасын тазартты. Профессорды жуындырып, таза киімдерін кигізіп, көтеріп, ас бөлмеге алып келді. Ұстаз бен шәкірт асықпай отырып, шай ішті. Шалдың маңдайы жіпсіп, жүзіне қан жүгірді.

– Иә, қарағым, өз жағдайың қалай? – деп сұрады шайға қанып алғаннан кейін Алдияр.

– Өзгеріс болмай тұр, аға, – деп мұңайды жігіт. – Үлкен үйге кірдім. Жағдайымды айттым. Отырғызып қойып, өзімді кінәлады. Мойны бір тұтам, мыжырайған жалпақ сары сызданып өрең сөйлесті. Жаздым, жаңылдым деп жалынып-жалбарынып, аяғына жығылудан басқа амалым қалмады.

– Жалынба, қарағым, – деді шал қабағын шытып. Шөкіртінің жаңағы сөзін ұнатай қалған сыңайлы, қабағы қатуланып, жүзіне сұс кірді. – Шындыққа өділеттің ақ жолымен бару керек. Жалынып, жаттың аяғына жығылып, жарамсақтанып жүріп, нағыз шындыққа жете алмайсың, қарағым. Ол – адасу жолы, теріс жол.

Аяған іштей құптамаса да, ұстазының көңілі үшін үндемеді.

«Аға-ау, сіз айтқан өділеттің ақ жолы қайда? Егер бар болса, өзіңіз неге сол жолмен жүрмедіңіз? Сол жолы сіз өмір бойы іздеген жоқ па едіңіз? Бар болса, табар едіңіз ғой» деген сөз талай рет көмейіне келіп кептелген, өрқашан қарттың қабағына қарап, тілін тістейді. Түлкі заманда тазы болып шалу керектігін ерте түсінгендердің мақсатына оңай жететінін Аяған білгелі қашан.

Қазіргідей сырты жылтыр, іші бұлдыр заманда Алдияр Ақпанұлы айтқан тәсілмен күресіп, мұратқа жету мүмкін еместігін жердің астындағыны білетін ғұлама Алдияр қарсыластарынан ақылының аздығынан емес, айласын асыра алмағандықтан жеңілді. Заманның құбылып тұратын мінезіне бейімделіп, керек кезінде жалынып, жалбарынып, аяққа жығылып үйренген уақыттың құлақкесті құлдары оны алып та, шалып та жықты. Қарсыласуға шамасын келтірмеді мүлде...

– Идеологиялық жұмыстар жөніндегі хатшының қабылдауына жазылдым, аға. Ендігі үміт сол кісіде, – деді Аяған хатшының көмек қолын созатындығына сенім білдіріп.

– Ө-ө, анау ма, – деді Алдияр даусын созып... Оның дауыс ырғағынан ол хатшыдан да қайыр болмасын түсінді Аяған. – Оны білемін. Институттан не үшін қуылғаныңды естісе, көмектеспек түгіл, итжеккенге айдатып жіберер ол сені. Ол Ермактың бірінші қорғаушысы.

Аяған тұйыққа тірелді. Мақсатыма алып барады-ау деген жолдың бәрі жабылып қалғандай, екіұдай болып, басын қайғы қаңғыртты. Сүлесәпа бір күйге түсіп, үн-түнсіз ұзақ отырды.

– Бір-ақ жол қалды. Мәскеуге, Орталық комитетке, Брежневтің өзіне жазу керек, – деді Аяған біраздан кейін, үлкен бір іске бел буып кірісер-

дей құлшынып. Алдияр мырс күлді. Жігіт оның жүзіне жалт қарады. Шал біраз уақыт үнсіз жатты.

– Сенің өміріңнің басқа арнаға түсіп кетуіне мен кінәлімін, – деді өлден уақыттан соң дауысы жарықшақтанып. Бұл оның талай рет айтқан сөзі. Өсіресе, соңғы уақытта, Аяғанның басына бұлт үйірілгелі бері жиі айта-тын болып жүр. – Кешіре алсаң, кешір, қарағым.

– Кенесары атамыз әділет үшін, қазақ халқының бақытты ғұмыры, азаттығы үшін басын бөске тігіп, ақыры, жат қолынан ажал тапқан жоқ па?! – деп күлді Аяған. Шал көзін кең ашып, жаутаңдап, жігітке қарады. – Оның жеңілісінің өзі ұлы жеңіс деуші едіңіз ғой. Ол бақыт дегеннің не екенін білген жоқ, қысқа ғұмыры жанталасқан күреспен, азаппен өтті. Кенесарыдай ардагер ұлдарының арқасында қазақ халқы бақыттың шын бағасын білді, аға. Ал Кенекемнің ұлы Сыздықтың өмірі ше? Ол да әке жолын таңдады. Оның өмірі де кілең жеңілістерден тұрмай ма, аға!?

Алдияр қысылды, миығында күлкі ұялады. Болар-болмасқа елп ете қоймайтын профессорды сарыуайымның иірімінен қалай алып шығуды білетін Аяған бұл жолы да ескі әдісіне салды. Бүкіл өмірін қазақ халқының ұлт азаттық көтерілістерін зерттеуге арнаған Алдияр Ақпанұлы үшін барлық қызығын бостандықтың бодауына берген, елінің болашағы жолында құрбан болған ерлерден қасиетті ұғым жоқ еді. Аяғанның білетіні – қарт профессор сол ерлер үшін ойланбай, отқа түсе алады. Ол күйіп тұрған заманда Кенесарыны қорғаймын деп күйген. Тізгінін басқаның қолына ұстатып қойып, соның айтуымен жүріп-тұруға үйренген, орғанына мөз болып жүрген халқына Кенесары ісінің әділдігін дәлелдемек түгіл, өз басы саудаға түсіп, құйрығына шала байланған. Арашалап алар пенде табылмай, оттың ортасынан құр сұлдерін сүйретіп, өрең шыққан. Заманның таяғы маңдайына бұдан кейін де сан рет тиген, омақаса құлаған сәттері де болған, сөйте тұра, қыңыр шал алған бетінен қайтқан жоқ, қайта Кенесарғы деген ықыласы күшейе түсті. Кенекең үшін көрген қиянаттары есіне түскен сәтте көңілі марқайып, үлкен іс тындырғандай желпінетіні бар.

– Мен шындықты өмір бойы іздедім. Бірақ таппадым, – деп күрсінді шал...

– Заман жақсарар, аға. Атар таңнан үміт күтеміз.. – деді Аяған бәсең дауыспен... Алдияр мырс күлді.

– Ол кеткенмен, басқасы келер. Одан не өзгереді? Е-е, қарағым, Кенекем осыны баяғыда білген. Білмесе, өзі барып жанып тұрған отқа түсер ме еді? – деп, Алдияр көкірегі қарс айрылардай күрсінді. Оның нені меңзегенін жігіт түсінді. «Шындықты табаныңнан таусылып, қанша іздеген-

мен, таппайсың. Басқаның шындығы – алмас қылыш. Ол саған бақыт әпермейді, басыңды қағады да, тастайды» деген сияқты шал. Аяған шеше алмай жүрген бір жұмбақтың ұшығын ұстағандай елеңдеп, ұстазының жүзіне жалт қарады. Көзін жұмып алған шал сұп-сұр болып, үнсіз жатыр.

– Басқаның шындығы – алмас қылыш. Басыңды қағады да тастайды. Қағады да тастайды...» Құлағы шыңылдап, екі беті дуылдады. «Сонда қалай болғаны, мына заманда шындыққа жету мүмкін емес пе? Неге?»

Осы бір сұрақ тамағына тұрып қалған сүйектей берекесін алды. Өлдекім «шындық жоқ, шындық жоқ» деп құлағына сыбырлайтын сияқты.

Аяған ұстазының үйінен еңсесі басылып шықты.

2

Аяған кітапханадан ең соңғыларының бірі болып шықты... Кітапхананың алдында тұрып, қай жерде почта жәшігі барын есіне түсірді. Қалтасындағы хатты бүгіннен кешіктірмей, жөнелту керек... Іздеп тапқан шындығы басына пәле болып жабысты ғой, ақыры... Бір кезде дуылдап, өртке айналып кете жаздап басылған мәселе – мұның Сыздық сұлтан туралы жазған еңбегі алдынан тағы шықты.

«Аяған Қуатов мемлекетке қарсы, өмір бойы орыс халқын ұнатпаған, оларды аяусыз қырған Сыздық Кенесарин туралы мадақ мақала жазған. Ол орыс пен қазақ халқының арасына от жағу үшін Сыздық сұлтан туралы мақаласын орысшаға аудартып, көбейтіп, жасырын таратқан. Пиғылы жат, ойы бөтен адам. «Кеңес үкіметінің Ауғанстанға әскер апаруы – үлкен қателік. Бұл ерікті елді күшпен басып алу» деген. Ауғанстандағы соғысқа қарсы ұнқағаз таратқан. Мағжан Жұмабаев сияқты халық жауының өлеңдерін студенттер арасында насихаттаған. Кеңес үкіметі басшыларының беделіне нұқсан келтіретін анекдоттар құрастырған. Сібір аймағын бағындырған атақты батыр Ермақты студенттерге қанқұйлы қарақшы деп дәлелдеуге тырысқан. Ұлтшыл, сенімсіз адам. Жоғарғы оқу орнында қызмет істеуіне болмайды» деген желеумен тып-тыныш істеп жүрген қызметінен қуылып кетті...

Қияқтай мұрты бар, көзі күліп тұратын, күліп сөйлейтін жігіт Аяғанның соңына шам алып түсті, қайта-қайта тәртіп сақтау бөліміне шақырып, әбден ығыр қылды. Өлдекімдердің арызын көлденеңдетіп, Аяғанның бір басына дүние пәленің барлығын үйіп-төгіп, зықысын шығарды...

– «Қылмысын» мойнына қоя алмағандықтан, екі күннен кейін Аяғанды босатып жіберді. Өзіне жасалар шабуылдың мұнымен бітпесін іші сезді. Дәл осындай талай «спектакльдің» боларына шүбәсі жоқ еді.

...Қалада пәтерде тұрып, үш бірдей баланы асыраудың оңайға түспесін Аяған әлдеқашан білген. Келіншегі сырқат...

Шындық іздеп, біраз сенделген Аяған ең соңында барар жер, басар тауы қалмай мынау жарық дүниенің жақсылығынан біржола күдерін үзген. Қызыл қарын жас балаларының қамын ойлап, құрылысқа жұмысқа тұрғанына да көп бола қойған жоқ. «Құрылысқа жұмысқа тұрсаң, тезірек үй аласың», – деп, ақыл қосты біреулер.

«Менің кім екенімді бұлар қайдан білсін?» деп жүрген. Анау күні түскі тамақтан келіп, дем алып отырған.

– Әй, профессор, сен мұнда кімнің тапсырмасымен келдің? – деп ежірейді, сақал-мұрты сапсиып өсіп кеткен көк көз сары. Аяған түсінбей қалып, көк көз сарыға бұрылған, ол жек көріп, жауыға қарап отыр екен, қолында кірпіш...

– Келесі айда премия ала алмасақ, бұл дүниемен қоштаса бер, профессор, – деді көккөз сары.

...Аяғанға сол күні әртүрлі ой келген. Өзіне жөнсіз тиіскен көккөз сары мен бетінде тыртығы бар жігіт Жақияның адамы тәрізденген. «Біреу азғырып, айдап салмаса, бұлардың менде несі бар?» деп күдіктенген.

Ұзын бойлы, түбіт мұртты жігіт екеуі бірге қайтқан. «Өлгі екеуінің қосып жіберген адамы шығар», – деп, Аяған одан да қауіптенген. Оны адастырып кету үшін жолай автобустан түсіп қалған. Бейтаныс жігіттен құтылғанына іштей қуанып, келесі автобусты күтіп тұрған, әлден уақыттан кейін әлдекім иығынан түрткендей болды, қараса – сол, жымыып күліп тұр. Аяғанның жүрегін шым еткізіп үрей шағып алды. «Мынаны менің ізіме салып қойғандар осы маңайда жүрген жоқ па?» деген күдікпен мойнын созып, жан-жағын тіптіп шықты.

– Менің атым Асылхан болады, аға, – деп, жігіт қолын ұсынды. – Мені ұмытып қалған шығарсыз. Алдыңызға барған абитуриенттердің қайсыбірі есіңізде тұрсын.

Аяған оған сескене қарады. Мына жігіттің әдейі жолын тосып жүргеніне күмәні қалмады. «Оқуға түсе алмаған бала болды бұл», – деп ойлады. Көңіліне күдік шауып, балаң жігіттің екі қолына көз тастады.

– Сен мені басқамен шатастырып тұрсың, жігітім, – деді Аяған қабақ шытып.

– Шатастырған жоқпын, Аяған аға. Мен сізді сыртыңыздан өте жақсы білемін, – деп жылы жымыған. – Тарих факультетінде менің досым оқиды. Сіздің жағдайыңызды сол жігіттен естідім.

– Ол кім?

– Алмас Байсалов.

– А-а-а...

– Сіз маған ренжімеңіз, аға. Геркулес пен Арабқа сіздің кім екеніңізді айтқан мен едім. Ал олар басқаша ойлап қалыпты, – деп, қысыла күлімсіреді Асылхан. Манадан бері кеудесін күдік құрсаулап, жігіттен қалаң құтыларын білмей тұрған Аяған оның жүзіне сөп салып, барлай қарады. Жігіт шын айтып тұрған сияқты, өбес қылығына қысылғандының белгісіндей бетінің ұшына қызғылт бояу жұғыпты.

– Олар мені тексеруші дей ме?

– Иә, аға, – деп күлді Асылхан. – Істелінбеген жұмыс үшін ақша алады олар. Және өздері күні бойы шөп басын сындырмайды. Олар қауіпті...

– Сіз жасымаңыз, аға, – деді Асылхан оның қолын қысып тұрып. – Мұның барлығы уақытша қиындық.

Аяған жаңа көргендей жас жігіттің еш есебі, қулығы жоқ тұнық көзіне сөп салып қарап, жеңіл күрсінді. Соның арасынша автобус келіп қалған.

Одан бері біраз күн өткен. Аяған алғашқы күндері бөтен адамдай ешкімге жанаса алмай, шеттеп жүретін, Асылханның арқасында көпшілігімен танысып үлгерді. Геркулес пен Араб қоқан-лоқы көрсетіп, ауызға келген сөзді лақ еткізіп құса салмайтын болған...

Жексенбі күні Аяған таңертеңнен кешке дейін кітапханада отырды... Өзі сүйген кәсібінен адам баласы басына қандай қиын жағдай туса да, безе алмайды екен. Аяған осыны ұқты.

– Ассалаумағалейкөм!

Ой түкпірін ақтарып, бейқам тұрған Аяған оқыс шыққан үннен селк етіп, жалт қараған. Қолын ұсынып, өзіне қарай ұмтылып келе жатқан Асылханды қаракөлеңкеде танымай қалды.

– Ой, сен қайдан жүрсің?

– Кітапханада отырдым.

– Дұрыс екен, – деді Аяған көңілін тұсап тастаған көп ойдан өрең арылып. – ...Айтпақшы, жақын маңайда почта жәшігі бар ма?

– Өне, о-о-н-оу жерде... Маған беріңіз. Мен-ақ тастай салайын.

– Жо-жоқ! – деді Аяған абыржып. – Өуре болма, өзім-ақ... Ал жақсы...

Асылханнан тезірек құтылуға асықты. Күні бойы отырып, қайта-қайта жазған хатын Асылхан біліп қоярдай қуыстанып, мазасы қашты. Жігіттің қолын қысып қоштасты да, жебей басып, ілгері кетті. Жолай почта жәшігіне Орталық партия комитетіне, Брежневтің өз атына жазған хатын саларда, көңілі қатты қобалжыды...

– Өсем, білесің бе, менің хатым түп-тура Брежнев ақсақалдың қолына тиеді, – деді келіншегін көңілдендірмек болып. Өсем елең ете қалды. –

...Аяған Қуатов жолдасқа жағдай жасау керек. Үйі бар ма екен, біліңіз. Жоқ болса, көмектесу керек... Бір сәттің ішінде бүкіл мәселесін шешіп алатындай жүзі бал-бұл жанып, екі көзіне нұр ойнап шықты... Өтірік әңгімесінің келіншегіне қаншалықты әсер еткенін Аяған түсіне қойды...

Әңгіменің ең қызық жеріне жеткенде, сырттан әлдекімнің шырылдап жылаған дауысы естілді. Баласының дауысын танып, Өсем орнынан атып тұрып, сыртқа жүгірді. Келіншегінің соңынан Аяған да есік алдына шыққан. Үй иесі татар шал жеті жасар үлкен ұлының құлағынан ұстап, дедететіп сүйреп келеді екен. Болар-болмасқа көтеріле қоймайтын Аяған мынаны көргенде, шыдай алмай кетті.

– Әй, ақсақал, құлағын жұлып аласыз ба баланың? Қолынан неге ұстамайсың? – деп ашулана айқай салды. Сәл нәрсеге бола көз жасын төгіп жіберетін Өсем шырылдап барып, ұлын құшақтай алды.

– Уһ, күшік! Алма ағашының түбіне кіш етіп тұр ұялмай, – деп, сәл тосылып қалған шал қайтадан ашуына мінді. – Бау-бақшамды құртты мыналарың. ..

– Ақсақал, тіліңізді тартып сөйлеңіз. Бала – періште, – деді ызаға бұлыққан жігіт...

– Үш күндік пәниде шәй деспей, сыйласу шарт, ақсақал. Сіз де жақсылыққа бірден гүмп етіп түсіп кеткен жоқ шығарсыз. Біз де сіздің босағанды күзетіп қалмаспыз.

– Сені мен шақырған жоқпын. Айда, кет! Босат үйді! Маған қаңғырған қазақтардың керегі жоқ. Бар, айда, еліңе қайт, – деді шал қолын сермеп. – Бала-шағаң ауланы былғап болды. Көрінген жерге отыра салады.

Шалға шабуыл жасайды деді ме, арашаға келген екі татар Аяғанды бас салып, қолын артына қайырды. Жаны шырқыраған Өсем шыңғырып келіп, күйеуінің қолын қайырып ұстаған біреуінің шашына жармасты. Ол Аяғанды жібере салып, келіншекпен алыса кеткен кезде, бөлмеге Асылхан мен Алмас кіріп келген. Олар келмегенде, жанжалдың арты өртке айналып кетері анық еді...

– Шай қойып, әуре болмаңыз, жеңеше. Біз Аяған ағаның қал-жағдайын білейік деп келдік. Ауырып қалған шығар деп ойладық, – деді Асылхан. Өсем самаурынын көтеріп, сыртқа шығып кетті.

– Рақмет, жігіттер!

– Курстың жігіттері сізге көп-көп сәлем жолдады, аға, – деп, үнсіз отырған Алмас сөзге араласты.

– Жақсы, аға. Сізге келеміз деп, жиналғалы көп болды, – деді Алмас кінәлі адамдай жасқана қарап. – Тіпті, реті келмей қойды. Бүгін өдейі

жігіттердің тапсыруымен келдім. Мынау біздің курстың сізге деген сәлемдемесі.

Алмас үлкен екі буманы ашты. Қазақ энциклопедиясының он екі томы екен. Студенттерден мұндай үлкен сый күтпеген Аяған не дерін білмей... көңілі босап, екі жігітті кезек-кезек құшақтады.

– Біз Орталық партия комитетіне хат жаздық. Сізге жала жабылып, қиянат жасалғанын айттық, – деді өудемнен соң Алмас. – Төрт-бес студенттен басқамыз түгел қол қойдық. Үлкен үйге өз қолыммен апарып бердім.

Аяған сенерін де, сенбесін де білмей, мұндай сөтте не деу керектігін және зерделей алмай отырып қалды. Басыма қиын іс түссе студенттер арашашы болады-ау деп мүлде ойламаған. Тіпті сондай бір қиын жағдайға тап боламын-ау деген қауіп қаперіне кірді ме екен...

Сыртқа шығып кеткен Өсем қайтып оралып, дастарқан жасады.

– Шал бұрқан-талқан болып ашуланып жүр әлі. Кемпірі үйіне өрең алып кірді, – деді Өсем шай құйып отырып.

– Басқа пәтер іздемесек, тыныштық бермес ол, – деп мұңайды Аяған. – Бір күні балаларға зиян жасап жүрсе...

– Құдайым-ай! – деді келіншек үрейленіп. – Осы үйге қайдан ғана тап болдық екен? Балаларда не жыны барын қайдам, кішкентайлар сыртқа шықса айқайлап, ұрысып, үрейін ұшырады. Сол шалдан қорқып, балалар сыртқа шығудан қалды.

– Үш баламен бізді кім қабылдай қойсын? – деп күрсінді Аяған.

Қарсы алдынан өткел бермес асау өзен шыға келгендей, Аяған шарасыз күйге түсіп, қабағы тұнжырады. Оның қабағын аңдып отырған екі жігіт қолайсызданып, біріне бірі қарасты.

– Қиналмаңыз аға, пәтер табылады, – деді Асылхан жымыып күліп. – Мен Көктөбенің баурайында, кіші Алматы өзенінің жағасындағы екі бөлмелі үйде тұрып жатырмын. Ауласы кең. Балалар қысылмай-қымтырылмай, еркін ойнайды. Ол үйге қазір көшіп барамын десеңіздер кілті, міне.

Аяған мен Өсем аң-таң болып бір-біріне қарасты. «Осы шын айтып отыр ма» дегендей таңғалу белгісі бар жүздерінде.

– Өзің... Өзің қайда тұрасың? – деп сұрады сенер-сенбесін білмей, абдырап отырған Аяған.

– Ой, аға, маған орын табылады ғой. Арыз жазып барсам, ертең-ақ жа-тақхана береді, – деп, күле жауап берді Асылхан.

– Ауғанстанға барып, бір миллион душпанды жер жастандырып келген батырыңыз осы, – деп күлді Алмас. – Арыз жазып, ізденсе, пәтер де алар еді.

Бейқам отырған Аяған селк етіп, Асылханның жүзіне шошына жалт қарады. Момақан жүзді, түсі жылы жігіттің қолы қанға былғанды дегенге сенгісі келмеді. «Ауғанстанға барғандардың барлығының қолы қан емес қой» деп өзін-өзі жұбатты. Есіне Ауғанстанға барып қайтыс болған жалғыз інісі түсіп, көңілін сағыныш баурап, мұңға батты...

Қабылдау емтиханында осы жігіттің алдына келгені есінде қалыпты. Бірінші сұрағын шала біледі екен. Тігісін жатқызын айтып берген болды. Екінші сұрағынан мүлде ауытқып кетті. Соны өзі де біле ме, бір кезде тоқтады.

– Інішек, тарих – менің наным, – деп күлген. Жас жігіттің екі беті өпсөтте нарттай қызарып шыға келген. – Үшінші сұрағыңа көш.

Осыдан кейін ол ойын жинақтай алмай, сөзінің басы бірікпей шаршаған. Сол жолы жанашырлық жасап, үш қойып жіберуіне болар еді.

– Басың жас, інішек! Келесі жылы кел. Тарихты жобалап қана білуге болмайды. Тарих деген сан мың, сан миллион, сан миллиард адамның тағдыры. Ол – өмірбаян, – деген Аяған. Екі бетінің қызылы тарқамаған түбіт мұрт жігіт орнынан тұрған соң:

– Рақмет сізге! – деген. Аяған оның мұнысын кекесін деп түсінген...

Сол жігіт міне, басына қиын іс түскен кезде азаматтық жасап, қол ұшын беріп отыр...

– Сөйтіп Аяғанның отбасы ойламаған жерден бас-аяғы бір сағаттың ішінде ың-шыңсыз көшті де кетті...

Үйдің ішін реттеп болып, төсекке жатқаннан кейін Өсем қуаныштан көзіне жас алды.

– Жылама, жаным! Жаны жақсы адамдар аманда ақиқат өлмейді. Ақиқат аманда бала-шағаң жаманшылық көрмейді. Сол жақсы адамдардың тілеуін тілейік, Өсем, – деп, жігіт жарын құшақтап.

– Өмірімде тірі адамға жаманшылық ойламап едім, Аяған. Жаттың да тілеуін тіледім, – деді Өсем дауысы дірілдеп. Өңгімесі үзілді де, қайтып жалғасқан жоқ. Біраз үнсіздіктен кейіне: – Адам атаулы аман болсын, – деді.

Ерлі-зайыптылардың өңгімесі осымен аяқталды. Өрқайсысы ой түкпірін ақтарып, өзімен-өзі болып кетті.

Тауға нөсер жауған тәрізді, кіші Алматы өзені тасып жатыр. Оның гүрілі тосын да үрейлі. Бұлар күндіз көрген момақан мінезді өзенге мүлде ұқсамайтын сияқты.

Қуаныштан ба, жоқ әлде, уайымның өсері ме, Өсем таң атқанша кірпік ілмеді...

Үлкен ұлын жолшыбай мектебіне қалдырып, қаланың шетіндегі жұмыс орнына кешігіп жеткен Аяғанның көңілінде еш күдік жоқ еді. Киімін ауыстырып, жұмысқа кіріскен. Істейтін жұмысы – есік-терезе сырлайды, үйдің төбесін, қабырғаларын өктейді...

Аяғанның айтар сөзі көп еді, көңілдегі көп ойдың көмейі енді ашылғанда өне-міне бітеді деп жүрген бес қабатты үйдің іргесіне көк волга келіп тоқтады. Аяған мен Асылхан машинадан түскен екі жігітке бөлендей мән берген жоқ. ...Аяған әр қимылын қағыс жібермей, бағып тұрған бейтаныс екеуге үрейлене жалт қарады.

– Біз Аяған Қуатов деген жолдасымызды іздеп келдік, – деді келбеті келісті, ұзын бойлы орыс жігіті...

– Мен Аяған Қуатов, – деді жігіт қорқып тұрғанын жасырғысы келгендей езу тартып. Орыс жігіті қалтасынан қып-қызыл куәлігін алып көрсетті де, қайтып салып қойды.

– Сіз бізбен бірге жүресіз.

Аяған түсінді, себебін сұрап, бас ауыртқысы келмеді. Суық жымыып, аң-таң қалып тұрған Асылханға бұрылды. Өңі бозарып, танауы қусырылып кетіпті.

– Киімімді ауыстырып келейін, – деп, Аяған таяқ тастам жердегі вагонға қарай жүрді, оған бүркіт тұмсық жігіт ілесе жүрді...

– Асылхан, мынау үйдің кілті еді, – деді Аяған. Жаңа ғана мығым тұрған сияқты еді, демнің арасында жасып, жүні жығылып қалыпты. – Өсемнің денсаулығы болмай жүр дедім ғой. Қолың тигенде көмектесіп, қолғабыс жасап тұршы..

Күні батуға таянғандай таусылып сөйлеп тұрған Аяғанды қалай жұбатарын білмей, Асылхан әжептәуір абыржыды.

– Сіздер Аяған ағаны қанша сағат ұстайсыздар?

– Қанша сағат ұстайтынымыз Қуатов жолдастың өзіне байланысты, – деді құс тұмсық жігіт.

– Өсем мазасызданбасын, – деді Аяған кетіп бара жатып...

* * *

Сыртынан ғана көріп жүретін Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің үйіне бірінші рет кірген Аяғанның санасын қорқыныш жаулап алды...

Имене басып, ішке кірген Аяған төрде отырған кісіге жасқана қарады.

– ...Сіз Аяған Қуатовсыз. Жасыңыз отыз үште. Дұрыс айттым ба?

– Иә.

– Қазақ ССР тарихынан лекция оқисыз. Дұрыс па?

– Иә...

– Лекцияңызда тақырыптан шығып кететін кездеріңіз жиі болып тұра ма?

Мынаның қайда апарып арандатқалы отырғанын іштей сезген Аяған оның сұрағына бірден жауап бермей, жымыып күлді. Сары жігіт кірпік қақпай, қадалып отыр.

«Қашқанмен, құтылмайсың. Қақпайлап, қақпаныма түсіремін» дегендей сенім бар түрінде.

– Мұнда солай деп жазылыпты.

– Қалай деп?

– Тақырыптан шығып кетеді, патриоттық өңгімелер айтады деп.

– Мысалы...

– Мысалы, Ермак туралы...

– Иә, Ермак туралы айтқанмын, – деп күмілжіді Аяған. Өрттің қайдан шығарын енді білді. «Өңгіме студенттерден шыққан болды» деп ойлады.

– ...Өңгіменің турасы жақсы, – деді комитет қызметкері. Папкасынан бір парақ қағаз алып, Аяғанға көрсетті. – Үстіңізден арыз бар. Бір топ адам қол қойған...

Сізге тағылған үлкен айып – Ауғанстан мәселесі, – деді ол тор көз дәптерге жазылған жазуға үңіліп...

– Ауғанстанға менің қандай қатысым бар?

– Соны айтамын-ау. Бәсе, Ауғанстанда неңіз бар сіздің? Онда соғыс жүріп жатыр. Ауған соғысына қатысқан жоқсыз, ондағы жағдайды мүлде білмейсіз. Соған қарамастан өртүрлі пікір айтады деп жазылыпты мұнда.

– Ауған соғысында жалғыз інім қайтыс болған, – деді Аяған мұңайып.

– А-а-а, солай екен ғой. Түсіндім, – деп, жігіт қағазына өлдене деп жазып жатып.

Аяған басын төмен салып, ойланып қалды. Сенімді дейтін бір топ студенттің ортасында тұрып, Ауғанстанда азамат соғысының жүріп жатқанын, біздің мемлекеттің жөнсіз киліккенін, үкімет басшыларының білместігінен толып жатқан жас жігіттердің қырылып қалғанын айтқаны есінде. «Жоқ, айтқан емеспін» деп бетпақтыққа салуға ар-ұяты жібермеді. Өз шындығын дәлелдеп, айтыса кеткенмен ештеңе өнбесін, керісінше, басына бөле тілеп аларын түсініп, тілін тістеп отыр.

– Екінші бір хатта сіздің мемлекетке қарсы үгіт жүргізгендігіңіз туралы айтады.

– Мысалы, – деді Аяған ызаға булығып. Санасын жаулап алған қорқыныш ізім-қайым жоғалып, оның орнын қорғану инстинкті басты. Мынандай жағдайда сыпайымсып, сызылып отыруға болмасын түсінді.

– Бір хатта Қуатов Аяған деген азаматтың БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1948 жылы қабылдаған адам правосы жөніндегі жалпылық декларациясын көбейтіп таратқаны туралы жазылды. Дәл сол хатта Қуатовтың студенттерге Мағжан өлеңін жатқа оқығаны айтылады. Ал мына хатта Брежнев жолдасты мазаққа айналдырып, анекдоттар айтқаныңыз өңгіме болады, – деді жігіт Аяғанның долырып, нарттай болып қызарып кеткен жүзіне тесіле қарап. – Бізде мысал жетеді. Біз сол үшін айлық алып отырымыз...

«Декларацияны көбейтіп тараттың» дегені шындыққа жақын жуымайтын жала. Өлдекім Аяған Қуатовтан диссидент жасағысы келіпті. Мұның атамекенінде жер басып тірі жүргенін қаламайтын пенделер бар екен...

Ой түкпірін ақтарып, жанын жеп мазасызданып отырған Аяған оның сөзіне мүлде құлақ қоймады. Бөлмеге бүркіт тұмсық жігіт кіргенде, ой желісі үзілді.

– Сіз жарты сағатқа басқа бөлмеге бара тұрыңыз, – деді сары жігіт жымсия күліп.

Бүркіт тұмсық жігіт Аяғанды дәліздің орта тұсындағы сырты қаңылтырмен қапталған есіктің алдына алып келіп, қалтасын тінтіді.

– Төртіп осындай...

Бөлмеге кіргізіп, сыртынан жауып кетті. Аяған төңірегіне көз жүгіртті. Жалғыз орындықтан басқа көзге түсер ештеңе жоқ. Терезеге темір тор салынған. «Бұл жауапқа шақырылғандарды уақытша қамайтын бөлме болды» деп ойлады Аяған...

Аяған сағатына қарады, белгіленген уақыт әлдеқашан өтіп кетті. Олар неге келмей жатыр? Жұмыс аяқталатын уақыт та таяп қалған екен.

Бала-шағасын ойлап, жаны дызықты... Қорқынышты ойдың құшағынан тезірек сытылып шыққысы келгендей адымдап, бөлменің көлемін өлшеуге кірісті.

– Бір, екі, үш... Бір, екі, үш, төрт... Яғни, он екі шаршы метр, – деп дауыстап сөйлеп, өзін-өзі алдарқатты. Осы екі арада манағы жігіт қайтып келіп, Аяғанды бұрынғы бөлмеге бастап апарды. Жасыл көз сары жігіт көңілді. Жымиып күліп, орнынан тұрып, ізет көрсетті.

– Кешірім өтінемін. Жұмыс бітпей, кешігуге тура келді, – деді ол, Аяғанды қолтықтап, төрге алып шықты. Оның мұнысын жалған сыпайыгершілік, алдау деп бағалады...

Жасыл көз сары Аяғанның алдына машинкаға басылған бір парақ қағазды тастады.

– Танысып шығыңыз.

Аяған бір бет қағазды асықпай, екі қайтара оқыды. Жасыл көз сары екеуінің арасындағы болған әңгімені жинақтап, Аяғанның өз кінәсін мойындаған хаты ретінде жазылыпты.

– Қалай, дұрыс жазылған ба?

Ойланып отырған Аяған селк ете түсті...

– Менің атымнан өтініш жазып беріңіз деп, ешкімге жалынбаймын. – Аяған үстелде жатқан қызыл қарындашты алып, өз атынан жазылған хаттың әр-әр жерін түзеп, жасыл көздің алдына қарай сырғытты. – Мен мұндай сауатсыз жазылған қағазға қол қоя алмаймын. Мен ғылым кандидатымын.

Жіберген қателерін көріп, жасыл көз суық жымыды, бетінің ұшы қызарды...

– Мен өз сөзімді айттым. Қол қоя алмаймын. Кінәм жоқ.

Бүркіт тұмсық жігіт келіп, Аяғанды манағы бөлмеге апарып қамады да, кетіп қалды. Ол жазғыз қалды.

9

Жұмыстың аяқталуын күтуге Асылханның шыдамы жетпеді, бригадиріне жағдайды түсіндірді... киініп алды да, жолға шықты. Жолай он екінші қазақ мектебіне соқты, Елжасты алып, Аяғанның пәтеріне келді. Иесіз үйге баса-көктеп кіріп баруға батылы жетпей, бақты аралап, Елжас екеуі алмұрт үзіп жеді...

– Елжас, мамаң қайда кетті екен, а?

– Олжас пен Бибіге кеткен шығар, – деді алмұрт жеп отырған бала оған жасқана қарап.

– Қарның ашқан жоқ па?

– Бізге мектепте тамақ береді.

– Е-е, дұрыс екен. Інілеріңнің аты кім?

– Інім біреу-ау, – деп күрсінді бала. – Оның аты – Олжас.

– О-о-һ-о! Ақын болады екен ғой.

– Ақын емес, азамат болады, – деді бала бас шайқап тұрып. Асылхан рақаттана күлді.

– Оны кім айтты саған?

– Көкем айтты...

– Қарындасыңның аты кім?
– Бибі.
– ...Елжас үлкейгенге кім боласың?
– Азамат боламын, – деді ол мұрнын тартып.
– Ой, азамат! Інің екеуің үлкен азамат боласың.
– Бибі де азамат болады, аға.
– Иә, үшеуің де азамат боласыңдар, – деді жігіт кішкене баланың жауабына шын риза болып...

– Елжас, атаңның аты кім? – деп сұрады, қалың ойдың тұманынан өрең шыққан жігіт орындыққа байлап қойғандай тапжылмай отырған баладан.

– Атамның аты – Қуат...

Елжастың сөзіне разы боған Асылхан рақаттана күліп, оны құшақтап, бетінен сүйді. Осы кезде ауланың есігі ашылып, ұзын бойлы, бет бір уыс, тыриған арық қыз кірді. Ол жақындап келіп, сәлемдескеннің ырымын жасап, басын бір шұлғып қойды.

– Қуатова Әсемді жедел жәрдем ауруханаға алып келген, – деді қыз бір жапырақ қағазды Асылханға ұсынып. Аурухананың адресі екен. – Маған өтініш білдіріп еді. Сау болыңыз!

– Рақмет! – деді Асылхан шұғыл бұрылып, ұзап бара жатқан қыздың соңынан дауыстап. – Олжас пен Бибінің бақшасын білесің бе, Елжасжан?

– Бұрынғы үйдің жанында, – деді де, бақшаға барар жолды сызып көрсетті..

Такси жалдап, Татар слабодкасына келді, балалар бақшасын көп қиналмай тауып, екі баланы алып, қайтып оралды.

10

Аяған түні бойы кірпік ілмеді... Аяғанның ойын ішке кірген адам бөліп жіберді. Аласа бойлы, төртбақ келген, жалбыр қас жігітті ол бірден таныды. Алғашқы әлетте құтқарушысы келгендей, қуанып қалған. Қуанышы су тиген шырақтай тез сөнді.

– Жарым түнде мазаңды алғанымға кешірім сұраймын, – деп сызданды Мақсұт. Аяғанға көз қиығын тастап, жымып күлді. – Мені танымай тұрған шығарсың, сірә, Ахмет Байтұрсынов мырза! Біз сізге сәлем беруге келдік.

– Жолдас Мақсұт! – деді ызаға булыққан Аяған. – Менің бір мысқал кінәм жоқ. Кінәсіз адамды қамап ұстасын деген заң және жоқ.

– Бұл түрме емес, кеңсе, – деп күлді Мақсұт. – Сен әлі кеңседесің.

– Өйелім ауру. Менің үйге қайтуым керек... Сендер коммунистік құрылыстың ең белсенді өкілін жөнсіз қамап, отыз жетінші жылдың тәсілімен жұмыс істей бастадыңдар. Бұл мың тоғыз жүз сексен екінші жыл...

Мақсұттың қақпайлап қайда алып барарын іші сезеді. Қанша жерден ағынан жарылып, шынын айтқанмен, қағазға сөзінің басқаша болып түсерін біледі...

– Ештеңе айтпасаң, ешқайда бармайсың... Неменеңе жетісіп күлесің бейшара? – деді Мақсұт тістене сөйлеп. – Сенің бұл жерден жарық дүниеге шығуың оңай болмас...

– Менің түк кінәм жоқ, – деді ол өлден уақыттан соң, мұңайып отырып. Мақсұт оны мазақтағандай, мырс-мырс күлді...

11

Олжас пен Бибіні балалар бақшасына, Елжасты мектепке жеткізіп салғаннан кейін Асылхан екі өкпесін қолына алып, Алмастың жатақханасына жүгіріп жеткен. Оның орнын сипап қалды, досы бүгін елден бұрын тұрып, институтқа кетіп қалыпты. Оны институттан табарына сенімі болмай, Хадишаны іздеп келген.

Кішкентай балаларды бағып-қағу ер адамға аса қиын екен...

Болған жағдайды естіп, Хадишаның көңілі сөгіліп, әбден өбігерленді, балаларға аяушылық білдіріп, көзіне жас іркілді...

– Мынау үйдің кілті. Үйге бар, – деді кілтті қызға ұстатып. – Алдымен Өсемге барып, жағдайын біл.

– Ол кісі қай ауруханада жатыр екен?

Асылхан аурухананың адресі мен Өсемнің аты-жөні жазылған бір жапырақ қағазды қыздың қолына ұстатты.

– Аяған туралы ештеңе айтпа, – деп ескертті жігіт. – Сұрап қоймаса, «Өкесі ауырып қалыпты, бір-екі күнге ауылға кетті» дей сал.

– Мен кімін деп барамын? – деп қиналды қыз. Екі көзі жаутаңдап, Асылханға жалбарына қарады. – Ол кісі мені мүлде білмейді ғой.

– Білмесе, таныс...

Хадиша киініп алып, Өсем жатқан ауруханаға тартты. Жолай айран, қаймақ, тәтті тоқаш іздеп, біраз айналған. Сағат он бірден аса, Кеңес көшесіндегі жедел жәрдем ауруханасына келіп, әкелген заттарын беріп жіберген. Көп ұзамай, жүгіре басып, медбике қыз жетті.

– Өсем Қуатоваға келген сіз бе? – деді ол қысылып тұрған Хадишадан көз алмай. Қыз бас изеді.

– Ол кісінің жағдайы өте қиын.

– Бері шықпай ма?

– Мен не деп тұрмын сізге? – деді медбике қыз ашуланып. – Реанимацияда жатыр.

Хадиша шошып кетті. Медбикенің түріне қарап, Өсемнің жағдайының өте нашар екенін түсініп, көңіліне үрей кірді...

– Ол инфаркт алған!..

Мына хабардан кейін Хадишаның зөресі ұшып, тілі байланды. Ауа жетпегендей тынысы тарылып, басы айналды. Көзін жұмып, екі алақанымен бетін жауып, біраз уақыт үнсіз қалды. Ес жиып, өзіне өзі келген соң, медсестрамен қоштасып, сыртқа шықты. Жүгіре басып, аялдамаға келді. Өне-міне дегенше, Өсем о дүниеге аттанып кететіндей көңілі алай-дүлей, тұла бойын сұрапыл қорқыныш билеп алған. Тезірек Алмасты тауып, естіген-білгенін жеткізуге асықты. Ол Өсемді аман алып қалудың жолын табатындай болып көрінді...

Алмас лекцияда екен...

– Тезірек барып, дәрігерге жолығу керек, – деп аптықты қыз. Жігіт қиналғандай қабақ шытты.

– ...Дәл қазір бара алмаймын, – деп қынжыла сөйледі жігіт...

– Білесің бе, Алмас, кеше Аяған ағаны алып кеткен.

– Кім? – деді Алмас селк етіп.

– КГБ-ның адамдары дейді.

Аяғанның соңына Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің адамдары түсіп жүргенін Жақиядан естігенмен, оны бүгін-ертең ұстап кетеді деп ойламаған Алмастың иманы ұшты... «Үш әріптің қолына түспе, – дейтін әкесі. Қолына түссең, құтылуың қиын болады»...

– Қиын болған екен, – деді Алмас дауысы бұзылып. – Ауылға, өке-шешесіне тілграм беру керек шығар. Балалары далада қалды-ау.

– Балалардың жанында кеше Асылхан болыпты. Кішкентай қызы түнімен жылапты бейшара. Бүгін олардың жанында мен боламын, – деп, жігітке көз қиығын тастап, наздана жымиды. Алмас оның түпкі ойын түсінді.

– Қоңырау соғылды, – деп, Алмас асыға бастады...

– Алмас, қашан келесің? – деп дауыстады. Жігіт оның дауысын естімеді ме, қайырылмай кетті...

Асылхан мен Ақбота кинодан шыққаннан кейін тамақтанбақ болып, ...«Алматы» ресторанына тартты...

– Екі орынды өрең таптым, Бота, – деді жігіт езу тартып. Өзі алға түсті, қыз соңына ілесті. Алты адамға арналған столда төрт жігіт отыр екен...

Қыз бен жігіт алдарына келген тамақты үнсіз отырып қауғады. Мас көршілері оянып кетсе, мазаларын аларын екеуі де сезіп отыр... «Жолдас-тарының тастап кеткені бекер емес-ау. Сыйлы азамат болса, мас күйінде тастап кете ме, сірә?!»

Ақбота да, Асылхан да осылай ойлады.

– К-к-еш-іріңдер! – деді жігіт тілі икемге өрең келіп. – О-о-олар мені тастап кеткен бе?..

– Менің атым – Сыздық, фамилиям – Ақпанов. Ақпанов! Знаменитость!..

Асылханның есіне Аяғанның «профессор Алдияр Ақпанұлының ішіп кеткен баласы бар» деген сөзі түсті...

– Мені тастап кеткендер қазақ халқының тарихын зерттеп жүрген шалапайлар, – деді Сыздық... – Біреуі деканның орынбасары. Біреуі ассистент. Біреуі аспирант. Ал мен... Ал мен маскүнем...

– Сіз профессор Алдияр Ақпанұлының баласы емессіз бе?

– Сен тарих факультетінде оқисың. – Білдім, – деді қуана дауыстап. – Сен мені тастап кетпейсің. Өйткені сен өлі қулық-сұмдықты білмейсің, өлгілер сияқты есеппен өмір сүрмейсің. Сондықтан оларды суқаным сүймейді. Олар мафия!.. Ал сен өлі басталмаған дәптерсің. Сен үшін Алдияр Ақпанұлы үлкен ғұлама. Сен оған табынасың. Ал мен... Сенің алдында мас болып отырған Сыздық деген пақыр... сол кісінің жалғыз ұлы...

– Жаңағылар да дос па?

– Дос? ...Олар менің әкемді, Алдияр Ақпанұлын сатып кеткен. Олар біздің шалдың арқасында адам болған. Кейін ананың, өлгінің... Қысқасы, барлық шәкірті ректордың жағына шығып, менің әкемді талаған. Олар қарғылы төбеттер! Мафия! Біліп отырсың ба, м-а-ф-и-я!..

– Жә, сабыр етіңіз! – деді жігіт оны арқасынан қағып... Айқайлап сөйлеген Сыздық ...орнынан сүйретіліп тұрып, төлтіректен сыртқа беттеді. Асылхан даяшыға тиісті ақшасын төлеп, ...оған ілескен.

– Қайда барасың? – деп Ақбота жігіттің жеңінен тартқан. – Он бір болды, жатақханаға кіргізбей қояды.

– Бес минутқа кіріп шығайық. Алдияр Ақпанұлы деген кісіні көрейік. Ол ғұлама адам, Ақбота. Ол кісіні көргім келеді. Аз ғана отырамыз, – деп қиылған жігітінің көңілін қимаған қыз қынжыла тұрып келісті. – Ренжі-меші, Бота. Ол адамды бір рет көру арманым еді.

– Көп отырмайық. Мені жатақханаға кіргізбей қояды.

Профессор Алдияр Ақпанұлы «Алматы» мейрамханасының қарсысындағы үйдің бірінші қабатында тұрады екен... Аяғын әлтек-тәлтек басқан жігітті Асылхан қолтықтады. Сағат он бірден асса да, сыртқы есік бекітілмепті, Сыздық бір теуіп еді, ашылып кетті.

– Пахан, қонақ келді, – деп даурықты жігіт.

Имене басып, үйге кірген қыз бен жігіт состиып-состиып тұрып қалды да, Сыздық жуынатын бөлмеге кіріп кетті. Асылхан дәліздің шамын жақты. Дәліз лас екен, көптен бері тазаланбағаны көрініп тұр. Ескірген аяқ киімдер, қалай болса солай шашылып жатыр. Мынау атақты профессор тұратын үйге мүлде ұқсамайды. «Осы жігіт бізді алдап алып келген жоқ па» деген күдік шапты көңіліне. Екі дай болып тұрғанда жігіт қайтып оралды. Не істерін білмей абыржыңқырап тұрған Асылханды жетелеп, профессор жатқан бөлмеге алып барды.

– Пахан, мынау сенің шәкіртің...

Профессор көзін сәл ғана ашты да, өзінен көз алмай тұрған бейтаныс екеуге назар аударды.

– Сәлеметсіз бе, ағай! – деді сасқалақтаған жігіт. Асып-сасып қолын ала жүгірді. Профессордың қозғалыссыз жатқан сұп-суық қолын ұстады. Асылханның денесі дір ете қалды.

– Қай баласың? – деді шал. Дауысы тым әлсіз. Ақбота оның не дегенін мүлде естімеді.

– Мен мұнда... Біз кездейсоқ келіп қалып едік, – деп, өзін қалай таныстыруды білмей абыржыды...

– Кешіріңіз, аға, – деп міңгірледі Асылхан. – Беймезгіл уақытта келіп, мазаңызды алғанымға кешірім өтінемін. Атыңызға сырттай қанық ем. Бір көру арманым еді сізді...

– Біз бұл кісімен мейрамханада кездейсоқ танысып қалдық. Мен Асылхан деген ініңіз боламын. Құрылысшымын, аға. Мына қыз – Ақбота, – деді жігіт батылданып. Алдияр Ақпанұлы көзін кең ашып, екеуіне сәп салып, ұзағырақ қарады. Екеуінің бөтен оймен келмегеніне және Сыздықтың өзін әбден ығыр қылған көп шуылдағы еместігіне көзі жетті ме, өңі жылып, жылы шырай танытты.

– Отырыңдар, – деді сыбырлай сөйлеп...

– Өмірім өмір болмады ғой, шырағым. Біреу көмектеспесе, орнымнан тұра алмаймын... Сенген адамым – жалғыз ұлдың тірлігін өзің көрдің... – деді ол мұң шағып. Асылханның көмегімен басын көтеріп, тіктеліп отырды. – Ұят та болса айтайын, астым шылқылдап жатыр. Қазақтың баласысың ғой, қарағым, көмектес.

Асылхан қарт профессорды жүрегі езіле аяп кетті, алқымына ыстық жас кептелді. Қу сүлдері қалған шалды көтеріп, туалетке апарып отырғызды да, төсегін ретке келтірді...

Кетеміз деп тықыршып отырған Ақбота жағдайға қаныққаннан кейін білегін сыбанып, іске кірісіп кетті, алдымен ас бөлмен тазалап, баттасып жатқан ыдыс-аяқты жуды.

Асылхан қарт профессорды жуындырды, іш киімдерін ауыстырып кигізген соң, көтеріп әкеліп, креслоға отырғызды.

– Рақмет! – деді шал кемсеңдеп... – Құдайдан қайтсын, қарағым. – Басын төмен салып, үнсіз қалды. Өлден уақыттан соң ұмытқаны есіне түскендей, басын көтеріп алды да, жан-жағына қарады. – Стөлдің үстінде жатқан кітапты өперші, қарағым. Сол жерде қалам бар.

Асылхан әкеліп берген кітаптың бірінші бетіне сол қолымен асықпай отырып бірнеше сөз жазды. Ойланып отырып, тағы да бір ауыз сөз қосты да, қолын қойып, жігітке ұсынды.

– Рақмет, аға! – деді жігіт шын қуанып... – Сіздің қазақ тарихына байланысты жазған кітабыңызды оқып едім.

Профессор оған таң қала қарады.

– Шықпай қалған кітапты қалай оқып жүрсің?

– Қолжазбаңызды оқып едім, – деп түзетті Асылхан. Сонан кейін ол кітаптың ксерокөшірмесін Аяғаннан алып оқығанын, алған өсерін асықпай отырып баяндады.

– Е-е, солай де... Аяғанның інісімін де... – Аяған есіне түскендіктен бе, қараптан қарап отырып күйгелектеніп, өзінен өзі ашуланып, берекесі кетті. Сол қолымен креслоның жақтау ағашын ұрып, астыңғы ернін ызарқорлана тістеледі. – Оның түк кінәсі жоқ. Аяғанды нақақ күйдірді. Олар адам өлтіруден де тайынбайды. Мені осы күйге жеткізген солар, өз шәкірттерім, – деп кінәсіне сөйледі. Орнынан тұрып кетпек болып талпынып еді, қайта құлады. – Мені ұлтшыл-демократ деп жазғырған. Аяғанды антисоветчик деп шығарыпты. Ой, сұмдық-ай! Мыналары жауыздық қой тегі!..

– Кінәсі жоқ адамға жала жұқпайды, аға.

Алдияр Ақпанұлы мырс күлді. Көзін жұмып алып, қабағын түйіп, басын изектетіп үнсіз отырды...

– Аяғанның келіншегі инфаркт алып, ауруханада жатыр, аға, – деді жігіт біраз үнсіздіктен кейін. Қарт профессор көзін ашып алып, жігітке жалт қарады. Ақырын ғана күрсінді...

(Жалғасы бар)



Антисоветчик (*орыс*) – совет, яғни кеңес билігіне қарсы.

Декларация – бір немесе бірнеше мемлекеттің бірігіп жасайтын саяси мәлімдемесі.

Пахан (*жаргон*) – папа, әке.

Сәп салу – көз салу, назар салу.

Стөл (*орыс*) – үстел.

Сүлесәпа – еш нәрсеге көңілі жоқ, селқос, бейжай.

Тілграм (*орыс*) – телеграмма – жеделхат.

Шала – 1) отынның толық жанып бітпеген қалдығы; 2) толық емес, пісіп жетілмеген, шикі.

Шалапайлар – шикі, толық емес деген мағынадан шыққан, бұл қолданыс жетілмеген адамға қатысты айтылған.

Шәй деспей – 1) шәй – қой-ешкіге айтылатын жекіру одағайы; 2) шәй деспеді – ренжіспеді, ұрсыспады, түс шайыспады.

Пәни, фәни (*араб*) – тұрағы жоқ, жалған, баянсыз, алдамшы.

Адам аты:

Брежнев Леонид Ильич (1907–1982) – Кеңес Одағы коммунистік партиясының Бірінші хатшысы (1964 жылдан бастап), Бас хатшы (1966 жылдан бастап) және КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы (1960–1964, 1977–1982).



Артық болмас білгенің

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912–1993) – аса көрнекті мемлекет және саяси қайраткер, техника ғылымдарының докторы, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері (1972, 1976, 1982). Ол 1960–1986 жылдары аралығында Қазақстан коммунистік партиясының Бірінші Хатшысы, яғни біздің республикамызды басқарған.

Халқымыз оны құрмет тұтып, «Димаш» деп те атаған.



Желтоқсан көтерілісі – 1986 жылы 17–18 желтоқсанда Алматы қаласында КСРО билігінің отаршыл, әміршіл-әкімшілік саясатына қарсылық танытуы. Жастар Ресейдің Ульяновск облысы компартиясының бірінші хатшысы Г.В. Колбиннің Қазақстан басшылығына келуіне қарсы болды.

Желтоқсан көтерілісі, шын мәнінде, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылудың алғашқы қарлығы деп бағаланады.



1986 жылғы желтоқсан айында Алматыдағы үлкен алаңда жиналған жастар



1. Баққожа Мұқай және оның шығармалары туралы осы кезге дейін не білетін едіңдер?
2. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысты не білесіңдер?



1. Типтік жинақталған бейне дегенді қалай түсінесіңдер? Оның ерекшелігі неде?



1. Романнан ұлттық құндылықты бейнелейтін үш дәйексөзді табыңдар.
2. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім



1. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

2. Авторлық идеяның тарихи шындықпен байланысын анықтаңдар.
3. Автор бейнесі қалай көрінеді?
4. Романдағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың қолданысын талдаңдар.



1. Романдағы типтік жинақталған бейнелердің сомдалуын тарихи жағдайлармен байланысты тұжырымдаңдар.



1. «Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романындағы көркемдік ерекшеліктер» тақырыбы бойынша әдеби сын жазыңдар.



Оқу сауаттылығы

1. Ол күйіп тұрған заманда Кенесарыны қорғаймын деп күйген. Тізгінін басқаның қолына ұстатып қойып, соның айтуымен жүріп-тұруға үйренген, орғанына мөз болып жүрген халқына Кенесары ісінің өділдігін дәлелдемек түгіл, өз басы саудаға түсіп, құйрығына шала байланған. Арашалап алар пенде табылмай, оттың ортасынан құр сүлдерін сүйретіп, өрең шыққан.

Сұрақ: Берілген үзіндіде «оттың ортасына түсу» деген сөз тіркесі нені білдіреді? Оның шала сөзімен мағыналық байланысы бар ма?

- а) Жанып жатқан отқа құлап кету; шала – оттың шағын бөлігі.
- б) Біреу үшін жанын пида ету, азаптану, жаны қиналу. Шала – толық жанып бітпеген от, сондықтан бұл үзіндіде «отқа түсу» ауыспалы мағынада қолданылған.
- с) жанып жатқан отқа түсіп кету; шала – толық жанып бітпеген от.

2. Аяған түні бойы кірпік ілмеді.

Сұрақ: «Кірпік ілмеу» деген сөз тіркесі нені білдіреді?

- a) Кірпіктері түсіп қалу
- b) Ұйықтап қалу
- c) Ұйықтамау

3. Ал мына хатта Брежнев жолдасты мазаққа айналдырып, анекдоттар айтқаныңыз әңгіме болады, – деді жігіт Аяғанның долырып, нарттай болып қызарып кеткен жүзіне тесіле қарап.

Сұрақ: Долырып кету деген сөз нені білдіреді?

- a) Ашулану, долдану
- b) Беттің қызаруы
- c) Дөңгеленіп кету



Оқушы күнделігі

«Өмірзая» деген сөз қандай жағдайда, қандай адамға қатысты айтылады? Алдияр Ақпанұлы мен Аяған Қуатұлының өмірлерін зая кеткен деп бағалауға бола ма? Бұл туралы өздеріңнің ойларыңды жазыңдар.



Фалаитор

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне арналған «Желтоқсан желі» (сөзі: Әбдірахман Асылбековтікі, әні: Әбиірбек Тінәлиевтікі) және «Қара бауыр қасқалдақ» (сөзі: Есенғали Раушановтікі, әні: Ілесбек Амановтікі) әндерін тауып, тыңдаңдар.

Қосымша оқу үшін:

1. Ыбырайымұлы Ә. «Ұяластар» романы. – Алматы, «Фолиант», 2005.



2. Ораз Нұрғали. «Жылқының көз жасы» әңгімелер, хикаяттар мен эсселер жинағы // «Таудан ұшқан тазқара» әңгімесі. – Алматы, «Қайнар», 2012.



ЕРБОЛАТ ӘБІКЕНҰЛЫ (1980 жылы туған)



Ерболат Әбікенұлы 1980 жылы 10 наурызда Қытай Халық Республикасындағы Шыңжаң аймағындағы Санжы қаласына қарасты Мөргу ауылында дүниеге келген. 1998 жылы Мөргу ауылдық 8 жылдық мектепті, 2001 жылы Санжы қалалық 3 орта мектебінің қазақ бөлімін бітірген. 2002 жылы атажұртқа оралған. 2007 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Ол бүгінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Қазір Алматы қаласында тұрады.

Шығармашылығы. Ең алғашқы өңгімесі «Өкініш жасы» деп аталған. Ол бұл дүниесін 7-сыныпта өдебиет пәні мұғалімінің тапсырмасы бойынша мектепаралық жарысқа қатысу үшін жазған. Ұстазы оның жазуын ұнатып, келесі жылы тағы да өңгіме жазуды тапсырған, сол кезде Ерболат Әбікенұлы «Арақкештің тағдырын» жазды. Оның жазушылыққа келуі осылай басталған.

Балаларға арналған ғибратты өңгімелері топтастырылған «Бірінші байлық» мен «Алтын бұтақ» атты ертегі кітапшалары бар. Ал көркем прозада «Министр» (Алматы, «Таңбалы», 2014), «Желтоқсан ызғары» (Алматы, «Жалын», 2015) атты өңгіме жинақтары жарық көрген.

Ол М.О. Өуезов атындағы Өдебиет және өнер институтында қызмет еткен кезінде «Шет елдегі қазақ өдебиеті» атты ұжымдық монографияны (2014) жазуға қатысқан.

Ерболат Әбікенұлы – қазіргі қазақ өдебиетінің өкілі, ХХІ ғасырдың азаматы, сондықтан оның жазуындағы ерекшелік қоғамның, сонымен бірге дамитын өдебиетке өз үнімен, ерекшелігімен келді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Ісімақова «Министр» деп аталған жинаққа жазған алғы сөзінде: «Қазіргі қазақ прозасы ХХІ ғасырға сай дамып келеді. Соцреализм тұсындағы біржақтылық пен тек догмаға тірелуден айығып келеді. Постмодернистік эстетика талап ететін шарт бірегей: нақтылық пен сөзді мүмкіндігінше үнемдеп қолдану. Сондықтан қазір өлем өдебиетінде қысқа жанрлар: көркем өңгіме мен новеллалық эссенің қажеттілігі артып келеді.

Қазақ прозасына жаңа мәтіндер келді. Бұлардың ерекшелігі: айналамыздағы шындықты жазу арқылы, қазіргі қазақтың басына: жаны мен

төніне түскен қасіретті айқындау...», – деп бағалаған. Расында да, кестік кездегі әдебиет пен қазіргі әдебиеттегі ерекшелік аз емес. Сол ерекшеліктің бірі – қоғамдағы шындықты ықшам, нақты суреттеп, көлемі шағын туындыларды алға шығаруда.

Жазушы шығармаларының тілі ащы сарказмды құрал етпейді, жылы юмормен әсер етеді. Қоғамнан қаражу көріп, өлдебіреулерге жалтақтап жүрген қарапайым жандардың ішкі психологиясын шынайы жеткізеді. Автор диалогқа шебер. Оның шығармаларынан автор бейнесі анық сезіліп тұрады. Сондықтан оның өз ұстанымы да айқын түрде туындысының арқауы болып өріліп жатады. Өйткені оның өңгімелерінде шынайы өмір суреті бар және автор оны еш әсірелеусіз жеткізе біледі. Мысалы, Ерболат Өбікенұлының «Елу теңге» атты жинағында: «– Онда былай, межелі жер өлі ұзақ. Бұл жерден жүз елу теңгеге такси ұстап тұрсақ, сәл ыңғайсыздау болады. Екі жүз теңгеге ғой ұялмай отырасың. Бірақ сумаң етіп жетіп барғанда, тамақ дайын тұрмаса, түнімен ішегіміз шұрқырайды ғой. Таңертең бірдеңе ішсек, бір сәрі, қып-қызыл ашпыз. Нәр татпағанымызға бір тәуліктен асып барады. Сол үшін, сөзсіз, елу теңге үнемдеуіміз керек. Оған буы бұрқыраған екі самса тиеді, жүрек жалғап аламыз. Ол үшін, кемінде, жарты сағат жаяу жүруге тура келеді. Сосын жүз елу теңгеге такси табам, қуана апармаса, арғы қолыңды бері әкел...», – деп, ағасының інісіне айтып жатқан сөзінің өзі-ақ шығарманың әлеуметтік тақырыпқа арналғанын сездіреді. Қалталарындағы соңғы екі жүз теңгені такси жүргізушісіне беріп, одан елу теңгесін қайтара алмаған бауырлар сол күні аш жатады. Жол бойы бауырмалдық танытып келген такси жүргізушісі қайтаруы тиіс елу теңгені қайтармай, қиянат жасады. Алажақ елу теңгеге бауыры екеуі тамақ алатынын ойлап келе жатқан аға төбелесуге де дайын. Оқиға ушығады. Жағдайды байқап отырған інісі ағасына жалынып, төбелестің алдын алады. Дегенмен көңілде сыз қалады. Олар түнімен ұйықтай алмай шығады. Осылайша жазушы кейбір адамдар арасындағы алдау, өлімжеттік жасау, екіжүзділік, т.б. жат қылықтарды сынайды. Рас, соңғы кезде қоғам өзгерді, адамдардың ниеті бұзылды деу бар. Бұл да бар. Дегенмен өр дәуірде де тоңмойындар мен алаяқтар, сараңдар, арамтамақтар болған, сондықтан кең ауқымда ойлағанда, жазушы Ерболат Өбікенұлының «Елу теңге» өңгімесі жалпыадамзаттық құндылықтарды ұмытпау керектігіне ой салады.

Жазушының өңгімелер жинағында «Елу теңгеден» басқа «Ақын», «Желтоқсан ызғары», «Ит», «Министр», «Сүмелектер», «Жұмыртқа», «Күйеу бала», т.б. шығармалары кейіпкерлер әлемімен, сюжеттерімен, әсерлі шыққан.

Ал «Тасбатыр» өңгімесі қазіргі заманның әдеби ертегісі деуге лайық.

«Пәтер іздеп жүр едік» өңгімесі туралы. Ерболат Өбікенұлының осы шығармасы енген «Министр» жинағы 2014 жылы «Таңбалы» баспасынан жеке адамдардың қолдауымен жарық көрді. Оның бұл өңгімесі студент кезде, яғни университеттің төртінші курсына оқып жүргенінде жазылған. Оқырман қауымның, жазушылар мен зерттеушілерің назарына бірден ілініп, оң бағасын алды.

Өңгімеде пәтерді жалға берушілердің өзге ұлт өкілдері екені айтылған, оқырман мұны нақты бір ұлтқа қатысты қабылдамауы керек. Өйткені шығарманы жазудағы негізгі мақсат – ұлт араздығын тудыру үшін емес, жалпы, жергілікті халықтың, соның ішінде жастардың пәтер жалдауға мәжбүр болғанын айту, нарыққа көшкен өтпелі кезеңдегі бір қиындықты жеткізу үшін өзге ұлт өкілдері деген мағынада жинақты ой ретінде қабылдау дұрыс болады.

ПӘТЕР ІЗДЕП ЖҮР ЕДІК...

(Өңгіме)

Алматыны алты айналып, жетім бұрышты жеті айналғанда, өкшем опырылып түсті. Енді маймақ жүріске бастым, аяғым ауырды деп, келіншегім отыра кетті. Пәтер іздеп жүр едік...

Құмырсқаның илеуінше қайнаған жетім бұрыштан бізге лайық пәтер табылмады. Табылмады емес, табылды-ау, әкесінің құнын сұрайды, тіпті, делдал саған қарайтын емес, сөйлесу үшін де кезекке тұрады екенсің.

- Пәтер бар ма, апай?
- Бір қыз керек.
- Пәтер бар ма, ағай?
- Бір жігіт керек.
- Апа, пәтер керек еді.
- Екі қыз керек.
- Келіншегім екеуміз тұрсақ бола ма?
- Болмайды, келіншегіңнің қасына бір қыз қос, өзің басқасын жалда.
- Пәтер керек еді.
- Жас отау керек.
- Біз жас отауымыз, – қуанып кетіпін, дауысым шөңк етіп шықты.
- Онда естіп ал, елу мың теңгеден, жүз елу мың теңге үш айдың ақшасын алдын ала тапсырасың.
- Бөліп тапсырса ше?
- Онда барыңдар ары.

Сасқанымнан келіншегіме қарадым, маған жаны ашыған болу керек, естісе де, естімеген боп тұр. Аппақ бетінің ұшына аздап қан шапши қалыпты, көзінен мұң байқалады, қасынан алыс тұруға тырысып, тағы бір маклерге қарай жүгірдім.

– «Шаңырақта» бір үй бар, жас отбасын тұрғызады, – деді қара келіншек. Кеудемдегі өшіп бара жатқан үміт оты жарқ еткендей болды.

– Қанша болады?

– Он мың теңге, үш бөлмелі жаңа үй.

– Шаңырақ алыс па? – дедім келіншегіме бұрылып.

– Өте алыс қой...

– Амал жоқ, шамамыз соған жетеді, үш бөлмелі үй болса, болады екен.

– Жарайды, келістік.

– Тауып берген ақысына мың теңге төлейсіңдер.

– Мінеки, мың теңгеңіз.

Қалыңдығы бір елі, тозығы жеткен, іші шимайға толы дәптеріне үңіле түсті.

– Мынау – телефоны мен аты-жөні. Сұлушаш тәте жіберді дейсіңдер.

– Қожайынмен бірге тұрмайтынымыз қандай жақсы болды, – деді келіншегім жол-жөнекей құлағыма сыбырлап, бұрынғы жәбір-жапаны ұмытқан адамдай өте көңілді, жымың-жымың етеді, еріксіз жымыып күлген болдым.

Қолым дірілдеп, ішімнен иманымды үйіре түсіп, телефон құлағын бұрадым. Ар жағынан ер адамның барылдаған жуан дауысы шықты.

– Алло, кім?

– Алло, ассалаумағаликум, Сәкен аға ма екен?

– Иә, мен.

– Сұлушаш тәте жіберді. Пәтер іздеп жүр едік...

– Қайдағы пәтер, өткізіп жібергенбіз үш күн бұрын.

– Сұлушаш тәте он мың теңгеге үш бөлмелі пәтер бар деген болатын.

– Он мың теңгеге тауық кепе де жалдай алмайсың, бауырым, – деді де, телефон тұтқасын тастай салды.

Ашудан жарылардай мелшиіп тұрдым да қалдым.

– Өкеңнің-ай, делдал алдапты, – дедім келіншегіме.

– Не деген опасыз адам еді?! – дейді келіншегім дауысы дірілдеп.

Жұлым-жұлымы шыққан маршрутканың ішіне есіктен ытқып шығардай сығылып, өрең сыйдық та, қонақтаған тауықтай бір-бір аяғымызды көтеріп, тұра қалдық. Маршрутка қиралаңдап, жетім бұрышқа қарай тартып келеді. Ойым әлгі алдамшы әйелді тауып алып, сазайын тарттыру.

Ең болмағанда, қолымда жүрген туфли өкшесімен маңдайдан тарс еткізу. Ызадан булыққаным сонша, ішімнен тынып өрең келем, жол бойы келіншегім екеуміз бір ауыз үн қатысқан жоқпыз. Массаждан шыққан адамдай қиралаңдап жеттік, ақыры. Делдал әйел сужұқпастың өзі екен, біздің қайтып келетінімізді білгендей, тайып тұрыпты.

Барахолкадан бір-ақ шықтық. Көше бойымен әр дарбазаға жалтақтай қарап, барлап келемін. Бір кезде пәтер жалдаймын деген жазу көзіме шоқтай басылды. Қуанғаннан айқайлап жібере жаздап, бетімді шымшып, өзімді өрең тежедім. Қожайын ұйғыр әйел екен, бізді суық қарсы алды.

Айнадай жарқыраған жап-жаңа үйдің қарсы алдындағы тозығы жеткен үлкен үйдің іші жын сасыған қараңғы дәліз екен. Артынан еріп келеміз. Таусылып болмайтын бұрылмасы көп дәліздің түбіне барып, бір-ақ тірелдік. Ең соңғы бөлме, ең соңғы үмітім. Көзім сәл үйірлескендей болды. Қоян екеш қоян да інін дәл бұлай қаза алмас-ау, сірә?! Қыртыс есікті шалқалай ашты, үш аттап, төрге жеттім, құлашымды жайып едім, саусақтарымның ұшы қабырғаға тиді. Сол жақ бұрышқа ұзынынан екі төсек қойылыпты. Төсек емес, үсті-үстіне қиюластырып, кірпіші, шөркесі аралас бірдемелердің үстіне жатқызып қоя салған тақтай екен. Сол тақтай төсектің біреуінің тең жартысы есіктің артындағы үйді бөлген кездегі бетон қабырға мен тақтай қабырғаның арасындағы бос аралыққа кептеліп кіргізіліпті. Егер осы қуыс болмаса, бір ғана төсек сыятындай. Үш метр үйге төрт метр төсек, өне, солай сыйып тұр. Оған кір-кір, мақтасы салбырап, тозығы жеткен матрац төселіпті. Өртенген, әлде май тамғаны белгісіз, кейбір жерлері сарғышта нып кеткен. Оң жақ түпкі бұрышқа бойы жерден өрең асатын кішкентай үстел қойылыпты. Ырғап көріп едім, билеп тұр. Енді байқадым, үлкен бір залды келсін-келмесін, иттің ұясындай қылып сансыз бөлмелерге бөліпті. Тақтаймен бөлсе, бір сәрі. Қыртыспен қиюластыра беріпті. Соның керегеге тірелген соңғы қуысы бізге бұйырып тұр. Саңылауларының ар жағында пәтершілердің қарасы анық көрінеді. Сол сәт арғы беттен сәбидің шырқырап жылаған ащы үні естілді. Қыртыс қабырғаның үстіңгі жағы төбеге бір қарыс жетпей қалыпты да, сол ашық аралыққа небары жалғыз ғана шырақ орнатыпты. Арғы жақ пен бергі жақ сол жалғыз шыраққа тәуелді. Егер шырақ сөнсе, екі жақ та жарықсыз қалайын деп тұр.

Есік жақ қабырға да итеріп қалсаң, құлап түсердей, қаусап, өрең тұр. Бірақ ол оң жақ қабырға сияқты ашық емес, сәл де болса, жиі шегеленіпті. Опырылған оң жақ тоқал өкшемен еденді ақырын теуіп көріп едім, ескі төсеніштің шаңы бұрқ етіп, балағыма шапшыды. Шамасы, бізден бұрын аяқ киімін шешуді білмейтін біреулер тұрған тәрізді.

– Қоныс жайлы болсын, – деген дауысқа жалт қарасам, ақ күмістей ұзын сақалы кеудесін жапқан қария қарап тұр екен, қапелімде сасқалақтап қалдым.

– Бірге болсын, ата, – депшін.

– Е-е, балам менсінбей тұрсың-ау, ө! «Ер жігіт бір терінің ішінде неше арып, неше семіреді». Біз де жүрміз ғой! – деді солқ-солқ күліп. Осы арада қожайын әйел килігіп кетті.

– Алсаңдар осы үй бос, он мың теңге, қарап тұратын уақыт жоқ, тез шешіңдер.

Келіншегім маған қарады, мен келіншегіме қарадым. Екеуімізде де үн жоқ. Қария күлімсіреп: «Әй, балаларым-ай!» – деп, басын шайқап қояды.

– Аяғым ісіп кетті, жетім бұрышқа енді бармай-ақ қояйықшы. Өкшем ойылып қалды-ау деймін, удай ашып тұрғаны.

– Келістік, – дедім. Аузымнан осы сөз қалай шыққанын да сезбей қалдым. Артынша елден қай жеріміз артық, өзіміз сияқты қазақтар екен ғой осында пәтер жалдап жүрген, – деп қоям күбірлеп. Өзімді-өзім жұбатқан түрім.

– Мына үйде бір нәрсе жетіспейді, – деді келіншегім, аналар кеткесін сылқ-сылқ күліп. – Бір нәрсе жоқ.

– Бір нәрсе?! Бір нәрсе ғана емес, бұл үйде ештеңе жоқ.

– Бір нәрсе ғана жоқ.

– Телевизор ма?

– Жоқ.

– Айна...

– Қойшы, айна біздің не теңіміз? Өзің соқырмысың. Көзіңді ашып қарасайшы.

– Өзің айтшы ал.

Кенет жарық сөнді де, үйдің іші қараңғылыққа шома қалды.

– Әй, жарыққа не болды? – деп, едәуір сасқалақтап қалдым.

– Мен өшірдім, – дейді келіншегім сыңғырлап.

– Жындымысың, жақ шырақты.

– Не нәрсе жоқ екенін тапсаң, жағам.

– Бәрі жоқ бұл үйде. Ештеңе жоқ.

– Өдейі істеп тұрсың ба, әлде, соған да миың жетпей тұр ма?

– Бала қорқады, жарықты жағындар, – деген еркек дауысы шықты қыртыс қабырғаның ар жағынан.

– Терезе жоқ, – деген әйел дауысы шықты қыртыс қабырғаның арғы жағынан. Шырақ жарқ етіп жана қалды.

- Терезе жоқ дейді?
- Иә, терезе жоқ, – деді келіншегім.
- Терезе жоқ, – деп, қарқылдап күлді ер мен әйел.
- Терезесі жоқ үй де болады екен-ау, ө?!

Қырсықтың көкесін жатарда көрдік, екі адам еркін айнала алмайтын қуықтай бөлме, ермек етерлік дөңеңе жоқ. Жалғыз шырақты жағып-сөндіру құқы бізден бұрын келгендіктен, көршімізде болды. Сол себепті жарықты сөндіруге бата алмадық. Ерте ұйықтайын десек, біреу-міреу қыртыстың саңлауларынан сығалап тұрған секілденді де, киімімізді шешуден арландық. Астымызға бірдеңе салып, бүктетіліп жата кетуге еден тым лас екен. Оның үстіне егеуқұйрық талап кететін түрі бар. Амалсыз бір төсекке қырымызбен қысылысып жаттық. Мен келіншегіме суық тиіп қалмасын деп, түпкірге жаттым. Келіншегім әле-сәле қозғалып қояды. Тар төсекке сыймай жатқанын сезіп, өзім шет жаққа алмастым.

Ұйқы келер емес, жалмауыздың жалғыз көзіндегі жарқыраған шырағы құрғыр көзімді талдырып жіберді. Көршінің жас нәрестесі жағы талмайтын жылауықтың өзі екен. Қарсы бөлмеде жатқан ақсақал күрк-күрк жөтеледі...

Бөлмелер бөлек-бөлек болғанымен, ауасы ортақ екен. Терезенің пайдасын енді білдім. Мүңкіген иіс кеңсірігімді ашытып барады. ...Сөйтіп жатып ұйықтап кетіпін...

Қай мезгіл екенін білмеймін, ойна қалсам, терге малшынып жатыр екем. Қайда жатқаным есіме түсіп, көңілім ортайып қалды. Уақыт өткізу үшін тамақтан кейін мұрнымыз терши отырып, екі шәугім шай ішкен едік, сол қысып барады. Еріксіз далаға шығуға тура келді. Сипалап жүріп, жарықтың түймесін өрең тауып, жасқана жақтым. Бір бұрышқа маңдайымды, бір бұрышқа тіземді соғып жүріп, бұлың-бұлың дәлізбен далаға өрең шықтым. «Уф!», – деп, кең тыныстап, рақаттанып қалдым. Дәретхананы үйден едәуір алысқа салыпты. Солай аттай беріп едім, тайыншадай екі төбет тұра атылды. «Өлген жерім осы ма?» – деп ойлап үлгергенім жоқ, тілеуіңді бергір ұйғыр қатын, ол екеуін білектей шынжырмен мықтап байлаған екен. Төбеттердің күркіреген дауысына арқаланып, малақайдай-малақайдай бес-алты қанден қосыла шәуілдеді. Солардан қашқан беті жан дәрменім қалмай, дәретханаға бір-ақ сүңгідім. Қайтарда да иттен қашқан мысықтың күйін кешіп жүріп, үйге өрең жеттім. Қандендерден оншалық қорықпадым, ит үрсе, есім шығатын әдетім бар еді, әсіресе, шәуілдеген дауыстан қатты мазасыздандым.

Тәтті ұйқы құшағында жатқан жерімнен келіншегім қатты жұлқып оятып жіберді, үйдің іші тастай қараңғы.

- Тұр деймін түс болды, тұр тез, – деп, есімді шығарды.
- Сонша ерте оятатын, не күн туды басыңа?
- Ертесі несі, түс болды.
- Онда шырақты жақсаңшы.
- Тоқ жоқ, күндіз өшіріп тастайды екен.

Басымды жастықтан жұлып ала сала, далаға жүгіре шықсам, Күн дәл төбеге таяп қапты.

Кешке пәтерімізге өте жақын бір досым келді. Бұл біз бас құрап, үй болғалы келген тұңғыш қонақ еді. Сол себепті бір жағынан, қуансақ, бір жағынан, қатты қысылдық. Сыртқа шай қайнатқалы шыққан келіншегімнің қасына барып едім, қайнап тұрған еттің көбігін сүзіп жатыр екен.

- Етті қайдан алдың? – дедім таңданып.
- Көрші әйелден қарызға сұрап алдым.
- Ұят-ай!

– Ұялмай-ақ қой, бірер күннен соң, ауылдан ағам келеді, телефонмен сөйлестім, ет әкелетінін айтты.

Досым: «Екі адамның арасына есі кеткен түседі» деп, қоярда-қоймай, шабаданның үстіне жайғасты. Келіншегім екеуміз төсекке отырдық. Дастарқанның үсті едәуір жайнап кеткен екен. Мен келіншегімнің мұндай тағамдарды қайда сақтап, қайдан әкеле қойғанына таңмын. Табақ толы етті жағалап, енді ауыз тие бергенде, қыртыс есікті біреу жұлқып ашты. Қожайын әйел екен. Ашулы, дүрсе қоя берді.

- Мынау кім? – Қатар атып тұрыстық.
- Досым еді, тәте.

– Сендер жас отаумыз, басқа ешкіміміз жоқ деген едіңдер, енді үшеу болып алыпсындар. Мен сендерді білем, көбейіп аласындар. Үйді қоқсытып жіберіпсіңдер...

– Қашан шектім мен, темекі шекпеймін, – демекші болып едім, досым білегімнен тартып қалып, үндеме деген сыңай танытты.

– Сізге тамақтан кейін барып түсіндірейін деп отырғам, ақшасын берем ғой.

– Қадірлеріңді кетіргенше, сөйтпейсіңдер ме баяғыда! – есікті тарс еткізіп жапты да, бұлқан-талқан болып шығып кетті.

Досымнан ұялып, кірерге тесік таппай тұрмын. Келіншегім сыр білдірмегенсіп, жымиып күліп қояды. Досым иығымнан қағып жұбатқандай болды. Қожайынға ақша апарған кезде, бір кеңдеу ескі темір төсек берді. Досымды соған жатқыздым. Торы салбырап, құйрығы жерге тиді.

«Үш күннен кейін адам көрге де үйренеді», біз де қараңғы пәтерге үйірлесе бастадық. Таңертең тастай қараңғы пәтерде шалбарымның қайда тұр-

ғанын, жейдемді қайда ілгенімді, аяқ киімімнің қай жерде жатқанын ойланбай-ақ, табатын болдым. Тіпті, шалқалап жатқан беті қиналмай, қол созсам болды, қуықтай пәтердің қай жерінде болса да, іздеген дүниемді оңай бас салам.

Бұл күндері ел ауылдан туысым келетін болды деп, қуанса, мен туысым келетін болды деп, қорқатын болдым. Өуел десеңіз, дәл мынандай кезде әкем мен шешемнің келуін де қаламайтын едім. Бұл менің жалғыз қорқынышым. Қайнағам келсе қайттім, ойбай, ұят болды-ау! Қайсы төсекке жатқызам деп, сары уайымға салындым. Телефонмен сөйлескенде, «Адресін айтқан соң, өзім тауып барамын» деген еді. Бір күні кеште ойламаған жерден жаңбырлатып жетіп келмесі бар ма, лашығымызды көріп, шошып кетті. Есіктен төрге дейін көзі шарасынан шыға жаздап, үрейлене көз жүгіртті. Шай ішіп отырмыз, шабаданның мен қозғалған кездегі қаудырлаған дыбысынан басқа тырс еткен дыбыс шықпайды, ешкімде үн жоқ.

– Шай ішіңіз, аға, – деймін қайнағама жалпақтап, іштей шайді аз іпсе екен деп тілеймін, түзге шығу бұл үйде қиямет екенін қайнағам байғұс қайдан білсін! Ештеңе ойламастан сораптап отыр. Бір кезде үйдің төбесінен тамшы тама бастады. Отқа қақтаса да, тер шықпайтын тандырдай денемді суық тер басты. Себепсіз ыржақтай бердім, ауылдың әңгімесін сұраған болып сөзге тарттым, жарытып ештеңе айтпайды. Өдетте, ауыз-аузына жұқпайтын шешеннің нақ өзі еді, енді ұртына су толтырып алғандай-ақ үнсіз отыр. Тамшының тамғанын пайдаланып, терлеп, жыбырлатып әкетіп бара жатқан желкемнің терін әкесін танытып отырып сүртіп тастадым. «Қайыршыға жел қарсы» деп, енді дастарқанға тамшы тама бастады, тамған сайын жүрегіме біреу ине пісіп-пісіп алғандай күй кештім. «Қайнағамның ыдысына тамшы тамыза көрме» деп, Алладан іштей тілей бергенім сол-ақ екен, кесенің дәл қасына тамшысы түскірдің тамып-ақ кеткені. «Тамыза көрме» деп, іштей бәйек боп мен отырмын. Өне бір тамшы ернеуін сүріп те өтті. Өне тамып та кетті қайнағамның шыныдағы шайына. Маңдайымнан сұп-суық тер бұрқ ете қалды. «Тер ыстық болушы еді, осындай да суық тер болады екен-ау!» деп таңғаламын. «Басқа шыныға құяйық» деп, қайнағамның шынысына қолымды соза беріп едім, ол: «Керегі жоқ», – деп, шайды сылқ еткізіп іше салды. Ашуланғаны ма, жоқ, бізді ұялтпау үшін солай істеді ме, ол жағын білмедім. Енді қайнағама қарайтын менде бет жоқ.

– Бұрын тамшы тамбаушы еді, не болды екен, ө? – деп, ұялғаннан төбеге қарап едім, келіншегім:

– Біз келгелі жаңбыр бірінші рет жауды ғой, – деп, түйеден түскендей дүңк еткізді. Бетіне жалт қарадым. Қысылғанда менің сөзімді сөйлемегені қалай, дауысында діріл бар. Жүзі бұлт бүркеген күндей күреңіте қалыпты. Көзінің үсті домбығып, ұзын кірпіктерінің ұшынан мөлдір тамшы ыршығалы тұр.

– Өнеукүні жауған секілді еді ғой, – дедім мыңқылдап. Жауап болмады. Бұрын шыны көрмеген адамдай шыныны қолыма алып, сипалап, үңіле бердім. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алып», сол сөт дастарқанның екі шетінен екі тарақан пайда болды да, қарама-қарсы жорғалай жөнелді. Келіншегім шөгіп барады. Тарақан, құдды, соғыс майданына жекпе-жекке шыққан хас батырдай екпіндеп келді де, бір-біріне тұмсық түйістірді. Бір-біріне айбар шекті... Қайнағам теріс қарады. Өйелім бетін басты. Мен күйіп-жанып бара жаттым. Тамағым кеберси берді, құрт малтап отыр едім, сол құрт өңешіме тығылып қалғандай, сөйлесем, дыбысым шықпайтындай сезілді.

Мен қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, өмірімде тап болмаған тылсым бір бақытсыздық күй кешудемін. Қайнағам тұнжырап, келіншегім жылап отыр, оған жаным ашыды. Ай мен күндей жарқыраған сұлу келіншек, ешкімнің қолы жетпеген, менің ғана қолым жеткен сұлу келіншек, үріп ауызға салардай аппақ сұлу келіншек көз алдымда жылап отыр. Мен оны жылату үшін алып па едім?! Оның көз жасы менің жүрегіме, жүрегімнің ішіндегі өзекке тамшылап жатқандай.

Келіншегім тамақ жасауға сыртқа беттеді. Үйдің іші үй емес, төбесі түсіп құлазыған ескі моладай қаңырады. Жалғыздың күйін кешіп, мен қалдым. Қайнағамның бетіне қарауға дәтім шыдамады. Келіншегім бейне бір алыс сапарға кеткендей сағындым да қалдым. Бір сылтау тауып, мен де сыртқа атылдым. Қазан-аяқ жақта әбігерленіп жатқан келіншегімнің қасына бардым. Жылап тұр екен. Ту сыртынан қапсыра күшақтай алдым, жақтыртпаған адамдай бұлқынды. Мен де жылап жіберіппін, көз жасым желкесіне тамып жатты. Келіншегім қарсылық көрсетпеді. Мұрнын пысып тартып, ыдысын жуып жылап тұр.

– Ана қатынға бар. Тез, пәле салады, – деді өксіп.

– Үйінде жоқ, – дедім мен де өксік аралас.

– Жаңа келді.

Тұра жүгірдім, қараңғыда біреу өте шыққандай болып еді, қожайын өйел екен. Қайқаңдап ұшып барады. Біздің есікке таяп қалыпты.

(Жалғасы бар)



Әле-сәле (*жергілікті сөз*) – ауық-ауық.

Құрт малтау – құртты жеп қоймай, ауызға салып ұстау.

Сүрепет – сұрқы, ұсқыны.

Әдебиет теориясы

Ирония (*грек. eironia – келемеж, кекесін*) – адамға, зат пен құбылысқа сырттай жақсы берсе де, ішкі мағынасы қарсы келіп, келекеге айналдыратын құбылту (троп).

Қазақ ауыз әдебиетінде ирония көп. Мәселен, Біржанмен сайтысқан кезде Сара Жиенқұлды «Мақтайды». Бұл «мақтау» шын көңілден шыққан мақтау емес екенін түсінікті.

Абай Құнанбайұлының «Болыс болдым, мінеки», «Қайтсем жеңіл болады жұрт билемек», т.б. шығармаларында ирония ерекше.

Постмодернизм (*ағылшын – postmodernism*) – алғашқыда сәулет өнерінің аясында қолданылған. Бұл атаудың тура мағынасы «модернен кейінгі», яғни «осы заманнан кейінгі», «соңғы», «жаңа заман» дегенді білдіреді. Қазақ тіліндегі баламасы өзірше тұрақтанған жоқ.

Постмодернизм әр салада да орын алады, өйткені жаңаша ойлар ұсыну әр саладағы өнер иелерінің шығармашылығында бар. Ол тың бетбұрыстар енгізу талабымен жасалады және оған қоғамның дамуы да әсер етеді.

Сарказм (*грек. sarkasmos – ащы мысқыл*) – күлкі етудің бір түрі. Иронияда зілсіз, көбіне іш тарта әжуалау болса, сарказмда ол ашық түрде шарықтау шегіне жетіп, қатты әшкерелеуге ауысады.

Сарказм сатиралық шығармалардың бәріне дерлік тән. Жалпы, сатира тамыры ежелгі дәуірдегі әдебиеттен басталады. Өйткені қоғамда жағымсыз қылықтар кейде ирония, кейде сарказм түрінде әшкереленіп отырады. Мысалы, Қожанасыр туралы өңгімелерде ирония, ал Алдар көсе туралы өңгімелерде сарказм ерекше көрінеді.

Ақындар айтысында да сарказм ерекше қолданылады. Өйткені қарсыласты жеңу шарт. Жазба әдебиетте Абай Құнанбайұлының сарказмдары да ерекше.

Ирония да, сарказм жеке жанрға жатпайды.



1. Қазіргі қазақ әдебиетінде есімдері белгілі ақын-жазушылардан кімдерді білесіңдер?
2. Ерболат Әбікенұлының есімін, шығармалары туралы естіп пе едіңдер?



1. Қазіргі заман шындығын көркем әдебиетте жазудың артықшылығы бар ма? Ол қажет пе?



1. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім



1. Шығарманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

2. Авторлық идеяның тарихи шындықпен байланысын анықтаңдар.
3. Әңгімеден автор бейнесі таныла ма? Оны қалай байқауға болады?



1. Шығармадағы көркемдік құралдардың қызметі қалай көрінеді? Мақалдар қандай мақсатта қолданылған?
2. Автордың өз басынан өткен жағдай екені қалай білінеді?



1. «Пәтер іздеп жүр едік» өңгімесіндегі мақалдардың қолданысы шығарманың тіліне қалай ықпал еткен? Осы тақырыпта әдеби сын жазыңдар.



Оқу сауаттылығы

1. Келіншегім шөгіп барады.

Сұрақ: Адамның шөгуі мүмкін бе? Бұл сөз нені білдіреді? Қандай қызмет атқарып тұр?

- a) мүмкін емес
- b) шөлдеу; сипаттау
- c) аласару, кішірею; метафора

2. – Тәте, – дедім. Даусым жарықшақтанып шықты.

Сұрақ: «Жарықшақтану» деген сөз нені білдіреді?

- a) даусы ашық, жарқылдап сөйлеу
- b) даусы көмескі шығу
- c) Ауырып қалғанды білдіреді

3. – Кетсек, кеттік, қазір-ақ кетеміз, ит байласа тұрғысыз қу молаңнан.

- a) алыс
- b) адам тұруға келмейтін, жағдайсыз
- c) қараңғы жер



Оқушы күнделігі

Пәтер жалдап жүрген таныстарың бар ма, жазушы шындықты қалай жеткізген? Осы туралы жазыңдар.



Фалаитор

Қазақтың көрнекті ақыны Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» әнін тауып, тыңдаңдар.

II бөлім бойынша
ТЕСТ

1. «Өмірзая» романында Ермак туралы кім айтқан?
 - A) Алдияр Ақпанұлы
 - B) Алмас
 - C) Аяған Қуатұлы
 - D) Геркулес
 - E) Араб

2. «Өмірзая» романында Әсем кімнің келіншегі деп айтылған?
 - A) Алдияр Ақпанұлының
 - B) Аяған Қуатовтың
 - C) Ерік Қандауырұлының
 - D) Алмастың
 - E) Арабтың

3. *«–Көсегең көгерсін, шырағым! – деп, қалбалақтап орнынан тұрып, жігіттің қолын қысты. Осы кезде көзі қабырғада ілулі тұрған Қонаевтың үлкен портретіне түсті. Түсі сондай жылы, бұған күле қарап тұрған сияқты. Осы кезде шалдың ойына ... жазып берген арыз оралды...».*
Көп нүктенің орнына тиісті кейіпкердің есімін табыңдар.
 - A) Алдияр
 - B) Аяған
 - C) Қуат
 - D) Әсем
 - E) Мұса

4. *«–Тұрмеден аман-есен шығуыңа ... деген қол ұшын берді-ау, сірә, – деді әке. Аяған оған жалт қарады».*
Көп нүктенің орнына тиісті кейіпкердің есімін табыңдар.
 - A) Алмас
 - B) Қуандық Сәруаров
 - C) Мұса
 - D) Алдияр Ақпанұлы
 - E) Брежнев

5. Ерболат Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» өңгімесі қай жылы, қай жинақта жарық көрген?
- A) 1980, «Министр»
 - B) 2014, «Министр»
 - C) 2015, «Желтоқсан ызғары»
 - D) 1994, «Алтын бұтақ»
 - E) 2012, «Бірінші байлық»
6. «Өмірзая» романында Брежневтің аты аталады, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі болған кезде КСРО билігі қолында болған ба?
- A) Иә
 - B) Мүмкін емес сияқты, анық білмеймін
 - C) Мүмкін, бірақ нақты жауап жоқ
 - D) Брежнев 1986 жылы болған
 - E) Брежнев 1982 жылы қайтыс болған, Желтоқсан көтерілісі кезінде болған жоқ
7. Ирония мен сарказмның айырмасын анықтаңдар.
- A) Иронияда өшкерелеу қатты, ашық өрі қатаң түрде, ал сарказм зілсіз болады.
 - B) Иронияда қиял-ғажайып қолданылады, ал сарказмда шындық бар.
 - C) Ирония мен сарказм бір нәрсе, айырмасы жоқ.
 - D) Ирония зілсіз, іш тарта өжуалайды, ал сарказм ашық түрде және қатты өшкерелейді.
 - E) Ирония мысқылдау, сарказм қағыту арқылы жасалады.
8. Алдар көсе туралы өңгімелерде қайсысы басым, ирония ма, өлде сарказм ба?
- A) Алдар көсе туралы өңгімелердің жанры басқа
 - B) Ирония
 - C) Сарказм
 - D) Ертегі жанры
 - E) Аңыз
9. Сарказм дегеннің қазақша атауы қалай? Ол жеке жанрға жата ма?
- A) Шендестіру. Жеке жанр емес
 - B) Мысқыл, жеке жанр
 - C) Мысқыл, жеке жанр емес

- D) Ұлғайту, жеке жанр емес
- E) Өжуа, жеке жанр

10. Баққожа Мұқайдың «Жалғыз жолаушы» шығармасындағы кейіпкердің прототипі кім?

- A) Мұса Байларов
- B) Мергенбай банды
- C) Жазушының өзі
- D) Алдияр Ақпанұлы
- E) Аяған Қуатұлы

III бөлім

ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ

Ғасырлық туынды деген сөз қолданысы шартты түрде алынған, өйтпесе «Абай жолы» роман-эпопеясы – мәңгілік әдеби мұра. Қазақ бар кезде ол қасиетті төрімізден түспейді. Өйткені «Абай жолы» өз оқырманын тапқан. Ал ғасырлық деген қолданыс астарлы оймен жазылған, оны мәңгілік ету біздің парызымыз екенін ұғынамыз.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ
(1897–1961)



Назар аудар!

7-сыныпта Мұхтар Әуезовтің өмірімен танысып, «Көксерек» повесін оқығандарыңды еске түсіріңдер.

Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі, дүниежүзі әдебиетіндегі алып тұлға. Ол Қазақстан Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы және тағы да басқа көптеген халықаралық марапаттарыдың иегері.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Қасқабұлақ мекенінде дүниеге келген. Бүгінде бұл жер Абай ауданында.

Атақты жазушы 1961 жылы 27 маусымда ауыр науқастан Мәскеу қаласындағы ауруханада өмірден өтті.

Мұхтар Әуезов алғашқы білімін 1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде алып, кейін білімін орыс мектебінің дайындық курсында, Семей қалалық бес кластық орыс қазына училищесінде, қалалық мұғалімдер семинария-



сында жалғастырған. Ал 1919 жылы 4 желтоқсанда Семейде большевиктер билігі орнап, М.Өуезов Семей губерниялық ревкомының жанынан ашылған қазақ бөлімінің меңгерушісі және «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы қызметтерін атқарды.

Сосын Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) мемлекеттік университетінде тіл-әдебиет бөлімінде 1923–1928 жылдары оқыған. Тек арасында, яғни 1924–1925 жылдары Семейге келіп, мұғалімдер техникумында оқытушы болған және Семей губерниялық комитетінің органы – «Таң» журналының редакторы қызметін атқарған.

1928 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде Шығыс факультетінің аспирантурасына қабылданған және сонда Қазақ ағарту институтында сабақ берген.

Жазушының тағдырында үлкен белес бар, ол Алаш қайраткерлерімен жақын араласқан, идеялас болған. Сол үшін М.Өуезов 1930 жылы 16 қыркүйекте қамауға алынып, түрменің азабын көрді. 1932 жылы сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шыққан, бірақ маусым айында түрмеден босатылды. Оның босатылуына кешірім сұрап жазған хаттың ықпалы болды. Аға буын алашшыл тұлғалар қазақтың болашағы үшін жас Өуезовтің сақталуы керек екенін ойлап, осы қадамды жасауына ақыл-кеңес берген.

1943 жылдың қыркүйек айынан бастап Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры болып орналасып, өмірінің соңына дейін осында ұстаздық етті. Бүгінде Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Мұхтар Өуезов атындағы аудитория бар. Жалпы, елімізде оның есімімен аталатын көрнекті орындар көп.

Ғылыми мұрасы. Мұхтар Өуезов қай жанрда жазса да, әуелі жан-жақты зерттеп, сосын жарыққа шығарған. Бұдан басқа М.Өуезовтің таза ғылыми зерттеулері – өз алдына бір сала. Оның «Әдебиет тарихы» 1927 жылы Қызылорда қаласында жарыққа шықты. Бұл еңбегінде ғалым М.Өуезов қазақ әдебиетінің тарихын тереңнен бастап, ғылыми түрде жанрларға жіктеген. Қазақтың жан дүниесі сақталған рухани мұраларын зерделі оймен талдаған. Ұлт тарихында «зар заман» атанған дәуір бар, сол зар заманның өкілдерін Асан қайғыдан бастап, Бұқар жырау, Махамбет Өтемісұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы – бәрін жазған. Бұл кітап жарық көрсе де, кеңес билігінің цензурасынан талабымен түгелге жуық жойылған. Ол еңбегі 20 томдық шығармалар жинағының 16-томына қырқылған күйде ғана жетті. Өйткені қазақтың мұңын мұңдаған ақын-жыраулардың тол-

ғауларында қазақтың елдік рухы, тәуелсіздікті армандауы, ұлттық құндылықтарды жоғалтпау туралы шығармалары таныстырылып, талданған. «Әдебиет тарихының» толық нұсқасы тек 1991 жылы жеке өрі толық еңбек күйінде жарық көрді.

Шығармалары. Прозасы. Қазақ прозасы, негізінде, ХХ ғасырдың 20-жылдары дамып, қалыптасты. Өрине, 1910 жылы жарық көрген Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы» – алғашқы роман, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу», Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» (1913) романдары Қазан төңкерісіне дейін жазылған, ал осыдан кейінгі прозалық шығармалардың кең ауқымға көтерілуіне Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезовтің қосқан үлесі, еңбектері ерекше.

Өткен ғасырдың 20-жылдары М.Әуезовтің «Қарап-Қарап» (1926), «Қорғансыздың күні» (1927), «Қилы заман» (1928) повестері жарық көрген. Бұдан басқа «Қыр суреттері», «Жетім», «Кім кінәлі», т.б. әңгімелері бар.

«Қилы заман» 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының деректері бойынша жазылды. Кеңес кезіндегі коммунистік идеология бұл шығарманы орысқа қарсы жазылған шығарма деп, оқуға тыйым салды. Жазушының өзі көзі тірісінде оның қайта басылып, халқымен қауышқанын көре алмай кетті. Ал, шындығында, «Қилы заман» патшалық отаршыл саясаттың кесірінен қазақтардың жан-жаққа тарап (Қытайға көшуіне), сол жолда көрген азапты суреттеген еді.

Ал «Қарап-Қарап» оқиғасы бойынша, Бақтығұл күнкөріс үшін ұрлық жасап, кейін Жарасбай болыстың барымташысы болып жүріп, еркін өмірді аңсайды. Ол Жарасбайға байланып қалғанын кеш түсініп, ақыры, оны өлтіріп тастайды. Оның бұл әрекетінде әділетсіздікке қарсы күрес, намысқойлық, жігер жатыр. Ол түрмеге түскен кезде қасына баласы Сейітті алып, оны білім жолына бағыттайтыны айтылған.

Повестің басты кейіпкері – Бақтығұл, ал оның прототипі – Тұрар Рысқұловтың әкесі Рысқұл Жылқайдаров. Ол, шынында да, болысты өлтіргені үшін 1905 жылы он жылға сотталған, осылайша қазақ жерінде жергілікті халық көрген әділетсіздіктер көркем шығармаларға арқау болған. Жалпы, тарихи шындықты жаза отырып, жазушы ХХ ғасырдың 20-жылдарында «Қарап-Қарап» кейіпкері Бақтығұл, «Қилы замандағы» Ұзақ, Жәмеңке, Серікбай, Әубәкір бейнелері арқылы қазақ прозасында прогрессивті бейнелерді қосумен де әдебиетті дамытты.

Драмалық шығармалары. Жазушының отыздан аса драмалық шығармасы бар. Ең алғашқы трагедиялық шығармасы – «Еңлік – Кебек». Пьесаның алғашқы нұсқасын 1917 жылдың жазында Шыңғыс тауының

бөктеріндегі Ойқұдық жайлауында жастар қойған. Еңлік, Таңшолпан, Қалампыр рөлдерінде жігіттер ойнаған. Бұл тұңғыш спектакльді сахналау үшін екі киіз үй тігілген. Бір киіз үй сахнаның қызметін атқарса, екінші киіз үй – көрермендер залы. Сахналық бұл ойында атордың өзі жүргізген. Ал екінші рет сахналағанда, пьеса өңделіп, Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытовтың бірлескен сәтті еңбегі болып шыққан. Бұл жолы, яғни екінші рет сахналануы 1922 жылы Жүсіпбек Аймауытовтың режиссерлік қызметімен жүзеге асқан. Бұдан кейін Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек» пьесасы 1933, 1944, 1958 жылдары және бұдан кейін де қазақ сахналарында көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Мұхтар Әуезов пьесаларының арасында 1916 жылғы оқиғаға арналған «Түнгі сарын» драмасы да бар. Сондықтан Мұхтар Әуезов шығармаларының құндылығы еш уақытта маңызын жоймайды. Өйткені оның шығармаларында қазақ халқының тарихы, тағдыры, әділетсіздікке қарсы күрес маңызды – әдебиет эстетикасына сай өміршең.

«Хан Кене» трагедиясы – прологы бар, бес пердеден, қырық жеті көріністен тұратын пьеса. Мұнда қазақтың Кенесары ханның соңғы кезеңі бейнеленген, яғни қазақтың үлкен арманы бар, ұрпаққа айтар аманаты бар. Пьеса ХХ ғасырдағы 20-жылдардың соңына қарай жазылған, көп қиындықпен 1934 жылы сахнаға қойылды. Алайда сол бойда тыйым салынды. Содан тек 1981 жылы қайта жарық көрді.

«Абай» жолы» роман-эпопеясы туралы. «Абай жолы» кітабымен алғаш танысқан үлкен жазушылар, қоғам қайраткерлері бірден жоғары баға берді. Мәселен, француз жазушысы Луи Арагон: «ХХ ғасырдағы ең ұлы шығармаларының бірі» десе, неміс әдебиетшісі Альфред Курелла: «Сіз «Абайды» оқыған жоқпысыз? Онда сіз ештеңе де оқымағансыз. Бұл – ақыл жетпестей ғажап дүние!» – деген.

«Абай жолы» эпопеясының өзі ғана орыс тілінде отыз рет жарық көрді. Мұнан басқа да көптеген шет тілдерге аударылды.

М.Әуезов Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы үлкен көркем туынды жазуды 1937 жылдан бастаған. Әрине, бұл еңбекті жазудан бұрын ол алдын ала көп зерттеулер жасаған. Алғашында, яғни 1918 жылы «Абай», «Таң» журналдарында Абайдың өлеңдерін, нақты айтқанда, «Абайдың Әбдірахман деген баласы өлгенде, жоқтап айтқан өлеңдері», «Абайдың кейбір өсиет сөздерін» жариялатқан.

ХХ ғасырдың отызыншы жылдары Абай Құнанбайұлына деген көзқарас дұрыс болмай, әртүрлі сөздер айтылып жатқан кезде, М.Әуезов қаймықпай, «Абай» трагедиясы арқылы жеткізді. Бұл туындысында Абайды

білімге, мәдениетке ұмтылған прогрестік бағыттағы тұлға ретінде суреттеп, лайықты бағалады.

Ал «Абай» романының 1-кітабы 1942 жылы, ал 2-кітабы 1947 жылы жарық көрді. Осы еңбегі үшін жазушыға 1949 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Кейін бұл еңбегі толықтырылып, төрт кітаптан тұратын «Абай жолы» роман-эпопея деңгейіне жеткенде, жазушыға 1959 жылы Лениндік сыйлық ұсынылды. Бүгінде бұл роман-эпопея әлемнің 116 тіліне аударылды.

Көркемдік уақыт «Абай жолы» үшін кең ауқымда көрінеді. Көркемдік уақыт термин ретінде әдебиетте шығармадағы уақыттың суреттелуі, назарға алынатын уақыт, оның қабылдануындағы өзгеше ерекшеліктерді түсіну үшін енгізілген. «Абай жолы» эпопеясында жарты ғасырға жуық уақыт суреттелген. Оқырман Абаймен ең ағаш кездескенде, ол небәрі 13 жаста, ал тұтас роман аяқталған кезде, ол 60 жасқа таяп қалған, яғни дүниеден өткенге дейінгі тұтас бір ғұмырды көз алдымызға өкеледі. Бұл тек сырттай алғанда, осынша ғана сияқты, ал романды оқи отырып, өткен замандары көркем суреттеулерді, аңыз-жырларға арқау болған кезеңдерді есепке алғанда, көркемдік уақыт ауқымды бола түседі. Осындай кеңдік, әрине, роман-эпопея үшін лайықты және жазушы оны қамти білген.

Кейіпкерлер жүйесі. «Абай жолындағы» кейіпкерлерді екі топқа: Абайдың өзінен бастап, мұндағы Өбіш, Мағаш, Оспан, Базаралы, Тоғжан, Өйгерім, Құнанбай, Өзімбай, Төкежан, Оразбай, Бөжей, Жиренше, Майбасар – сол дәуірде өмір сүрген тарихи адамдар. Ал кейбірі кейіпкер ретінде жазушының еркі бойынша, типтік жиынтық бейне ретінде енгізілген. Кейіпкерлер жүйесін жасағанда, жазушының шығармашылық зертханасы да сыр шертеді. Өйткені романдағы Дәрмен, Дәркембай, Иса, Иіс, Сейіт, Салтанат оқиғаны дамыту үшін ойдан қосқан кейіпкерлер. Бұл кейіпкерлер шығарманың тартымдылығын арттыру мақсатында ғана емес, сонымен бірге жазушының қиялынан туған әрекеттер мен қақтығыстарды енгізу үшін, қазақ қоғамында орын алған жағдайлардың күрделі болғанын жеткізу мақсатында қолданған.

Романның эпилогінде: «Алда – өмір, тартыс. Сол тартыста бұл – жалғыз. Шынға келсе, жапа-жалғыз. Рас, оның бір қуаты, бір үміті екені рас. Қуаты – ақындық, үміті – халық. Бірақ бірі оянбаған күш болса, бірі табылмай, ұғылмай кетер ме! Жете ме сабыр, жетер ме қайрат?! Жалғыздықтан жасымас қайрат жетер ме!» деп жазылған.

М.Өуезовтің төрт кітап болып шыққан «Абай жолы» роман-эпопеясы композициясы да, стилі де бір-бірін қайталамайды. Бірінші кітаптан жас

Абайдың ел тіршілігіне араласа бастауын, жастық шақтың романтикасын көреміз. Екінші кітапта Абай ойшылдыққа ауыса бастаған, ақындыққа бет бұрған кезін көреміз. Ел арасындағы дау-тартыстарға араласа бастаған кез суреттелген. Үшінші кітапта өз табынан алшақтап, кедейлердің жағына белсене шыққан, өз ағайындарымен, зорлықшылармен аяусыз күрескен азамат Абайды көреміз. Ал төртінші кітапта Абайдың күрескерлігі ауыл арасындағы ауқымнан шығып, қаладағы пенділермен, патша адамдарына ашық шыққан қайраткер тұлғасында танимыз. Бұл кезең-кезеңге бөлінген даму романның стиліне де айтарлықтай өзгеріс әкелетіні түсінікті. Дау-тартыстарға араласу көп болған себепті үгіт-насихат, шешендік жиі орын алған.

«Абай жолының» абыройлы болуының бір себебі – орыс әдебиетін толық білгенімен ғана байланысты деуге болмайды, жазушы, ең алдымен, туған халқының мұрасын жақсы білген, елдің тарихын, тұрмыс-тіршілігін ерекше сыйлай білген. Қазақтың тұңғыш академигі Қаныш Сәтбаев: «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірі мен тұрмысын жан-жақты қамтитын нағыз энциклопедия» деп бағалауы шындық.

«Абай жолы» роман-эпопеясының ұлттық және әлемдік құндылығы. Роман-эпопеяның құндылығы жоғары. Ол – қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өмірі мен ақындық, азаматтық тұлғасын танытумен шектелмейді, оған қоса XIX ғасырдағы қазақ қоғамының тарихи жағдайын ұлттық салт-дәстүр, менталитет, өз ортасы және патшалық отаршыл саясаттың әділетсіздігін шынайы суреттеуімен, қазақ халқының адал перзенттері бар екені, олардың намысқойлығы, қайраткерлігі ешбір халықтан кем еместігін көркем ойлармен суреттеулерімен бағалы.

Шығармадағы кейіпкерлер арқылы қоғамдағы шындықтар ашылған. Сондай-ақ қазақ халқының рухани мұрасы жан-жақты қамтылған, фольклорлық жанрлар, салт-дәстүрлердің мейлінше кең ауқымда қамтылуы шыындының құндылығын өміршең етеді. Ол құндылықтарды сала-сала бойынша байқауға болады.

Бірінші кітап

(Роман-эпопея. Басы. БІқшамдалған)

Қайтқанда

Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды.

Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпаста өзі оятып, тұрғызып еді.

Күнұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған... Арттағылар – Байтас пен жорға Жұмабай:

– Мына баланың ауылға асығуын-ай!

– Сорлы бала қыстай іш құса болып қалған-ау, – деседі. Бала шәкірт ұзап кеткенде, бұлар да еріксіз желе шоқырақтап шауып отырып, қуып жетеді... Тақырбұлақ тұсына келгенде, Байтастар баланы жеке шабудан тежеп:

– Енді бізден ұзап кетпе! Анау Есембайдың жырасын білесің ғой!.. Ұры жатады... – деді...

– Олар самсаған сары қол. Бұл Есембайда ұдайы жау жатады... – деп, Жұмабай шошыта сөйлегісі келеді.

Баланың қытығына тиетіні осы жері.

– ...Ендеше бірге жүрдім не, жеке жүрдім не? Ал кеттім! – деп, соқтырта жөнелді. Бұл – Тақырбұлақтан өте бергенде, бастағаны еді...

Жұмабай әбден болмаған соң:

– Қап, мынаның баласы!.. «Мен бөрінің бөлтірігімін» деп келеді-ау! Қой, не де болса, қалмайық енді. Байтас, жүр! – деп, шаба жөнелді. Екеуі де жарыса бастады...

Бір белден асып, екінші белдің өріне қарай тоқтамай, жарысып келе жатты. Осы өрде бурыл ат есік пен төрдей алға түсе беріп еді... Сөйтіп, осы белдің ойына қарай құлай бергенде, жорға Жұмабай арт жағынан, сол иығы тұсынан тасырлатып кеп қосылған бір дүсірді есітті. Дәл Есембай биігінің тұсы. Және дәл Есембай жырасының өзі екен.

– Әй, көпір, содан қосылған жау болды-ау. Баланы алып, бізді баққан екен-ау! – деп, ақ көк атты тепкілей берді. Артына қорқақтай қарап, шала бұрылып, көз қиығын тастап көрді.

¹ Өуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2014. – 376 бет.

– Мас көзіңді, мас! – деп, өзірейілдей төніп келе жатқан бірдеме. Атында, кісісін де болжай алмады. Өдейі танытпайын деп, бет-аузын таңып алыпты. Бұл өңірдегі күндіз шабатын ұрының әдеті. Байтаста үн жоқ, өз бетімен замғап барады. Қолды болса, болатын жорға Жұмабай.

Енді не де болса, жанды қармайын деп, тақымындағы шоқпарына жабысты... Қуғыншы... жырынды жау мұның жаңағыдай сасқалаңымен пайдаланып, шоқпарды да тартып алды.

Енді ақ боз ат та бірдемеге тіреліп тоқтағандай, Жұмабай зорға дегенде, бойын түзеп ап, жаңа ғана тымағын кейін қайырып қап еді. Қараса, бұның шоқпарын тартып ап, ақ боз аттың алдынан көлденең шығып, қазір ішек-сілесі қатып, үнсіз күліп тұрған бағанағы бала шәкірт. Өзі айтқан «Құнанбайдың бөлтірігі» – Абай екен.

Баладан қорыққанына Жұмабай ұялды да, ыза болды.

– Өй, балам-ау, мына жер – жау жатағы. Бұл ұрының ойнағына кеп алып, жаман ырым бастағаның не қылғаның? – деді.

Байтас та күлген бойында қайта оралып келеді екен.

...Байтас қорықса, қорықпаса да, сыр алдырған жоқ. Сондықтан Жұмабайдың ашуын алыстан танып, мөз болып күліп келе жатып:

– Құла бестінің төбелін де жоқ қыпты, қарай гөр өзін! – деді.

Жұмабай да жаңа байқады. Бала бестінің төбелін саз балшықпен баттастырып тұрып сылап қойыпты...

Жұмабайдың қалаға бұ жолы не жұмыспен барғанын Абай дәлді білмейді. Бірақ оның Байтасқа айтқан бір сөзінде Құнанбай тапсырған бір жұмыспен барып келе жатқаны мәлім боп еді. Абайдың бұрыннан байқауынша, бұл – Құнанбайға қадірі бар кісі. Абайға ашуланып, ренжіп барса, алдымен әкесіне шағады.

Осыны еске алып кеп, Абай енді күлкіден тыйылып, жаңа қатарласқанда:

– Жол ұзақ. Ұйқыашар болсын деп ойнап ем, ғайыпқа бұйырмаңыз, Жұмеке! – деді. Енді, тіпті, сыпайы. Сызылып тұр...

Бала шәкірт ауылға асыққан... Тағы да шапқылап, қара үзіп, алыстай берді...

– ...Бұл қорлықты көргенше кел, Жұмеке, біз де аттың басын қоя берейік, – деп, Байтас бұрыл атты ағыза жөнелді. Жұмабай да еріксіз шапты.

Аздан соң Абай бұларды тосып алып, енді үшеуі бірдей ұзақ-ұзақ жарысуға айналды.

Қорықтан шыққалы таңертеңнен бері бөгелместен тартқан үш салт атты, аттарын қан сорпа қылған қалпында, кешкі екінді кезінде Көлқай-

нардағы Құнанбай аулына, Абайдың өз шешесі Ұлжанның отырған аулына кеп жетіп еді.

...Жүргіншілер бұлақтың дәл қасына ең жақын қонған ауылға келе жатыр. Ортасында бес үлкен ақ үйлер бар, көп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың ауылы.

Осы ауылдың шеткі үйлерін сырттап, кешкі жайылымға, батыс жаққа қарай жаңа өріп бара жатқан бойдақ қойдың ішін аралап, ортадағы үлкен үйлерге қарай беттеп келе жатқан үш аттыны бұл ауыл тез таныды...

– Қалашылар, қалашылар келеді!

– Анау Абай, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деді бір қартаң қатын.

– Бәсе, Телғара ғой... жаным-ау, мынау... Телғара! Өпкеме айтайыншы, – деп, тағы бір жас қатын, жеңге де үлкен үйге қарай ұмтылысқан...

Аттылар үйдің сыртына келе бергенде, алдарында, сол үлкен үй мен күншығыс жағына тігілген қонақ үйдің екі арасында бұларды күткен бір топ жан тұр екен...

Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр... Сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарап барып, жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды. Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттарынан түсіп, жаяулап жетектеп, Құнанбайға қарай келеді екен. Бірақ өңі сұп-сұр, зор денелі, бұрыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес. Батыс жақтан 4–5 атты жолаушы келеді екен... Ол соларға қарап тұр.

Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып, сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып:

– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме, жоқ, күдік пе?..

Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан көрі бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, өке, – деп, біраз тұрды да, – ат барған соң, дәріс төмам бол-маса да, хазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым, – деді.

Тіпті, ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте өзірлеген жауабы еді.

Өкесінің қасында тұрған Майбасар мен соның атшабары екен. Майбасар – Құнанбайдың тоқал шешесінен туған інісі... Бұны биыл Құнанбай өзі аға сұлтан болғаннан кейін, осы Тобықтыға болыстық старшын еткен-ді.

Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

– Өзі, тіпті, көшелі кісі боп қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға:

– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді...

Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Жұманның қатыны, Қалиқа деген бір жеңгесі:

– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі – Ызғұттының қатыны Тобжан да сүйді...

Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді Айғыз қатар тұр екен...

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді. Абайдың өкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқанның өзінде де, Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!.. Ұлжан көп ұстаған жоқ.

– Өжеңе бар, өнеки! – деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Кәрі әжесі Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

– Жаман неме, маған бұрын келмей, өкеңе кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде: – Қарашығым, қоңыр қозым... Абай жаным... – деп, кемсеңдеп, жылауға айналып кетті.

Әжесі құшақтаған бойында үлкен үйге кірген Абай ымырт жабылғанша, осында болды... Ас бере отырып, бойлары үйреніскен сайын шеше, жеңгелері баладан:

– Елді сағындың ба, кімді сағындың?..

– Оқып болдың ба? – деген сияқтыларды қайта-қайта сұрасады. Абай өзге сұрақтарға жөнді жауап берген жоқ. Жалғыз-ақ кімді сағындың дегенде:

– Оспан қайда? Ол қайда жүр? – деп, өзінің кіші інісін, тентек Оспанды бірнеше рет сұрап еді.

Ұлжан басында ол сұрауын елеусіз қалдырып, артынан тағы бір айналғанда:

– Е, жүр-дағы, жынды неме. Бүгін осында маза бермеген соң, өжең екеуіміз қуып шыққамыз, – деп, әжесіне нұсқады.

Әжесі өзіне байланысты бір нәрсеге ишара қып отырғанды көріп:

– Не дейді? Не деп жатырсындар, естімедім, – деп еді, Абай Оспан жайын айтып кеп, қатты сөйлеп:

– Әже-ау, былтыр мұндай емес ең... Құлағыңа не болған, неге естімейсің? – деді. Көптің ортасында отырса да, еріксіз жапа-жалғыз боп, оқшауланып қалған әжесіне жаны ашып, құшақтап, алдына жантайды.

Әжесі түсінді де, аз ғана босаңсып...:

– Үшкірсе, кейде ашылып қалады. Үшкірген жағады, – деді.

– Үшкірсе, мына балаң молда боп келді ғой. Үшкірт балаңа, – деп, Айғыз күлді...

– Сорлы көрінің көңіліне о да болса, демеу ғой!.. – деп, үйдегі үлкендер, әсіресе, жеңгелер Абайдан шын бірдемені дөметкендей.

Абай... Кәдімгі молдадай шарт жүгініп алып, түсін томсартып жіберіп, шешесіне төніп отырып:

Юзі раушан, көзі гауһар,
Лағылдек бет ұшы ахмар,
Тамағы қардан өм биһтар,
Қашың, құдрөт, қоли шига, –

деп, көпшілік ұға қоймайтын өлеңді шұбырта беріп, даусын «төбарак» оқыған молдаларша ұзайта созды...

Тағы да көзін жұмып, түсін томсартып, Құран аударған молдадай, ілгері-кейін теңселе беріп:

Ұшады бозша торғай көдені ықтап,
Басасың аяғыңды нықтап-нықтап,
Кәрі әжем естімейді, нана берсін,
Берейін өлеңіммен шын ұшықтап... –

деп кеп, тағы да «Су-ф-ф!» деп қойды. Үйдің іші енді сезіп, ду күлісті. Соңғы өлеңнің тұсында әжесі де түсінген. Ол үні өшіп, сүйсініп күліп, баласын арқаға қағып, маңдайынан иіскеді...

Ұлжан тартымды болумен қатар, сыншы да ана. Баласының жаңағы мінезіне біраз ойлана қарап отырды. Биыл денесі өскелеңдеп қалған баласы мінез жағынан да ересек тартқан сияқты. Ұлжан көшпен бірге күлген жоқ еді. Енді байқай отырып, ақырын мырс етті де:

– Балам-ау, қаладан молдалық әкеледі десем, нағашыңа тартып қайтқанбысың, немене? – деді.

Үлкендердің бәріне бұл өте түсінікті еді. Жаңағы бала мінезінің дәл шешуі сияқты болып, қайта күлдірді.

– Бәсе, Шаншар!

– Битан, Шитан!

– Тонтекеңнің жиенімін деп тұр ғой! – десіп, Абайдың нағашыларын есіне алысты...

Дәл осы кезде Майбасардың атшабары кеп кірді. Бұл бағана, кеште Құнанбайдың қасында тұрған қаба сақал, қара Қамысбай еді. Келді де:

– Абай, шырағым, сені әкең шақырып жатыр, – деді.

Үй іші де, Абай да үн қатқан жоқ. Бағанадан бергі еркін, ойнақы, бала мінездің бәрінен тартынып, бойын жиып, бала шәкірт үндемей, үйден шықты да, әкесі отырған үйге келді.

Қонақ үйі шешелер үйіндей емес, сыртынан да салқын, үнсіз. Абай есіктен кіре, үйде отырған үлкендерге ашық дауыспен, айқын етіп сәлем берді. Үлкендер де мұның сәлемін дауыстап алды. Кісі көп емес, Құнанбай мен Майбасар, Жұмабайдан басқа осы өңірдегі Тобықтының белгілі үлкендері: Байсал, Бөжей, Қаратай, Сүйіндік екен. Және осылардың жанына ерткен жас жолдасы төрізді Байсалдың немере інісі – бала жігіт Жиренше бар...

Абай келіп отырысымен анау үлкендер бұдан қала жайын, оқу жайын, саушылығын сұрастырды. Өзге үлкендер ішінде Абайға, әсіресе, көңіл бөлген сөзуар, жарқын жүзді Қаратай...

Үндемей түйіліп, сұп-сұр боп отырған Құнанбай ол сөздерге көп шіміркенген жоқ. Қайта, теріс көргендей мойын бұрып, Абайға қарап:

– Одан да, не күтсеңдер де, осы жаман қарадан күтсеңдерші! – деді.

Құнанбайдың мына баласын осында шақыртып алып отырған және жаңағыдай етіп бұларға танытқалы отырғанын өзгеден Қаратай бұрын аңғарған...

Сөйткенше, сырттан Оспан кіріп келді. Кішкене інісі. Ауылға келгелі көп сұраса да, көре алмаған тентек, содыр інісі.

Ол сәлем беруді ұмытқан жоқ. Бірақ әкесі мен өзге ешкімге қарамастан, келе Абайды құшақтай алды. Өзінің де ең жақсы көретін туысқаны Абай еді. Екеуінің арасы 5–6 жас...

Ол «Қайда жүрдің?» деп, ақырын сұраған Абайға жүресінен отырып, ағасының мойнынан құшақтап, өзіне қарай тартты да, құлағына бір нәрсе сыбыр етті. Бұнысы бір қатты нашар боқтық сөз еді. Шеткі үйде өзінің ағасы Төкежаннан үйреніп кепті. Сағынған ағасымен ең алғаш тіл қатқанының өзі осы. Абай сескеніп, құлағын тартып қап:

– Өй, не дейсің? – дей беріп еді, Оспан атып тұрып, мұны бас салып құшақтап:

– Айтпа, айтпа деймін анаған!.. – деп, әкесі жақты нұсқап, Абайдың аузын аштырмай, шалқалатып жыға берді...

Құнанбай атшабарға қатты өмір етіп:

– Бар, алып кет, қарғыс тигенді! – деп, Оспанның бетін бұрды да, итеріп қалды. Бала сүрініп құлай бергенде, атшабар да қармап көтере берді...

Сонымен біраз томсарып отырып барып, қайта қыбырласқанда, Құнанбай ойдағы сөзін бастады.

* * *

...Абай әкесінің сөз желісін, түп мәнісін түсінген жоқ. Кейбір мақалдарын ғана таңдана шешіп отыр.... Кейде ұғымсыз сөзден іші пысып, әкесінің пішін, тұлғасына қарап, қадалып қалады.

Тегінде, ертекші, өлеңші не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай, тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді. Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Әсіресе, әжімі мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді...

Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. ...салғырттығы жоқ сергек, қатал күзетші.

Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай осы үйде әркімге қарамайды. Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді.

Сақал-шашы бір реңдес, қара бурыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды. Көзін төмендете береді. Абайға оның пішіні – көп кездесетін, әңгімесі аз пішін сияқты. Бөжей де оншалық өзгеше емес. Түсі ақ сұр келген, өзі қоңыр сақалды,

кесек мұрынды Бөжей – осы отырғанның бәрінен де сұлу. Бетінде өжімі де аз...

Құнанбай ұзақ сөйлеп отырған кезде Бөжей қыбыр етіп қозғалған жоқ. Көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді. Сондықтан оның ұйықтап отырғаны, я ойланып отырғаны мәлім емес...

Құнанбайға бұлардың ішінен көз алмай, қырандай қарап отырған – дәл төрдегі Байсал...

Бұлардан басқа барлық салқын, томсарған жандар ішіндегі ең жандысы, ең шапшаң, қағылезі Қаратай мен Абай қасындағы Майбасар.

Үлкендер тобына бір жақтан, әкеден төмен отырып, телміре қараған Абай болса, дәл осы тәрізденіп, барынша бой салып қарап отырған – ана шеттегі жас жігіт Жиренше.

Бұл – Көтібақ ішінде Байсалдың жақын туысқаны Шоқанның баласы. Байсал әрдайым қасына ертіп жүреді. Әрі жігіті, әрі сөз ұғып, адам болар деген жасы. Ол әңгіме атаулыны көп біледі...

Жиренше қабағын бір шытып, қозғалақтап қалды. Абай енді байқады, әкесі сөзін аяқтап келеді екен.

– Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, осы елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бәрімізге салық. Мынау отырған сендерге салық! – деп, аз тоқтап, Сүйіндікке қадалып отырған жалғыз көзін енді төрдегі Байсалға аударды. Одан өзінің оң жағында отырған Бөжейге қадалды.

Бірақ Бөжей мен Байсал мызғыған жоқ...

– Ендеше өлімнен ұят күшті. Ел көрмеген сұмдыққа, ел көрмеген жаза керек! – деп, Құнанбай байлауын айтты...

Құнанбайдың бұлай беттеп алғанда, қайта оралар қайырымы жоқ, оны бәрі біледі...

Бөжей білсе, Қодар жайы – Құнанбайдың тағы бір қыры. Осал емес, үлкен қыры болғалы тұр...

Бірақ Құнанбайдың мықты жері Тобықты іші болса, әлсіз жері де осы Тобықтының ішінде. «Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады». Сол қанаты мен құйрығы ел ішінде өзі тұстас рубасылар. Осы Байсал, Бөжейлер.

...Тобықты көп рулы көп ел болғанымен, барлық үлкен шеңберінің таразысы осы отырған бес-алты адамның руларымен өлшенеді. Әсіресе, рубасы осы адамдардың өздерімен салмақталады. Сонда Құнанбайдың оң жағында отырған Бөжей – қалың Жігітектің адамы. Бұрын орталарынан Кеңгірбайдай теріс азу, мықты биі шыққан ел... Байсал да сондай мол ру – Көтібақтың тұрғысы. ...Сүйіндік – осы ағайынды елдер ішінде ең азы

Бөкеншінің кісісі. Мал, дүниеге шағыны да осылар. Бөкеншінің кірмелеу туысы – Борсақ. Жаңағы бұлар сөз қылған Қодар – сол Борсақ болатын.

Құнанбай болса – Ырғызбай руынан. Бұл – бас жағына келгенде, Жігіттен де, Көтібақтан да аз. Бірақ әрі малды, әрі көптен бері Тобықтыны билеп-төстеп келе жатқан ауылдар.

Туыс жағын алғанда, Бөжей мен Сүйіндіктен гөрі Құнанбайға Байсал жақын. Сойыл соғарға келгенде, қолға, санға келгенде, Құнанбайдың мықтап сүйенетіні сол Байсал елі – Көтібақ. Оны өлі күнге өз ырқынан шығарған емес.

Қаратай болса, бұлардың барлығына алыстау. Ара ағайын төрізді Көкше деген рудың атқамінері... Осы отырған рубасылардың мінезі, артта жүрген үлкенді-кішілі атқамінер, ақсақал, қарасақалының бәріне де мінез, тәсіл бола жүреді.

Құнанбай қасындағы қой көздеу, сұлуша Майбасар старшын болды да, өз достарынан да, Құнанбайдың жақындарынан да ажырай бастады. Қазір Құнанбай алдында, жастан бергі дағдысы бойынша үндемей отырғанымен, бұл ерен бүлік, сотқар адам...

Бүгін Бөжейлердің Құнанбаймен іштей суысуына себепші болған да осы Майбасар...

Осы кезде Жиренше Абайға ым қақты да, тысқа шығып кетті. Абай Қодардың қылмысы не, өзі кім екенін білмеген қалпында болатын. Ол жалғыз-ақ, «дарға асу» деген жерде, ішінен бір түрлі тіксініп қалды. Өкесіне сене алмай, сескене қарап, «Соны істейді-ау» деп бір ойлады. Бірақ байқап, болжап көрсе, дар деген қырда, бұл елде өсте болмаған нәрсе. Естіп көрген де емес...

Енді есіне түсті. Жұмабай қалада бұған түсініксіз біраз мінездер істеген. «Қазіретке сыйға апарам, Құнанбай жіберді» деп, қысырдың бір семіз қара көк құнаншығарын жетектеп жүрген-ді.

Абайдың молдасы және мешіттің имамы Ахмет Ризаның үйін сұрап алып, артынан Абайға «Молданың үйіне ертіп жүр» деп, бұны бірге де ала барған...

Кейін үйге кіргенде, Жұмабай Құнанбайдан сәлем айтты да:

– Мына баласына – өзіңіздің шәкіртіңізге фатихасын сұра деп еді, – деген.

Қазірет... Абайға қол жайып бата берген-ді. Содан әрі... Құнанбайдың айтқан сәлемі... Сұрап кел деген бір үлкен сөзі екен. Осы жөндерін айтты да, Жұмабай Абайға бір, қазіретке бір қарап:

– Бірақ ол жайын оңаша, құпия сөйлес деп еді. Балам, сен... – деп, Абайға оқтала бергенде... Абай шығып кеткен...

Бұл уақытта Жиренше соңғы атқа шідер салып, отқа жіберіп жатыр екен. Есік ашылған жерден Абайды көрді де, ақырын дауыспен:

– Абай, бері кел, мұнда кел... – деді.

Абай бұған жетер-жетпестен:

– Өй, Жиренше, жаңағы осы Қодар кім? О не қылған? Айтшы, – деді.

– Қодар – жақыны жоқ, жалғыз үйлі бір Борсақ...

– Ал ол не қылған?

– Сол биыл қыстыгүні жалғыз баласы өлгеннен кейін келінімен жақын бопты дейді.....

– Сол рас па екен? – деп, Абай қадала сұрады.

– Бәсе, сол анық-танығы мәлім емес... Сүйіндіктің, жаңағы, анығын білейік деуі сол ғой, – деп, Жиренше салмақты болып сөйлеп еді.

– Ендеше бекер жала-дағы?

– Тіпті, солай десетіндер де көп...

Абай әкесінің жаңағы «дарға асу» деген жердегі аяздай суық пішінін еске алды... Шешесінің үйіне қарай беттеді. Жиренше басқа да бірде-ңелер сөйлеспек боп, бөгемек еді, қайырылған да, үндеген де жоқ. Кете берді.

* * *

Келіні жаңа ысытып әкелген, құрт қосқан қонақ көжені анда-санда бір ұрттап отырып, Қодар:

– Қарағым, Қамқа, бүгін күн жұма ғой осы, – деді...

Аздан соң екеуі де тысқа шықты...

Бұлардың алдында, кішкене көк төмпешік үстінде құбыла жақтағы серек тасы шошайған жалғыз жас бейіт қана тұр. Көздері де, көңілдері де сонда...

Қодар батыр денелі, алпысқа жаңа кірген, бурыл қарт еді. Жалғыздық пен осы қаралылық иықтан баспаса, өмірдің мұны мойытар өзге күші жоқтай. Ол жасында найзагер батыр болған. Осы жасына шейін өз қасиетін жоятын жаман аттан да аулақ...

Соңғы алты ай ішінде барлық жалын атқан қайғысы – жалғыз баласы Құтжан жайы.

Ендігі үміт не? Құлазыған қу өмірде тірек не?.. Жалғыз жанкүйері мынау қайғыдан сөніп бара жатқан, санадан солған бейшара келін...

Бір кезде бұлардың сырт жағынан дүрсілдетіп келіп қалған бірнеше аттының дабыры естілді.

Қодар да, Қамқа да бұрылған жоқ. Аттылар мінбелеп кеп, түсіп жатты. Бұлар бес кісі екен. Бастығы Майбасардың қара сақал атшабары – Қамысбай. Қалғанының екеуі – Бөкенші, екеуі – Борсақ...

Қодар мыналардың әдейі келген жайын байқап, бұрылды да, сабырлы суық жүзбен:

– Нелерің бар, жандарым? – деп еді.

Қамысбай тепсініп кеп:

– Неміз болушы еді? Сендерді ұлық шақыртып жатыр. Мына Қарашоқыда елдің игі жақсысы жиналып отыр, тосып отыр! – деді.

– Жақсың кім? Ұлығың кім өзі?

– Ұлығым – старшын Майбасар, бастығы – Құнанбай. Мына келінің мен екеуіңді жауапқа шақыртады. Тұр, жүріңдер!

– Саңдалып жүрмісің? Не ақың бар?

– Не дейсің? Әкім шақырса, ақың не деймісің?

– Құдай жүзін көрмегір, мынау кім өзі өкіреңдеген?! – деп, Қамқа қаны қайнап, қатты ашуланды...

* * *

Қарашоқы Қодар қыстауынан алыс емес. Шыңғыстың үлкен биігінің бірі...

Қамқа жиыннан шошып кетті. Жолшыбай сұрамаса да, енді ауылға тақала бергенде, Қамысбайдан:

– Жаным-ау, адам баласысың ғой... Осы айыбымыз не? Не қылмақсыңдар? Айтып өлтірсеңші, – деген.

Бұған шейін «ләм» деп, жауаптаспай келген Қамысбай енді ғана тіл қатты. Бірақ тілі зәрдей еді:

– Анау атаңмен – Қодармен жақын болғаның үшін қазір екеуің де жайрайсың! – деді. Ол осыны айтып, «Қамқа не дер екен?» деп еді, байқаса, Қамқада үн жоқ. Бір ғана ыңыранды да, сылқ етіп, аттан құлап барады. Қамысбай өзі де аттан жығылып қала жаздады. Қамқаны құшақтап, қысып алды да, желіп отырып, жиынның алдына келді.

Алдыңғылар Қодарды түсіріп жатыр екен. Бұ да кеп Қамқаны сүйемелдей ұстап тұрып, өзі бұрын түсіп, артынан келіншекті түсірді. Қамқа түскен жоқ. Былқ етіп құлап жығылды да, талған бойында жерде сұлық жатып қалды.

Қодардың алдында жүз қаралы жиын тұр. Ортасында Құнанбай, Бөжей, Байсал, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар – бәрі бар...

Қодар сәлем бермеді, өзі таңулы. Ішінде удай қайнаған ыза мен ашу бар. Жиын ортасында жалғыз көзі бұған оқтай қадалып тұрған Құнанбайды танып, соған қарап түйіліп, қатты ақырып:

– Уай, Құнанбай, мені Құдайдың жылатқаны аз ба еді? Бұ не қырсығың?.. – дей бергенде, Майбасар бастаған өулекі жуандар:

– Тарт тілінді!

– Жап аузыңды! – деп арс-арс етті. Құнанбайға жаңағы Қодарша зекіп сөйлеген қарсылық сөздерді олар естіген емес.

Қодар аз үндемей тұрып, аналар басыла бергенде:

– Ел-жұртқа масқара етіп, қор етіп, анау соқыр көзіңнің құнын менен алайын деп пе едің! – дегенде, Құнанбай:

– Шығартпа үнін! Жоғалт көзін! – деді...

Қодар саспастан тұрып, қарсы ақырды.

– Иә, мен көк ит болсам, сендер көп итсің! Жабыларсың, таларсың да, жерсің! – дегенде, Қамысбай мен бағанағы төрт жігіт Қодарды сүйрей жөнелді. Сүйретіле бара жатып, Қодар зор дауыспен барынша шырқап:

– Ақ, қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан, қара бет?! – деп, қанталаған көзімен Құнанбайға бұрылып, атып жіберердей қарады.

Бірақ осы кезде мойнына шылбыр түсіп қалып еді... Бес-алты кісі тапжылтпай, түйенің қабырғасына басып, жығып ұстап тұрды. Қодар тағы лағынет айтып, айқайлай беріп еді, сыртынан бір қатты күш тарпып, серпіп, жібергендей болды. Тұрып бара жатқан түйенің қабырғасы қаққан екен. Осыдан өрі мойнынан «лық» етіп, темірдей қысып, жанын суырып өкетіп бара жатқан таудай ауыр күш басты... Көзінің оты жарқ етті де, сөніп бара жатты. Жиында үн жоқ. Түйенің ар жағына Қодармен тең қып асқан Қамқа түйе тұрысымен бір сәтте үзіліп кетті... Қодар бір жиырылып, бір созылып, тез өле алмады...

Дәті шыдамаған Байсал кейін бұрылып, шетке шығып кетті. Сөйлегендер болса, сыбырмен ғана сөйлейді. Қаратай Бөжейге күбір етіп:

– Өле алмай қиналды -ау, бақыр! Бейшара, жаңа білдім, арыс екен ғой! – деді.

Бөжей мұның бетіне қатты сұрланған жүзбен, ажырайып қарады да:

– Арысыңды, ендеше, арыстан жеді, – деп, сырт айналып кетті...

Құнанбай жұрттың күбірі көбейіп бара жатқанын енді сезді. Өлтіргеннен де қинау бататын тәрізді. Оң қолымен қатты ишарат қып, түйені шөгер деп бұйырды.

Түйе шөккенде, Қамқа серейіп сұлық түсті де, Қодар өлмеген екен, бүктетіліп түсті. Сол арада жұрттың есін жиғызбастан, Құнанбай қасындағы құзды көрсетіп:

– Шық алып мынаның басына! Құлатындар содан көшірді! Бітсін сонымен! – деді.

Бағанағы Қамысбай мен сол жігіттер үнсіз Қодарды түйенің үстіне көлденең салып, арқанмен байлады да, тау басына тарта жөнелді...

Азап пен қорлық шеккен онсыз да өлі дене... ауыр салмақпен гүрс етіп бір-ақ түсті... Шетірек тұрған кісілерге естілгендей боп, ақырын ғана күтір етіп сүйек-сүйегі сына түскендей болды.

Дәл осы кезде Жексен аулына төменгі тоғай ішінен шығып, қатты жүріп кеп, екі салт атты түсіп еді. Денелері ықшам, біреуі бала бейнелі. Олар аттарын шеткі үйге байлай сала, жылдам басып келе жатқан Абай мен Жиренше болатын.

Аттан түсе бере, бұлар тас басына тегіс аңырып, қарап тұрған жиынды көріп, өздері де солай қадалды. Бір кезде шекпенінің етегі қанаттай боп шалқи шашылып, құлап келе жатқан дене көрінді. Жиренше атты байлай сала, топқа қарай жүгіргенде, Абай көзін басып отыра кетті... Бітті, өлді...

Мезгілімен жетсе, әкесіне өмірінде бірінші рет жалынып, аяғын құшса да, өлтіртпей алып қалмақ еді. Кешігіп қалды....

Қодар құласымен Құнанбай:

– ...Енді... өз жанымызды ақтап, аулақ әкету үшін қырық рудың қырық кісісі кесек атсын. Ал осы жиындағы әр атаның баласынан бір-бір кісі кесек алыңдар қолдарыңа! – деген.

Өзі алдымен алды да, Бөжей мен Байсалға қарап жердегі тасты нұсқап: «Алыңдар!» деді. Бұйыра айтты. Аналар бағынды да, тас алды.

– Міне, шариғат бұйрығы. Атыңдар кесектеріңмен! – деп, алдымен өзі лақтырып, Қодардың жонынан ұрды...

Абай жеткенше, жұрт бірі артынан бірі тас жіберіп, ұрып жатыр. Топтың шетіне Абай келе бергенде, Жиренше қолынан ұстай алып, бетіне бетін тақап:

– Ананы қара! Мынау ұрғалы жатқан шалды қара! Осы Қодардың жақыны. Өзі шал. Өзі Борсақ. Жексен!.. Бұған не жоқ екен көк төбетке?! – деді.

Абайға нағыз өлтіруші осы сияқтанды. Ентелей ұмтылып, Жексеннің желке жағынан тақай бергенде, Жексен Қодардың өлігіне қарап:

– Кет, бәлекет, жүзі қара! Кет! – деп, үлкен тасты жіберіп қалды... Қодардың денесін Абай жаңа көріп еді... Жүрегіне қан төгілгендей қайнап кеп:

– Өй, көрі малғұн! – деп, Жексенді желкеден қойып жіберді.

Жексен Қодарды ұрған біреудің топшысы тиді ме деп, сырт айналып қарағанда:

– Не деген имансыз едің, көрі төбет?! – деп тұрған Құнанбайдың баласын көрді. Абай сырт айналып кете беріп еді, Жексен бұған зекіп:

– Өй, бала!.. Ой, сен өзің! – деп тұрып, дауыстап: – Мен бе екен?.. Ер болсаң, өне... өкең! – дей берді.

Жұрт: «О не, о не?» десіп жатты. Абай жылдам басып, атына жетті...

Осы кезде Құнанбайға Жексен шаққан болу керек, өкесі Абайға айқайлап:

– Ей, Құдай ұрған, тұра тұр! Көрермін бөлем! – деді. «Ұстандар, алып келіңдер» деп, айта алмай қалды. Абай атына міне сала, ауылға қарай шаба жөнелді...

* * *

...Жиреншеге жеткізбеген күйінде Көлқайнарға жетіп, шешесінің үйіне кеп түсті.

Ұлжан тыста тұр екен... Сабырлы Ұлжан осыдан өрі еш нәрсе сұрап тақымдаған жоқ. Үйде әжесін де, өзгені де үркіткен жоқ. Абай жайын бір жанға білдірмеді. Үлкен ақ үйдің оң жағына әкеліп, әжесінің жер төсегін жайлап берді де, шешіндіріп жатқызып, өзінің мол пұшпақ ішігімен жауып, қымтап қойды...

Абай кешкі қозының жамырауынан оянды...

Абай шешелерінің күндізгі жайды білгенін байқады да:

– Өкем... Өкем!.. – деп, өкесін еске алып, күрсініп, кеудесін сипап, шешелеріне құпия қып шаққандай боп. – Не деген қатал, не деген қатты еді! – деді...

Әжесі ұқты да, күрсініп, Абайдың бетіне таман төніп кеп, маңдайынан ұзақ иіскеп отырды.

– Айналдым, қарашығым, қоңыр қозым! – деп алып, – Аямайды, аямайды ол! – деп келіп, көзін жұмыңқырып, басын жоғары көтере берді.

– Я, Құдая, зар тілегім босын. Бейуақтағы тілегім. Осы қарашығыма өкесінің осы ит мінезін бере көрме!.. Тас бауырлығын бере көрме!.. – деп, құрысқан өлсіз қолдарымен әжімді, мейірімді жүзін сипап, бата берді. Ұлжан да ішінен «Әумин», – деп, бата қылды.

Екі ана ортасында жаны ауырған бір бала. Бейуақтағы үшеуінің құпия тілегі – зор шындықпен еміреніп тілеген тілегі осы еді.

Абай өзі де бетін сипап, ана тілегін барынша қабыл алып, бата қылды...

Сондай шеше әңгімелеріне бар бейілін беріп жүрген күндердің бірінде бұл үйге екі бөгде қонақ келіп қонды. Бірі – қартаң, бірі – жас қонақ. Жа-

сын Абай біледі. Таныған жерде қуанып кетті. Ол былтыр жайлауға келіп, осы үйде үш күндей жатып, «Қозы Көрпеш – Баянды» жырлап берген Байкөкше деген жыршы. Қасындағы қартаң кісіні Абай өзі білмегенмен, шешесі әбден таниды екен. Қонақтармен жай сұрасып, амандасып болған соң, Ұлжан Абайға қарап жымыып:

– Ал, балам, өжеңмен екеумізді қажай беруші едің, өңгіме-жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі Барлас деген ақын! – деді.

...Үй іші тегіс қош алған соң, екі ақын да оңай шешілді. Осы түнде ас піскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. ...Абай:

– Мұны айтқан кім? Осы өлеңді шығарған кім екен?! – деп, бағанадан бері өзін сүйіндірген ақынның атын білмек еді.

– Өріден келе жатқан деседі-ау, балам, бұның түбін. Бірақ осы дәл әлгіндей қып айтқан Кіші жүз Марабай деген ақын деуші еді Жанекен, – деді. Жанекесі – Жанақ еді.

Қобыландының қоштасқаны, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының жекпе-жегі Абайды, әсіресе, елтіткендей болатын. Жатқанда көпке дейін алағзып ұйықтай алмады.

Ертеңіне Ұлжан Барлас пен Байкөкшені жібермеді.

–...Асықпай әлі біраз күн қонақ боп, жатып кетіңдер, – деді. Бұл – Абайдың тілегі. Абай бұрын тағылым, үлгі – кітапта; білім, өнер – медреседе ғана деп түсінетін. Оған дастан шебері – Низами, Науаи, Физулиде; мұң нөзігі – Шайх-Сағди, Хожа-Хафизде, батыр жыры – Фирдоусиде көрінетін.

Қазақта нелер «Баян – Көрпеш», талай «Ақбала – Боздақтар» барын анық білмеуші еді... Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты болды...

Ертеңінде ақындар аттарын ерттеп, жүрерге тақағанда, Абай шешесін тысқа шығарып алып:

– Апа, екеуіне де жақсы қып тұрып сый беріп аттандыршы! – деді...

Абай, шынында да, дәл осы кезде өзін-өзі бар сырқаттан құлантаза боп арылғандай, нық бір қайрат жиып алғандай сезді...

Қат-қабатта

Биыл Құнанбайдың өз ауылдары да, жақын ағайындары да күземді елден ерекше ерте алды. Және бұрын күздеуден бір қар жаудырмай, көшпеуші еді. Қазір де қарашаның ортасына жетер-жетпесте қыстауға қарай тартты.

Маңындағы Жігітек, Көтібақ, Топай, Торғай сияқты сыбайлас отырған аталас елдерге көші-қон туралы жөн-жосығын айтпады...

* * *

...Қызылшоқыдан Шыңғысқа қарай тартатын көш соқпақтың сол жағында, жағада бір жалғыз төбе бар еді. Құнанбай өз қасына Майбасар, Қамысбайды ертіп және өзінің Күнкеден туған баласы Құдайбердіні алып, осы төбенің басына барлық көштен, барлық аттылардан бұрын кеп шықты...

Көштер қауырт қозғалған уақытта Құнанбай Қамысбай мен Құдайбердіге:

– Бар, екеуің тез барып, осы барлық көштердің басты-басты кісілерін – үлкендерін осында жиып келіңдер! – деді.

Құдайберді мен Қамысбай бұл бұйрықты ести сала, тебіне жөнелісті...

Құдайберді мен Қамысбай астарындағы екі бозды танауратып терлетіп, ең соңғы үш үлкен кісіні ертіп келгенде, жалғыз төбеде, Құнанбай қасында, елу шамалы аттылар бар еді...

Барлық жиын жалғыз төбені дүрс-дүрс басып, Шыңғысқа қарай тартты. Көштер қиыс өтіп кетіп еді. Бірақ бұл топ өлі асыққан жоқ. Аттылардың қалың ортасын ала Құнанбай келеді.

Екі жағында он шамалы үлкен туысқандар. Өкесімен туысқан Үркер, Мырзатай, Жортар сияқты ағалары. Тоқал шешелерінен туған Жақып, Майбасар сияқты тұрғыластары және өлденеше інілер, немерелес туысқандар бар.

Құнанбай – өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі. Қалың дәулет пен өмір, билік иесі. Жасқа да көп туысынан өзі үлкен. Сол себепті, үлкен өкесі Ырғызбайдан тараған осы мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірде-бір жан өлі күнге Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Тіпті, өкпе-назы болса да, ашып-жарып айта алмайтын. Ал бірақ Құнанбай сойыл соғарды, қол қимылды, тізе мен ызғарды керек қылған жер болса, бұл қауымның іркілетін бірі жоқ. Шоқтай жиын – мықты топ. Жер алуда, ел алуда, оңайдан мал табуда бұлар Құнанбайдың қабағын қалт еткізбей түсінеді... Өзара бірлігі – табыс екенін жете танытқан. Соны ұққалы осы Ырғызбай шегінен бай боп алды... Осымен бар ынтымағын Құнанбайға бағындырған жиырма ауыл дәл бір ұялас бөрідей еді...

Құнанбай жіті жүріп отырып, тобын бастап, көштің алдына түсті.

Содан жиырма ауылдың жиырма басты адамына қазір Шыңғыс ішіндегі қай сай, қай қыстауға барып жетіп, шаңырақ көтеретінін айтып келе жатты. Сөзі ақылдасу емес – байлау. Атағаны – кесіп-пішіп қойған өмір менен бұйрық.

Алты күннен соң осы Құнанбай ауылдары көшкен жолмен тағы бір мол көштер келе жатты. Бұл – Бөкенші мен Борсақтың көші. Бұлар да Қызылшоқыдан өтіп, Шыңғысқа кіргелі келеді. Малды көштер емес. Бірақ көшкен елінің саны көп. Жинақы боп, топталып көшпей, бытырап, ен жайылып, бет-бетімен келеді. Көш бойында ат мінген кісі аз...

Осы көштердің алдында Сүйіндік, Сүгір, Жексен және басқа да көрі, жастан жиырма шақты кісі оқшауырақ келеді. Бұл жиында өзіл-күлкі де, өңгіме де жоқ. Өңшең тон, шекпен киген сұрғылт топтың пішіні де, қазіргі күздің сұрғылт, жабырқау аспаны сияқты күңгірт, салбыраңқы. Өсіресе, Сүйіндік пен Сүгір, Жексен күпті сияқты. Көп жұрт соның аузына қарағанмен, Сүйіндік ақырын ғана:

– Бара көрейік. Жүзбе-жүз көрісейік. Жауабын өз аузынан естиік! – деді...

– Не жөн, не жолға сыйғызады екен?.. Өзінен естиік! – деп, Сүгір мен Жексен де соны құптады. Бұл жиындағы жастар мен қартаң шаруалар түйіліп алған, қатты ашулы еді...

Жартастан бері Сүйіндіктердің қарсы алдында, қалың жылқы ендеп, жайылып келеді. Екі шеті сайдың екі жақ иығындағы сары тұмсықтарға шашырай шығыпты. Ішінде жирені мен құласы көп, Құнанбай жылқысы.

– Құдай ұрды десеңші! Қарағым, Сүйіндік-ай, енді қайттім? – деп, Жексен көзіне жас алды...

Жылқы ішінен бұларға қарсы қозғалған қалың топтың тап ортасында Құнанбай бар екен.... Біраз үндеспей тұрып барып, Сүйіндік:

– Мырза, мына аттылар не? – деді. Құнанбайды бар Тобықтының атқамінері «мырза» деп атайды.

– Жай, мына жылқыға, отарға шығар алдында таңба бастырайын деп ем. Соған жиылған ел, – деді Құнанбай.

Бұл сөз одан өрі өрбіген жоқ. Жексен бұрылып, артына қарап еді, көштің алды бөктер адырдан бері шығып қалған екен.

– Жә, мырза, мынау келе жатқан біздің көшіміз еді. Қыстауымызға келе жатыр ек. Мұнда болса, бүйтіп қапты. Бұл қалай болды? – деді.

– Е, саған көшіп кел деген кім бар? Омыраулап, баса-көктеп көшпей-ақ, хабарласып, тілдесіп алсаң нетуші еді? Көшің кейін қайтады!

– Өкім елге ие, ел жерге ие емес пе еді?..

...Бөкенші, Борсақ тобы көбейе берді. Бірақ Құнанбай қайысар емес... Дәл осы уақытта Құнанбай қасына екі топ аттылар келді. Алдыңғы тобы – он шақты кісі. Мұны бастаған Байсал екен. Қасында Көтібақ ішіндегі ең ірікті атқамінерлер. Бұлар бастығы Байсал боп кеп, Құнанбаймен ашық-жарқын сәлемдесіп:

– Қоныс қайырлы болсын, мырза!

– Қайыры ұзақ болсын!..

– Мекенің қайырлы болсын!.. – десіп, жабырлап құттықтап жатыр. Осы топтың артынан іле тағы бір топ келді...

Сүйіндіктің дөме қылары Көтібақ еді. Тым құрымаса, «Біртоға, берік Байсал Құнанбай ісінен сыртқары болар» деп ойлаушы еді...

Амандаса келген, қайырлы болсын айта келген Байсал, Құлыншақ дәл бүгінгі күн, құр амандасу емес, Бөкенші, Борсаққа қыр көрсете келіп тұр. Құнанбай соны әдейі істетіп отыр. Мұны жалғыз Сүйіндік емес, Жексен де сезді.

– Апырай, ата қонысым еді. Одан қала берсе, осы жиын, осы бөрінің көз алдында, кешегі көктемде ғана, осы мынау тастың бауырында Борсақтың бір баласының қаны тамып еді ғой. Ер азаматымның қаны тамған жер еді ғой! – деді. Бұл сөз – дәл бұл жиынның күтпеген сөзі. Сүйіндік өз ішінен: «Алдырған албырт деп оның несін айтты екен?» деп жақтырмады. Құнанбайға да бұл сөз, тіпті, тосын болатын. Оны дау үстінде дәлел, далбай қылатын кісі болар деген...

– Не деп тұрсың? ...Ол ер емес, Борсақ аруағынан садаға... тіпті, Тобықты аруағынан садаға!.. Ол сұмырай еді. Мен сол сұмырайды құртып, соның ізі-тозы бітсін деп, бұл жерді, бұл өңірді әдейі басқаның мекені етіп тұрмын. Сандалғаны несі? – деді.

Бөкенші, Борсақтың қалың жиынына мына сөз таспен ұрғандай тиді. Бөріне де бір сәтте Қодар өлімінің сыры, Бөкенші жерінің алыну сылтауы бір-ақ шешілгендей болды...

– Уа, қарабет басым! Қара басқан қу басым! Мен қуарған не еткен ит едім? Ойбай, бауырым!.. Бауырым, Қодар! – деп, Жексен өкіріп жылап, атын борбайлап, Қодар қыстауына қарай шаба жөнелді. Сол-ақ екен бар Бөкенші, Борсақ тегіс: «Ойбай, бауырымдап» Жексеннің артынан шаба-шаба жөнелісті. Сүйіндік те солармен кетті... Байсал мен Құнанбай бұл арада енді тұра алмай, үндемей томсарған күйлерінде сырт айналып кетіп еді. Құнанбай...:

– ...Қолтығына дым бүріккен Бөжей... Көрдің бе! – деп, ...аздан соң Байсалға құпиялау қып:

– Сен Сүйіндік пен Сүгір, Жексен үшеуіне айт, көпті қоздырмасын! Басын! Шыңғыстың қай тұсына орнықтырсам да, ол үшеуінің сыбағасы олқы емес... Осы сертіме сенсін! – деді.

...Майбасар... шапқылап жылап бара жатқан Бөкеншілерге қарап:

– Уай, жарандар! ...Мына Бөкенші екен ғой түстен кейін маңырайтын. Көктемде өлген Қодарға күземде кеп, сүйекші болған кімді көрдің? Мұны көрген кім бар десеңші? – деп, қарқ-қарқ күлді...

Қазірде Құтжан бейітінің екі жағындағы жаңа қабірлер Қодар мен Қамқанікі болатын.

...Сүйіндіктер тобы келместен бұрын бейіттердің басында 3–4 қана адам отыр еді. Ол – Жәмпейіс, Өйтімбет және бір-екі басқа қойшы болатын.

Жаз бойы келе алмай, бүгін көшпен жетіп, ең алғаш еске алып, Құран оқып отырған солар еді. Кейін осылардың үстіне шулап келген нөпірді көргенде, мына көрілер таң болды. Жылағанның ішінде Сүйіндік бар. Ол бір жұмбақ.

Өсіресе, бұларды қайран еткен Жексен мен Жетпіс... Екеуі де үш қабірді кезек-кезек құшақтап:

– Кеше гөр, арысым, кеше гөр!

– Ағакем, кеше гөр! – десіп кеп, зар-зар етеді. Көздерінен шын өкініш жастары ағыл-тегіл шығады...

* * *

...Сүйіндік, Сүгірлер өз есептері ұтылмайтынын білген соң, көш-қонын ойлап, қыбырлай бастап еді... Бұлар осылайша іріткімен екшелгенде, өзге Бөкенші, Борсақтан жиырма-отыз кісі атқа мінді. Ендігі жиын – қара шаруа жиыны. Араларында зор денелі, орта жасты Дәркембай бар.

Ол Қызылшоқының шеткі қонысында отырған Жексен аулына келді де, Жексен мен Жетпісті шақырып:

– Елді тастап, бас сауғалап, қайда барасың, түге? Тапжылма! Көшпе! Не көрсең, бірге көресің!.. – деді.

Жексен қарсыласа алмады. Жалғыз-ақ қиялап:

– Жандарым-ау, не білгендерің бар? – дей беріп еді.

– Онан да қазір екеуің де атыңа мін! Ер бізге! Анау Сүйіндік, Сүгірге барып, сөз байлаймыз! – деді.

Жексен мен Жетпіс еріксіз ерді.

Осы топ Сүйіндік пен Сүгірге де көп сөйлеген жоқ. Бұйрықтарын шолақ айтып, көштерін тоқтатып тастады. Сүйіндік бұлардың айтқанына амалсыздан бағынды да:

– Ал бірақ тапқан ақылдарыңды айтшы! Қылышын сүйретіп қыс келеді. Кемпір-шалды күркілдетіп, баланың жағынан боздағын шығарып, қашанғы отырамыз? Қайда барамыз? – деді.

Дәркембайдың жауабы өзір болатын:

– Сүйіндік, Жексен, Сүгір – үшеуің де алдымызға түс! Аттарыңа мін! Жүр, өне, Бөжейге! Елден жырыла қашып оңбайсың, түге! Бөжейге барамыз. Ағайынға салмақ саламыз. Тіпті, жанашыр жоқ болатын болса, арғысын содан әрі көрерміз! – деді.

Сүйіндік пен Сүгірді, Жексенді қосып алған осы топ дәл осы күн түсте Шыңғыстағы Бөжей аулына келді. Оның қыстауы Тоқпамбет дейтін қалың шалғынды, мол тоғайлы, ең бір құйқалы қыстау еді. Бөжей өз атасы Кеңгірбайдан ата қоныс есебінде мұра қып қалған жер – осы.

Бөкенші тобы келген соң, Бөжей лезде кісі жіберіп, жақын жердегі Байдалы мен Түсіпті шақырып алды. Не де болса, Жігітектің ақылы бір жерден шықсын дегені.

Бұ топта Сүйіндік шешіліп сөйлеген жоқ... Бірақ Сүйіндік сондай солғын болғанмен, өзге көпшілік олай емес. Оның ажарын сүймей, мойнын сырт қайырып, сұрланып отырған Дәркембай, Бөжейдің күлкісін сезіп қап:

– Бөжіке, кібіртіктей-кібіртіктей болдық қой. Тура баспас тобан аяқ болған соң, иыққа ит те, құс та шығады та!.. Тек қана «шөк-шөк» дей бермей, осы бізді де ел қылатын, ер қылатын ақыл айтшы! – деді...

Бөжей бұл тартысты әуелі қолмен емес, жолмен бастап көргенді мақұл деп білген. Қолдан келсе, бұл жолы Құнанбайды келеге салып өшкерелеп, көп алдында тентек қып алмақ. Мына келген Бөкеншіге, ертең болатын бөленің артын да ашып айтып, танытып қоймақ. Әуелі осыдан бастау лайық.

– Бөбең, Борсақ, бауырымсың. Саған тигені – маған тигені... Туысқандығым – туысқандық. ...Ара ағайын Кішекең екен. Біз кіріспей, кім кіріседі? – деп, Түсіпке қарап отырып, – Ендеше, Түсіп, сен атқа мін! Осы сөзді алып, Құнанбайға барып, жауабын бүгін әкел! – деп, Бөжей сөзін бітірді.

Түсіптің баратыны осымен шешілген соң Байдалы:

– Тек жалғыз-ақ арыла сөйлес. Айтатынның бәрін айтып кел. Бұға-бұға болғамыз. Ат кекілін кессең де, қатты айтып, ел өкпесін түгел жеткіз! – деп, Түсіпке өзі де ашумен сөйлеп, нық қайрат берді.

Осы сөзді қатты ұстап, Түсіп сол күні кешке Құнанбайға кеп, сөйлесті...

* * *

Осының ертеңінде түске таман Майбасардың екі атшабары – Қамысбай, Жұмағұл шапқылап кеп, Жігітек ішіндегі есіктерінің ар жағына сүңгіп-сүңгіп кетті.

...Екі атшабар таяқты Жігітектен мейлінше жеп алып, беттегі қызыл жоса қандарын айғыз-айғыз қылған бойында, сұртпестен, шапқылап отырып, Қарапоқыдағы Құнанбайдың алдына тура кеп кірді.

Құнанбайдың қасында Байсал, Майбасар бар екен. Және Құлыншақтың батыр ұлдарынан Наданбай, Манас отыр. Ырғызбайдан – Жұман, Төлепберді, тағы да басқа үй толы жігіттер бар екен.

Құнанбай әуелі үн қатпай, сазарып отырып барып, аздан соң екі атшабардың бетіне нұсқап отырып, Байсалға:

– Міне, көрдің бе? Қайтып арайын болайын? Мына қамшы мыналарға емес, маған жұмсаған қамшысы ғой Бәжейдің... Тұр тегіс! – деп, бар жігітке қатты ақырып, бұйрық берді. – Қазір барыңдар да, сол өз үйінде сабатқан Үркімбайды қол-аяғын байлап тұрып, дәл менің алдыма сүйретіп әпкеліңдер! – деді...

Ұзын-ұзын ақ сойылдар кезек-кезек қағысып, сарт-сарт тиіседі...

Бұл түнде бар Жігітекке Үркімбайды айырып алу да, күндіз Құнанбайдың екі атшабарын сабаған сияқты күш асырып, бел бітірген іс болды.

* * *

...Соңғы уақытта да өзі Қарапоқыны алғаннан бері Құнанбай Байсалға бір уәде берген. Шыңғыстағы қыстауы аз, саны мол Көтібақтың жерін мөлайтпақ еді. Көтібақ Жігітекпен жерлес.

...Құнанбайдан «өперемінді» естігенде, Байсал да үндемейтін. Екеуі бірге жасасып, қабақпен ұғысатын болғаннан бері, тегінде, Байсал үндемесе, ол көнгені. Қарсы болған жерінде ол қолма-қол бір-ақ томырылатын...

Жолда

Абай әкесімен бірге Қарқаралыда тұрғалы көп күндер болды. Қазірде қыс өбден түсіп, қар бекіп алған-ды...

Аға сұлтан Құнанбайды Қарқаралы арызшыларымен бірге осы Тобықтылар тегіс соңғы мезгілде Құнанбай демей – «Мырза» деп атасатын.

– Қызғанған дұшпанның іші күйсін! Ертең мешіт те бітейін деп тұр... – деп, Майбасар мазатсып қойды...

Абай Қарқаралыға келгелі «мешіт» деген сөзді әкесінің аузынан және басқа атқамінерлердің аузынан да көп-көп есітетін. Әкесінің атақ-абыройын осындай көп аузына қатты жайып бара жатқан сол мешіт жөні екенін де жақсы біледі.

Құнанбай өткен жаздан бері бұл атыраптағы ең бірінші мешітті осы Қарқаралы қаласына өз өмір-құдіретімен салғызып жатқан. Сол мешіт бүгін өбден бітпек еді...

Абай өз әкесінің өзге атқамінер атаулыдан мықты, қайратты екенін сезеді...

...Осыдан екі жыл бұрын Құнанбай мен Алшынбай достығы құдалыққа соғып, осы Алшынбайдың Түсіп деген баласының Ділдә деген қызын Абайға айттырысқан болатын. Алшынбай, сонымен Абайға үлкен қайына-та болушы еді.

Қарқаралыға келгелі Алшынбай Құнанбайға бірнеше рет келіп, қонақ боп кеткен. Бүткіл бұл атыраптағы атқамінердің Алшынбай атын атауы басқаша көрінген. Оны Алшынбай деуші кісіні Абай әлі есіткен жоқ. Ылғи «Алшекең» дейді...

Оның ата-тегін де бар Тобықты, бар Қарқаралы «қаракөк» деп атайды, Алшынбай белгілі би Тіленшінің баласы, одан арғы атасы – Қазыбек би. Осының бөріне қарағанда, Абайдың қалыңдығы Ділдә, тіпті, бір үлкен, асқақ жердің қызы тәрізденеді...

Осы кезде бұлар Құнанбай пәтеріне де жетіп, қораның ішіне кіріп еді. Бю-қию толып жүрген аттылар, жаяулар екен...

Келгендер Құнанбай мен Алшынбайдың екі жағынан жарыла отырды...

Үй іші үнсіз еді. Бағана есік алдында, ауыз үйде қалған Қарабас есікті ақырын ашып, ептеп басып кеп:

– Майыр кепті, мырза. Сізге келді, – деді.

Құнанбай оған да қыбыр еткен жоқ. Аздан соң есік ашылып, еңгезердей қызыл сары Майыр кірді. Қасында қазақ тілмаш Қасқа бар...

Майыр Құнанбай, Алшынбаймен қол алысып, амандасып болды да, жерге отырмай, Құнанбай қарсысындағы жалғыз орындыққа отырды...

Бұл майыр Құнанбайдың дегеніне жүре бермейтін. Өз беті, өз жолы бар. Сондықтан Құнанбайға жаманатты көрінетін.

Қарқаралы деген округтің өміршісі – Құнанбай мен осы Майыр. Қазақ округті «дуан» деп, мыналарды бірде «дуанбасы» деп, кейде Құнанбайды «аға сұлтан» дейді. Құнанбай округті басқаратын приказдың бастығы, Майыр орынбасары болатын...

Майыр Құнанбайға Бөжей жұмысымен кеп еді... Құнанбай...:

– Майыр, сенің атаң аты Тобықты емес еді. Осы Қарқаралыға кеп бауыр тапқаннан аманбысың? Бөжейді айдату керек, қағазын дұрыста деп ем. Сары аурудай создың да кеттің ғой. Соның жанкүйері сен болып, бауыр тартып, бауырың езіліп жүр ме осы, немене?.. – деді.

Тесіле қарап, Майырдан жалғыз көзін алмай, сызданып отыр. Майыр «Аудар!» деп, тілмашқа қарады.

Қасқа тілмаш Құнанбай мен Майырға кезек жалтақтады... Құнанбай мұның бөгелгеніне ыза боп:

– Ей, тілмаш, осы саған «Өке» дейін, жарықтығым, тек дегенімді түгел жеткізші!.. – деді...

Тілмаш бөгеле отырса да, Құнанбай сөзін жеткізген еді. Майыр сасқан жоқ...

– Өкімшілік өш кісіден кек алу үшін берілмейді бізге... Бөжей Ералиновтан түскен қағаз көп, тексеру керек! Және ол үшін ренжитін кісілер де көп. Айдатпай тоқтай тұр! – деді.

Осыдан соң екі жағы да шапшаң сөйлесе жөнеліп еді...

– Сүйтіп, арпалыстырып ұстамақсың ғой? Көздегенің сол ғой?

– Жалғыз мен емес... Бұрын аға сұлтан болған Құсбек, Жамантайлар да солай қарайды. Тіпті, мына Алшынбай білетін Баймұрын да солай ойлайды.

– Олар кім? Бірен-саран!.. Көрмей отырмысың соны?

– Аз болса, болсын. Бірақ закон – патша законы, олардың куәлігін де тындайды. Олардың сөзі де жетеді жоғарғы ұлыққа... Аға сұлтан! Орныңызды ұмытпаңыз!.. Біз екеуімізді де корпус сайлаған, – деп, Майыр... түрегеліп, үй ішінде әрлі-берлі жүріп кетті. Ашумен қатты қызарып алған еді.

Құнанбайдың ендігі жауабын Алшынбай айтқызығысы келмеді...

– Ей, мырза! Ей, Майыр! Сабыр етіндерші! – деп қатты айтты.

– ...Құнанбай мырза, саған, – деп, Құнанбай жаққа ырғала түсіп, – сол жұмыспен келіп отырмын... Майыр, қазір сен қайта тұр. Тұрақты бір жауабын бүгін кешке мен жеткізейін... – деді...

Майыр... Алшынбайға:

– Айтқаның дұрыс, мен тоқтаймын. Жауабын өзіңнен күтемін... – деді де, келген жұмысын тез доғарды. Содан кейін... жаубүйректен аз ғана асады да, қоштасып жүріп кетті... Аздан соң тілмаш кетті. Содан кейін барып қана Құнанбай:

– Параға жемсауы толған ғой өлгі піскен бастың. Бет алысын көрмеймісің? Баймұрын арқылы Бөжей, Байсал тығындаған ғой... – деп, бағанадан желісі үзілмеген ойының бір түйінін айтты.

Алшынбайдың ойы да осы туралы еді...

Алшынбай енді Құнанбайға қадала қарап отырып, жіті сөйлеп:

– Бүгін мына мешіт бітіп, абыройың асып отыр. Атағың көпке кетіп жатыр. Соны күндейтін де кісі көп. Алдымен анау көрпіс, мына жаңағы Майыр күндейді. Кішіреймейсің, кешірім етесің. Ақ көңілің мүлде ағарсын. Мұның да бір Құнанбайлығың болсын... Ана Бөжей ағайыныңды жау қып, жатқа жіберме!.. Бауыр қып, қасыңа тарт, татуласшы осы! – деді.

Құнанбай көпке шейін үндеген жоқ. Татулықты Алшынбай сұрағанда, қай жауабын болса да, ойланбай айту қиын...

* * *

Осы сөз болған күннің кешінде Абай Қарқаралы қаласын жапа-жалғыз аралап кетті... Абай өз пәтерлерінен екі-үш көше ұзап кетіп еді... бір уақытта пұшпақ айналып, даурыға сөйлеп келе жатқан жаяу топты көрді...

Себеусіз жымия күліп, осы топты Абай көше ортасында аңырып, тосып қалды... Абай енді байқады. Бар топтың ентелеп қамағаны – үлкен ақ сақалды, келісті қарт екен... Өзі де күліп, топты да күлдіріп келе жатқан сол.

Бір тосын ғажап нәрсе – шалды екі жағынан қолтықтасып келеді. Шал өзі басын тік ұстап, ілгері басып келе жатқаны болмаса, ешқандай бет бұрмайды... Қарт соқыр екен...

Топтың мұны байқамағаны, тіпті, жақсы болды... Қасынан өте бергенде, Абай да қосылып, ере жүрді...

Кейінірек келе жатқан бір бұрыл сақалдыдан Абай:

– Бұл кісі кім, аға?.. – деп еді. Анау таңданып:

– Е, білмеуші ме ең Шөжікенді?.. Бұл Шөже ақын емес пе? – деді.

Шөженің атына Абай қанық, бірақ көргені осы. Атын ести сала, ол бұрыл сақалдан сытыла жөнеліп, топтың алдыңғы қатарына ілесіп, Шөжені жақсылап қарап, сөзін тыңдай бастады.

...Шөженің қасында тұрған бір қартаң кісі ақынға қозғау салғысы келді, білем:

– Уа, Шөжіке, дуанға жаңа келдің ғой, мұндағы дақпыртты естіп жатырмысың? – деп еді, Шөже:

– Е, е, айт! Не дейді? Не деп жатыр дуаның? – деді.

Жаңағы қартаң кісі қала жаңалығынан хабардар екен. «Құнанбай салған мешіт бітті. Алшынбай, Құнанбай соны той етпек және аға сұлтан Құнанбай ағайынымен бітісетін боқты. Ұлық пен Алшынбайлар табыстыратын боқты!» – деді.

Абай мына сөзге аса қайран болды. Өз әкесінің атын дәл мына жерден естимін деген жоқ еді. «Мешіт бір сәрі, тіпті, оның араз-құразы да иен жұртқа мәлім екен-ау!» – деп таңданды.

– Е-е, араздасам деп, ұлықтығынан айрылып қалмасын дейді ғой.

– Құнанбайдың қамқоры Алшынбай бопты ғой.

– Өрине, бәр-бәрін жалғастырып, септестіріп жүрген сол Алшынбайлар... – деседі.

Шөже осы жайларды күле тыңдап тұрып, бір кезде оп-оңай өлеңдете қоя берді. Ашық даусы саңқылдап:

Болыпты бір ақсақ таз және соқыр,
Құранды мысық сопы молдаң оқыр,
Болғанда ақсақ дария, соқыр қарға,
Ортасын дарияның қарға шоқыр, –

деді. Жұрт тегіс ду етіп күліп жіберді... Шапшаңдығына, айтқыштығына қайран боп таңдай қаққандар да бар.

– Ақсақ тазы – Алшынбай...

– Соқыры – Құнанбай.

– Не қыл дейсің? Ал қайтпас көрің жалғыз ауыз өлеңмен жайратты да салды! – деп жұрт жапырлап сөйлеп жатыр... Абай бұл сөздерден қатты ұялып қысылды да, шеттей берді...

Өлемде сөзден күшті не бар екен? «Сөз өңменіңнен өтеді ғой» деген Қаратайдың тағы бір тапқыр сөзі есіне түсті.

Осындай өз ойымен өзі боп, ішінен аса қатты теңселткен бір күшті сезген Абай көшені де, көшедегі жүргіншіні де аңғармай, көрмей келе жатыр. Бір пұшпаққа жақындап қалған екен. Дәл бұрыштан бұрылып, бұған қарсы шыққан үш аттыға көзі түсті.

Аңырып тұра қалды да, тез таныды. Келе жатқан Бөжей, Байсал, Байдалы екен...

Абай тоқтаған қалпында бойын тез жиып, аттылардың алдына жұмысы бар кісідей көлденеңдеп кеп, тосып тұрды. Аттылар мұның қозғалысын оқыс көрді ме немесе таныды ма, аттарын баяу бастыра бастап еді, жақындап тұстас келді. Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша бір тағзыммен төсін басып, қатты дауыстап:

– Ассалаумағалайкүм!.. – деп, сәлем берді...

Абай көптен бері ешкімге бүйтіп сәлем беріп көрген жоқ. Қарқаралыға келгелі Бөжейдің көрінгені осы. Шешесінің жүрердегі сөзі есіне түсті ме,

болмаса қазіргі көңіл күйіне сай келді ме?.. Қалайша бүйтіп өдеп шығарғанын Абайдың өзі де байқамай қалған-ды.

Өзге қазақтан бөлек, мына сияқты, бір алуан сыпайылыққа Бөжей оң назарын салды білем... атының басын тежей беріп:

– Уағалайкүмөссөләм, балам!.. – деп, тоқырай қалды.

Байсал Абайды жаңа таныған еді. Жақтырмай, мұрнын тыржитып:

– Өй, мынау екен ғой, жә, жүрші! – деп, атын қозғай беріп еді, Бөжей:

– Тоқташы! – деді.

– Ей, сол антұрғанның баласының сәлемін алушы ма ем?.. – деп, Байсал Абайға қабағын түйе қарады.

Абайдың екі беті ду етті. Оқыс жалын беті емес, ішін де шарпып өткендей. Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады.

Бөжей Абай күйін жақсы таныған сияқты еді. Байыптап қарап алып:

– Балам, жөніңді айтшы, бізді көрсең, сәлем бер деп, өкең айтып па еді, жоқ, өздігіңмен істедің бе? – деді.

– Бөжіке, өкем емес, өзім беріп тұрған сәлемім сізге!..

Абай жауабын естіген соң, Бөжей ықыласпен қарай түсіп, жақындады да:

– Өкең айтпай, өзің білген болсаң, батамды берейін. Көзіңнен жақсы жанар көрдім ғой, шырағым!.. – деді...

– Ендігінің жүгі сенде қалар, балам! Жолың болсын!.. Жалғыз-ақ өзгені берсе де, өкеңнің қаттылығын бермесін! – деп, бетін сипады. Абай да Бөжейге қадала қарап тұрған қалпында бата қылып, бетін сипап еді...

...Енді асыға жүріп келеді. Күн қазір ымырт боқты, оны да жаңа байқады...

Өзге күндерден дәл бүгінгі күннің уақиғалары әлдеқайда бөлек. Күндізгі өкелер, өлгі Шөже, жаңағы Бөжейлер... Бір Қарқаралы қаласының алақандай аясының ішінде болғанмен, осы адамдар арасы соншалық кереғар...

Тыстан аса көңілді өсер алған Абай ымырт өбден жабылғанда, Майбасардың пәтеріне кеп кіріп еді... Үйде Майбасар, Жақып бастаған туғантуысқандар көп екен... Майбасар Абайдың түсіне сүйсіне қарап:

– Абайжан! Тоңған жоқпысың, қайда жүрдің? Кел, шешін, шай ішіп жылыншы! – деп, қағыла беріп, өз қасынан орын босатты... Абай асықпай шешініп болып, шайға кеп отырды...

...Жақып...:

– Бұл мешіт, біле білсеңдер, біздің мырзаға да, онан соң, осы отырған бөріңе де зор абырой әперетін мешіт қой, жарықтық! – деді.

Майбасар бұл тұста қайтадан нығызсып, дардия түсіп:

– Е-е, соны айтсаңшы!.. Дұшпан атаулының аузына құм құймай ма бұл мешіт? ...Бөжей де осыны сезген болар. Татулықты іздеген тәрізді ғой! – деді...

– Байғұс Алшекең де дос-ақ қой! Біздің мырзаның анық тілеуі, адал жақыны сол бақыр ғой... – деп, Жақып Алшынбайдың күндізгі мінезін еске алып еді. –...Абыройыңды төре-қараның бар желауызы қызғанады, тіпті, ұлық та қызғанады... деді ғой...

– Майыр... қызғанудан бұрын өуелі Бөжей, Байсалдан параны да соқты ғой!.. Сол ғой оның өктеп отырғаны, құлқынын танымаймысың?.. – деп, Майбасар өзінің күндізден байлаған шешуін айта кеп, – Ал енді Бөжеймен татуласу да осы бүгін кешке болады... – деді.

Дәл бұл арасын Жақып та, өзге бұнда отырған жігіттер де естіген жоқ еді. Абай да білмейтін. Бәрі де аз аңтарылып қалып, іштерінен Бөжейдің бүгінгі татуласа келетін пішінін көргісі келді.

Майбасар осы жайдың бәріне тоқмейілдене түсіп:

– Бар жақсылықтың басында, әйтеуір, бір Алшекең... Берген мал адал, адал ғой Алшынбай аулына! – деді де, қасында отырған Абайға иіліңкіреп, төне түсіп:

– Ұқтың ба? Бәлем, осы жолы бармай құтылшы қайныңа! – деп, Абайды тағы қолға ала бастады. Бірақ Абай дәл осы жолы бұрынғыдай жасыған жоқ...

Абай күліп жіберді де, бір ерекше ойнақы тентектік тауып:

– Осы бір емес, екі емес... шын қоймайсыз ба? – деп, домбырасын тоқтатып, алдына көлденең салып, Майбасарға қадала қарады...

Абай өзі көрген Шөженің қалпына салып, күлімсіреген көзін сығырайтып, басын жоғары көтере беріп соқтырта жөнелді:

Уа, қой десе, бір қоймайсың
Аз болды ма, Майеке,
Осында көрген қызығың?
Кертіп жеп-ақ жүрсің ғой,
Қарқаралы халқының
Жал-жаясын, шұжығын.
Алған, жеген аздай-ақ
Тағы бірді тауыпсың.
Уа, Алшынбайдың қызы кім?
Адақтамақ сертің бе,
Осы өңірдің елінің

Жүйрігі мен жортағын?
...Орайы болмас қолқаның... –

деп, сақылдап күліп, Абай Майбасарға қарай жантая кетті.

Үйдің іші өрі қайран боп, өрі сүйсініп, қарқылдай күле жөнелді...

– Қап, мына Шаншардың жиені!.. – деді Майбасар.

Төлепберді, Бурахандар да мына сөздің төркінін ұғып:

– Бәсе, нағыз Тонтай!

– Тонтайдың жиені ғой!.. – деседі.

– Уа, бұл өлеңді бір жерден қойнына салып әкелді ме дейім?! Өлең айтушы ма еді бұл жаман?.. – деп, Майбасар әлі қайран боп отыр.

Шынында, Абайдың өлең жазып, өлең айтатынын бұл үлкендердің көрген, сезгені осы ғана. Абай өзінің қалжыңынан мұндай үлкен әсер болады деп ойлаған жоқ еді. Енді қайтадан өз-өзінен қысылыңқырай бастап:

– Өз өлеңім емес, – деді мынау үлкендердің шамасын біраз қылжақ еткендей боп, – бағана кешке Шөжені көріп ем, соның өлеңі, – деді.

Үйдегілер нанар-нанбас боп, жапырлап сұрастыра бастағанда, Абай бір қалыпты күлімсіреген жүзбен сыр білдірмей отырып:

– Осында бір Майбасар деген ағам бар. Күнде сүйтіп маза бермейді, соған жауап үйретші деп ем, сол кісі үйретті, – деді.

Шөженің бағанағы мысқылшыл, ойнақы, ащы күлкісі Абайдың қазір көз алдында. Жаңағыдай Майбасарды жайратып салғанына Абай өзі де ішінен қатты ырза болатын.

...сыртқы есік ашылып, жылдам басып Қарабас келді... Дырду тез басылды. Қарабас үйге басын сұға бере, табалдырықтан аттамай, даурығып:

– Болыңдар! Намаз бітті! Қонақтар мырзаның пәтеріне беттегелі жатыр... Қаратай мен Ызғұтты жетсін! – деді. Ал тегіс, шапшаң! – дегенде, үйдегі жұрт дүрк тұрып, асығып киіне бастады...

Абай... ақырын аяңдап әкесінің үйіне келді....

Абай қонақ үйлердің есік-есігінен бір-бір қарағаны болмаса, ешқайсысына кірген жоқ.

...Абай Құнанбай бөлмесінен шырқай шыққан үн есітті.

Табакшының біразы да бұған елең етті. Абай да барып, есікті біраз ашыңқырап қарап, көз салды... Шоқша бурыл сақалы бар, жал тұмсық, сұр жүзді бір кісі екен. Домбырасын безілдете ойнақшатып, зор қайырмананы басып ап, содан өрі домбыраны көлденең салып қойып, тақпақтай соғып, желдірте жөнелді...

– Бұл кім?

– Бұл қайсысы?..

– Қай ақын?.. – дескен үндер өзге бөлмелерден де және табақшылар арасынан да естіліп еді...

Құнанбай бөлмесінен ауыз үйге қарай басын шығара беріп, Қаратай:

– Балта, Балта ақын! – деді.

Жанынан шығарып, сілтеп отырған, Алшынбай қасында жүретін Балта ақын екен...

Алған жарың жамандап,
Асқанды қайдан табарсың...
Ағайынды жат біліп,
Жақынды қайдан табарсың?
Араз болсаң, еліңе,
Жамандық айтар хабаршың.
Тату болсаң, ағайын,
Сонау қатын-балаға
Сүйінші айтар хабаршың, –

деп тоқтады. Үй ішінен:

– Уа, сөз төресі осы да!.. – деп даурығып, мақтау айтып жатқан Алшынбай, Қаратай, тілмаш үндері келді.

Осындай үлкен ауыр жиында мынадай суырыпсалма сөз және аразды табыстыратын бітім, жамау сөз Абайға бір алуан қызық сияқты көрінді...

Абай Бөжейдің пішінін жаңа жақсылап көрді. Ажарында ашу жоқ. Бірақ соншалық ашық-жарқын, сауық, қызық та жоқ...

Бұл үй өңгімесін қоңыр кеңеске айналдырған Алшынбай мен Баймұрын. Еңгезердей үлкен бойлы, сары Баймұрын Бөжейді татуластыра өкелген кісі болатын... Осы уақытта Қаратай ауыз үйге шығып, Ызғұтты мен Майбасарды шақырып ап:

– Татулық болды, татуластырды!.. – деді.

– Ал байлау не болды?.. Тынымы не болған екен?.. – деп, Майбасар ентелей түсті.

– Тынымы да өзгешелеу болды, білем... Араларың алыс болса, қыз алысып, құда болысындар дер едік. Ағайынсың, жақынсың, бірақ сол жақындығың қайта жаңғырсын! Екеуің бала алысындар! Бөжей Құнанбайдан бала ауысып, бауырына салсын. Сүйтіп иістерің аралассын! – десті...

...Абай бұл күндерде екі шешесі мен Ғабитханға Қарқаралыда көргендерін, сезгенін көп-көп өңгіме қып айтып жүрді. Кейде мұның өңгімесін тоқал шешесі, сұлу Айғыз кеп тыңдайды.

Бөжеймен болған татулықты да айтты. Бірақ бала беру жайын білдірген жоқ... Осымен төрт-бес күн өткен шамада: «Бөжей де келіпті» деген хабар жетті.

Құнанбай сол қарсаңда Жидебайдағы үйіне Қарабасты жіберген екен. Сол Зере мен Ұлжанға кеп:

– Мырза сәлем айтты, ертең көп кісімен осында келеді. Және Бөжеймен бас қосып табысатын осы үй, осы үйдің қара шаңырағы бопты. Мұнда Бөжей, Байсалдар да келеді. Осыған қам істеп, күтіп алсын деп тапсырды! – деді.

...Келесі күні, айтқанындай Құнанбай, Бөжейлер бар нөкерлерімен тұтас кеп, ошарылып қалды... Ертеңінде Бөжейлер жүрер кезде Абайдың Қарқаралыда естіген жат сөзінің шешуі жетті.

Өз үйінде жер бауырлап жылап, Айғыз жатыр екен. Қарабас мұның қолынан Кәмшатты алып, шарт киіндіріп, үлкен үйге апарыпты...

Құнанбай босаңсыған пішіндердің барлығына жалғыз көзін оқтай қадап, атып жібергендей қарайды. Қарқаралыдағы байлау бойынша мұның Айғыз қолынан тартып алып, беріп отырған баласы осы.

Үй ішінде түк өзгеріс сезбеген, бұрынғысынша былдырлаған Кәмшат, тысқа қарай бір бөтен, үлкен кісі ала жөнелгенде ғана шошынып еді.

– Апа!.. Апа!.. Әже!.. – деп, шырылдап қоя берген.

Кішкентай жүрегін қорқыныш қысып, зар қаққан бала дәл бір от басып алғандай шыр-шыр етеді...

Шытырманда

Абай Қарқаралыдан қайтқан соң, атқа мініп, ел аралаған жоқ.

Көбінесе Жидебайдағы ауылда шешелерінің қасында болды. Көктемге шейін күндіз-түні кітап оқуға салынды...

Зере Абайдың кітапқа берген ықыласын байқап, бір күні кешке:

– Қарағым, осының ақыл. Ішкен менен жегенге мәз боп, мойны-басы былқылдап, ақылдан да, өнерден де кенде боп жүрген бай баласы аз ба? ...Ұқсама аналарға!.. – деген. Әжесі кітап қадірін жақсы айтқанға Абай ырза болып, жаңағы сөзден соң, күн сайын бір тамаша өңгіме айтатын болды...

Абай өңгіме айтуға біртүрлі шешен, шебер боп барады... Бір жаманы, жалғыз-ақ көктем болып, мал төлдей бастаған уақытта қызық кітаптың бөрі тегіс оқылып, бар өңгіме айтылып қалды...

Күнкенің аулына Абай келісімен, Құнанбай мұны Құлыншақ аулына жұмсады. Өкесінің Құлыншаққа айтатын сөздерін Абай ұғынып ап, тысқа шыққанда, мұнымен бірге барғалы Қарабас өзір тұр екен.

Құлыншақ аулы алыс емес болатын. Қарашоқының күнбатыс жағы, бұрынғы Қодар қыстауының арғы жапсары Торғай руына тиісті. Құлыншақ – сол Торғайдың басты кісісінің бірі.

Өзін бала көргенмен, Құнанбай жібергенін ескеріп, Құлыншақ Абайды үлкен кісідей қарсы алды...

– Өкем сізге сәлем айтып еді...

– Сәлемет болсын...

– Айтқаны, мына жердегі Бетқұдық жайы. Бұрын Борсаққа тиісті қоныс екен. Ақперді Борсақ қыстауын алған соң, қонысы мен өрісін тегіс алдым дейді ғой. Соған былтыр күздігүні қыстауға кірер алдында сіздің ауыл қоныпты. Бірталай отырыпты. Қазір жаз шыға: «Қорасының жаны болған соң тағы қонып жүре ме? Мен ірге тигізбей, күздігүні пішенін шауып алайын деп ем. Осыны Құлыншақ маған қиса екен! Қонбаса екен!» – деп, өкеме өтініш айтыпты...

– Е-е, ат иесі Ақперді десеңші! Ендеше, алдына ат иесі мінед те, артына бізді тілесе мінгізіп, тілемесе мінгізбес... – деп, Құлыншақ наразы боп, томсарып қалды.

Абай Құлыншақтың ренжіген жайын ұғады. Өз басы ренжітейін деп те ойлаған емес. Басында өке сәлемімен келсе де, мұның арты үп-үлкен шаруа жайы екенін онша бағалаған жоқ-ты. Енді мынандай үлкен, нығыз адамның амалсыз ренішіне қарай, өзі айтқан жайдың ауырлығын ұқты.

– Менің өкелгенім осы бір сәлем. Арғысын өзіңіз біліңіз.

– Қайтпек керек? Ақперді! Ақперді! Ақпердіге Құдай бақ берді, – деп, Құлыншақ ащы бір мысқылмен күліп қойды.

Абай Құлыншақтың сабырлы сықағына қызығып, күліп жіберді. Тартысам деп келген емес. Және өке қарызынан құтылды. Сондайды шапшаң болжап шыққан Абай жаңағы Құлыншақ қалжыңын іле жөнеліп:

– Бақ берген емей немене,
Борсақтан қалған аз жерді
Менікі деп тап берді деңіз, –

деді.

Абайдың бұл мінезіне үйдің іші тегіс күлді...

Осыдан Құлыншақ Бетқұдық әңгімесін былай қойып:

– Шырағым, осы анада Бөжейге берген жас бала қалай екен? Айғыз бишара жылап қалды деп еді, ол қалай? – деп, Абайдың үй ішін, Зере жайын, Ұлжан күйін сұрастыра бастады. Кәмшат туралы Абай еш нәрсе айтқан жоқ. Құлыншақ қайта оралып:

– Айыпқа мал бермеді деп, Бөжей жағы қомсынады, білем. Сол кішкене қарындасыңның күтімі де келісті емес деп есіттім-ау!.. – деп, қайдағы бір көңілсіз, шетін жайларды қозғай бастады...

Абай өкесіне Құлыншақтың көнгенін айтса да, өкпесін айтқан жоқ. Істеп келген ісін қысқа ғана баян етіп еді.

Бөлек жерде Құнанбай Қарабастан да сұрастырған. Абайдың айтқан сөздерін түгел есітті. Қарабас Абайдың бүгінгі мінездеріне ырза екен...

Осының ертеңінде Құнанбай Абайды және жұмсады. Қасына тағы сол Қарабасты қосып, енді Сүйіндікке жіберді.

Сүйіндік аулына Абайлар ел орынға отыра келді...

Үлкен үйдің ортасында алакөлеңкелеу жанған тас шам бар. Сүйіндік бөйбішесімен және екі баласы – Өділбек, Асылбекпен – бәрі де қонақтармен бірге болды. Бұл үйге, әсіресе, өзгеше көктем нұрын енгізген бір жан бар. Ол Сүйіндіктің қызы – Тоғжан. Абай келгеннен бері Тоғжан үлкен ағасы Асылбектің отауынан осы үйге бірнеше рет келіп кетті. Сылдырлаған шолпысы, өлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы көмшат бөркі, білек толған неше білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сөні сияқты...

Бұрын «ғашық жар» көп оқыған хикаяларда, көп-көп естілген ауызша әңгімелерде болса, бүгін Абайға ең алғаш рет кітап емес, әңгіме емес, өзінің анық, аппақ мүсінімен, күлкісі, қозғалысы, тынысымен «Сол мен едім», «Мен мұндамын» деп келгендей...

Абайдың бұл ауылдан кеткісі келмеді. Қонағуар, жылы жүз, жақсы мінезді үлкендердің үйі аса бір сирек кездесетін, жайлы ұя сияқты екен... Бірақ кетпей болмайды.

Үйде Сүйіндік пен Абай және Сүйіндіктің бөйбішесі ғана қалған уақытта Сүйіндік Абайдан Зере жайын, Ұлжан күйін сұрастырып отырып:

– Аналарыңа сәлем айт, балам! – деді.

Түннен бері үндемеген бөйбіше де Ұлжанға сәлем айта отырып, Айғызды есіне алды. Содан барып Кәмшат есіне түсіп:

– Шырағым-ау, осы анада Бөжекең аулына жіберген кішкене қыз не жайда? Айғыз бишара қайтіп қиды соны?.. – деп, бір жағынан, наразы

боп, сұрастыра бастады. Абай амалсыздан сөйлеп, қысқа ғана жауаптар қайырды. Бәйбіше бұл жөнде шешіліңкірей бастап:

– Бөжейдің әйелі қатыбас кісі еді. Өзінен де туған қызы көп, күтеді деймісің кішкене пақырды? – деп, қынжылып отыр.

– Е-е, Бөжей бар емес пе? Қатыны ойламаса, Бөжей ойлайды ғой! Неге күтпесің! – деп, Сүйіндік майдаламақ болды.

– Әй, білмеймін! Ауыл-аймағымен тегіс-ақ: «Айыпқа берген қыз ғой. Малын қимай, жанын қиды ғой айыпқа!» десіп, жамаан сөздер сөйлейді деп есіттім ғой. Жас баланы жылатқандары бекерлік болған ғой өзі... Айғыз бишарада не сүлдер жүр дейсің? – деп, бәйбіше өз-өзінен босаңсып барып, жылап жіберді...

Кеше Құлыншақ та, бүгін мынау ауыл да Кәмшат жайын ылғи «жетім жандай, күндікке, қорлыққа кеткен бишара, өлсіз сорлыдай» сөйлейді. Тегін емес-ау!..

* * *

Абайлар Қарашоқыға түс ауа жетті. Күнкенің үлкен үйінде мол жиын бар екен.

...Абай өзінің Сүйіндікке барған жұмысын көпке шейін айта да алмады.

Ақыры, бір әредігін тауып, өкесімен сөйлесіп, міндетін ада қылды... Енді бүгін мұнда қонбай, Жидебайға қайтсам деп ойлап еді. Өкесіне сол ниетін айтқанда Құнанбай...:

– Тағы бірер күн аял қыл. Ертеңдер сені Байдалыға жіберіп алғалы отырмын. Содан әрі қайтарсың, – деді.

Абай амалсыз көнді де, бөл шешіп жайланып, осы өгей шешесінің үйінде қала тұратын болды.

Байдалы Абайдың көп сөйлеспеген кісісі. Кешелер ол да Құнанбаймен араз кісінің бірі еді. Енді соған жібермек...

Екі күн өткен соң, Құнанбай Абай мен Қарабасты Байдалыға жіберді. ...Сырты үп-үлкен ақшыл үйге Абайлар кіре бергенде-ақ, Байдалының бір нәрсеге қатты ашуланып, айқайлап жатқан үні естілді.

Үй іші өбігер екен. Босағада малшы қатын үлкен күбіге іркіт пісіп тұр. Бір жағынан, кең қазанда құрт қайнап жатыр екен. Үй іші ыстық. Дәл Абайлар кіре бергенде, Байдалы бір кішкене қара пұшық қызды май құйрықтап шапалақпен ұрып:

– ...Тыныштық бермедің ғой сен-ақ! – деп, жылатқан бойында итеріп тастады. Қыз отқа құлай жаздап, әрі шошып, әрі ашуланып, булығы жылады...

Үй ішінің осы жанжалының уақытында Абайлар сәлем беріп кіріп, төрге шығып отырысты.

Байдалы сәлемді оңдап алған жоқ. Амандасуы да солғын болды...

Үлкен қара сақалды, суық түсті Байдалы қонақтардың бетіне қарамай, мойнын есік жаққа бұрып отыр. Аздан соң күбі піскен қатынға қарап:

– Қымыз өкел, ас ауыз тигіз мыналарға! – деді...

– Барыстарың қалай? Не шаруамен жүрсіндер? – деді. Абай өзі келген шаруасын сол арада айтты.

Өңгіме тағы жер жайынан. Құнанбай ел жайлауға шығардан бұрын, былтыр өзі Қарашоқыдан көшірген Бөкенші, Борсаққа Жігітек жерінің жапсарынан жайлау берген болатын. Сол ретте осы Байдалының Қаршығалы, Қопа деген қоныстарына «Сүгір мен Сүйіндік ауылдары қоса қонсын, бірге жайласын!» – депті. Абай қымызын ішпей, алдына қойып отырып, сол шаруаны айтып шықты.

Бұл сөзді есіткенде, Байдалы қабағын түкситіп жіберіп, қатты түйілді. Абайға жауап бермей, зілдене қарап, қадалып қалды. Абай Байдалының көзінен жасқанған жоқ. Бала жүзінде ашу да, араздық та жоқ...

Байдалы кірпік қақпай, шұғыл ойланып, үнсіз отырып, ақырында:

– Құп болсын! Қонсын Сүгір мен Сүйіндік, не деуші едім! – деді.

Қайратты, шапшаң, ер адамның байлауы сияқты...

– Айтқанына көндім. Бірақ сөз ұғушы ма едің өзің? Өкеңе айтар сәлемім бар. Бұлжытпай жеткізуге жараймысың, жоқ па?

– Ойдағыңыздың бәрін айтыңыз, ақсақал! Жеткіз дегеніңіздің бір ауызын қалдырмай, апаруға уәде қылайын. Мен тек екі арадағы сәлемшімін. Дегеніңізді жеткізбей кетсем, я бұрсам, қиянат болмас па еді? Мойнымда қарыз қалдырмаспын!

Байдалы мына сөзге әбден қанағат қылды. Бала көргені – бала емес төрізді.

– Ендеше, жаттан айтсам, сырттан айтқан болады. Саған айтсам, өкеңнің өз көзіне айтқаным! – деп, аз бөгелді де, – «Татуластық, табыстық» деп ек кеше тамам Арғынның тобында. Сол татуласқан сиқым осы ма? ...Атаң Ырғызбайға атам Кеңгірбай оң батасын беріп, би сайлап еді. Өз баласы, өз туысы жоқ емес еді ғой сонда. «Осы болсыншы» деп бермеп пе еді? Ал бұл болса, бүгін, мінеки, алысқа абыройы асса, айналып кеп, Жігітекті жаныштайды. Жақынға жауықса, жағалап кеп, тағы Жігітекті жентектейді. Бір жібімей кеткені ме үстіп? ...Осыны айт! Бір мен емес, «Жігітік сәлемі» деп айт осыны! Ал мына жерін алсын, бір бұл емес, тағы тапсын, тағы алсын! – деп, қолын бір-ақ сілікті де, тоқтап қалды.

Үй іші жым-жырт. От өлі маздап жанып жатыр. ...Әуелде толтыра құйылған іркіт қазір бірер қайнап қалған екен. ...Қайнауы жеткен ашу – қызуы жеткен құрттай. Бір жер емес, қазан беті әр тұстан бұрқ-бұрқ етеді. Ол-дағы осы елдегі әр жерден шаң беріп жатқан Құлыншақ, Сүйіндік, Бөжейлердің ашулары сияқты...

Жол бойында ешбір жерде Абайдың аялдағысы келмеді. Оңай емес, әлдеқалай емес, бүгін естігені ерекше. Байдалының аулынан ұзаққырап шығысымен Қарабасқа:

– Жүр, жарысайық! – деп тебіне жөнелді...

Екі жолаушы ұзақ шапты. ...Күн бата берген кезде аттарын қан сорпа қып Қарашоқыға жетті.

...Баласы тақап келгенде, Құнанбай:

– Немене, балам? Неден ширьқтың, жөніңді айтшы! – деді.

Абай әкесінің төменгі жағына отыра беріп, өз ішіндегі көңіл күйін дәл тапқанына қайран қалды.

Отырысымен көп күттірген жоқ. Бүгін Байдалыдан есіткен сөздерді бұлжытпастан, жалғыз түйірін қалдырмастан түгел айтып шықты.

Әкесінен көз алмай қарап отырып сөйледі. Құнанбай басында мұны аса салқын тыңдады... Абай әке көзінен жасқанған жоқ. Байдалының дауын соншалық зілді, ұтымды күйде айтумен қатар, мына бала өз сұрағын да осы араға қосып отырған сияқты. Әке мен бала ең алғаш рет шындасып бет ашысатын белге келгендей еді...

* * *

Жидебайға қайтардың алдында Абай әкесінен көш-қон жайын сұрас-тырған. Құнанбай үлкен аулына тез көшсін деп бұйрық берді...

Абай үлкен үйге де, шешелерімен амандасып болған соң, көші-қон жайын айтты...

Кешкі астың алдында Абай Зере мен Ұлжанға Кәмшат жайын айтты. Естігенінің ешбірін қалдырмай, қатты айтты. Жыласа да, күйзелсе де, шешелерді аяймын деп, Кәмшат жайын бүркеу мүмкін емес.

Зере күрсініп, күңіреніп кеп, Құнанбайды жерледі. Ұлжан үнсіз, жым-жырт, қиналып отырып-отырып Абайға:

– Осы естігеніңнің бірде-бірін Айғызға айтпай тұра тұр. Онсыз да қан жүрегі қақ жарылып жүр ғой. ...Шыңғысқа жетейік. Сонан соң өзің қа-сыңа бір ересек кісіні ерт те, тура Шырақтың аулына барып, Кәмшатты өз көзіңмен көріп, бар жайын біліп кел. Айғызға содан кейін айтып, өкеңмен шындап сөйлесейік, – деді. Байлау осы болды.

...Шешелеріне өнеугі берген уәде бойынша Абай Бөжей аулына баруға асыққан. Қопаға қонған күннің ертеңінде қасына Ғабитханды ертіп, солай жүріп кетті.

...Абайлар Бөжей үйінің сыртына кеп, аттан түсіп жатты. ...Аттарын байлап, енді үйге қарай жүре бергенде, Абай осы үйдің ішінде әлсіз үнмен жалынып жылаған кішкене баланың үнін есітті. Ауру баланың жылағаны.

Абай жүрегі жаман белгіні сезгендей су етіп, қатты аянышпен шаншып кетті. Үн – дәл Кәмшаттың үні сияқты. Абайлар үйді айналып, есікке тақай берді. Бірақ дәл осы кезде жаңағы баланың жылауына ызаланған ұрысқақ дауыс естілді. Бар сөзі басқа ұрғандай ап-анық шығып жатқан Бөжейдің бәйбішесінің даусы.

– Ырылдатпа! Ырылдатпашы, анау көзің ойылғыр жетімекті! – деп, зекіп тастап, долы бәйбіше есікке қарады.

Киіз есік ашылып, екі бала жігіт кіріп келген екен. Абайлар төрге шықты. Үлкен үйдің іші сыртындай жұпыны емес, жасаулы, кілемді, алашалы екен. Бірақ салақ үйдің белгісі – сыпырылмаған, төрде олақ жиналған көрпе-жастықтан көрініп тұр.

Үй ішінде, төсек алдында ұршық иіріп үлкен, қара сұр қатын отыр. Танауы қусырылып, ерні қатты жыбырлаған қара қатын аса бір ұрысқақ, қатал жан сияқты.

Биік төсектің бас жағында жер төсек бар екен. Соның үстінде Бөжейдің екі бойжеткен қызы кесте тігіп отыр. Жасына жеткен қыздардың пішіндері – сұлу да, сыпайы да емес. Түксиген, сүйкімсіз және шешелеріндей ашушаң, қатқыл адамдар сияқты.

Осы төсектердің бас жағынан Абайлар отырып, үй ішімен ақырын ғана амандасты...

Жылаған Кәмшат екен. Ол қонақтардың оң жағында, бір жаман жыртық жаялықтың үстінде бүк түсіп, жылап жатыр. Басында жастық та жоқ. Тек бір жаман жыртық шапанның жеңін жастаныпты.

Кәмшат жаңа келген кісілерді танымады. Бірақ үй ішінің қаттылығын осы жаңа келген жандарға шаққандай боп кемсендеп, иегі дірілдеп, бір түрлі әлсіз үнмен тағы жылады.

...Ғабитхан мынау көрген күйіне шыдай алмай:

– Ей, мазлұма! Нилер ғазап көргенсің сен бейгүнаһ мазлұма! – деп, жылап жіберді.

...Абай бұл үйдің ішімен тілдескен жоқ. Жанашыр мейір жоқ, суық жандар келген жерден-ақ Абай көңіліне түрпідей тиген.

Бөжейдің қатыны шай қойғызбақ сияқты боп, қам істей бастағанда, Абай:

– Ішпейміз, жүреміз! – деді.

Кәмшаттың мынадай тұтқында, аямас ғазапта жатқан бишаралығын көріп отырғанда, тамағынан ас өтер орын жоқ.

...Кеш бата өз ауылдарына қайта жеткен уақытта Абай көңілінен осы күй бір сәт арылған жоқ, бір мысқал кеміген де жоқ еді.

...Абай Кәмшат арызын түгел жеткізбекке нық бекініп, үйге кірді. Ойлағандай, Құнанбай бүгін оңаша келіпті. Қасында жорға Жұмабай ғана бар екен.

Жігіттер үйге кірген кезде, осы үйге Айғыз да келді. Ана жүрегі бір жаманатты сезгендей бұны асықтырып, осыла жетектеп келген. Күндіз Абайдың Бөжей аулына кеткенін Айғыз білетін...

Абай әкесіне көз салып еді, үндемей, түйіліп, Айғызға аса салқын қарап қалған екен. Өзі күйіп келген Абай әке жүзінен қаймыға алмады.

– Көріп, біліп келдік. Кәмшат ауру. Өл үстінде. Бізді танымады. Бауыры суып, аямас қас көргендей барлық жанды... не айтайын? – деп тоқтап қалды...

Құнанбай оқыс бұрылып, Абайға суық қарады да, үндемеді.

Әйелдің бәрі үнсіз жылап, аһ ұрып, күрсініп отыр.

Түсіне ашу, көзіне жас толған Айғыз дірілдеген үнменен:

– Қарашығым, балапаным-ай, сормандай жетімегім-ай! Не қарғысқа ұшырап туып ең! – дей беріп еді, Құнанбай сол қолын шұғыл көтеріп қап, «Доғар!» дегендей ишарат қылды...

...Бірақ Абайдың қасында отырған Ұлжан жаулығының ұшымен көзін сүртіп:

– Өртенсең де, үндемей өртен дегені ме? Кәмшатты ойласа, бүгін емес, көптен күңіренеді бұл жандар. Кімге айтады? Қайда айтады? – деді. Құнанбай оған да барын айтқызбай тежеп:

– Жә, бірің бастап, бірің қостамай!.. – деді. Ұлжанға Айғыздай зекірген жоқ, кінәлай сөйледі.

Үй ішінің наразы үнін осылай баспақ. Бірақ онысына Зере болған жоқ.

– Қорқытпа келіндерімді!.. О несі? – деп, қатты зекіп қап, ілгері жылжып кеп, екі қолымен жер тіреп отырып, баласының жүзіне аса суық қарады. Абай өз әжесінің мұндай қайратты ашуын бұрын көрмеген сияқты.

Зере Құнанбайға әлі де қадала қарап, түйіліп отыр. ...Құнанбай шешесінің ажарын сезді де, жуаси түсті...

– Қайтейін?.. Мен қайтейін?.. Кеше исі Арғынның игі жақсысы бұйырды! – деп, шешесіне арыз шағып, бір тоқтады.

Абайдың аса теріс көргені сол бұйрықтың өзі.

– Рақым, мейірбандық жоқ, не деген жаны ашымас, қатыбас байлау – сол байлаудың өзі? Тату етер байлау да емес. ...ортамыздағы ең өлсіз, ең пұшайман бір ғарышты қайда тастап отырмыз?..

Өкесіне Абай сөзі ұтықты көрінді. Өзі, тіпті, ойға келмеген соны сөз...

Бағанағыдай емес, енді мынау үйдің ішін күйзелткен жайды бірге ойласқандай... Тағы біраз үндемей отырып барып:

– ...Біз берсек, етбауыр бала қыл деп беріппіз. Қорлыққа бердік пе? ...Жат деп, жау ұрпағы деп, дұшпан көріп, кірпідей жиырылса, қарыз оның мойнында емес пе? Тіпті, жазықты болсам, мен жазықты шығармын. Бесіктен шығарып, адам ұлы деп, соның бауырына берген балам жазықты ма еді? Қатын-қалаш, ауыл-аймағына, тым құрыса, соны ұғындыра алмаса, Бөжейдің аяқтағы суға ағып өлгені ғой! – деді.

Бұл сөзінде Бөжейді жеңер дәлелі бар еді. Абайдың өзі де өмірінде алғаш рет Бөжейден түңілгендей боп қайтқан...

Осының ертеңінде Құнанбайдың сәлемімен Бөжей аулына Жұмабай барып қайтты.

...Осыдан кейін аз күн өткен соң, Бөжей аулынан Айғыздар күткен жаман хабар оқыс келді.

Кәмшат өліпті. Және таңертең өлген баланы сол күні түс ауа қойып та бітіріпті. Керек десе, Құнанбай аулына, Айғыздай көзі тірі шешесіне хабар да айтпапты...

Хабар-ошарсыз Кәмшаттың қойылып қойғанына Құнанбай жаман қатуланды. Астыртын хабармен Құнанбайдың үлкен аулына Ырғызбай, Топай, Жуантаяқтардың көп ірі кісілері жиналып қалған. Солардың тобына Құнанбай Бөжей мінезін шағып, көпке кінәлатып отырып, тағы кісі жіберді.

...түс кезінде Бақанас бойына бір өзгеше хабар шұғыл кеп қалды.

Ызғұттының аулына түсіп, сусын ішіп аттанған Бөкеншінің үш жолаушысы айтыпты: «Бес күннен бері Бөжей науқас еді. ...Өйтеуір, кеше кешке бар жанкүйер ағайынын шақырып, арыздасып жатыр дегенді есіттік» депті...

Осы күннің ертеңінде суық сыбыс анық боп, Бөжей қайтыс болды деген хабар да жетті...

Бөжейдің өлімін есіткенде, үй іші тегіс аңтарылып, селт етті...

Бақанастағы Ырғызбайдың бұл ауылдары Бөжейдің өлімі туралы айрықша хабаршы келер деп күтті... Өншейінде қаншалық қиян-кескі араз боп жүрсе де, «торқалы той, топырақты өлім» дегенге келгенде, араздық

ұмытыла тұратын... Бөжейдің өліміне Құнанбайды шақырмапты. Өдейі алалап тастапты...

Құнанбай қатты қиналып, ақыр аяғы ызаға кетті. Кешпес қатал ызаға кетті.

...Бұл кезде Бөжейдің өз үйінің ішінде қара сұр бөйбіше шаршысын шорт байлаған. Қара шашын тарқатып, екі иініне жайып салған... Екі бетінің ұштары жылап жыртқан тырнақтың табын сақтап, жарадар боп тұр.

Бөжейдің екі қызы да бастарындағы бөркін тастап, қара салыны шорт байласып алыпты. Бұлар өкелері өлісімен, қайғылы, шерлі, бір ұзақ жоқтаудың сарынын тапқан екен. Бүгін таңертеңнен бері жаназашыларға көріскенде сол жоқтауларын айтумен отыр... Бөжейдің жаназасын шығарды. Сүйегін бұл жайлауға қоймай, Шыңғысты қайта асырып, қыстауының үстіне апарып, Тоқпамбетке қойды. Бөжейдей жұрт жоқтаған жанға топырақ салмай қалған жалғыз Құнанбай айналасы болды.

Бел-белесте

Күн түске жетпей-ақ, Бақанас бойы қайнап, шыжып кетті... Абай үй ішінен қатты пысынап тысқа шыққанда, бұл маңдағы жан иесінің бәрі де ыстықтан мезі боп күйзеліп жүр екен...

Абай... өзенге қарай тартты. ...Бүлдірген иісі аңқыған, көк майса шалғыны бар, жасыл беткейде балалар жеміс теріп жатқалы көп боп еді...

Бір мезгілде бар баланың құлағына ап-айқын боп дүрілдеген қалың үн келді. Қаулаған өрт, қаптаған қолдың шабысы сияқты.

Балалар елең-елең етісті. Араларындағы үлкені Төкежан мен Абай қарасты. ...Бала атаулы тегіс аттарына жүгірді. Елсіз өңірде көрінген қалың жылқы – көшкен елдің жылқысы екен...

Бұл көштің айналасын қоршаған аттылар көп, барлығы да әйелдер. Өңшең сәнді киінген қыз-келіншек пен егде тартқан бөйбішелер...

Үлкен көштің алдында есік пен төрдей жерде аттарын қатар бастырып, бір топ қыз келеді. Тап орталарында ерттеулі күйде бос жетектелген, кекілі күзелген қара көк ат бар. Сол топтан өнтек кейін үлкен көштің алдын бастап келе жатқан сұп-сұр жүдеу бөйбіше екен. Басына жұқа қара желек жамылыпты. Бұл бастаған он бес түйелі көштің сәні өзгеше көрінді. Бар түйенің үстіне артылған жүктерді жапқан өңшең қара кілем, қоңыр алаша, қара ала текемет көрінеді...

Көштің түріне таңданып, үнсіз тоқтап қалған балалар тобы мынадай салтанатты көріністің алдын кесіп өте алмады. Енді амалсыз көш өткенше, қарап тұратын болды.

Басында бұларға көш адамдарынан көз салған кісі жоқ еді.

Бірақ алдыңғы қыздар тобы енді жақындап, қастарына кеп қалған екен. ...бір кезде бір топ қыздар ортасынан екі қызды ілгерірек бөліп шығарды.

Бағанағы кекілі кесілген қара көк ат сол екі қыздың орталығында жетекте екен.

Оспан аңырып таңданып, Абайдың қасына кеп:

– Бұлар кім? Бұл қандай көш? – деп, тақат таба алмай, ағасын қамшымен түрткілеп, мазасызданып тұр еді.

Қазір екі қыз бөлініп, алға шыққанда, олардың көрінісіндегі елден ерекше бір жайды байқап, Оспан қатты күліп жіберді...

Бұған ерсі көрінген сурет – Абайдың өзінің де өмірде ең алғаш көрген көрінісі.

Бұл көш қаралы көш екенін – Бөжей көші екенін Абай мен Төкежан бағана-ақ таныған болатын. Өзге көштен бөлек болатыны мәлім. Бірақ қазір мына екі қыз істеген іс сол бөлектің ішінде де бір өзгеше болды.

Олары өзге қыздан бөлінгенде байқалды. Бастарына еркектің бас киімін киіпті. Қара мақпалмен тыстаған жұқа қара елтірі тымақтары бар. Қыз кимейтін бас киімнің артын алдына келтіріп, теріс киіпті. Енді ғана анық көрінді, орталарына жетекке алған тұлдаған қара көк аттың үстіне Бөжейдің ер-тоқымы ерттеліпті. Ер үстіне сол Бөжейдің осы өткен қыста Қарқаралыға киіп барған қызыл күрең ішігі жабылыпты. Ердің қасына қамшысын шаншып, соған да теріс қаратып, Бөжейдің қысқы түлкі тымағын кигізіпті.

Екі қыз бөліне салысымен, мына көлденең қарап тұрған аттыларды көріп, шырқай созып, қаралы мұңды дауыс айта жөнелген. Көш бойында ауыл үстінен өтсе немесе бөгде жүргіншілер жанынан өтсе, қаралы көштің қара жамылған осындай қыздары дауыс айтатын салты. Қыздар соны бастаған екен...

Алғашқы екі қыз қиыс өтіп, дауыс бастасымен, кейіндеп келе жатқан бес қыз да аттарының басын қатарластырып ап, баяу бастырып отырып, анау екеуінің даусына қаралы дауыс қосты...

Өтіп бара жатқан бес қыздың тап ортасында, жібек жал ақ жорға атқа мінген Тоғжан екен. Көктемнен соң көргені осы.

Судыраған қара жібек биқасаптан өдемі жеңіл шапан киген. Басында жап-жаңа қара көмшат бөрік. Мойнында өсемдеп, кең ораған құбылма түсті торғын шөлі. Құлағында үлкен алтын сырғасы ырғалып келе жатқан

Тоғжан, мынау ат үстінде, мынадай топ қыздың тап ортасында, дәл көп жұлдыз арасындағы Шолпандай...

Абай үнсіз мүлгіп, зарлы жоқтауды бар жанымен тыңдап тұрып, өзін өзі де, бар дүниені де ұмытып кетіпті.

Бір сәтте қасында тұрған біреу түртіп қап, «Жүрейік» дегендей болды. Абай жаңа оянғандай, алаң етіп жалт қарады. Төкежан екен. Ол Абайдың түсін көрді де, тыжырынып кекете күліп:

– Өй, неменеге сораңды ағызып тұрсың? – деп, тіпті, зекігендей.

Абай қабағын қатты түйіп, селт етіп, бетін сипады. Жыладым деп ойлаған жоқ-ты. Көзінен үнсіз ауыр, ыстық тамшылар ағып кеткенін байқамаған екен.

Үлкен көш өтіп кетіпті. Артқы көштермен екі арасында ұзақтау алаң пайда болған екен. Төкежанмен бірге барлық топ қозғала берді...

Бөжей ауылдары Жәнібекке көшіп келгенін Абайдан естісімен, сол күні түнде Зере мен Ұлжан Байқошқардағы Құнанбайға кісі шаптырды.

– Дәл қасымызға келіп, қонып отыр. Енді аялдасақ, ағайынның бетін қайтіп көреміз? Бата оқырын қалай жасасын дейді? ...Соны тез шешіп, жөн айтсын! – депті.

Құнанбайдың өзінің күткені де осы кез сияқты екен. Ол дәл осы түннің өзінде қасына Күнкені алып, тағы он шақты қарт-қария, жігіт-желең алып, Бақанасқа келді. Сонымен Бақанастағы барлық жиырма шақты ауыл ерте қамданып, саба жиып, сойыс өзірледі.

...Қалың топ – бата оқыршы, шаңқай түс кезінде сансыз көп салт атты боп күнбатыстағы Жәнібекке қарай тартты. ...Араларында Абай, Төкежан сияқты жастар, Оспан сияқты балалардан да бір топ бар...

Құнанбай қасындағы көп қошеметшінің ішінде Ырғызбайдан – Майбасар, Жақып, Ызғұтты сияқты туысқандары...

Аттылардың қалың тобы осындай лек-лек боп, Құнанбай шоғырын алдына салып келе жатқан. Бір сәтте осы жұрт екі қоныстың арасындағы сар жазықты айғай-шуға батырып, оң жақтағы биік қара адырды бөктерлеп Жәнібекке қарай ат қойды.

Бұл елдің ежелгі ырымы бойынша, өлімге бата оқи барудың ең үлкен шарты осылай алыстан айқайлап: «Ойбай, бауырым!» деп, жылай шабу болатын.

Сол шабысты ең әуелі үлкендер бастамақ керек.

– Ойбай бауыре-е-ем!..

– Құт, берекем! – деп, Абай қасындағы кекселеу кісілер шырқап жылап, үн салып келеді...

Абай орта тұста келе жатып, ақ үйдің сыртында оқшауырақ жерде, ұзын-ұзын ақ таяқтарға төстері мен қос қолдарын тіреп, бүгіліп тұрған отыз шамалы еркекті көрді. Бата оқыршыларды тосып, жылап тұрған жанкүйер жақындар...

Тыстағы еркектермен бір-бір құшақтасып, көрісіп болған үлкендерді сол арада қолма-қол ақ үйге қарай айқайлатып, жылатып өкетіп жатыр. Жылаудың үлкені сол үйдің ішінде... Көп еркектің арасына Абай да кірді.

Үлкен күмбез ақ үйдің іші, оң жақ босағадан дәл төрдің ортасына дейін қатар тізіліп, мықындарын қос қолдарымен таянып, аңырап жылап отырған қатындарға толы екен.

Тап орта тұста басына қара желек жамылған Бөжейдің бөйбішесі аңырап отыр. Көзінен шын жас, зар жасы бірсін-бірсін ағып жатыр. Одан жоғары, төрт-бес қыз дауыс айтып отыр. Үйдің іші бұл кезде тұтас аңырап зарлаған мол жылау еді.

Отырған әйелдердің алдына жылап келген еркектер тізе бүгіп, отыра кетіп, құшақтасып, көрісіп жылайды.

...Құдайберді тура Бөжейдің өз бөйбішесіне қарай жылап барды. Сол кісі алдыңғы көрісушіден босаған соң, құшақтап аңырап:

– Ағакем, бауырым! – деп, бас салды.

Абай да сол жерден бастап көрісіп, жоғары отырған қыздар жаққа қарай ауысты.

...Еркектер бұл кезде ақырын жыласып отыр да, әйелдің де көбі басылып қалды. Тек Бөжейдің қатыны мен бес қыз ғана зарлап отыр...

«Өкекем... жеткізбей кеттің... арманда кеттің... зармен кеттің, жетім бейбақ біз болдық... пана кім?.. Неге аңыраттың?» деген сияқты жерлерге келгенде, барлық үйдің іші қайта егіліп, тыйыла алмай, тұншыға жыласады. Абайға да шын жылаудың ең ауыр кезі осы болды. Ол көз жасын, тіпті, ірке алмай қойды...

Осымен біраз барды да, екі қыз өкелерінің өміріне, өміріндегі ерлік, жақсылық істеріне түсіп кеп, бір сәтте дауыстың мәнін аса бір тосын жайға салды.

Бөжейдің өзін қойып, тұстастарын айтып келіп, өркімді атай отырып, үйдің іші тегіс жым-жырт тына қалған уақытта, бір кезде Құнанбай атын сап еткізді. Төрде төмен қарап, тымағын көзіне киіп, тұнжырап отырған Құнанбайды мынау екі қыздың қатал даусы басқа соққандай болды.

Бірақ бұл – дауыс. Намаз сияқты бұзылмайтын жол-жора. Айтар сөз, тыяр тыйым, істер шара жоқ.

Екі қыз сөздерін барған сайын қатайтып, қадалып кеп:

Жау боп шықты Ырғызбай
Айыпқа бердің бір қызды-ай, –

деп бір кетіп және бір сөтте:

Оның аты Құнанбай,
Жүйріктігі құландай.
Шұбарлығы жыландай... –

деп жарып өтті. Жалғыз көзге дәлдеп тұрып, қамшы ұрғандай қатал жаза...

Сөйткенше төрде отырған біреудің қатты тамсанған үнін есітті. Қараса, Сара апаң екен. Ол ашулы түспен түйіліп, қара шапанды басына жамыла беріп, жүрелей отырып ап, айқайлай жөнелді.

Сөзінің басы Бөжейді мақтау мен сол жақсыны жоқтау еді. Соның аяғын шұбыртып кеп:

Мына да қарлар не дейді?
Жақсыдан жаман көбейді.
Ескінің асыл көзі еді,
Ұрлап та көмдің Бөжейді, –

деп, қатты айқайлап, қалт тоқтады.

Екі жақ та: «Айтамыз, жеткіземіз» деген орайлы сөздерін осы әйелдердің ауыздарымен айтысты. Осыдан әрі қайталаған да, өршіген де сөз болған жоқ...

Құнанбайдың Бөжейге жасаған бата оқырының түрі осы боп еді.

Әйелдерді осы үйге қалдырып, еркектерді бөлек оңаша үйге апарып, қаралы ауыл қонақ етті...

Бата оқыршылар сол кеште үнсіз, қоңыр тартып, жайлау-жайлауына қайтысты. Құнанбай... бір қарызынан құтылғанына «Уһ» дегендей боп, бәйбішесіне айтқан жалғыз сөзі:

– Күтсең, Сара апаңды күтсеңдерші! – деген байлау еді.

* * *

Осы көктемде Абай көңілі бар дүниенің дырдуынан, бар адамның реніш, қуанышынан оқшау кеткен, оңашаланып кеткен бір өзгеше құпия сырдың

соңында еді... Ойда барын жеткізе алмай, кеудеде тыныс біткендей құста болған шағында, Абай қатты сенделіп, қиналып кетіп:

– Япырмау, қайтем енді? Хат шорқақ, тіл мақау! – дейтін. Көңіл сезгенін, тым құрыса, өзгенің көзін иландырардай қып айта алмағанына күйді.

Сол айтылған, жазылған жырлар өлі күнге Абайдың өзінде, өз бойында. Аталған, арналған жеріне бір де бірі жеткен жоқ... Үміт бар ма? О да жоқ! ...Тек жалғыз қиял медеуі құлаққа кеп ап-айқын соғып, бір жақындап, бір алыстап кететін шолпы сылдыры...

Күн жылынып, қар кетуге айналып, мейірімді анадай жарқыраған жақсы күн келгенде, Абай бақат қыла алмай, атын ерттеп міне сап, бет қараған жаққа таман жортып кететін. Болымсыз сылтауы – сары тазы...

Бір күні... тірлік пен қиял арасындай, бір түс толқынының құшағында жапа-жалғыз тұрғанда, қасына бір салт атты желіп келді.

Жапан түзде оқшау келген жолаушы Абайды селт еткізіп, оятқандай болды...

Бұл былтырғы Тоғжан аулынан қайтарда Абай танысқан Ербол екен...

Ерболдың қолы бос, жай ауыл қыдырып жүр екен. Абайға мейлінше көңілденіп ерді. Осы кездескеннен бастап, Абай Ерболды бес күндей жібермей, өз аулында қонақ етті... Сол күндер ішінде Абай өз өлеңдерін де айтты. Ербол ендігі сырласы боп алды. Өмірінде алғаш рет осы жігітке Абай өз жүрегінің сырын ашты. «Тоғжанға білдір» деп ашты.

Ербол осыдан соң барлық Абай айтқан өлеңдерді жаттап ап, жас жігіттің жан сәлемін Тоғжанға жеткізбек боп жүріп кетті.

Арада айдай созылған үш күн өткенде, Ербол Жидебайға қайта кеп, Абайды ертіп алып, Шыңғысқа, Түйеөркешке қарай тартты.

Абайдың жалғыз арманы бір ғана оңашада жүз көрісіп, сөйлесу болатын. Сол арманын Ербол апарып, әуелі Тоғжанның жеңгесіне, Асылбектің келіншегіне айтыпты. Сәлемге айтқан өлеңдерін айтып беріпті. Ол жеңге Тоғжанмен барынша сырлас, тату болатын. Өмірінде өлі күнге қайын сіңлісі мен өзге жігіттің арасында делдал боп көрмеген-ді. Бірақ мынау жол оған да өзгеше көрініпті. Ербол да сөзге жүйрік, қолқасын өткізе білетін отты, жұғымды жігіт.

Өйтеуір, сол жеңге мен Ербол екеулеп отырып, Тоғжанға Абайдың бар өлеңін естіріпті де, ақырында, бір жол жүз көрісуге көндіріпті.

Тақат, сабырдан айрылған Абай Түйеөркешке қалай жеткенін аңғарған да жоқ. Ымырт жабыла бере, екі жігіт тау ішінде Ербол аулына келді...

Түн келіп, уәделі уақыт өткен соң, Ербол мен Абай жаяулап қана арғы жағаға өтті... Мал қораның есігін Ербол ептеп ашты да, Абайды түйе қораның ішіне енгізіп, өзі қараңғыны сипалап жүріп кетті...

Аз уақытта Ербол қайта кеп, мұның қолын алып, сыбырлап:

– Құдай берді! Асылбек бүгін үйде жоқ екен! Қазір соның отауына кіреміз! – деді.

Абай ақырын сәлем беріп, жасаулы отауға кіргенде, аққұба жеңге төсек жанында тұр екен де, Тоғжан жерде көрпе үстінде отыр екен...

Тоғжан алғашқы минуттарда қатты қысылып, өте ақырын амандасып, өзгеше қызарды. ...Ербол жастар қысылмасын дегендей болып:

– Ал мен арғы жағаға қайтып, атты өзірлеп тұрамын! – деді.

Абай үндемей, басын изеп, рұқсат етті. Жеңге де шай өзірлемек боп, тысқа шықты. Сол кеткеннен қайтқан жоқ.

Абай оңаша қалғанда, әуелде қатты қысылды. Бірақ байқап қараса, Тоғжан, тіпті, ұялшақ. Тіпті, нәзік, жазықсыз бала тәрізді. Өзі де басында не дерін білмей, сөз таба алмай, аса қиналған... Аз уақыт Тоғжанға иіле қарап отырып:

– Тоғжан, менің сәлемдерімді есіттіңіз бе? Бар сөзім сізге арналған, сізді сағынудан туған сөз еді, ілтифат қып еледіңіз бе? – деді.

Тоғжан ішінен «Ілтифат қылмасам, мұным не?» дегендей. Бірақ ақырын жымыып күлді де:

– Есіттім, Абай! Өлеңіңіз жақсы екен! – деді.

– Мен ақын емес ем! Жалғыз-ақ сіз мені былтыр бір көргеннен-ақ, қатты толқынға салдыңыз. Содан бері бір уақыт ұмытқан емеспін...

Осы кеш екі жасты бір-біріне соншалық сүйікті, ынтық етті. Екеуі тек жүз көрісуден, сөйлесуден басқа ешбір бөтен тілек ойламастай... Шын сағынышты, ынтық жандар боп ұғысты.

Таң жақындаған кезде ғана жеңге қайта оралды...

– Ойпырмай, қалқам Абай-ай, қиын болмаса, игі еді! Су түсіп кетіпті! Қарауыл суы түсіп кетіпті! Атың қайда еді? – деді.

Жеңгенің үркіп келген хабары мынау күйдің үстінде Абайды шошыта алған жоқ. Бірақ Тоғжан қысылып, қиналып кетті.

– Не дейді? Судан қалай өтесіз, Абай, атыңыз қайда? Бұл жақта қайтіп қаласыз? – деп, сүйген досының басына түскен қиыншылықты жас қыз соншалық тіксініп қарсы алды.

Абай енді аңғарды. Аты ар жақта, өзі жалғыз. Қарауыл суы тентек. Бұл ауылда қалуы, тіпті, мүмкін емес. Енді бөгелсе, қолға түседі...

Осы жайды аңғарып, өсіресе, мынадай жақсы қабыл алған жас әйелдерді қауіпке ұшыратпайын деп, Абай тез киініп, қоштасты да, шыға берді...

– Қорықпа, Тоғжан! Бірдеңе қып өтермін! Ал өзің ендігі бар хабарды Ерболдан тос! – деді. Тоғжан Абайдың омырауына ақ саусақтарын салып, жабығыңқырап тұрып:

– Қош, ұмытпа! – деді...

Абай жеңгенің екі қолын қапсыра ұстап тұрып:

– Жеңешетай... Өлсем де ұмытпаспын осы жақсылығыңды! – деп қоштасты да, кішкене есікті ақырын ашып, жай салмақпен басып, жүріп кетті.

Абай ойы жаңағы өзімен қоштасқан ғазиз жандармен бірге болды... Алдынан қатты гүрілдеп соққан өзгеше тасқын естіліп жатса да, оны елемеген.

Енді, міне, сол тасқынның қасына келді. Тау өзені бұзылып, тентек құла су шарасынан шығыпты... Жағада біраз тұрып, халді аңғарды. Жаяу өтем деуге болатын емес. Байқаса, таң қылаңдап атып қапты...

Сирек талдың арасына шала жасырынып, далдалап тұрып, Ербол қыстауы жаққа көз тастады. Байқаса, біреу арғы жағадан ербеңдеп, асығып келеді екен... Абай дауыстап:

– Ербол! Е-ей, Ербол! – деп, үн қатты.

Келе жатқан Ербол екен...

Аздан соң Ербол өз үйінің бір дәу қызыл өгізін мініп келді Абай оның ат өкелмегеніне таңғалды. Ербол келді де, өгізді қамшылап кеп, суға түсті. Өгіз мұзды суға басқысы келмей, көп тыртысып еді, Ербол ырыққа көнбеді.

...Жағаға жақындай бергенде, Ербол өгіздің бас жібін лақтырды. Абай жабыса түсіп, тарта берді де, Ербол қамшылап отырып, жиекке шықты. Жанын ортаға салып, қатерге басып, Абайға шын достық көрсетіп шықты. Екі етігін қонышына шейін су басып кеткен екен. Абай Ерболды құшақтай алып:

– Өй, ат қайда? Өгізің не? Атпен неге келмедің? – деп еді.

– Ат болғанда, сенің атыңды өкелмедім. Анау ауыл қазір тұрады. Біз өткенше, көріп қойса, қаптап кетеді. Ал өзіміздікі әлсіз байтал. Және сол, құрып қалғыр, түнде қорадан шығып, тауға жайылып кетіпті. Бағанадан бөгелгенім сол емес пе? – деді...

– Шіркін, Ербол! Неткен жақсы едің. Дос жақсысы сен екенсің ғой... Естен кетпес іс еттің-ау! – деді...

Ерболмен соншалық ырзалықпен, шын досша қоштасты да, өзенді құлдап, желіп жүріп кетті.

Құнанбай келген уақытта елдің алды қыстаудан киіз үйге шығып қалған...

Құнанбай өз басының жалғыздығын осы жолы қатты аңғарыпты... Енді... балаларының қызығын көрмек.

Бұған Зере бастаған бар шеше қуаныш айтқаннан басқа, түк қарсылық білдірген жоқ. Қызық көру дегеннің белгісі не, арты не? Ол – ержеткен балаларды үйлендіру, содан әрі немере сүю. Толып жатқан шексіз бақыт сияқты елестейді.

Өңгіме арасында Құнанбай: «Осы жолы Құдайдан соңғы қуатым құдаларым болды. Адал достықты, шын бейілді солардан көрдім» деген. Атап айтқандары: Алшынбай, Тінібек. Онан соң Тобықты ішінде, тергеуге кетіп бара жатқан жолында, Тасболат руының ішінде Байтас басынан қатты тілеулестік көріпті.

Бұрын үй ішіне мәлім емес еді. Өзі сол сапарда жалғыз байлаған байлауын білдірді. Байтастың жас қызы бар екен. Соны Оспанға айттырмақ бопты. Сөйтіп, тентек Оспанға Байтастың Еркежан деген қызы қалыңдық боп аталыпты. Үй іші, әсіресе, шешелер күліп, мөз боп, Оспанның аяғына тұсау түскенін өзіне естірту, түсіндіру жайын ойлап күліскенді.

Осы байлаумен қатар Құнанбай енді Ұлжанның басқа екі баласы туралы да жаңалық айтты. Оның біреуі – Төкежан туралы. Былтыр ұрын барып келген Төкежан енді осы жақында үйленбек... Екінші, әсіресе, осы отырған барлық үй ішіне, шынымен, үлкен қам болатын нәрсе – Абайды қайындату.

Құнанбай осы жолы Алшынбаймен уәделесіп келіпті. Осы көктемге байласыпты...

Үлкендердің осындай кеңестерінде бала атаулыдан жалғыз Құдайберді ғана бар-ды. Өзге балалар кейін есітті.

...Абай өзіне арналған хабарды үнсіз ғана аңырып тұрып тыңдады... Сол сәтте Тоғжан есіне түсіп, оның алдында қылмыс жасағалы тұрғандай сезініп еді. Абайға жаңа хабарды айтқан шешесі болатын. Ұлжан баласының мына пішінін жақтырмады. Бірақ ішінен:

– Ұялғаны шығар, – деп байлаған.

Абай бірнеше күн қатты толғанып, жапа-жалғыз ойланып жүрді. Қалыңдық деген мұнда бар. Сол сияқты айттырған күйеу Тоғжанда да бар. Қайындамай, үйленбей қалу мүмкін емес. Ата мен ананың өмірінде. Бармаймын деп айтарлық сылтауы жоқ. Бар жүрек, бар қиялы Тоғжанмен

туысып тұрса да, мынау тұсауға көнбеске шара жоқ. Осындай іші бір жақта, сырты бір күйде болған, аса бір қиын, енжар күйде Абай қайнына аттанды.

Өрде

Құдасының аулына Ұлжан отыз шақты кісімен келген. Алшынбай бұлар келер қарсаңға, кең сулы, кең бір жазыққа кеп қонған екен....

Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына өкелді...

Басқа үкі тағу – бар күйеудің өдеті. Ол ғана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын...

Күйеуге арналған үй өзге үйлерден де ерекше, шатырдай аппақ екен. Ішінде жүк, сандық көп емес. Кең болсын деп бос қойыпты.. Үлкен бұйымынан – оң жақта өдемі сүйек төсек тұр. Он бес қатардай жібек көмкерудің үстіне құс-төсек, үлкен ақ жастықтар, шағи көрпелер жиналыпты. Көкшіл-қызғылт өңі бар шілтері шымылдық биік төсектің жоғарғы жағын перделеп тұр...

Шымылдық түсірулі. Үй ішіне үш үлкен әйел кірді. Ортадағысы Абайдың үлкен енесі – Алшынбайдың әйелі, семіз, қара бөйбіше. Қасындағы орта жаста, ақ сары әйел – Абайдың өз енесі. Түсіптің қатыны.

– Ал, шешелер, көрімдік!

– Көрімдік, көні!

– Болмаса, балаларыңды көрсетпейміз, беті ұялады! – деп, алғашқы келген келіншектер күлген бойларында, шымылдықтың шетін ұстады.

– Алыңдар! Көрімдік сендердікі. Бірақ бізге баламыздың жүзін көрсетіңдер, алыңдар! – деп, үлкен бөйбіше қолына шашуын алды. Сол сәтте атлас шымылдық шалқия ашылды. Күйеулер бұл кезде төмен иіліп, тәжім қып тұр екен. Үлкен бөйбіше:

– Өмір-жасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылғасын, қарағым! – деп шашуын шашты...

Күйеуді қоршаған қыз-келіншекте сан жоқ. Бірақ осындай шат-шадыман думанның тап ортасында боларлық кісі – қалыңдық болса, Ділде болса, ол әлі көрінбеді.

Абайдың бұл келісі: ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстау деп те аталады. Ең алғашқы келіс осы. Өзге келістердей емес, күйеу бұл жолы алғашқы күндерде талай нәрсеге көндіге білу керек. Сол өзгешеліктің үлкені – қалыңдықты оңай көрсетпеу...

Сөйтіп Абай алғашқы күн ғана емес, тағы екі күн өткенше де, өз қалыңдығы қандай екенін, кім екенін көре алған жоқ, білген жоқ.

Бұлар келген күннің ертеңінде Ербол ғана барып, Ділдәға амандасып, жүз көрісіп қайтты...

Бұл той Алшынбайдың үлкен той етем деген бір мерекесі екен...

Тыстағы ойын: ат шабыс, көкпар, серке тарту, теңге алу, балуан күрестіру – баршасы да осы күні болды...

Осы күні кешке Абай ең алғаш рет қалыңдығын көрді...

Ділдә келісімен ас жасалып, төр де, шымылдық іші де ас жеді... Сол астың артынан төрде отырған, түсі Абайға көрінбейтін бір молда неке оқыды. Суық су құйған бір кесе төрдегі жұртты жағалап кеп, Абайға ұсынылды. Абай ұрттады да, Ділдәға берді.

Осының артынан екі жеңге ақырын күлісіп кеп, Абай мен Ділдәнің алдына қарсы отырып, екеуінің де оң қолдарын алып, біріне-бірін ұстаттырды. Екі қолдың арасында бір қабат сусылдаған жібек жүр. Сол арқылы ұстатады екен...

Жеңге Абайдың қолын өзі көтеріп апарып, Ділдәнің арқасындағы қос бұрымына тигізді. Өлі де Абай қолының астында жаңағы жібек жүр. Сол жібекпен Абай бір-екі рет сипап өтті.

Қол ұстату, шаш сипату деген атақты ырымдар осы. Шаш сипардың алдында күйеу жақтан берілетін үлкен сыйы болады. Жаңағы Абайды мысқылдаған ашық жеңге сол шаш сипарды Ұлжаннан бір сыбаға ғып алған екен.

Некеқияр мен той салтының бәрі өткен соң, үлкендер тегіс дауыстап бата қылысты да, жалпыға айтқандай боп:

– Қайырлы болсын!..

– Құтты, құтты болсын! – десті... Осыдан соң барлық үлкендер қауырт көтеріліп, шығып кетті.

...Айрылысар кезде Абай мен Ділдә бір-біріне үйреніскен болатын, оқта-текте қалжыңдап та отырысады. Ділдә Абайға сүйкімді, сұлу көрінді. Абайдың пішініне Ділдә да үйренді. Бірақ іштей екеуі де бір-біріне қабыспайды, салқын күйде қалысты.

Үлкендер зор меженің бірі деп білетін өмір белі ұрын бару болса, Абай содан асты...

* * *

Абайлар келгенде, жұрт тегіс Шыңғыс сыртында жайлауда екен. Өз ауылдарының шеті Дөңгелек қоныста отырған Күнкенің аулы. Құнанбай сонда еді...

Абай үйге кеп әкесіне ажарлана қарап отырып:

– Әке, осы шілденің күнінде, ең жайлауда, шөп деген тұтып тұрған шақта жер қорыған, ағайынға реніш салған не қисынға сыяды? – деді...

Құнанбай баласының бұл жолғы үнінен өзгешелік көрді...

Алғашқы сөзіне қарсы дүрсе қоя берген ашуды көрмеген соң, Абай тағы бір сөз бастады...

– Тағы бір жайды айтуға рұқсат етіңіз. Ол мына Бөжейдің асы туралы... Өлімінде оқшау қап екі, енді, тым құрымаса, мынау асына атсалысайық! – деді.

Құнанбай өткен жылдың ызасын еске түсіріп:

– Мен қайтейін! Кел демесе, кимелеп барам ба?.. – деді де, бұл сөзді жақтырмағанын сездірді.

– Ендеше сіз бармаңыз. Бірақ бізге рұқсат етіңіз...

Бұл тұста Абай көңілінде әзірлеп алған байлау бар сияқты. Онысы бір өзінен басқа ешкімге мәлім емес. Ұлжан да қазір баласының сөзін ойлана тыңдап қапты...

Құнанбай басын көтеріп, тымағын киіп, тұруға айналды...

– Мейілдерің! Маған десе, аяғына бас ұр Байдалы мен Байсалдың! – деді де, шығып кетті.

Көнгені осы. Қай көңілімен көнді? Қиналып, қынжылып көне ме? Кекесінмен көне ме? Оның ар жағын Абай елеген жоқ...

Енді шешелерімен оңаша отырып, өз ойынша қалай араласатынын апайқын қып, таратып-таратып айтып берді...

Зере мен Ұлжан осы іске көмекші болсын деп, Ызғұттыны шақыртып, дәл осы күні Абайға ақылшы ғып қосып берген.

Абай өз ағайындарының ішінен Құдайбердінің болыспағын қажет деп білді. Оған өзі барып, ұзақ әңгімелесіп, бар ниетін айтып, ұғысып қайтты. Құдайберді Абай керек еткен жәрдемінің бәрін жеткізіп тұрмақ болды...

Келесі күні Абай атқа мінді. Қасына ерткені – жорға Жұмабай мен Мырзахан. Бұл үшеуі Қазбаланы өрлеп, Көтібақ пен Жігітектің қалың ауылдарын аралап отырып, сол өлкенің орта тұсындағы Бөжей аулына келді... Абайлар, ең алдымен, Бөжейдің қаралы үйіне түсіп, Құран оқыды...

Осы ауылдың қасында ас иелерінің жиыны түгел екен. Абайлар Бөжей үйінен қымыз ауыз тиіп, тысқа шығып, сол жиынға келді. Кішілеу төбенің басында отырып, кейбір аттыларды шақырып алып, кейбіреулерін шапқыза жөнелтіп, өмір таратып отырған осы жиын. Ортасындағы үлкендері – Байдалы, Байсал, Сүйіндік.

...Осы үлкендердің бұйрығын күтіп, қас-қабақтарын қарап жүрген жас жігіттердің ішінде Ербол бар. Абайдың бұрыннан жақсы білетін бір танысы Жиренше де осында. Байсал Құнанбаймен араздасып кеткелі, Абай мен Жиреншенің кездескені осы.

Жиренше де Абайға енді жылы ұшырап амандасты...

Абай осы уақытта Байдалыға қарап:

– Байдаш ара, – деп алып, сөзіне кірісті.

Келген жұмысын қысқа айтты. Бірақ орнықты, байыпты қып жеткізді.

Осы жиынға сәлем айтқан Зередей аналары екен. Сол кісідей үлкендер жіберіпті. Бөжекеңнің асына ағайын боп атсалыспақ...

Байдалы Абайды тыңдап алды да:

– Шырағым, бұл сөзіңе ағайын ырза. Бетіңнен жарылғасын. Енді қалай кірісесің, ойлағаныңды өзің айт! – деді.

Абай соған соң кешегі шешелеріне, Ызғұттыға, Құдайбердіге өзі айтқан жобаларын айтып шықты...

Абай жігіттері Жиренше, Ербол, Базаралы, Мырзахандар да сол қонақ тосушылардың тобында жүр...

Осымен ұйқысыз, ауыр түннің үшіншісі өтті...

Астың әлі аяқтамаған арты бар. Онысы Бөжейдің тұлдаған аттарын сою, үй ішінде былтырдан жиылған септі тарқату, қаралы теңді бұзу...

Байдалының тапсыруымен Сүйіндік қалың елді бастап, ақ үйге кірді де, қаралы теңдерді бұзды. Бұ да жаңағыдай белгі. Осы уақытта Бөжейдің әйелі мен екі қызы оң жаққа теріс қарап отырып ап, дауыс айтты. Үй ішіндегі барлық жиын үндемей жыласты. Бөжейдің аруағына арналған соңғы дауыс, соңғы көз жас осы. Енді ең соңғы Құран оқылып болған соң, жиын тегіс тысқа шығып тұрғанда, тұлдаған екі ат келді. Қатты семірген күрең мен қара көк асаусып кетіпті.

Екеуін де Бөжейдің туысқандары жыласып тұрып жықты да, Байдалының өзіне бауыздатты.

Жаңағы қараны жыққан Байсал, септі бұзған Сүйіндік, енді мынау тұл атты бауыздаған Байдалы үшеуі де кейін «жол» алды. Бұлар осы қауымның әрі үлкені, әрі Бөжейдің үзеңгі жолдастары. Сондықтан ас артынан болатын ырымның үшеуін сол үш кісіге орындатудың айрықша мәні бар. Бұл аттың етін жемей кетуге тағы болмайды. Қалғи-шұлғи отырып, сол еттің піскеніне Абай зорға жеткен.

Екінді кезінде Бөжей үйінен ет жеп болып, енді үлкендермен қоштасып, жүруге рұқсат тілеп еді. Сол уақытта Байсал Абайды қасына шақырып алып, маңдайынан иіскеді де:

– Балам, мен осы шаққа шейін сенімен тіл қатысып, жылы ұшырап көріскен жоқ ем. Бірақ барлық көрген-сезгенім есімде. Ана бір жыл Қарқаралыда сенің ажарыңды ұнатып, мейірі түсіп кетіп, Бөжікең бата беріп еді-ау! ...Ағайынға әділет ойлап айтқан жақсы лебіңді есітіп жүрмін. Бүгін мынау күндерде Бөжікеңе адал іні боп, бетіңді аштың. Жақсы ағаның зор дәмесін әмісе өстіп ақтағайсың! Ақтарсың деп білемін! Ақтар-ақсың, шырағым. Тек өмір деген ит, жаңсақ бастырмаса екен! Өрісің алда! Бетің дұрыс! Дәл осы бетіңнен жарылғасын! – деп, бата берді.

Байдалы, Сүйіндік, Құлыншақ та жақсы бейілмен қостап, бірге бата қылысты. Абай еш нәрсе айтпады. Тек қана үлкендерге еріп бата қылып:

– Рақмет! Батаңызға рақмет! Дегеніңіз келсін, Байсал аға! – деді. Осыдан соң үй ішімен қоштасты да, Ерболды ертіп атқа мінді. Бұл уақытта Ұлжан да арбасына мініп, жүріп кеткен екен.

Абай мен Ербол желе жортып, ат жүрісіне зорға шыдап отырып, Ботақанға жетті...

Екі түн, бір күн ұйықтаған Абай осы қалың ұйқының уағында өзінің қандайлық абыройлы, атақты, жақсы жігіт атымен оянғанын білген жоқ еді.

* * *

Осы кезде ел жайлаудан қайтып, ауыл-ауылдың аралары қашықтап кетті...

Әке-шеше өздері ұйғарып, бұйырды да, мұны тағы да қайнына жүргізетін болды... Бұл жолы ай жарым жүріп, Ділдәні алып келді...

Осы күзге Құнанбай тағы да бір топ жанды қырына алыпты. Ендігі кезек – Құлыншақ аулынікі...

Қияда

Абай үйленгелі бірнеше жыл болды. Ділдә түскен жылдың келесі көктемінде бұлардың үлкен баласы Ақылбай туды. Екі жыл өткенде, Күлбадан деген қыз туды. Ол бүгінде бірден асты. Қазір Абай үшінші баланың әкесі болғалы жүр...

Ең алғаш 17 жаста Абай әке болды... Алғаш Ақылбай туған күні Қалиқадай жеңгелер:

– Балалы болдың!..

– Қайырлы болсын! – десіп, күліп қамалаған болатын...

...Абай бір топ кісімен үйге ірді. Тыста боран... Үйге шұбатыла кіріп, мол аяз алып келді...

Бұл қонақтар Абайдың қазіргі уақыттағы жолдастары, жас жігіттер: Ербол, Жиренше, Асылбек және Базаралы болатын.

Орталарындағы үлкені – Базаралы. Сол төрге шығып, шешініп отыра беріп:

– Жаным-ау, мына Құдайдың күні қайтеді? ...Жұтатты-ау! Ақсүйек қып жұтатты-ау ел сорлыны! – деп, уайым айтып, ұзын қара сақалын ұстап, ойланып қалды...

«Жұттан аман қалар ел бар ма? Қазірде тың тұяқ тұрған кімдер?» дескен уақытта, Базаралы:

– Ат төбеліндей аз ауылдар аман болар. Ырғызбай, Көтібақ, Жігітек, Бөкенші ішінде жақсы қыстау алып, жерді мол басқан ауылдар өзір қысылған жоқ, – деді.

– Әсіресе, Ырғызбай іші аман. Қыстаулық жері сайлы. Күзден қалған пішені де бар, – деп, Ербол жаңада өзі көрген жайларын айта бастады.

Бағанадан бері үнсіз ойланып отырған Абай:

– Жалғыз Ырғызбайдың амандығы кімге медеу, кімге дәрі? – деді.

Базаралы Абайдың бұл сөзін ұнатып қалды.

– Өйтеуір, күші бардың күйі бар болады екен. Құнекең өперген жер Ырғызбайды сақтайтын көрінеді ғой!

Абай қабағын түйіп, жалт етіп Базаралыға қарап:

– Тәңір-ай, тартып алып, жетіскеннің несі сөз? Ырғызбайдың иемденіп отырғаны жер ме? Көрінеу көздің жасы емес пе?

Асылбек пен Жиренше Абайдың мынау ашық сынына қатты сүйсініп, күліп жіберді.

– Япырай, Абайжан-ай, көптің көңілінде жүрсе де, аузы бармайтын сөзін өзің айттың-ау! – деп, бағанадан бері уайыммен отырған Базаралы да жадырап қалды.

Бұл жігіттер Абайдың әр жайдан шындасып сырласатын досы есепті...

Жігіттердің осы әңгімесі аяқтала бергенде, аязды тыстан үш кісі кеп кірді. Үстері қар, сақал-мұрттары сіреу болған. Алдыңғы келген сеңсең тымақ, көне тонды, ұзын бойлы жолаушының кірпігіне шейін қырау тұрып қапты.

Бұл келген Бөкенші Дәркембай мен соның екі кедей көршісі екен...

Абай шаруасын сұраған соң, Дәркембай іркілген жоқ.

– Шырағым, Абай, қарындасқа қайырымы бар бала деп естуші ем. Сондықтан кеп отырмын. Болмаса, ана Тәкежандай десем, келмес ем... Басы-

ма күн туып кеп тұрмын. Мынау екі көршіммен үшеуміздің үйлерімізде жиыны 20–30-дан тұяқ бар еді. Сол азын-аулағымызбен бірге пана таба алмай ығып, бүрісіп кеп отырмыз... жерімізде қылтанақ жоқ. Қойларымыз бұралып бітті. Қазір, осы Мұсақұлға жеткенше, бес қой үсіп өлді! – деді...

Абай Дәркембайдың жайын танып отыр.

– Дұрыс кепсің! Ал жая бер!..

– ...қарағым! Бірақ жаңа кеш бата, сол Мұсақұлға зорға кеп жетіп ек. Алдымыздан Төкежан шығып, қайта қуды. Қасында өлгі Жұмағұл дейтін қаныпезер бар екен. Басымызға қамшы иіреді. Кет деп жатыр...

Абай Дәркембайдың осыдан арғы сөздерін тоқтатып, тез байлау жасап, Ерболға қарап:

– Ербол, жылы киін де, атқа мін! Дәркембай, еріндер мынаның қасына! Осы арадан азық алып кетіңдер! Ділдө, тұр! – деп, Абай келіншегіне бұйрық етіп: – Мына кісілер ашықпастай қып, ет, азық әзірлете бер! – деді. Ділдө лезде тұрып, шығып кетті...

– Тұр, Ербол! Менімен бірге жүр! – деді де, өзі шапшаң киіне бастады. Жеңіл күпі кие сап, шарт буынып, қолына қамшы алды да, есікті қатты ашып, атқып жөнелді. Ербол артынан кетті.

Қамшы алғаны үйдегілерге Абайдың атқа мінбек болғанын білдірді...

Бұл кезде Жұмағұл Дәркембайлардың елу-алпыстай аз ғана қойын шоқтай иіріп, тірсекке сабап қуып жүр... Осы кезде Абай ақырып жіберіп:

– Аш көзіңді, жауыз! – деді.

Жұмағұл Абайды тани берді...

Сонымен дәл күн шыға бере, Құнанбайдың үш қорығына қарай жан-жақтан мал шұбырды...

Жұт деген жоқшылық, қысталаң, апат деген осындай боп қақ қасына келгенде, Абай ел тірлігінің барлық қайғылы сорын көрді...

Өрбір ауылдың үлкендеріне соңғы рет қайтадан соғып:

– Тоңғандарың мына тұс-тұсындағы ауылдарға барып, жылынып қайтыңдар. Бір-бір мезгіл ыстық ішіңдер. Осы қорықтарда отырған ауылдардың бәрі де ағайын ғой. Құмайды. Жасқанбаңдар!.. – деді.

Онсыз да малдары үшін Абайға алғыс айтып жатқан көрілер енді біржолата жұттан құтылғандай көтеріліп қалды.

Абай осы бетінен аттан түспей, жортып отырып, үш қорықтағы бар қыстауды аралап шықты...

Таңертеңнен тыным алмаған Абайлар Жидебайға екіндіде жетті. Келсе, пешелердің үйінде Төкежан мен жорға Жұмабай тосып отыр екен. Төкежан түнделетіп шауып отырып, Құнанбайға жетіп, енді Қарашоқыдан Абайға арнап бұйрық әкелген.

Абай Ұлжанның шақыртуымен үйге келді. ...Аш-арықты күтуге Абайдың шешесі кіріскен көрінеді...

Жұмабайдың айтуынша, Дәркембайды паналатқанды Құнанбай теріс депті...

Төкежан тырсыып, күйіп отыр еді. Ұрса жөнелді:

– ...Бір Дәркембай емес, қыруар елді қаптатыпсың! ...Ең өуелі мына шешелеріңді де аштан өлтірерсің, бүйте берсең!

– Шешелерімнің қамын сен жемей-ақ қой, білдің бе? Менің аналарым інде жатқан суыр емес, анау сенің Қаражан деген сараң қатының сияқты. Барын ортаға сала біледі. Халық көргенді бірге көрсе де, қабақ шытпайды... – деп, Абай Төкежанға қатты қадала қарады...

Төкежанның бұдан арғы айтайын деген жауабын Ұлжан айтқызған жоқ.

– Жә, жетті! Болды енді екеуіңнің салысуың! – деп тоқтатып қойып, өзі Жұмабайға бұрылды да:

– Сен енді қайта бер! Абай бұндағы аш-арық ағайынды шақырып қойыпты. Біз болсақ, барымызды бөле жерміз. Өзір қысталаң жоқ. Біз үшін қиналмасын ондағылар. Беріп жатқанмыз өз сыбағамыз. Баласының абыройын төкпесін, екі айтқызбасын елге! – деді.

...Абай күнұзын ат үстінде жүріп, қатты жүдеді. Қап-қара боп, тотығып кетті.

Бірақ Дәркембайларға арналған еңбегі мен бейілі текке кеткен жоқ. Елу ауылдың мың жарымдай қойы мен барлық ірі қарасы шетінен жан сақтап, аман қалды.

* * *

...Күн өбден жылынды...

Зере науқасының келесі күні түнінде Ұлжан енесінен күдер үзе бастаған болатын. Абайға айтпастан, Ұлжан Қарашоқыға кісі жүргізді. Сөйтіп, түні бойы ұйықтамай күзетіп отырған келіні мен немересіне Зере таң алдында ең соңғы рет көз салды...

Дене күші бітсе де, ойы сап-сау. Тек үні өлсіз.

– Өнегем... болса... тірлігімде көрсете алдым ба, жоқ па? Өсиетім болса... құлағым, тілім барында айтып болдым ба, жоқ па? Қайтейін!.. Енді қайтейін!.. Бүгін мынау өлім біткен шағымда, не дөме етесің екеуің!.. – деді. Осы сөздерін көп қиналып, ұзақ айтып еді.

Сөйлету зорлық сияқты. Бірдемені айту да орынсыз. Абай екі қолын төсіне қойып, әжесіне тағзым етті де, басын иді. Өзінше: «Бар жүрегімнің

құрметі, әулиедей ана, саған арналған» дегені. Сөйтіп, аз отырды да, әжесінің екі қолын ұстап, кішкентай алақандарына бетін басты. Иіскеп сүйіп отырғанда, бірнеше ыстық тамшылар да сол әлсіз жүдеу алақандарға тамып еді.

Әжесі тағы да сыбырлап:

– Қарағым... жалғыз қарашығым! – деп, Ұлжан жаққа қарады да, – анаңды күт! – деді.

Осыдан кейін тағы бір толастан соң:

– Ішімнен шыққан жалғыз еді ғой... Жалғызға топырағым бұйырсын! – деді. Бұл сөзді, тіпті, ап-анық айтты да, қайтып үндеген жоқ... Жаңағы айтқаны Құнанбай екенін Абай лезде түсінді. Сол сөзді бастай бергенде, Ұлжан басын изеп: «Тыныш болыңыз, орындаймыз» дегендей белгі еткен.

Қадірлі ана осы таңға жетпей, қайтыс болды...

Осы таңертеңде Қарашоқыдағы, Шыңғыстағы көп туысқан да кеп жетті. Алдымен келген Құнанбай, Күнкелер болатын. Қалған Ырғызбай да осы күні түске шейін түгел келді...

Құнанбай мен Күнкелер Зеренің жетісіне шейін Жидебайда қалды...

Абай... Бұл күнде ешкіммен сөйлескісі де келген жоқ. Зерені қойып қайтқан күні кешке, әжесінің төсегіне отырып алып, Құран аударуға кірісті. Анасының аруағына арнайтын дағдылы Құран хатымды молдаға оқытпай, өзі оқитын болды.

Бір жұма бойы сол Құранды екі аударып шықты...

Абай анасына сауап болсын деп, Құранды өзгеше ықыласпен, асықпай, соншалық мүлгіп, мінажат қып оқиды. Құранның кейбір парасының үстінде ұзақ отырып қап, жалғыз, жасырын ойлар да ойлайды.

Онысы – әжесінің адамшылық, аналық қасиеттерін жоқтау еді. Өз ішіндегі адал алғысын бағыштау да дұғалық, тілек есепті көрінетін...

Зеренің жетісі толып, Құран хатым болған соң, Құнанбайлар қайтып кетті...

* * *

Ел ішіне сайлау келді деген хабар шығып еді. Жидебайда жатқан Абайға Құнанбайдан шақырту келді.

...Қарашоқыдағы қыстауға келген соң, Абай ең әуелі әкесіне бармай, Күнкенің үйіне кірді. Мұнда Абайдың ең жақсы көретін туысқаны – Құдайберді көптен бері науқас болатын. Алдымен соған амандасып, жайын білмек...

Құдайберді Абайдың қолын ұстап, қысып, сипап жатып:

– Жақсы келдің ғой! – деді.

Аурудың жүдеу қолын інісі қос қолымен ұстап, өзіне таман тартып кеп, жүрегіне басты. Екеуінде де үн жоқ... Бірталайдан соң Құдайберді өлсіз ғана үн қатты:

– Өкеңе кірдің бе? – деп еді.

– Өлі барғам жоқ. Өуелі сізге келдім!

Осы уақытта Абай келді дегенді естіп, қарсы үйден үш бала келіп, сәлем берді. Үшеуі де Құдайбердінің балалары. Үлкені – он бір-он екідегі Шәке, екіншісі – сегіз жасар Шұбар, үшінші – бұл екеуінен де кішірек, тоқалдың баласы – Нұртаза.

Балалардың бәрін де Абай қасына шақырып алып, беттерінен сүйді... Құдайберді Абайға үйірілген өз балаларын көріп, қобалжып кетіп, бетін ірге жаққа бұрды.

Абай осы қозғалысты байқап, балаларды аз алдандырды да, үйден қайта ұзатып салды. Науқастың қасына тағы кеп отырды.

Құдайберді есікке көзімен нұсқап:

– Адам бола ма?.. Болар ма? Інілерің, міне. Кім боларын... не көрерін қайдан... білейін? – деді. Қоштасып жатқан сияқты.

Інісінің көзінен екі-үш тамшы жас ақты. Даусы да дірілдеп, жылағандай шықты.

– Қарыздары мен болармын, Бәке! Өл-шамамның жеткенінше, қойным менен мойнымда өсірермін!..

Құдайберді енді басқа сөзге ауысты да, екеуі жай ғана өңгімелесіп кетті.

– Өкеңнің сені неге шақырғанын білемісің, Абай?

– Жоқ, Бәке, әзір білгем жоқ.

– Ендеше бүгін сайлаушы төре кепті. Өкем Жақып аулына түсіріпті. Мына жаңа орын – «болыс» деген бар дейді. Соған сені сайламақ. Ұқтың ба? Не дейсің бұған?

– Өзіңіз не дейсіз? Маған не ақыл айтар едіңіз?

– Менің тілімді алсаң, – Құдайберді біраз ойланды да, – болма! Ұлықтық қасиет емес екен. Көзіміз жетті ғой. Бектік бұзады екен және түбінен қайыр шықпайды, қарғыс шығады екен. Жас өміріңді зая қылма!

Абай өз жауабын ойлаған да жоқ.

– Айтқаныңыздың бәрі шын, Бәке!

– Тіленіп жүрген көрінеді ғой өкесінен. Анау Төкежан-ақ боп, қарық босын! – деп, Құдайберді тоқтап қалды.

Бұл кеште, ел жатқанша, Абай ағасының қасынан кеткен жоқ. Науқастың тілегі бойынша домбыра алғызып, көп-көп күйлер тартып отырды...

Құдайбердінің сөзі рас. Құнанбай Абайды болыс сайламақ болатын. Сайлаушы төре келіп, кешелер Құнанбаймен көп сөйлескен болатын. Жаңа болыс туралы мұның айтқанынан шығатын емес. «Жаңа закон, жаңа сайлау болады» дегеннен бері Құнанбай өзі енді ұлық болудан тоқталмақ...

Қайта болыс болмай сыртырақ отырса, бар Тобықтыға өз өмірі молырақ жүрмек. Ол – бір.

Екіншіден, ел арасы бүгін қиындап барады. Мынау Балағаздар сияқты тынышсыздық шықты. Онымен алысу керек... оларға қолы батыл тиетін жасты салу керек... Билікті соларға артып, ақылы мен өмірін өзі тыныш отырып жүргізеді.

Үшінші, Құнанбайдың жасы болса да, жетпіске тақап қалды. Енді ержеткен баланың ішінен өз орнына кісі қамдайтын мезгіл жетті.

Осының бәрін іштей ойлап, таразыға салып келіп, жаңа болыстыққа Абайды лайықтаған. Оның да бір есебі бар.

Абай өке тәрбиесінен сыртқары кетті. Қайта бар мінез, бар жүрісі оны Құнанбайдың қасында отырған қатал сыншысы етіп барады. Соңғы жылдар, өсіресе, солай боп келеді...

Өкесі тұрып, шай ішіп болған кезде Абай келді. ...Төкежан Абайдан бұрын келіпті. ...Құнанбай екі баласынан басқа кісіні үйден шығарды да, сөзге кірісті...

Айтқан сөзінің бәрі де Абайға арналған сияқты. Өзінің қартайғанын айтты. Жақсы-жаман өмірді алыс-жұлыспен өткізгенін ескертті... Өкенің ұйғарғаны – Абай. Соның болуын мақұл көреді.

Құнанбайдың көптен бері Абайға ұзақ сөз қатқаны осы.

Абай ойланған кісі сияқтанып, аз үндемей отырып барып, ақырында, тамағын қырнап алды да:

– Өке, сенгеніңізге рақмет! Ендігі міндетті бізге артқаныңыз орынды. Арқа-басыңызды бұдан былайғы ауыртпалықтан босату керек. Тыныштық өмір тілейтін кезіңіз болды. Жалғыз-ақ жаңағы сөзіңіз маған айтылса, мен өзім болыстық, ұлықтықтан бас тартам. Мезіретім емес. Өрі ағалық жолы бар, ебі де бар, ұсынған орныңызға мына Төкежан лайық. Осы болсын! – деді.

Абай осы соңғы сөздерін айта беріп, Төкежанға көз тастады. Молда пішін, мүләйім боп отырса да, Төкежан қып-қызыл боп қуанып кетті... Құнанбай Абайға қайта-қайта қадалды. Болмайтын себебін екі қайтара сұрады.

Абай бір рет қысқа қайырып, «Бола алмаймын» деген еді. Бірақ өкесі екінші рет салмақ салғанда, молырақ дәлел айтты. Халықты билеу үшін адам өзі кәметке жету керек. Оған Абай өзін өзірмін дей алмайды...

Құнанбай бұл тұсқа келгенде, шұғыл өзгеріп, тез тайқып шықты. Сол арада Төкежанға бұйрық етті. Ол баласы оп-оңай «құп» деді.

...Ұлық болысымен, ең алдымен, өмірін елге танытпақ болған Төкежан бар күшін Балағаздарға салыпты...

Төкежанның әскер әкелгенінен Абай жиренген болатын. Қалың елді өректеткен сотқар қылықтарын Жидебайға келуші жұрттан есітіп, Абай атқа мінген-ді.

Мұсақұлға келсе, Базаралы да сонда екен...

Абай Төкежанның терістігін айтып, сөйлесіп көрмек еді. Ағасы: «Араласпа, килікпе» деп қатты серіпті. Осы кеңседе отырып, Абай бүгін өзірленіп жатқан қағаздарды байқады.

Барлық мөр, пірғауар, қол мен таңбалар Жігітек жігіттерінің сорына өзірленіп жатыр екен...

* * *

Абай мен Ербол қалаға кеп жатқалы бірталай күн өтті. Құнанбай балалары қалаға келсе, Тінібек байдың үйінде жатушы еді. Семейге Абайдан бұрын келген Төкежан сол құданың үйіне түскен екен. Қасында Майбасар мен тілмаш, атшабарлары бар. Қоршап жүрген топыры көп. Соны көріп Абай мен Ербол Семей қаласының өз ішінен пәтер алды...

Жігітек адамдарының ісіне Абай Семейге келісімен белсене кірісті...

Төкежан да есік-тесікті көп білмейді. Онысы Абайға мәлім. Бірақ оған кіріс-шығысты оңайлататын кісі – Тінібек. Абай жақын арада сол Тінібекке кісі салып:

– Төкежан Құнанбай баласы болса, менің де жөнім сол. Біздің болыс осы жолы абырой алатын, жақсы ат табатын іспен келіп отырған жоқ. Өзін де, өкесін де жаманатқа ұшыратып, қарғыс алатын іске басты. Тінібек орынды кезде болысқан. Бірақ дәл бұл жолы жалған намыс дегенді айтып, ағайынның обалына қалғалы отырған Төкежанға болыспасын! Шын достық ойласа, қайта тыңға себепші болсын! – деген.

Мұнысы – Төкежан жағын өлсіретем деген іс... Осымен қатар Абай істеткен бір жұмыс – адвокат жалдау. Облыстың үлкен адвокаты Ақбас қазірде Балағаздардың ісін алып, жоқтаушылардан арыздар жиып, соны өзі өңдеп жазып, тиісті жерлерге беттетіп жатқан.

Абай мен Ербол Ертіс жарасындағы жалғыз қабат тас үйдің терезесінің алдына келіп тоқтады да, ішке кірді.

Ақбасты бұлардың алғаш көргені осы. Бет ажарында оншалық көрілік белгісі болмаса да, шашы аспақ, сақал-мұрты бурыл кісі екен. Бойы зор, бас бітімі ірі келген, келбетті. Түсі ойлы кісідей салқын...

Бұл үйде Ақбастан басқа қара мұрт, таңқы мұрын тілмаш отыр екен...

Ақбасқа Абай арыз ұсынды. Ерболмен екеуі қол қойып, Жігітек кісілерін ақтаған екен. Бұлардың, өсіресе, арашалайтыны – Базаралы, Қаумен, Үркімбаев сияқты жандар.

Тілмаш арыз жайын айтып болған соң, Ақбас Абайдың аты-жөнін сұрады. Жас жігіт өзін Құнанбаевпын дегенде, адвокат жалт қарап, таңданыңқырады да, алдыңғы арыздарды қолына алып, бірдемені іздей бастады.

Оны таңдандырған нәрсе, болыс пен бұл жігіттің ортақ фамилиясы. Осы жөнін айыра сұрап кеп, Абайдың Төкежан болыспен туысқан екенін білгенде, адвокат, өсіресе, таңырқай түсті.

– Сенің туысқаның бұларды қуып отырса, сен кеп, ақтайсың да қорғайсың! Бұл қалай? – деді.

Абай тілмаштан ұғынды да:

– Рас, болыс – менің бірге туған ағам. Сондай жақын кісі болғандықтан, қасында отырып, жаман істерін анық көріп, толық таныдым... Ұлық та емеспін, ақы алған қуғыншы да емеспін. Жауапкер Қауменовпен бірде-бір ілік жалғасым да жоқ. Мына жолдасым Ербол да солай... Егер ұлықтар, соттар барлық істің хақиқатын білем десе, осы біз сияқты көлденең, қалыс ағайыннан шындықты сұрау қажет деп білеміз... – деді.

Бүгінгі шаруаның үлкені – осы. Абай сөздерін Ақбас жақсы ұғынды.

Ұғынды да, Абайдың жүзіне ырза боп қарады...

Жаңағы арыз жөнінен Ақбас берген бірнеше сұрауларға жауап айтып болды да, Абай тағы кітаптарға қадалды. Қайран боп, сүйсініп отырып:

– Шіркін, жасау мен жиһаз асылы мынау екен ғой. Жарастық қандай, қасиет қандай! – деді.

Тілмаш Ақбасқа Абай сөздерін аударып берді.

Осы уақытта Абайдың көзі жақын жердегі жақсы мұқабалы бір топ кітапқа түсті.

– Мынау закон кітабы ма екен? Не жайдағы кітаптар екен, ө?.. – деп, ойлана сөйледі. Ол кітаптар Пушкиннің томдары еді...

Осыдан кейін Ақбас пен Абайдың кездесулері көп болды...

Төкежандар тың адамдарды тоғытып жатқанмен, істің беті адвокат кіріскелі дұрыстыққа қарай ойыса бастады...

Жігітек сүйінші тілеп, кісі шаптырып жатты.

Төкежан осы хабарды білісімен, Абайға кісі салып: «Тыйылсын, бұл қай қастығы?!» деп ашу айтқан екен. Абай:

– Біз ата-ананың алдында туысқан болысуға жарасақ, со да жетер. Мынандай ажал аузына, қыл көпірдің үстіне ел-жұртты өзі айдап келген соң, менен жөн сұрамасын!.. – деген.

Осы жауабын келтіріп, тағы да көп шағым айтып, Төкежан Құнанбайға кісі шаптырып еді. Өкесі Абайға: «Тез қайтсын! Болыс болмаймын деген өзі болатын. Енді Төкежанды ақсатпасын! Аяғын тартсын!» деп сәлем айтты.

Бірақ бұл сәлем Абайдың барлық істі аяқтап қалған кезінде келді. Тоқтата алған жоқ...

Ақбас пен Абайлар барды салып жүріп, көп жеңілдік тапты. Балағаздар каторгаға бармайды. Үркітке жер аударылатын болды...

Абай енді елге қайтпақ еді. Соңғы рет Ақбаспен көріскелі келгенде, қарт адвокат Абайға ақыл айтты:

– Сен жас болсаң да, ақылды адамсың. Халқыңа жаның ашиды екен... Оның зор қасиет. Бірақ сол елің мен өзіңнің қамыңды шын ойласаң, білім жарығына ұмтыл! Оқу ізде! – деді.

Бұл сөздер Абайдың өз арманының дәл үстінен түскен сөздер.

– Оқуға жаным құмар. Бірақ қайтіп оқимын? Школға түсуге ұлғайып кеттім... Басқа оқудың жолы бар ма? Ақыл айтыңызшы! – деген.

Адвокат көп мәслихат берді. Ең өуелі үлкейгендік бөгет емес екенін айтты. Жасы қырыққа келіп те, білім іздеп, өз-өзінен ізденіп, ғалым болып шыққан кісілер бар екен. Солардың аттарын атады. Және оқуды школға түспей, оқуға болатынын да айтты...

Жидебайға келген соң, Абай көп бөгелген жоқ. Ділдө мен шешесінің рұқсатын оңай алды...

Бұл шақтарда недәуір қартайып қалған Ұлжан баласының жүзінен көз алмай, көп қарады...

– Заман сенікі, майдан сенікі. Соларыңның балуаны бол. Қай жолмен жүрсең, мұратың орындалады. Оны енді бізден де өзің артық танитын болдың. ...Жолың болсын! – деді.

Абай анасын бала күндегідей құшақтады да, үндемей қоштасты. Ербол екеуі тысқа шығып, атқа мінерде, барлық ауыл ере шыққан. Дәл жөнелер кезде Ұлжан ат үстінде тұрған Абайды өзіне қарай шақыртып алып:

– Абайжан, Тойғұлының аулына бара кет. Өкелерің құда түсе кетіпті. Осы ауыл тегіс барсын деген екен. Мен қайдан сүйретіліп жүрейін. Бірақ сен бармасаң, тағы да бізге ренжиді. Жолшыбай аз аялдап, кете берерсің! – деді...

Тойғұлы – Мамай руының үлкен байы... Қыз алатын Құнанбай жағы. Енді құда түспекке, қонақ боп қайтпаққа, сол Тойғұлы аулына Құнанбайлар барыпты.

Абай мен Ербол да келді...

Үлкендердің әңгімесі әр саққа соғып кеп, бір кезде заман мен заман арасын салғастыруға ауысты. Қаратай өздерінің жас кезін айтып, әкелер заманын еске алып кеп, бүгінгі заманның азғанын, бүгінгі адамның құнарсыз боп, жұтаң тартып бара жатқанын айтты.

Абай осы тұста мырс беріп күлді де, қиғаш сөйледі:

– Бұрынғы заманның жақсылығы со ма, қатар отырған бір туысқан елдер бірін-бірі шауып, шаншып, сойқаннан арылмаушы еді... Алып кетеді, жұлып кетеді деп, ылғи ғана жасанып жүруші едіңдер... Сол заман да жақсы ма екен? – деген.

...Аздан соң ет желінді. Абай мен Ербол енді жүрмек боп, киіне бастады. Құнанбай да тысқа шықты.

Шығысымен Абайды шақырып алды да, жақын жердегі тастақ төбешікке кеп отырды. Әке мен бала оңаша. Көптен бергі бетпе-бет кездесулері осы.

Құнанбай салқын жүзбен, кінәлай қарады:

– Сен оқыдың да, білім алдың, ұстаз көрдің. Біз надан өстік. Бірақ сол білімің жұрт алдында ата сыйлауды неге білдірмейді саған? Көп көзінше таласып кеп, әкенді сүрінткенде, не мұратқа жетпексің?

Әкесі жеңілгенін біліпті...

Осымен сөз біткен шығар деп ойлады. Бірақ әкесінің тағы да бір айтпағы бар екен. Ол азырақ бөгеліп отырды да, қайта сөйледі.

– Орайы келгенде айтармын деп жүр едім. Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Соны тыңда! – деді.

Абай:

– Айтыңыз, әке! – деп, Құнанбайдың жүзіне тура қарады да, тосып қалды.

– Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барыңды арзан ұстайсың... Екінші, дос пен қасты сараптамайсың... Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді. Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің! – деді.

Бұл сөздердің түкпірін Абай оңай таныды. Жас жігіттің өз жүрегіндегі нәрім мен барым деп жүргендеріне шабуыл жасалып отыр...

Бұл тұста әкесін аяп қала алмайды. Сөйлеп кетті:

– Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтам, өке. Өзімдікі дұрыс деп айтам. Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз. Қолында құралы бар жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз, көрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын. Екінші, ел алатын төсілді айттыңыз. Ел билейтіндердің мінезін айттыңыз. Менің білуімше, ...Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсек, жеңін жастық қылған бақташы ғана баға алады... Жанашыры бар, жақсылық пайдасы бар ғана кісі бағады... Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім-өнер. Сол өнер орыста.... – деді.

Құнанбай тыңдап болды да, күрсініп қойды... Сөз осымен біткен еді. Абай қоштасты да, жүріп кетті...

Бұл уақытта Абайдың жасы 24-ке шыққан-ды. Көз алдынан өзі шегіп өткен жылдардың бірталай күйлері шұбатылып өте берді. Байқап қараса, өмірдің бірталай қат-қабатынан, шытырманьынан, бел-белесінен өтіпті. Бір шақта өрге басып, енді, міне, қияға қарай да өрлеп келе жатқан тәрізді... Қияға қадам басқаны рас...

(Бірінші кітаптың соңы)



СӨЗДІК

Әнтек – болар-болмас, сәл ғана.

Әмісе – әрқашан, әрдайым, ылғи да.

Бейгүнаһ – бейкүнә.

Биқасап – жібектен тоқылған еңсіз мата.

Затон – 1) кемелер тұратын және оларды жөндейтін орын; 2) көлдің, өзеннің, теңіздің ағыны баяу жері, шығанақ қойнауы; 3) шығанақ жүкшілері тұратын жер; жұмысшылар поселкесі.

Келеге салу – келе – 1) жылқы үйірі сияқты бір топ түйе, бір қора інген; 2) ауыспалы мағынада: ел арасы, көпшілік ортасы; 3) ортаға ақыл салу.

Классика – үлгілі, кемелденген, жоғары сапалы. Классик жазушы деп өз заманының алдыңғы қатарлы идеяларымен рухтанған, көркемдік қасиеттері жоғары, бүкілхалықтық ілтипатқа бөленген шығармалардың авторы ғана мойындалады. Ал классикалық әдебиет халық санасында көркем шеберлікпен көркем бейнелер жасауымен танылады.

Көрпіс (*орыс*) – корпус – 1) кемені, аппараттың сыртқы қабы. 2) Белгілі бір алқапқа орналасқан үлкен үйлердің бірі.

Құран хатым – қайтыс болған адамның аруағына арнап, Құраннан аят оқу.

Мезіретім – ықылас білдіру, ілтитап көрсету ишараты.

Пұшпақ – 1) малдың, аңның терісі; 2) белгілі бір кеңістіктің, мекеннің, көшенің бір шеті, бөлігі; 3) әӘңгіменің бір шеті.

Піргауар (*орыс*) – переговоры – келіссөз жүргізу.

Шағи – жұқа жұмсақ; таза тінді жібек мата.

Адам аттары:

Базаралы Қауменұлы (1833–1887) – «Абай жолындағы» типтендірілген кейіпкерлерінің бірі. Бірақ өмірдегі Базаралы мен кейіпкер Базаралының арасында айырмашылық бар. Ол өмірде Абаймен жауласып өткен, ал романда ақынның ең жақын сыйлас, сырлас, мұраттас дос ретінде сомдалған.

Жазушы елге барып, романға қажетті деректер жинағанда, Базаралы туралы: «Дәл Кенесары сықылды, бойшаң, өте сұлу, тентек, қалжыңқой» деп суреттелген. Сөзге шешен, тапқырлығы да айтылған. Романға кейіпкер етіп алынуына да ел аңыздарының әсері болған (*Талат Әкімов*).

Барлас – жазушының кейіпкері. «Абай жолының» 1942, 1948–1949 жылдардағы басылымдарында Дулат атанып, 1952 жылдан бастап Барлас есіміне ауыстырылды, яғни соңғы басылымдарда Барлас болып көрінетін кейіпкердің прототипі – Дулат Бабатайұлы. Кеңес дәуірінде зар заман ақындары – Дулат, Шортанбай, Мұрат есімдерін айтуға, жазуға тыйым салынған, ал жазыла қалған жағдайда оларды міндетті түрде сынау талап етілетін. Осы саясаттың ықпалынан жазушы Мұхтар Әуезов кейіпкер Дулатты жинақты бейне ретінде Барлас деп өзгерткен.

Дәрмен – жазушының кейіпкері, өмірде болмаған адам. Жазушының шығармасына көркемдік шешім үшін қажет болған типтік жиынтық бейне. Бірақ жазушы Дәрмен үшін Қодардың немересі Қиясбай Көгедайұлы мен Шәкәрімнің тағдырын негіз етіп алған.

Ал «Абай жолының» үшінші және төртінші кітаптарындағы Дәрмен бастан кешетін оқиғалар Шәкәрім Құдайбердіұлының тағдырынан алынған. Кеңес заманында Шәкәрім туралы айтуға тыйым салынған, сол себепті Дәрмен бейнесі тарихи шындыққа негізделген типтік образдардың қатарына жатады (*Тұрсын Жұртбай*).

Ербол Көмекбайұлы (1843–1884) – Абай Құнанбайұлының досы, Бөкенші руынан. Ол сөзге жүйрік, өнерлі, билік істерге де араласқан. Абай екеуі Сүйіндік ауылында танысқан, олардың достасуына Тоғжамен екі арадағы дәнекерлік қызметі себеп болған. Олардың достығы өмірлерінің соңына дейін жалғасқан. Тек болыс сайлайтын кез Ербол Оспанды емес, Бөкенші руынан Күнту

Шоңқаұлын өткізуді ұйымдастырғаны Абайдың жанына қатты батқан (*Талат Әкімов*).

Жиренше Шоңқаұлы (1843–1905) – жазушының ел арасынан жинаған аңыздарда оның шешендігі, күлегештігі, қалжыңқойлығы айтылған. Алдағы біліп отыратын шеберлігі де бар екен. Абай Құнанбайұлы болыс болған кезінде талай салмақты, қиын істерге Жиреншені жұмсаған. Өмірдегі Жиренше мен романдағы Жиренше арасында алшақтық байқалмайды.

Лосовский Владимир Степанович (туған және қайтыс болған жылдары белгісіз) – 1879 жылдан Семей уезінің бастығы, колледждің хатшысы. Ол 1876–1884 жылдары Үзікбай Бөрібаевтың Абайдың үстінен жазған жалақорлық арыздарын тексеріп, Батыс Сібір генерал-губернаторына баяндап, арызда жазылғандардың түгел дерлік жалған екенін анықтап, істі қысқартқан.

Михайлов Евгений Петрович – шын мәнінде, тегі Михаэлис Евгений Петрович (1841–1913) – орыстың революционер-демократы. 1869 жылы Семейге жер аударылған. Отаршыл әкімдерден басқа орыс зиялыларын кездестірмегендіктен, Абай Құнанбайұлына алғашқы кезде Ресей мәдениетінің хабарларын жеткізуші болған. «Ал кейін орыс тілін еркін біліп, орыс мәдениетін мол, терең тани бастаған кездегі Абай озық ойды А.Пушкиннің, Некрасов, т.б. көрнекті тұлғалардың төл шығармаларын оқу арқылы, өз дарынымен үйренген.

Оразбай Аққұлұлы (1837–1911) – Абайдың замандасы. Көп жылдар Абаймен жақсы қарым-қатынаста болған. Кейін Қадиша қызға байланысты дауға байланысты екеуінің арасы сұысып, үлкен жаулыққа ұласқан. Романда оның бейнесі әсіреленбей, деректер негізінде берілген.

Шұбар – көп адамдар «Абай жолындағы» Шұбарды Шәкәрім Құдайбердиевтің прототипі деп ойлайды. Негізінде, олай емес. кейбір іс-әрекеттері ұқсас келгенімен, Шұбар жалпы ойдан шығарылған жиынтық, әдеби бейне. Жазушыға ақын туысқандарының ішінен Шұбар сияқты бір бейне керек болған. М.Әуезов Шәкәрім Құдайбердиевтің бүкіл жақсы қасиеттерін Дәрмен бейнесіне жинақтап көрсеткен (*Талат Әкімов*).

Әдебиет теориясы

Эпопея (*грек. eponoila – тудыру, жазу*) – эпостық шығарманың бір түрі; белгілі бір немесе бірнеше тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын кең көлемді суреттейтін, бірнеше ұрпақ өкілдерінің іс-әрекетін ортақ идея мен тақырыптың арнасында, көркемдік тұтастықта баяндайтын поэзиялық немесе прозалық ірі туынды. Демек эпопеяға ортақ сипат-

тар: тарихи тақырып, терең әлеуметтік идея, уақытты реалистікпен суреттеу, кейіпкердің даралануы, көркем тіл.

Алғаш рет Еуропада, нақты айтқанда, антикалық әдебиетте Гомердің «Илиада», «Одиссеясы» арқылы орын алды. Ал түркі халықтарында ерлік істері мен даңқты болған батырларға арналған мадақтау өлеңдері мен жырлардың негізінде туған «Манас» эпосы бар.

Жазба әдебиетте орыс халқының көрнекті жазушысы Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», М.Шолоховтың «Тынық Дон», қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеяға жатады.



1. Мұхтар Әуезов туралы не білесіңдер? Ол кім? Оның қай туындыларын оқыдыңдар? Драматург ретінде М.Әуезовтің қай пьесаларын білесіңдер? Өздерің тұратын мекендегі театрда оның қай шығармаларын тамашаладыңдар?
2. Өздерің тұратын мекенде Мұхтар Әуезов есімімен аталған қандай ғимараттар бар?



1. «Абай жолы» романы не себепті эпопея деп аталған? Сендер «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесін, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» роман-хроникасындағы «Қаһар» романын оқыдыңдар. Бұлар үш туынды да роман жанрына тиесілі, сонда олардың эссе, хроника, эпопея деп жіктелуінің себебі неде? Эпопея сөзін өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.
2. Абай Құнанбайұлы кездескен ақындар кімдер? Шәкәрім Құдайбердіұлының Абайға туыстық қатысы қандай?
3. Этнография деген не? Романдағы суреттелетін көштер этнографияға жата ма? Салтанатты көш қалай бейнеленген? Ол салтанат қандай жағдайда жасалатын еді? Ал қаралы көш деген не?
4. Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романында жоқтау айтқан кім еді? Ал «Абай жолында» кім жоқтау айтты? Бұлан нені байқауға болады?



Назар аудар!

«Абай жолының» 1-кітабындағы барлық тараулар бойынша тапсырмалар



1. Роман-эпопеядағы әр тарауды оқыған кезде жер-су атауларына мән беріңдер. Дәптерлеріңе маңызды мәліметтерді жазып жүріңдер.
2. Шығарманы оқи отырып, кейіпкерлерді тізімдеңдер. Сөздікте адам аттары бойынша берілген анықтаманы пайдаланып, жазушының кейіпкер таңдаудағы және оларды сомдаудағы тәсіліне мән беріңдер.
3. Тарауларды оқи отырып, өздерің түсінбеген сөздерді іріктеп жазыңдар. Төмендегі сілтеме бойынша сөздікте жоқ сөздердің мағынасын анықтаңдар. <https://kazakh.academic.ru/>
Олардың арасында көркемдік құрал ретіндегі сөздер болуы мүмкін екендігіне де мән беріңдер.
4. Бірінші кітаптағы тараулардың атауларына мән беріңдер. Бірінші кітапты түгел оқып болған соң, әр тараудың атауларын сызба түрінде қалай көрсетуге болатынын ойлаңдар. Мәселен, сызбаның бастау нүктесі ретінде «Қайтқанда» деп алып, бұл тарауды сипаттайтын бір сөз немесе сөйлем жазыңдар. «Қат-қабатта», «Жолда», «Шытырманда», т.б. тарау аттарын сызба арқылы қалай жеткізуге болар еді?
5. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім



1. Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі жазушының айтар ойы, шешімнің қалай жасалғанын еске түсіріңдер. Ал «Абай жолының» бірінші кітабындағы Абай бейнесін мінездеуі қалай жүзеге асырылған? Екі туынды бойынша салыстыру жасап, жазушы ұстанатын ортақ сипатты анықтаңдар.
2. Роман-эпопеядағы тартыс қалай суреттелген? Бала Абай (10–12 жас) және әке санасатын Абай (24 жас) деңгейдегі кейіпкердің өсу жолына, азаматтық қалыптасу, кейіпкер ретіндегі тұлғалану үдерісіне назар аударыңдар. Роман сюжетіндегі оқиғаның шиеленісу, шешімін табу қалай жасалғанына мән беріңдер.
3. Шығарманың әр тарауы бойынша оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

4. Шығармада қандай өмір шындығы суреттелген? Кейіпкерлердің жүйесін жинақтау және даралау арқылы өмір шындығын талдаңдар
5. Абайдың достары қандай адамдар? Бұл сұраққа романдан тура жауап алуға бола ма?
6. Типтік жиынтық бейнелер деп қай кейіпкерлерді айтуға болады?
7. Авторлық идеяның тарихи шындықпен байланысын анықтаңдар.
8. Романда Абай ақынның сатирасы қай оқиғаға байланысты көрінеді?
9. Шығармадағы бас кейіпкердің әкесі Құнанбаймен, бауырлары Төкежан мен Оспан арасындағы диалогтарға мән беріңдер. Абай тарапынан айтылатын сөздердің көркемдік ерекшелігін талдаңдар.
10. «Абай жолы» роман-эпопеясында суреттелетін мекендердің атауларын жазып жүріңдер. Ол жерлерге қатысты оқиғаларға талдау жасаңдар.



1. Шығарманың тақырыбы, идеялық мазмұны нені көрсетеді?
2. Роман бойынша автор идеясын дәйектейтін үш дәйексөз табыңдар.
3. Жазушының фразеологизмдерді, диалог пен монологты қолдануындағы ерекшелікті анықтаңдар.



1. «Абай – жастарға үлгі» тақырыбында өдеби эссе жазыңдар.
2. Шетел жазушыларының «Абай жолы» роман-эпопеясына қатысты ой-пікірлері негізінде өдеби эссе жазыңдар.



1. Ғабитхан мынау көрген күйіне шыдай алмай:
– Ей, мазлұма! Нилер ғазап көргенсің сен бейгүнаһ мазлұма! – деп, жылап жіберді.
Сұрақ: Жазушы өз романын қазақ тілінде жазды, бірақ не себепті мазлұма, бейгүнаһ деген бөтен тілдің сөздерін қосқан?
а) өсерлі оқылуы үшін.
б) қызық көріп жазған.
с) Ғабитхан – өзге ұлттың өкілі, сол себепті оның өз тілін қолдану керек.
2. Өзі айтқан «Құнанбайдың бөлтірігі» – Абай екен.
Сұрақ: «Құнанбайдың бөлтірігі» деген нені білдіреді?
а) жек көріп айтқаны
б) күшігі дегені
с) қасқырдың баласы сияқты күшті бала дегені
3. «– Біз ата-ананың алдында туысқан болысуға жарасақ, со да жетер. Мынандай ажал аузына, қыл көпірдің үстіне ел-жұртты өзі айдап келген соң, менен жөн сұрамасын!.. – деген».
Сұрақ: «Ажал аузы» деген нені білдіреді?
а) өмірі қиыла жаздады, өлімнен қалды деген мғынаны білдіретін метафора
б) өдемі сөз сияқты қолданған
с) архаизм ретінде қолданған



1. М.Әуезовке арналған хабарларды тауып, сыныпта ой бөлісу ұйымдастырыңдар.
2. <https://ok.ru/video/10433398215> сілтеме бойынша «Құнанбай» фильмін тамашалаңдар. Режиссері: Досхан Жолжақсынов.

Қосымша оқу үшін

1. Жұртбай Т. Құнанбай. Тарихи және әдеби тұлға. – Алматы, «Алаш», 2004.
2. Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы. Роман. – Алматы, «Әл-Фараби», 1999.



Мұхтар Әуезовтің музей-үйі

Мұхтар Әуезов 1961 жылы 27 маусымда ауыр науқастан Мәскеу қаласында ота жасатып жатқан кезде қайтыс болған. Көрнекті жазушының есімі мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан басшылығы сол жылы 10 тамызда ол тұрған үйді музейге айналдыру туралы қаулы қабылдады. Екі қабаттан тұратын бұл үйде жазушы өмірінің соңғы он жылын (1951–1961) өткізген. Ал музей-үй ресми түрде 1963 жылы 28 қарашада алғаш келушілерді қабылдады.



Мұхтар Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағы

Алматы қаласында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызмет істейді, осы ғылыми мекеменің 50 жылдық мерейтойы қарсаңында институттың ғалымдары Мұхтар Әуезов есімін қадірлеп, елу жылдық мерейтойға жазушының елу том жинағын дайындап, қазақ елін қуантты. Өйткені жазушының көзі тірісінде 6 том шығармалар жинағы жарық көрген. Кейін 12, 20 томдық шығармалар жинағы жарияланды. Бірақ бұл басылымдар кеңес кезінде жарық көргендіктен, «Қилы заман» повесі оқырманға жетпеді, ал «Хан Кене» атты драмасы цензураның кесірінен толық емес күйде ғана жеткен. Енді 50 том жазушының шығармаларын мейлінше толық қамтыған басылым ретінде жинақталған.



АБАЙ ЖОЛЫ

Берілідегі Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйі. 1987 жылдан бастап Абай мұражайының бөлімі болып есептеледі. Ұлы тұлғаларға арналған тарихи ескерткіштер туралы мына сілтеме арқылы кеңірек біле аласыңдар <http://abay-museum.kz/b-rili>



Назар аудар!

«Абай жолының» 2-кітабындағы барлық тарауларына ортақ тапсырмалар



1. Роман-эпопеяда Абай Құнанбайұлының өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынасы туралы қалай жазылған? Нақты өмірде Абай Құнанбайұлының олармен байланысы қандай дәрежеде болды?



1. Өр кітапқа жазушы жаңа кейіпкерлерді қалай қосып отырғанына назар аударыңдар.



1. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы өр мекенге берілетін сипаттамаға, пейзаждың суреттелуіне назар аударыңдар. Тарауларды оқи отырып, өздерің түсінбеген сөздерді іріктеп жазыңдар. Төмендегі сілтеме бойынша сөздікте жоқ сөздердің мағынасын анықтаңдар. <https://kazakh.academic.ru/> Олардың арасында көркемдік құрал ретіндегі сөздер болуы мүмкін екендігіне де мән беріңдер.
2. Тараулардың атауларына мән беріңдер. «Биікте» тарауына автор қосымша тақырып ретінде «Татьянаның сахарадағы өні» деп жазған, ал сендер қалған тарауларға қандай қосымша атау берер едіңдер, сыныпта осы туралы ойларыңды ортаға салыңдар. Бұл тапсырманы топтық жұмыс ретінде жасауға да болады.

3. Екінші кітаптың мазмұнын тараулардың аты бойынша сызба түрінде қалай көрсетуге болатынын ойлаңдар.



1. Роман-эпопеядағы әке мен бала, ана мен бала қарым-қатынастарына мән беріп, кейіпкерлер психологиясына мән беріңдер. Жазушы кеңес идеологиясының тегеурініне байланысты қай сөздерді, қай оқиғаларды жазушы автор ретінде өздігінен қосуы мүмкін деп ойлайсыңдар, пікірлесу ұйымдастырыңдар.
2. «Абай жолындағы» әйелдер галереясын жасаңдар. Өр кейіпкерге жүктелген міндетті анықтаңдар.
3. Роман-эпопеядағы тартыстың дамытылуы мен Абай Құнанбайұлының халықтың қамқоршысы деңгейіне жету үдерісіне мән беріп, өр сатыдағы оқиғаларды талдаңдар.
4. Топтық жұмыс: Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкерлердің тізімін жасап, оларды топтап, өр топқа төн сипаттама беріңдер.
5. «Абай жолы» мен «Қаһар» романдарындағы этнографиялық рәсімдерді салыстырыңдар. Олардың қолданылу ерекшеліктеріне мән беріңдер.
6. Оқулықта дәстүрлі сөздік мақсатты түрде берілген жоқ. Жазушының сөздік қорына мән беріңдер. Қандай ерекшелік байқалады? Архаизм бар ма? Мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді анықтаңдар.



1. Роман-эпопеяның тарау аттарын жазып, оны кейіпкер өміріндегі өр кезеңге түйінді ой жасаңдар.
2. Жазушының авторлық идеясын білдіретін үш дәйексөзді табыңдар.
3. «Абай жолы» роман-эпопеясының тарихи және көркемдік құндылықтарының маңызын тұжырымдаңдар.
4. Автордың көркемдік құралды, әдісті қолдану ерекшелігін тұжырымдаңдар. Жазушының сүйікті көркемдік тәсілі бар ма?



1. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына қатысты айтылған шетелдік жазушылардың ой-пікірлері негізінде эссе жазыңдар.
2. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында көтерілген өзекті мәселелер туралы әдеби сыни пікір жазыңдар.



1. «– Бү не ғажап! Гоголь кітапханасына қашаннан бері түйелер жіберілетін болған? – деді.

Абай бұл кезде кітапханашы қартқа қол беріп амандасып, өзіне керек кітабын енді атағалы тұр еді. Жаңағы тұрпайы өзілді құлағы шалысымен, чиновник жаққа салқын ызамен жалт етіп бір қарады... Енді күлкілі мысқыл жүзбен жігітке бұрылды да, лезде жауап қатты: – Чиновник мырза, түйе кірсе, несі бар, бұнда ол түгіл, есек те отырыпты ғой! – деді».

Сұрақ: Роман бойынша, осы жағдай орын алғаннан кейін Абайға келіп, қол алып, амандасып, танысып, кейін дос болған кім?

- a) Лосовский
- b) Михайлов
- c) Потанин

2. «Осындай ойын-сауық жиынының ортасында ең қадірлі бір топ қонақ бар. Шет елден келген қонақ. Бұлар – қазір төрдің тап ортасында, жағалай көрпе үстінде, үлкен ақ жастықтарды шынтақтаған сал, серілер. Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі – мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт. Ол – Арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жүзді асыл саз, өсем әнімен ұйытқан ...Тобықты ішіне сонау алыс Көкшетаудан келген сирек сый қонақ...»

Сұрақ: Көп нүктенің орнында қай ақынның есімі жасырылған?

- a) Байкөкше
- b) Барлас
- c) Біржан сал

3. Романда «Оқапта» деген тарау аты бар.

Сұрақ: «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тарау атауларының қолданысын ескере отырып, бұл сөз нені білдіретінін табыңдар.

- a) Оқалы деген сөзден шыққан, әдемі, зерленген деген сөз
- b) Қасиетті деген сөз
- c) Кедір-бұдыр, бөгеті көп жол



«Романдағы кейіпкер бала Абай бейнесі менің өмірімде» деген тақырыпта ойларыңды жазыңдар.

Ғаламтор

1. М.Әуезовке арналған хабарларды тауып, сыныпта ой бөлісу ұйымдастырыңдар.

2. Мына сілтеме бойынша «Құнанбай» фильмін (режиссері: Досхан Жолжақсынов) көруді жалғастырыңдар. <https://ok.ru/video/10433398215>

Қосымша оқу үшін:

1. Жұртбай Т. Құнанбай. Тарихи және әдеби тұлға. – Алматы, «Алаш», 2004.

2. Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы. Роман. – Алматы, «Әл-Фараби», 1999.



Артық болмас білгенің

Хакімжан Есімханұлы НАУРЫЗБАЕВ (1925–2009) – қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан КСР Халық суретшісі. Ол 300-ден астам мүсін өнерінің туындыларын туған халқына ескерткіш етіп қалдырды. Атап айтқанда, Алматы қаласындағы «Абай Құнанбайұлы» (Алматы қаласы, 1960), «Абай» (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Қарауыл ауылы, 1965) «Шоқан Уәлиханов» (Алматы, 1969), «Жамбыл» (Тараз, 1963), «Мәншүк Мәметова» (Орал, 1988), т.б.



Орал қаласындағы Мәншүк Мәметова ескерткіші

**III бөлім бойынша
ТЕСТ**

1. «Абай» романының бірінші кітабы қай жылы жазылды?
 - A) 1945
 - B) 1942
 - C) 1959
 - D) 1946
 - E) 1947

2. Битан, Шитан, Тонтеке дегендер Абайға қалай туыс болады?
 - A) Достары
 - B) Шәкірттері
 - C) Нағашылары
 - D) Дұшпандары
 - E) Қарсыластары

3. «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін М.Әуезовке Лениндік сыйлық қай жылы берілді?
 - A) 1947
 - B) 1950
 - C) 1959
 - D) 1961
 - E) 1956

4. Өмірге «Жиырма бес» әнін үйреткен кім?
 - A) Барлас
 - B) Біржан
 - C) Шөкәрім
 - D) Абай
 - E) Жанбота

5. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Барлас кейіпкердің прототипі кім?
 - A) Барлас ақынның өзі
 - B) Біржан
 - C) Абай Құнанбайұлы
 - D) Шөкәрім Құдайбердіұлы
 - E) Дулат Бабатайұлы

6. Абай ауылына Барласпен бірге қай ақын еріп келді?

- A) Біржан сал
- B) Шұбар
- C) Шөкәрім
- D) Байкөкше
- E) Қуандық

7. «– Мұны айтқан кім? Осы өлеңді шығарған кім екен?! – деп, бағанадан бері өзін сүйіндірген ақынның атын білмек еді.

– Әріден келе жатқан деседі-ау, балам, бұның түбін. Бірақ осы дәл әлгіндей қып айтқан Кіші жүз Марабай деген ақын деуші еді Жанекең, – деді. Жанекесі – Жанақ еді».

Көп нүктенің орнына тиісті сөзді анықтаңдар.

- A) Жүсіп Баласағұн
- B) Жүмекен Нәжімеденов
- C) Жиренше шешен
- D) Жанақ
- E) Жарылғапберді

8. «Абай жолының» бірінші және екінші кітаптарында қанша тарау бар?

- A) 7, 8
- B) 6, 7
- C) 7, 9
- D) 7, 6
- E) 7, 7

9. «Абай жолының» екінші кітабындағы эпилогінде Абай қай қонысында отырған деп суреттелген?

- A) Жидебай
- B) Қарашоқы
- C) Ақшоқы
- D) Бөрілі
- E) Қасқабұлақта

10. «Түнде кеш піскен еттің алдында, ... жауып жатып, Абай үй ішіне естіртіп бір сыр айтты:

– Дүниеге көзімді аштың-ау, Михайлов, қандай қазыналарға мені жетектеп әкелген едің!.. Енді менің Қазбам орнынан көшіп, құншы-

ғысым – құнбатыс, құнбатысым құншығыс боп барады! Солай болса, болсыншы! – деді...».

Көп нүктенің орнында жасырылған екі сөзді табындар.

- A) Есікті қымтап
- B) Михайловтың қолын
- C) Крыловтың кітабын
- D) Пушкин томын
- E) Лермонтов томын

IV бөлім

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ

Адам – табиғаттың бір бөлшегі. Біз көк аспан аясында ұлы өмір көшінде адамзатқа ортақ ауаны жұтып, тіршілік етудеміз. Ал табиғатқа, бізді қоршаған ортаға өркім өрқалай қарайды. Саналы адам өзінің айналасын, қоршаған ортаны, табиғатты сыйлайды, қадірлейді. Ал кейбіреулер, өкінішке орай... Иә, осындайды көрген ақын адамзатқа поэзия тілімен үн қатады. Тыңдай білуіміз керек. Өлемдік үйлесімділік, әдемі өмірлі бұзуға құқымыз жоқ.



ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ
(1935–2011)

«Қадыр Мырза Әли ұлт тарихын, мінез-құлқын, ойлы көзбен өлшеп суреттейді. Онда терең идеялық мағына бар».

*(Серік Қирабаев. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті.
– Алматы, 1998, 129–130-беттер)*

Қадыр Мырза Әли – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының (1980), Қазақстан Республикасының халық жазушысы (1995), тағы да көптеген атақтардың иегері.

Қазақ поэзиясына мазмұн жағынан да, сан жағынан да мол үлес қосқан ұлт ақыны еліміз тәуелсіздік алғанда жазылған тұңғыш өнұранның сөзін жазған авторлардың бірі (1992).

Ол 1935 жылы 5 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының Сырым (Жымпиты) ауданында туған. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің (бүгінде Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) филология факультетін бітірген.

Қадыр Мырза Әлидің шығармашылығы балаларға өлең жазудан басталған. Оның «Көктем» (1959), «Жаңғалақтар» (1960), «Кішкене қожанасыр-

лар» (1961), «Ноян қоян» (1962), «Алуан палуан» (1963), «Сабақ» (1964), «Шымыр жаңғақ» (1984) кітаптары – қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған туындылар. Сондықтан Қадыр Мырза Әлидің алғашқы еңбек жолын «Балдырған» журналында әдеби қызметкер болып бастауы тегін емес (1958–1962).

Кейін, яғни 60-жылдардың екінші жартысынан бастап ересектерге арналған өлеңдер де жазды. Шығармашылықтағы осы өзгеріске орай ол «Жұлдыз» журналы, «Жазушы» баспасындағы қызметтерімен жалғасын тапты. Өбден танымал ақын деңгейіне жеткен ол Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі, т.б. мәртебелі қызметтер атқарды.

Ақынның бұл кезеңдегі кітаптары: «Ой орманы» (1965,) «Дала дида-ры» (1966), «Бұлбұл бағы» (1967), «Ақ отау» (1968), «Алақан» (1977), «Қорамсақ» (1980), «Көкпар» (1981), «Күндер-ай» (1984), «Күміс қоңырау» (1985), «Қызыл кітап» (1986), «Қылыш пен қанжар» (1991), «Мәңгі майдан» (1992), «Заман-ай» (1997), «Еңіреп өткен ерлер-ай» (2001), т.б. оқырман жылы қабылдады. Халық та, мемлекет тарапынан да бағасын алды.

2001 жылы «Қазығұрт» баспасынан ақынның он екі том шығармалар жинағы жарық көрді.

Ақын туралы ҚР ҰҒА академигі З.Қабдолов: «Қадыр Мырзалиев¹ – сөздің сәйгүлігі, ойдың озарманы. Ол жеке бастың дара мұңынан бастап, қым-қиғаш халықаралық қайшылықтарға шейін қысылмай, қымтырылмай еркін жырлай алады ...Демек, қазіргі қазақ поэзиясын көп дауысты, қуатты оркестр десек, мұның құрамындағы Қадыр мұзасының қайталан-бас өз үні, машығы мен мәнері, айшығы мен өрнегі бар; Қадыр лирикасы-ның сыңғыры бөлек, сыры терең».²

Ақын қай тақырыпта өлең жазса да, негізгі нысанасы – адам, оның еңбегін, дәстүрін, тұтас болмысын жырға қосты. Ақындардың бәрінің де шығармаларындағы басты нысана – адам екені түсінікті, дегенмен Қадыр Мырза Әли ешкімге еліктемей, ешкімді қайталамай, адам жанына терең үңіле білуі даралықты танытты.

Үңіліп көр адамдардың ойына,
Көрем десең жунглидің көкесін! –

¹ Кеңес кезінде ақынның тегі Мырзалиев болып жазылған, кейін, еліміз тәуелсіздік алған соң, Мырза Әли деп өзгертті.

² Қабдолов З. Қадырдың қадірі // Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп том-дығы. Т. 1. – Алматы; 2001, 7–14-беттер.

деген ақын. Өйткені әр адам өзінше жеке құбылыс, бәрін бір қалыптағы оймен түсінуге болмайды. Адам жанын түсінуге тырысқан ақын:

Күндіз-түні сабылып, ертелі-кеш індетір,
Тек жақсылық, жақсылық іздеу – менің міндетім.
Мен жақсылық іздеймін қызу қанның өзінен,
Мен жақсылық іздеймін бұзылғанның өзінен,
Мен жақсылық іздеймін қаскүнемнің өзінен,
Мен жақсылық іздеймін маскүнемнің өзінен.
Мен жақсылық іздеймін!
Өрлі-берлі із кесіп,
Жамандықты іздесе,
Оңбағандар іздесін! –

деген ақын гуманизмді танытады.

Бабамыздың шоқ басқан табанымен,
Бірдей екен жақсысы жаманымен:
Бір жаманы – тынымсыз көше берген,
Бір жақсысы – қимаған даланы кең.

Бір жаманы – жел сөзге ерген екен,
Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.
Бір жаманы – кетпенге ораполақ,
Бір жақсысы – найзагер, мерген екен...

Ақын бейнелі ойларды арнайы іздемеген, оның шығармаларында афоризмге айналған қанатты сөздер көп.

Қазақ боп
Туғаныңа өкінбе,
Қазақ боп
Жарыта алмағаныңа өкін!

Түйме ұрлаған адам адам түйені де ұрлай алады.

Парақордың ақылы кем,
Көлемі кең.

Халқыңа жекеуөрінішті болғанша,
Ханыңа жекекөрінішті бол!

Жаманның жағасына жармасқанша,
Жақсының етегінен ұста!

Түймедей іске де түйедей ақыл керек.

Поэмалары. Ақын Қадыр Мырза Әли қазақ поэмасының жанрлық тұрғыда дамуына үлкен еңбек сіңірген. «Қызыл кітап» (1986) атты поэмасы бүкіл адамзатты ойландыратын философиялық туынды. Осы поэмасы арқылы ақын адамдарды табиғатты аялауға, планетамызды экологиялық апаттардан сақтауымыз керек екендігін айып, ойлануға, теріс әрекеттерден сақ болуға үндейді.

«Заман-ай» (1997) поэмасында қазақ халқының кеңес өкіметі жылдары бастан кешкен тарихы ақындық өрі азаматтық рухта жырланған. Поэма 1917 жылдан бастап еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі аралықты тұтас қамтиды. «Бес жыл өткен соң» атты поэмасы 1997 жылы жазылған, еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары экономиканы нарықтық жүйеге түсіру оңай болған жоқ, түрлі қиындықтар болғаны рас. Ақын осындай сын кезде кейбіреулердің қулық, арамдықтарын өшкере етіп, халықтың әбден күйзелгенін жырлаған.

«Ақырзаман», «Көкейкесті», «Ғадауат ғасыры» халықтың өткен тарихына көркемдік шолу жасаған. «Ақырзаман» поэмасында қазақ халқының орыс мемлекетіне бодан болудан шеккен қиын тағдырды батыл суреттеулермен жеткізген. «Ғадауат ғасыры» атты поэмасында «залым ғасыр», «қиянатшыл ғасыр», «қатал ғасыр», «керең ғасыр», «күнәлі ғасыр» деген эпитеттер қолданса да, ақын бұл поэмасын оптимизммен «Той болып кел, келешек, ұлан-асыр» деп түйін жасаған. Осылайша Қадыр Мырза Әли өз шығармашылығы арқылы бұрын ешкім айтпаған жаңа ой-пікірлер ұсынды.

Драматургиясы. Қадыр Мырза Әлидің «Әмір Темір», «Жаралы жолбарыс» атты драмасы, «Мың бір мұң» атты трагедиясы, «Сақал саудасы», «Түрт, сайтаным, түрт!» атты комедиялары, «Отырар ойраны» (Ө.Хасеновпен бірге жазылған), «Төле би» (Өкім Таразмен бірлесіп жазылған) атты либреттолары – қазақ драматургиясына қосылған сүбелі көркем туындылар.

«Жаралы жолбарыс» поэмасының бас кейіпкері – батыр, ақын, ХІХ ғасырдағы Ресей патшалығының отаршылдығына және Жәңгір ханға қарсы

қазақ халқының көтерілісінің басшыларының бірі – Махамбет Өтемісұлы. Драманың соңғы, алтыншы көрінісінде басы шабылған Махамбет тіріліп, қайтадан Баймағамбет сұлтанмен беттеседі. Осындай көркемдік шешім жаасай білген ақын Махамбетке:

Қателеспе, нарқоспақтың баласы!
Бітпек емес хан мен халық таласы.
Мен өлгем жоқ!
Басым шауып алғанмен,
Қайта туар мені қазақ даласы!
Бүгін сенің,
Ажыратып мені елден,
Күнің шығар қуанышқа кенелген.
Басым менің бөлінгенмен кеудемнен,
Мен емеспін!
Мен емеспін!
Сен – өлген! –

дегенді айтқызып, поэманың көркемдік шешімін оылайша батыл беруі арқылы батырдың мәңгілік бейнесін сомдалды.

«Өмір-Темір» поэмасы Ақсақ Темірдің Алтын Ордаға, Иранға, Кавказ елдеріне, Түркияға, Үндістанға, Кіші Азияға жасаған шапқыншылық, тонаушылық жорықтары туралы айтып, дүниежүзіг жауламақ болған адамның мұратқа жетпегені реалистікпен суреттеліп, тойымсыздығы өшкереленеді.



СӨЗДІК

Либретто – музыкалық-драмалық шығармалардың сөз мәтіні. Ол драматургияның жалпы заңдылықтарына сай жазылады.

I

Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған,
Менің мазам кетеді күдікті ойдан.
Жұртпен бірге мәз болып,
Ду-ду етіп
Қайта алмаймын одан соң күліп тойдан.

Аңшылыққа қалай жұрт қызығады?!
Қан жуады олардың ізін өлі.
Көргеннен-ақ мылтықты
Менің үшін
Дүниенің дидары бұзылады.

Аяймын мен анасыз,
Атасызды.
Аяймын мен құлынсыз,
Ботасызды.
Хайуанатқа жасаған қиянатың –
Бауырыңа жасаған опасыздық!

Қызыл түлкі даланың көрігі еді.
Жаға болып ол енді «керіледі».
Бөкебаймен бүркеулі анау қалпақ –
Қалпақ емес –
Қақпан боп көрінеді.

Тымырсығы-ай!
Қалада жел еспейді.
Жел есетін бұл жайлау емес дейді.
Анау киім ілгішке көзім түссе,
Бұғылардың мүйізі елестейді.

Ауылда, өспе, мейлі, сен қалада өспе,
Анаң сенің, бөрібір,

¹ Қазақтың 100 поэмасы / Құраст.: Ж.Аймұхамбет, А.Өлімұлы. – Алматы: «Жазушы», 2013. 4-том. – 233–248 беттер.

Дала емес пе?!
Терезеге ұстаған анау пілттер
Құсқа құрған торларды салады еске.

Айналайын бұлбұлым,
Бал таңдайым,
Саған тор да,
Қасқырға қақпан дайын.
Шынтақтаған жастықты
Көрінеді
Аққу-қазды жаныштап жатқандайын.

Өкпелетпеу керек қой қожайынды.
Айта алмайсың халыңды,
Не жайыңды.
Ұстай беріп айырды
Шошын кетем
Шаншығалы жатқандай дәу жайыңды!

Тартып алған аңдардың бір киерін,
Қыз-келіншек үшін мен құр күйемін.
Кешіре гөр біздерді,
Өулие көл!
Кешіре гөр біздерді,
Қыр киелі!

II

Біздің сайда болатын мия қалың.
Ауылдастар ойлайтын ұя қамын.
Мия сиреп,
Ұядан құстар безіп,
Біреу үшін енді мен ұяламын.

Ұяламын қарауға қарлығашқа.
Шиқылдайсың, балапан, қарның аш па?!
Жалтаңдайсың өр Болат, өр Қайратқа,
Жаутаңдайсың өр Баян, өр Күләшқа.

Тәрбиенің де жақсы еді,
Тәлімің де...
Аян бірақ өмірдің мәні кімге?!
Торғай аттың бір кезде,
Соның үшін
Ұяламын, бауырым, өлі күнге.

Ұяламын қарауға қоңыр қазға.
Толып-ақ тұр бүгінде өмір назға.
Балапанын шұбыртқан қасқалдақтың
Оқтан көрген қорлығы,
Зәбірі аз ба?!

Ұяламын қарауға шүрегейге.
Құстың бірі туған да,
Бірі өгей ме?!
Бүгін кептер атқандар
Ертең ердің
Кеудесіне тапанша тірмей ме?!

Ұяламын қарауға егіз құрға.
Қыра берсек қалады неміз қырда?!
Жата берсін шуылдап орман-тоғай,
Жата берсін малынып теңіз нұрға!

Ұяламын қарауға қырғауылға.
Аңшы деген ат бердік бір қауымға.
Кейбір көлдің орнында шалшық қалды,
Кейбір талдар айналды сырғауылға.

Ұяламын қарауға шағалаға.
Мылтық ұстап шалқарды жағалама.
Құстың зарын естісе,
Не демекші
Саған ана, мына жер –
Маған Ана?!
Ұяламын аң аулап, бел асқанға.
Түсінбеймін сол үшін таласқанға.

Ұшып бара жатпаса аққу-қаздар,
Ұяламын қарауға көк аспанға!

III

Арқар атып,
Қалайша тойламақпын?!
Хабар оқып өртүрлі ойға баттым:
Тегі құрып,
Тігерге тұяқ қалмай,
Төзімдері біткен бе хайуанаттың?!

Көрем десең көлге бар,
Далаға бар.
Жердің де бір уәжі бағаланар.
Аңшы көрсе
Жиналып,
Төбесіне
Шығарыпты саңғуды шағалалар.

Бітсе керек ойланым,
Толғаныстар.
Қауіп қазір ормандар,
Ну қамыстар.
Қандары әбден қарайып,
Ашу қысып,
Адам жеуге көшіпті жолбарыстар.

Өшкерелеп сұмдықты жарық түндер,
Жасырады қабағы жабық күндер.
Содан бүлік шығарып,
Кей қонысты
Тып-типыл ғып кетіп жүр алып пілдер.

Бауырлар-ау!
Кесесің неңді қырқып?
Кей орманның орнында қалды бір түп.
Қонатын жер,

Ұшатын аспан аздай,
Самолетке шабатын болды бүркіт.

Болса болар шаруасы бұрыс кейде,
Түзетуге оны адам кіріспей ме?!
Туысқанның қолынан өлгеніңше
Өзіңді-өзің өлтірген дұрыс дей ме?!

Амалсыздан...
Көрсетіп батыр қылық,
Киттерің де шығарды ақыр бүлік:
Өзін-өзі лақтырып ақ қайраңға,
Өз еркімен өздерін жатыр қырып.

Алсақ солай барлығын майып етіп,
Тағар бізге Болашақ айып етіп...
Оны ойлайтын ақымақ па?
Той-думанда
Былшылдатып жеп отыр аю етін!..

...Өлгеннен соң күн де жоқ
Шуақ та жоқ.
Өлтіргенде ар да жоқ,
Ұят та жоқ.
Оңбағанның артында ұрпағы бар,
Ал мамонттың артында тұяқ та жоқ.

Бәрі-бәрі олардың қырылыпты,
Біздер мына – бүгінде тірі мықты.
Мамонттарды жоқтауға тиісті адам,
Жоқтар болса түбінде ірілікті.

Қаншама аңды өлтірдік қамап түзде?!
Сағынады оларды алап күзде.
Қай кезде де
Болуға тиіс енді
Мамонттардың апаты сабақ бізге!

Бар тағдырдың тағы да,
Тағы алары.
Өсті мамық,
Терінің бағалары.
Мамонттардан дегенмен сүйек қалды,
Басқалардан белгісіз не қалары?!

Бұдан былай адамдар болмақ па абай?!
Безген бақыт оралып, қонбақ па оңай?!
Тола жатар орыны топастардың,
Мамонттардың орыны толмақ қалай?!

Осындайда ақында тіл қышыған.
Жатыр талай бүгінде жер құшып аң.
Ал ғаламшар жоқтайды мамонттарын
Айырылған анадай тұңғышынан.

Қырдан безбе, бауырым,
Нұрдан безбе!
Жылататын жайттар бар жырдан да өзге.
Жиһан қамын жамылып жоқтау керек
Жердің өзі жоғалмай тұрған кезде!

Ойлаймыз деп бір кезде қамын бастың,
Ей, адамдар, достастың,
Қауымдастың.
Асын беру мамонттың керек енді
Жылын берген сияқты ауылдастың.

Жылататын жайттар бар жырдан да өзге
Қырдан безбе, бауырым,
Нұрдан безбе!
Мамонттарды ел болып жоқтау керек
Мамонттарша жоғалмай тұрған кезде.

V

Ойран салған сайғақтың өрісіне
Қауіптірек Сібірдің бөрісінен

Кейбіреулер
Сыйлайды саудагерге
Папка жасап ақбөкен терісінен.

...Ми дарымай, біреуге пұл дарыған,
Аямайды пұлын ол ұлдарынан.
Былғарыға құмар-ақ сол ұлдардың
Қымбат емес кейбірі былғарыдан!

Қариды деп ұяттың өрті бізді,
Біз, өрине, бұзбаймыз сертімізді.
Аямайды
Аң түгіл өзіңізді
Алу үшін ондатр бөркіңізді!

Аңдар бастан кешкенді –
Дала кешпек.
Тарих мұңын
Ертеңге ала көшпек.
Еліне де,
Ерге де пайдасы жоқ
Ешкі қыздың үстінде лама бешпент.

Көкпеңбек боп көктемде қыр жайқалды
Бірақ анау мөлдірде кір шайқалды.
Крокодилдің терісі
Кейбір елде
Сөмке боп жүр қолында бір сайқалдың.

Жөні бөлек, өрине, жүйелі істің.
Кейбір завод бірақ та күйе құсты...
Желкілдеген үкі үшін
Қалды адамдар
Жете жаздап түбіне түйеқұстың.

Қиын болған тағдыры бұл құсыңның.
Қоя алады жасырып қылмысын кім?!
Аяғында жатады ақсүйектің

Терілері барыстың
Ілбісіннің.

Азаматтан,
Ақылды дос ағадан
Не тыңдайды құлағы тосаң адам?
Оған салсаң,
Кәдімгі аң патшасын
Бөстек күйде көресің босағадан.

Кейбіреулер сұмдықты кәсіп көріп.
Жүр бүгінде базарға тасып тері.
Біздер үшін бұғылар
Сырқыратып
Мүйіздерін келеді кесіп беріп.

Кінәліміз жасымыз,
Көріміз де:
Зауал болар аңдардың зары бізге...

VI

Ұстағандай тұтқасын әлдененің,
Кейбіреудің көрсеңіз дөндегенін?!
Құсты айтасыз,
Сөз боп па құс дегенің?!
Аңды айтасың,
Сөз боп па аң дегенің?!

Шүкір! Шүкір!
Сұмдықтан Далам аулақ.
Сол Далада өседі балам аунап.
Бірақ, бірақ,
Кәдімгі осы адамдар
Адам сатқан бір кезде,
Адам аулап!
Керек еді жазалау әңгілерді,
Кім тыңдаған ол кезде мән білерді?!

Құл сатушы көззөптар
АҚШ-ына
Торға қамап жеткізген зәңгілерді.

Айдаһарға дауа жоқ жеті басты!
Кейбіреудің одан да ақылы асты.
Адам емес,
Маймылдың бір түрі деп
Зообақта ұстаған папуасты!

Жіберілген «жігіттер» әскер үшін
Мәз қылам деп Париждің жас перісін,
Тірідей-ақ
Парикке лайықтап
Үндендердің сыпырған бас терісін...

Тұла бойын тілгілеп сабау-қайғы,
Қара жердің жотасы алаулайды.
Орта ғасыр өткенмен,
Кейбір елде
Адамдарды, бауырым, өлі аулайды!

Ысқырғанда құлдықтың қамшылары,
Белгілі ғой кімнен қан тамшылары!
Аңдып жүріп атады
Зәңгілерді
Ку-клукс-кланның аңшылары!..

VII

Мына қыры қазақтың,
Ана қыры
Қызыл қырман бүгінде,
Қала бірі.
Қайда кетті,
Кім маған айтады енді
Атыраудың құланы –
Онагры?!

Жер айтады осылай,
Күн айтады,
Күн айтады,
Көңілді мұңайтады.
Ақтөбеде бір кезде піл болғанын
Кім біледі бүгінде?
Кім айтады?!

Айла көп-ті адамда,
Айла көп-ті.
Айласына талайды айғақ етті.
Қылыш тісті жолбарыс –
Жерлес біздің
Айтыңдаршы, ағайын,
Қайда кетті?!

Жатыр дейсің жаратқан кімді ескеріп.
Құртты ма әлде өзара күндес бөрі?!
Ажары еді Даланың,
Қайда кетті,
Қайда кетті қазақы жүндес керік?!

Іздеймін мен әр бұта,
Әр талымды.
Момынымды,
Тентегім,
Арқалымды.
Кім қайырып береді кваганы?
Кім қайырып береді тарпаңымды?!

Нысанаға мықтап бір ілінгенге
Тіршілік жоқ...
Дүние бүлінген бе?!
Құмырсқалар құрыса,
Оның орнын
Толтыруға болмайды піліңмен де!

Қуанышын,
Қайғысын,

Мұңын көріп,
Жылжып жатыр осылай күн ілгері.
Мамонт қана емес қой
Опат болған
Жетіп жатыр мамонттың інілері!

Жарқырап-ақ тұрғанда көктем нұры,
Қасірет пен қайғының жеткен бірі.
Хайуанаттар ғана ма зәбір көрген,
Хайуанаттар ғана ма кеткен құрып?!

Жер астынан аң табар,
Балық табар.
Сонда қанша сыр жатыр анықталар?!
Дронт құсап кәдімгі
Ізім-ғайым
Жоқ боп кеткен ел де бар,
Халық та бар!

Кімде кінә, бауырым,
Кімдерде айып?!
Кімдер одан сорлады,
Кімдер байып?!
Хайуанаттар түгілі
Дүниеде
Ұлттар ғайып болыпты,
Тілдер ғайып!

Құлпытастың ежелеп оқыр үстін
Ғұламалар басында отыр істің.
Таңба ғана,
Тас қана!
Тілі де жоқ,
Өзі де жоқ бүгінде этрустың!

Бір кездерде шаңдатып айна көкті,
Төңірегін түгелдей майдан етті.

Жер жұтты ма?
Немесе
Көк жұтты ма?
Сол хазарлар бүгінде қайда кетті?!

Білімпаздар сеніммен қағып төсін,
Ұлы десін,
Кемеңгер халық десін,
Латындардың өзі де ғайып болған
Қалдырып тек тілі мен әліппесін!

Кейбір халық одан да құр қалыпты.
Мойынға іліп әлі де жүр қамытты.
Бір балықты бір балық қылғытқандай
Қылғытыпты бір халық бір халықты!

Жауыздықтың қадалып сүңгілері,
Желкеде ойнап мылтықтың дүмбілері,
Жақын қалды құруға,
Жоғалуға
Американың үндіні-үнділері!

Жылдар, жылдар...
Бір мезет тоқтамастан,
Халық қанша шоқ басқан,
От та басқан?!
Шіркей үшін зар қаққан, ағайын-ау,
Неге?
Неге?
Соларды жоқтамасқа?!

Неге? Неге сол үшін зарламасқа!
Басқыншыны сөкпеске,
Қарғамасқа!
Өлде мына өмірде халықтардан,
Ұлттардан да қымбатты бар ма басқа?!

IX

Кетем іштей тітіреп,
Түршігіп те:
Дүниені төңкерер бір шүріппе!
Жоқтай-тұғын бүгінде хайуанат көп,
Ойланатын нәрсе көп тіршілікте!

Отыратын кез емес түңіліп құр.
Төзім тауы бор болып үгіліп тұр.
Айналаңа қарашы,
Адамдарға,
Өзіңе-өзің қарашы үңіліп бір!

Сөз болып па көрілік,
Қарттығымыз!
Бізге лайық бір жүкті артты ініміз.
Кеткен жоқ па азайып ерлігіміз?!
Кеткен жоқ па жоғалып мәрттігіміз?!

Талай темір көк тасқа қайырылды,
Талай Төңір сенімнен айырылды.
Адамбысың сен өзі мейірімді?
Адамбысың сен өзі қайырымды?!

Тазамамысың?
Тірлікке ризамамысың?
Түтін толы әлдебір мұржамысың?
Алар жерге келгенде қанағатшыл,
Берер жерге келгенде мырзамысың?!

Өкпе емес пе осыным,
Наз емес пе?!
Кейбіреулер барына мәз емес пе?!
Туыс көп те,
Жоқ бірақ туысқандық.
Адам көп те,
Адамдық аз емес пе?!

Қараңызшы үлкенге,
Кішіңізге:
Орнында ма санамыз?
Күшіміз де?!
Мамонт құсап
Жігіттік
Азаматтық
Қалған жоқ па көміліп ішімізде?!

Жақсылықтың алдында бас иетін
Бабалардың не істейміз өсиетін?!
Жер жоғалтса не болмақ перзенттерің?
Ер жоғалтса не болмақ қасиетін?!

Түгел жыртып,
Тастақты айдағандай
Отырмын мен,
Отырмын ойға қанбай:
Адамдығын жоғалтсақ адамдардың
Хайуанатты жоқтаудан пайда қандай?!

Х

Одан көріп,
Ақыры, бұдан көріп,
Таласқаннан не тапмақ құлан, керік?!
Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен,
Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!

Өттең, бірақ!
Аспанның бұлты биік
Жаңбыр емес,
Өтеді сілті құйып,
Жоқ боп кетті
Өдемі теке мүйіз,
Айғыр жалды көгілдір жылқы киік!

Қара жерді жылатып,
Еңіретіп

Кетті солай дронтың өмірі өтіп.
Екі ғасыр бұрын біз
Ең ақырғы
Сусырды өлтірдік мәңіретіп.

Қызыл-жасыл,
Зер өңді,
Қалайы тұр
Тотылардың музейде талайы тұр.
Адамдардың алдында
Ақырғы рет
Ышқынды да,
Көз жұмды жабайы тұр.

Осыны айтсаң,
Күрсініп,
Тоқтайды жел.
Өкініштің мылтығын оқтайды шөл.
Солқ-солқ етіп жылайды
Опат болған
Перзенттерін еске алып,
Жоқтайды жер.

Одан көріп,
Ақыры, бұдан көріп,
Таласқаннан не таппақ құлан, керік?!
Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен,
Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі!

Отыра алмас ұл шыдап,
Қызың шыдап.
Жоғалғандар тізімі – ұзын шұбақ.
Қызыл кітап –
Мезгілсіз кеткендердің
Бастарына қойылған қызыл шырақ!

Келеді кез,
Күрделі біздің бұл кез!

Жаутаңдайды адамға түзде мың кез,
Қызыл кітап –
Опат боп кеткен аңның,
Бастарына қойылған қызыл күмбез.

Қашқан кезде адамнан
Ізін қандап,
Тау ешкісі өтеді құзыңды аңдап.
Қызыл кітап –
Тірі жан тимесін деп,
Хайуанатқа берілген қызыл мандат.

Баяғыдай көбінің халі бірақ –
Мойындарын үзеді әлі бұрап.
Қызыл кітап –
Бұл өзі қызық кітап:
Тысы жұқа,
Астары қалыңырақ!

Әдебиет теориясы

Поэма – белгілі бір оқиғаны, адам тағдырын, заман шындығын эпикалық немесе лирикалық үлгіде поэзия арқылы сипаттайтын жанр. Поэма көбіне сюжетке құрылады, оқиға кейіпкерлердің тартысқа толы өмірін жеткізеді, өмірді суреттейді. Ақындар кейде шеберлікпен сюжетсіз де поэмалар жаза алады. Мұндай жағдайда айтар ой адамзаттық құндылықтар ауқымында суреттеледі. Солайша ақын айтар ойының күрделілігі танылады.



Артық болмас білгенің

АДАМЗАТТЫҢ ҚАДЫРЫ

2017 жылы 12 желтоқсанда Қазақстан Үкіметінің қаулысымен Орал қаласында жаңадан ашылған мәдени және өнер орталығына Қадыр Мырза Әли есімі берілді.

Төменде көрсетілген сілтеме арқылы Қадыр Мырза Әли орталығының сайтымен таныса аласыңдар. <http://kadyrcenter.kz/>



Назар аудар!

Ақынның есімі Қадыр деп жазылады, ал жеке сөз ретінде қолданылғанда, орфографиялық сөздікте қадір деп жазу орныққан.

«ҚЫЗЫЛ КІТАП»

«Қызыл кітап» – халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабы» – дүниежүзілік дәрежедегі құжат. Оған жылдан-жылға азайып, саны сиреп бара жатқан жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркелген.

Жануарларды халықаралық дәрежеде қорғау мәселесі ХХ ғасырдың алғашқы жылдарынан басталған.

Өлемдегі әр мемлекетте «Қызыл кітап» бар. Қазақстанның да «Қызыл кітабы» бар.



1. Қадыр Мырза Әли туралы осы кезге дейін білетін бе едіңдер? Оның қай шығармаларын білесіңдер?
2. «Қызыл кітап» туралы не білесіңдер?
3. Елімізде қанша жануар мен өсімдік Қазақстанның «Қызыл кітабы» бойынша қорғалуда?



1. «Қызыл кітап» поэмасын жазудың қажеттілігі, маңыздылығы бар ма?



2. «Қызыл кітап» поэмасында аталатын жануарлар туралы ақпарат жинаңдар.



1. «Қызыл кітап» поэмасында сюжет бар ма, әлде жоқ па?
2. «Қызыл кітап» поэмасындағы көркемдік құралдарды тауып, олардың қандай мақсатта қолданылғаны туралы талдау жасаңдар.



Поэма арқылы адамдарға әсер ету мүмкін бе? «Қызыл кітап» поэма-сының маңыздылығы неде?

2. Поэмадағы кірме сөздерді ақын не себепті қазақ тіліне аудармаған?



1. «Қызыл кітап» және менің өмірімдегі қағидалар» атты тақырыпта өдеби эссе жазыңдар.



Оқу сауаттылығы

1. Келеді кез,
Күрделі біздің бұл кез!
Жаутаңдайды адамға түзде мың кез,
Қызыл кітап –
Опат боп кеткен аңның,
Бастарына қойылған қызыл күмбез.
Сұрақ: Үзіндіде қызыл күмбез деген сөз қай көркемдік құралдың қызметін атқарады?
а) Ескерткіш қойылған
б) Метафора
с) Теңеу
2. Азаматтан,
Ақылды дос ағадан
Не тыңдайды құлағы тосаң адам?
Оған салсаң,
Көдімгі аң патшасын
Бөстек күйде көресің босағадан.
Сұрақ: «Құлағы тосаң» деген сөз нені білдіреді?
а) Жауап күтетін адам
б) Есту қабілетінде кемістігі бар адам
с) Баырларды айтқаны
3. Қашқан кезде адамнан
Ізін қандап,
Тау ешкісі өтеді құзыңды аңдап.

Қызыл кітап –
Тірі жан тимесін деп,
Хайуанатқа берілген қызыл мандат.

Сұрақ: Тура мағынасында мандат деген не? Хайуандарға оны ақын қалай береді?

а) Мандат депутаттарға беріледі, олардың өмірлері заңмен қорғалады; ал хайуандарға мандат беру деген сөз қолданысы – метафора, солайша ақын оларды қорғау қажет екенін айтқаны.

б) мандат деген қызметтегі мүмкіндік, хайуандарға қатысы жоқ. Ақынның қиялы.

с) Мандат – қорғаушы күші бар құжат; хайуандарға ондай құжаттың берілуі мүмкін емес.



Оқушы күнделігі

«Менің санам және «Қызыл кітап» деген тақырыпта өз ойларыңды, айналамыздан байқаған жағымсыз қылықтарды, поэмадан алған әсерлеріңді жазыңдар.



Ғаламтор

1. «Әдебиет порталынан» Қадыр Мырза Әлидің «Қызыл кітап» поэмасына арнап түсірілген бейнесюжетті көріп, тыңдаңдар. https://adebiportal.kz/en/multimedia/video/kadir_mirzaali_kizil_kitap__579

2. Төменде көрсетілген сілтеме бойынша «Қызыл кітап» поэмасының толық нұсқасын оқи аласыңдар. <https://www.litres.ru/adyr-myrza-li/yzyl-k-tap/chitat-online/>



СҰЛТАНӘЛІ БАЛҒАБАЕВ (1946 жылы туған)

Сұлтанәлі Базарбайұлы Балғабаев 1946 жылы 21 мамырда Қызылорда облысы Шиелі ауданы Мұстафа Шоқай ауылында дүниеге келген. Ол – көрнекті жазушы, драматург.

Алғашында өлең жазған. Оның тұңғыш өлеңдері «Көктем тынысы» атты ұжымдық жинақта жарық көрген, кейін жеке жыр кітабы «Тұңғыш» деген атпен жарияланған. Сосын ол журналистика саласында қызмет еткен. Спортшылардың өмірін арқау еткен деректі повесть пен өңгімелері «Жұлдызың жансын!» деген атаумен

жарық көрді. Бұдан кейін оның «Алтын сағым» (1979), «Құм мен қызғалдақ» (1982), «Шөл» (1984), «Дала мен дария» (1988) атты прозалық жинақтары оқырмандарға жол тартты. Орыс тілінде «Красная гармонь» кітабы да белгілі. Сондай-ақ шығармалары украин, өзбек, қарақалпақ, түрік, тілдеріне аударылған.

Драматург ретінде Сұлтанәлі Балғабаевтың алғашқы пьесасы «Қыз жиырмаға толғанда» деп аталды. Сахнаға арналған тырнақалды еңбегі көрерменнің де, режиссердің де көңілінен шықты. Осыдан кейін «Қазақша күрес», «Ең әдемі келіншек», «Біз де ғашық болғанбыз», «Сағыныш пен елес», «Өтірік айтпайтын адам», «Мико, Жымбала және қасқыр», «Менің өжем сиқыршы», «Тойдан қайтқан қазақтар», т.б. пьесалары жазылды және сахналанды. Драмалық шығармалары 2006 жылы «Ең әдемі келіншек», ал 2008 жылы «Біз де ғашық болғанбыз» деген атаумен жарық көрді.

Жазушының талғампаздығы сол – ол өзінің пьесаларын нақты бір актердің шеберлігін ескеріп жазуы көңіл аудартады. «Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасы Қазақстанның халық өртісі Жұмабай Медетбаевқа, ал «Ғашықсыз ғасыр» КСРО халық өртісі Фарида Шәріповаға арналып жазылған.

ТОЙДАН ҚАЙТҚАН ҚАЗАҚТАР¹

(«Қазақстан» пойызы)

(екі бөлімді комедия)

Қатынасушылар:

Мәлис Әлібаевич – жауапты қызметкер

Асай Мүсеевич – тарихшы ғалым

Қошқарбай – аудандық әкімшіліктің қызметкері

Пойыздың бастығы

Жолсерік келіншек

Саудагер әйел

Билетсіз олаушы

Көркемөнерпаздар ансамблі (екі-үш еркек, бір-екі әйел)

БІРІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Шағын перрон. Көз байланған кез. Сахнаға Мәлис Әлібаевич, Асай Мүсеевич, Қошқарбай шығады. Соңдарында көркемөнерпаздар ансамблі. Ансамбль әндетіп, билеп келеді.

Жасасын біздің меймандар!

Біздің меймандар жасасын!

Жасасын жақсы меймандар!

Құрметті меймандар жасасын!

Жасасын жақсы ағалар!

Асыл ағалар жасасын!

Жасасын қамқор ағалар,

Бастық ағалар жасасын!

Жігіттер музыка ойнап, қыздар мың бұрала билеп, думанды қыздыра түседі.

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ (бишілерге қосылып билеп кете жаздап). Ай, керемет қой... Керемет!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ (саусағын сыртылдатып биге қосылып). Иә-иә, ғажап! Қандай өдемі!.. Қандай өдемі!..

¹ Балғабаев С. Ең өдемі келіншек. Өңгімелер мен пьесалар жинағы. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2006, 123–161-беттер.

ҚОШҚАРБАЙ. Біздің ауылдың бәрі осы!.. Шетінен өпші!.. Шетінен биші!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Жалпы, біздің халық дарынды халық қой!..

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Шетінен дарынды!.. Шетінен қабілетті!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Біздің қазақ ұлы халық қой!

ҚОШҚАРБАЙ. Дұрыс айтасыз! Біздің қазақтар деген... *(әндетін)*

Жасасын біздің қазақтар!

Қазақтар біздің жасасын!

Ұлы қазақтар жасасын!

Дана қазақтар жасасын!

Көркемөнерпаздар қосылып әндетін, билейді.

Жасасын біздің қазақтар!

Батыр қазақтар жасасын!

Ақын қазақтар жасасын!

Дана қазақтар жасасын!

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Өте керемет! Бүгінгідей той, бүгінгідей мереке өте сирек болады.

ҚОШҚАРБАЙ. Бәрі сіздің арқаңыз, Мәлис Өлібаевич! Сонау Алматыдан өзіңіз келген соң, жігіттер аянған жоқ! Барын салды!

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Ертең Алматыға барған соң, айтамыз бұл туралы! Тиісті орындардың бәріне жеткіземіз.

ҚОШҚАРБАЙ. Оның үстіне мына кісінің де... *(Асай Мүсеевичке қарап)* Асеке!.. Асай Мүсеевич дейім, сіздің баяндамаңыз... бүгінгі тойдағы баяндамаңызды айтам, сондай керемет болды!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Ау, енді бүкіл Академияның атынан сөйлеген соң, керемет болмаса, болмайды ғой.

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Гениально!.. Классика!..

ҚОШҚАРБАЙ. Иә-иә, сондай!.. Өсіресе, батыр бабамыздың бес жасында шешен, он жасында қол бастаған көсем болды деген фактіңіз өте күшті екен. Айтпақшы, ол фактіні қайдан тауып жүрсіз?!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Таптық қой!.. Ғалым болған соң іздену керек.. Мен ол туралы бүкіл газетке жазғам!.. Оқымайсындар!..

ҚОШҚАРБАЙ. Жо-жоқ, неге оқымаймыз?! Оқимыз ғой!.. Ойпырмай, бес жасында шешен, он жасында көсем – шынында, ғажап!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Мен үш жасында деп жазайын дегем!.. Қайта сыпайылады ғой...

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Айтпақшы, тойдағы төбелес осы мәселеден шықты дейді... Біреулер оған сенбей ме, қалай? Асеке, осы фактіні архивтен алдым деген жоқ па едіңіз!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Иә-иә, алуын алғам ғой... Бірақ енді ол тым ерте, осыдан үш жүз жыл бұрынғы жардай... ол кезде халық сауатсыз... архив мәселесі нашарлау...

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Дұрыс айтасыз!.. Қазақ деген қымызды ішуді білген... көп қатын алуды білген... ал архив жазуды білмеген. Соған да мен кінәлімін бе?

ҚОШҚАРБАЙ. Асеке, біздің жақта да үнемі осы... Той болса, аяғы төбелес!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Иә, біздің жақта да осындай!.. Бірақ сіздерде сұмдық екен!.. Қатындарына дейін төбелесті... Бәрі мас!...

ҚОШҚАРБАЙ. Әдейі жасайды!.. Бізде кірмелер бар!... Басқа рудың адамдары... Солардың қастандығы!.. Көре алмайды, иттер!..

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Иә, қазақ болған соң, болады ғой ондай! Бірақ біз провокацияға жол бермеуіміз керек!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Дұрыс айтасыз!.. Біз тарихты дұрыс білмейміз... Меніңше, осы шежіре жазуды мемлекеттік деңгейде қолға алу керек!

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Ұсынысыңыз өте орынды! Елдің ертеңін ойлаған мәселе бұл!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Әп, бәрекедді!.. Міне, басшылардың бәрі осылай ойласа ғой – біз қайда, ендігі талай жерге барып қалар едік!

ҚОШҚАРБАЙ. Мен де соны айтам! Қазақтың қайраткерлерінің бәрі сіздей болса ғой, шіркін!..

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Е, қызмет істеген соң, халықты ойлау керек! Сол үшін жүрміз ғой, міне, күн-түн демей!

ҚОШҚАРБАЙ. Қандай тамаша сөз!.. Айтпақшы, Мәлис Өлібаевич, тағыбір шаруа бар еді.. Кішкене шай дайындап қойғанбыз...

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Жо-жоқ, пойыздан қалып кетеміз!

ҚОШҚАРБАЙ. Қалаймыз! Бұл «Қазақстан» пойызы ешқашан уақытында келген емес... Үнемі кешігіп жүреді.

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Сонда да болмайды! Ертең жиналыс... Баяндама жасау керек!

ҚОШҚАРБАЙ *(сыбырлаңқырап)*. Оның үстіне шамалы конвертіміз де бар еді...

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ *(ол да сыбырлаңқырап)*. А, солай ма? Е, онда баяндама күте тұрады ғой... *(Мәлис Өлібаевичке қарап)*. Мәке дейім! Мынау Қошқарбай деген жігіт өзі азамат жігіт екен! Бармасақ, ұят болады! Ренжіп жүрер!

ҚОШҚАРБАЙ. Иә-иә, солай! Ештеңеден алаңдамаңыздар!.. Біз сіздерді пойызбен келесі ауданның шекарасына дейін шығарып саламыз!

Бәрі сыртқа беттейді. Көркемөнерпаздар әндетіп соңдарынан ереді.

Той жасағандар жасасын!

Ас бергендер де жасасын!

Шапан жапқандар жасасын!

Ат мінгендер де жасасын!

Екінші көрініс

Сол перрон. Вокзалға «Қазақстан» пойызы келіп тұрғаны аңғарылады. Перронда алпыс жастар шамасындағы бір кісі вагонды жағалап жүгіріп жүр. Бұл – Билетсіз жолаушы.

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ (*жанұшыра айқайлап*). Әй, ағайындар! Прөбөдниктер! Мені Сұлутөбеге дейін ала кетіндерші! Сұлутөбеге дейін! Бір-ақ адаммын!

Бір вагонның есігінен Жолсерік келіншек көрінеді:

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Не болды! Біреу бауыздайын деп жатқандай, не болды сонша ойбайлап?!

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Қарағым, қарындасым! Сұлутөбеге дейін ала кетші!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Қайдан көрсең осы – ылғи сандалбай қазақ! Сыған сияқты қаңғырады да жүреді. Үйлерінде отырмайсыңдар ма? Билет қайда?

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Билет жоқ!.. Билетті енді алайын деп тұр едім, депутатпын деп біреу тап алдымнан қақты да кетті.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Обалың депутатқа болсын! Билет жоқ болса, орын да жоқ, бар айда!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Қарағым! Жүзің жылы жақсы бала екенсің!.. Мен түрегеп-ақ барам!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Жарайды, қанша бересің?

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Бергенде – берем ғой... Өзінің бағасын берем!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Тапқан екенсің ақымақты!

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Қарағым-ау, оқудағы балама барып... қазіргі кезде бала оқыту деген... Бұрын тек оқуға түсерде ғана беретін едік... енді ай сайын... сессия сайын... Біресе ақша сұрайды... Біресе соғым сұрайды... Тіпті, күріш, консерві сұрайтындары да бар... Бұл институт дегеннің мұғалімдері әбден құтырды.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Қазір су тегін оқытатын баяғы коммунизм жоқ, ағасы... Айтпақшы, институтқа барған болсаңыз, айдаладағы бұл станцияда нағып жүрсіз?

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Осы жерде аталарымыздың ескі қорымы бар еді. Жол үсті болған соң, Құран оқи кетейін деп, түсіп едім, қарағым!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Ха-ха! Міне, қазіргі жұрттың бәрі осындай! Біресе күнә жасап, пара беремін дейді, біресе мұсылман болып, Құран оқимын дейді... Адамды өстіп ақымақ қылады. Басты қатырмай, басқа вагонға барыңыз. *(Вагонға кіріп кетеді).*

Сахнаға саудагер әйел шығады. Екі жеңін түріп, басына орамалды шарт байлаған. Өлген түйедей үлкен қапты сүйреп келеді.

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Әй-әй, тоқтандар... Тоқтай тұрындар!.. *(Билетсіз жолаушыны көріп)* Әй, шал!.. Азамат, кел көмектесіп жібер!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. *(Өзіңше айқайлап)* Ағайындар! Ағайындар! Сүлутөбеге дейін ала кетіңдерші! *(Саудагер әйелге)* Артық билетіңіз жоқ па?

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Қайдағы билет? Осы күні адам пойызға билет ала ма екен? Қане, көтеріс мынаны!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Билет болмаса, алмаймыз дейді.

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Неге алмайды? Бұл не, жекеменшігіне сатып алған өкесінің пойызы ма екен? Бұл үкіметтің пойызы!.. Халықтың пойызы!.. Жүр, қане!..

Екеуі түйедей қапты дырылдата сүйреп, вагонның есігінің алдына барды.

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Әй-әй, аш!.. Ашындар!

Есіктен Жолсерік келіншек шығады.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Айқайламаңдар!.. Неге айқайлайсындар түн ішінде?!

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Пойыздан қалып бара жатсақ, неге айқайламаймыз? Жолда машинамыз бұзылып, өрең келе жатырмыз.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Билет... Билеттеріңді көрсетіндер!..

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Мынау не дейді-ей! Билеті бар адам өстіп түн ішінде қап арқалап жүре ме?

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Билет болмаса, кірмейсіңдер.

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Ха!.. Кірмек түшілі тайраңдап тұрып кіреміз... Қайда өлгі жалпақ бас, қисық мұрын бастығың! Шақыр соны!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Ол кісі демалып жатыр!

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Білеміз ғой қалай демалып жатқанын!.. Былай тұр жолдан! Адамның құнын сұрамайын шығарсың, береміз қанша болса да!..

Үшеуі де кіріп кетеді.

Үшінші көрініс

Сахнаға Мәлис Өлібаевич бастаған топ қайта шығады. Рестораннан шыққан беттері. Сондықтан бұрынғыдан да қызу, бұрынғыдан да көңілді. Көркемөнерпаздар тобы бұрынғыдан да бетер қызу әндетіп келеді.

Қонақжай қазақ жасасын!

Кеңпейіл қазақ жасасын!..

Дастарқандар да жасасын!

Ресторандар да жасасын!

Үйге шақырғандар да жасасын!

Банкет бергендер де жасасын!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Ай, біздің қазақ деген... қазақтар деген ғажап қой! Қазақтың дастарқаны... Қонақжайлылығы...

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Заман қанша қиындағанмен, қазақтың пейілі, дастарқаны тарылған жоқ!.. Сол баяғыдай...

ҚОШҚАРБАЙ. Дұрыс айтасыз! Баяғы коммунизмдегідей!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Ай, Қошқарбай, сен де өзі, шынымен, азамат екенсің! *(Қалтасынан конверт шығарып)*. Өсіресе, мынау конверттің жақсы екен! Жалтырап тұр!.. Қалыңдығы да біраз бар ма деймін...

ҚОШҚАРБАЙ. Иә-иә, шамамыз жеткенше... Қазақтың жолы деп...

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Қазақтың жолы болған соң ғой... Не өйтпесе, біз сендерге конверт жинайын деп келді дейсіңдер ме?

ҚОШҚАРБАЙ. Мәке! Мәлис Өлібаевич, о не дегеніңіз, Құдай сақтасын!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Қазақтың азаматтары қандай? Шетінен ер ғой!.. Данышпан, көреген ғой!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Оның ішінде мына Мәкең!.. Мәлис Өлібаевич... Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы!.. Бақ қонған, Қыдыр дарыған!

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Мынау Асай Мүсеевич... қазіргі заманның Асан қайғысы... Бұқар жырауы!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Сонда да көре алмайды кейбіреулер!..

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Иә-иә, солай!.. Ана жолы депутаттыққа өткізбей тастады, өтеңе нәлеттер!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Мені де... мені де... Академиктікке енді өтейін деп тұрған кезімде... Айтыңызшы, менен басқа кімі бар сонда?

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Сізге обал жасады. Бұл Академия деген... кілең бір қатып қалған... ескі... Президентінен бастап бәрін құрту керек.

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Өне, бәрекедді! Өте дұрыс айтасыз! Бәрін құрту керек! Айтпақшы дейім, Мәлис Өлібаевич, сіз алдағы сайлауда президенттікке өз кандидатураныңды ұсынуыңыз керек!

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Жо-жоқ, оған әлі ертелеу!.. Ертелеу!.. Ең алдымен *(даусын ақырын шығарып)*, сізден несің жасырайын, осы жақында министр болатындай мүмкіндігім болып тұр!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Дұрыс. Өте дұрыс!.. Ай, қанша айтқанмен, біздің бастықтар кадр таңдай біледі. *(Қошқарбайға)*. Әй, Қошқарбай, айтшы, Мәлис Өлібаевичтен артық министр болатындай кім бар?

ҚОШҚАРБАЙ. Министр дейсіз бе? Қайдағы министр? Бұл кісі деген... бұл кісі деген... Мынау министріңіз не айтып тұрған? Одан да үлкен!.. Одан да жоғары!

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Жо-жоқ, әлі ертелеу!.. Айттым ғой – ертелеу!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Жо-жоқ, ерте емес! Міне, халықтың өзі... халықтың өкілі солай деп тұр... Халықтың пікірімен санасу керек, жолдас Мәлис Өлібаевич.

ҚОШҚАРБАЙ. Иә, дұрыс! Халықпен санасу керек! Ең құрығанда – премьер-министр!.. Премьер-министр!..

Көркемөнерпаздар Мәлис Өлібаевичті айналып әндетіп, билей бастайды:

Жасасын Мәлис Өлібаевич!

Мәлис Өлібаевич жасасын!

Жасасын асыл ағаларымыз!

Ұлы ағаларымыз жасасын!

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Апырмай, адамды енді өстіп бұзасындар... Бірақ... еңбекті бағалаған да дұрыс! Генерал болмаймын деген солдат – солдат емес. Бәрімізде де үлкен армандар бар!.. Мақсат!.. Міне, сол мақсат жолында үнемі сапарда... жолда... Қарап отырсақ,.. бұл адам өмірі деген пойыз сияқты!.. *(перронға қарап)*. Тура мына пойыз сияқты... *(Есіне бірдеңе түскендей)*. Айтпақшы, бұл өзі неғылған пойыз?!

ҚОШҚАРБАЙ. Біздің пойыз емес!.. Біздің пойыз «Қазақстан» пойызы кежегесі кейін тартып, үнемі кешігіп келеді.

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Иә-иә, дұрыс... Ал сонымен менің айтпағым... Айтайын дегенім – бұл өмір деген сондай бір пойыз... сондай бір пойыз... *(қайтадан вагонға қарап)* Сонымен мынау қай пойыз болды?

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Қайдам!.. Көзім көріңкіремей тұр... Өпкіім қалып қойыпты...

МЭЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Иә-иә, пойыз... *(кенет шошып кетіп)* Әй-әй, мынау біздің пойыз ғой... өне-өне, жазып қойыпты!.. «Қазақстан» деп жазып қойыпты.

ҚОШҚАРБАЙ. Иә-иә, сол екен... Өзі жүрейін деп тұр ма деймін?

МӘЛИС ӘЛПАЕВИЧ. Жүрейн деп тұр маң не?! Жүріп бара жатқан жоқ па?!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Ойбай, не дейді? Жүгіріндер!.. Жүгіріндер!.. Біздің вагон – тоғызыншы вагон!

Екеуі вагонға қарай ұмтылады.

ҚОШҚАРБАЙ. Мен де... Мен де сіздерді келесі ауданға дейін шығарып саламын...

Төртінші көрініс

Купелі вагон. Вгонның дәлізі. Пойыздың бастығы мен Жолсерік келіншек әңгімелесіп келеді. Пойыздың бастығы өз әңгімесінің біразын Жолсерік келіншекке, біразын купенің ішіндегі жолаушыларға арнап айтады.

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ (*купенің ішіндегілер естісін деп*) Қалай бәрі дұрыс па?

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК (*жібектей ұнмен майысып және купедегілер естісін деп*) Дұрыс... Бәрі дұрыс!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ (*жолаушылар естісін деп*) Жолаушылардан ешқандай арыз-шағым жоқ па?

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК (*жолаушылар естісін деп*) Жо-жоқ. О не дегеніңіз... Біз бар күшімізді салып қызмет істеп... жолаушылар дән риза бізге...

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ (*Жолсерік келіншекке*) Қойшы-ей, рас па?.. (*жолаушылар естісін деп*) Шай мәселесі қалай? Бересіңдер ме жұртқа?

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК (*жолаушылар естісін деп*) Ойбай-ау, бермегенде... Кез келген уақытта... түн ортасында...

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ (*жолаушылар естісін деп*) Прәбәдниктер пойызда арақ сатады деген арыз бар – сенде ондай пәле жоқ па?

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК (*жолаушылар естісін деп*) О не дегеніңіз, беті аулақ ондайдың...

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ (*Жолсерік келіншекке*) (*жолаушылар естісін деп*) Қазір мафия ма, рәкет пе, бір пәле қаптады ғой... түнге қарай өте сақ болу керек. Пассажирлер купенің есік-терехесін тас қылып жауып алсын!.. Біреуді біреу өлтіріп, бауыздап жатса да, сыртқа шығушы болмасын! Кеше біздің алдымызда пойыздан екі жолаушыны бауыздап, лақтырып кетіпті...

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК (*жолаушылар естісін деп*) Сұмдық-ай... Ой, сұмдық-ай! (*Пойыздың бастығына*) Құдай ақы деп айтайын, тап осыңыз өтірік!

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ *(Жолсерік келіншекке)* Жолаушыларды осылай қорқытып қою керек. *(жолаушылар естісін деп)* Ал сосын өне бір мәселе қалай?

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК *(жұрт естісін деп)* Ол мәселе де тамаша... *(Жолаушылар естісін деп)* Взнос па? Қазір берейін!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ *(жұрт естісін деп)* Жақсы!.. Өте жақсы!.. *(Жолсерік келіншекке)* Қазір біз барған соң бересің...

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Айтпақшы, осында сізді жаңа бір кісі сұрап жатыр еді. Танысыңыз ғой деймін!

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Кім?

Осы сәтте қатардағы купеден Саудагер әйел шыға келеді. Билетсіз жолаушыны қолынан жетектеп алған.

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Мен ғой... Біз іздеген... *(Билетсіз жолаушыны қолынан тартып қойып)*. Жүрсейші былай!.. *(Пойыздың бастығына)* Үйбай, інім-ау, бала-шаға аман ба? Келіннің жардайы қалай?

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ *(танымағанын жасыруға тырысып)*. Иә-иә, аман!.. Бәрі жақсы!

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Апамның ше?! Көкемнің... Бәрінің дендері сау ма? Қуатты отыр ма?..

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Ол кісілердің сүйегі асыл ғой... Жақында әдейі барып, сәлем беріп қайтам... Анда-санда барып тұрмасаң, ұрсады олар!.. Ренжиді... *(Билетсіз жолаушыны көрсетіп)* Айтпақшы, мына кісіні танымайтын шығарсың... Бұл кісі құдамыздың құдасы... Оқудағы баласына барып...

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Иә, балама барып... Мұғалімдері соғым сұратқан екен... Содан билет ала алмай...

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Сөйтіп тұрғанда мына сіңлім кездесіп... *(Жолсерік келіншекті көрсетіп)*. Өзі сондай бір кішіпейіл... ілтипатты, тәрбиелі бала екен...

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК, Екеулеріне бір купені беріп қойдым... Жүктері де көп екен...

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Қарағым-ау, өзің де білесің ғой – мен ештеп саудасаттық жасаймын... Бала-шараның қамы... Қане, ішке кіріңдер, ауылдан алып шыққан дәм бар еді...

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Жо-жоқ, рақмет!.. *(жұртқа естірту үшін)* Бізде төртіп өте күшті... Қызметте жүргенде ондай болмайды. *(Жолсерік келіншекке)* Бұл кісілерден абай бол! *(Саудагер әйелге)* Жақсы, апа! Мына кісілерге тапсырып кетем... Сіздерге барлық жағдай жасайды.

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Рақмет, қарағым! Қайтарда тағы мінем ғой пойызыңа!
ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Өрине... өрине! *(Жолсерік келіншекке жұрт еститіндей етіп)* Жолаушылардан ешқандай жалоба түспейтіндей болсын! Өте абай болу керек!... Өсіресе, күдікті адамдарға... Сосын ішіп алған мастарға ешқандай аяушылық жасамау керек!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Дұрыс!.. Мас көрінсе, аямаймын!.. Ит қосып қуамын!

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Ал сау болыңыздар!..

Пойыздың бастығы мен Жолсерік келіншек кетеді.

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Апырмай, пойыздың бастығы ініңіз болғаны қандай жақсы болды, өйтпесе, далада қалады екенбіз...

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Қайдағы іні? Мен оны өмірімде бірінші рет көріп тұрмын!

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. А, сонда қалай болғаны?

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Туһ! Өзің шал болғанмен, түк білмейтін шал екенсің. Заманың қандай болса, адам сондай болу керек! Жүр, шай ішеміз.

Екеуі купеге кіріп кетеді.

Бесінші көрініс

Мәлис Өлібаевич, Асай Мүсеевич, Қошқарбай шығады. Бәрі де өте көңілді... Қошқарбай билеп, әндетіп келеді:

Жасасын біздің қазақтар!
Той жасағандар жасасын!
Тойға барғандар жасасын!
Той басқарғандар жасасын!

Жасасын біздің қазақтар!
Тойдан қайтқандар жасасын!
Ат мінгендер де жасасын!
Шапан кигендер жасасын!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Мәлис Өлібаевич деймін, сіз болмасаңыз, пойыздан қалып қояды екенбіз...

ҚОШҚАРБАЙ. Иә-иә, Мөкеңнің қырағылығының осы жолы өте пайдасы тиді. *(Саудагер әйел мен билетсіз жолаушыны көріп)*. Ау, ағайындар... қазақтар айтып жіберіңдерші, тоғызыншы вагон осы ма?

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Иә-иә, осы вагон... Оны қайтейін деп едің, шырағым?!

ҚОШҚАРБАЙ. Бір шаруам бар еді... (*Мәлис Әлібаевичқа*) Мәке, осы екен, осы вагон екен...

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Шырағым, айқайламай ақырын сөйле... Жұрт ұйықтап жатыр!

ҚОШҚАРБАЙ (*бұрынғыдан да бетер дабырлап*). Кешіріңіз, апасы! Бұл пойыз – «Қазақстан» пойызы болса, ол пойызда қазақтар айқайламағанда, кім айқайлайды? Қане, біреу бірдеңе деп көрсін, мойнын жұлып алайын!

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Шырағым, мына түріңмен қазір прәбәдник келген соң, сорлайсың ғой!

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Иә, мас адамдарды ит қосып қуам деген уәдесі бар...

ҚОШҚАРБАЙ. Ха-ха. Бізді қуа ма?.. Мәке!.. Асеке!.. Естіп тұрсыздар ғой... Бізді қумақшы... Мәке дейім, әлгі сөзіңіз бар еді ғой... Өмір туралы... пойыз туралы – соны жалғастырып жіберсеңіз...

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Иә-иә, сөйлегенде... ең алдымен айтарым, болашақта маған осы өзің сияқты жігіттер керек! (*қиялдап*) Асай Мүсеевич дейім, бір жағымда осы Қошқарбай сияқты жас, іскер жігіт жүрсе... бір жағымда сіз сияқты үлкен, ақылғөй ағалар болса – шіркін, мен талай нәрсені бітірмеймін бе?

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Пожалыста, ақыл керек болса, қанша болса да, айтатымыз ғой... Оған шама жетеді.

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Сосын... менің жоспарым деген... Қазақстанды қалай өркендету керек... Қайтіп гүлдендіру керек. Осы жөніндегі жоспарым! Мұндай программа әлі ешкімде жоқ! Мысалы, елді басқару деген оңай шаруа емес... Оған, ең алдымен, философиялық тұрғыдан келу керек.

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Өте тауып айттыңыз! Біздің басшылардың философиядан түк хабары жоқ!.. Көбі содан құрып жүр...

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Иә-иә, бұл ел деген... өмір деген... жалпы, өмір деген – ол пойыз сияқты...

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Шырағым, пойызыңды қоя тұршы!.. Мен сені бір жерден көрдім ғой деймін... Жүзің сондай таныс...

ҚОШҚАРБАЙ. Бұл кісіні жалғыз сіз емес, бүкіл Қазақстан таниды!

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Иә-иә, таниды... сонымен менің айтайын дегенім – өмір дегеніңіз, шынымен, пойыз сияқты...

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Пойыз сияқты болса, жетіседі екенбіз... Ешқандай билет сатпайды...

ҚОШҚАРБАЙ. Туһ, шу-шу етпей, қоя тұрыңдаршы!.. Адамға сөз айтқызбадыңдар ғой...

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Не айтатыны белгілі емес пе...

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Иә-иә...

ҚОШҚАРБАЙ. Мәке!.. Мәке, өте жақсы!.. Керемет айттыңыз! *(әндетіп)*.

Жасасын біздің қазақтар!

Асыл ағайлар жасасын!..

Жолсерік келіншек шығады.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК, Бұл не шу? Жұрт ұйықтап жатқанда, неге шулайсыңдар?

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. О, келдіңіз бе? Біз сіздерге қонақ болып... апырмай, өзіңіз бір өдемі бала екенсіз!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Иә-иә, сондай... Үріп ауызға салғандай...

ҚОШҚАРБАЙ *(әндетіп)*.

Жасасын сұлу әйелдер!

Өсем әйелдер жасасын!

Жасасын жақсы әйелдер!

Қыз-келіншектер жасасын!..

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Бұл – пойыз! Үкіметтің пойызы! Қане, табандарыңды жалтыратыңдар!.. Шағом марш!..

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Қарындас!.. Азаматша проводник, сіз байқап сөйлеңіз!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Иә-иә, сөйтiңiз! Бетi жылтырап, өдемі сияқтанғанмен, тілі жаман ғой мынаның!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Мен сіздерге кетiңiздер деп тұрмын!.. Өз вагондарыңызға барыңыздар!..

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Кешіріңіз!.. Кешіріңіз, қарындас!.. Егер вагонымыз осы болса, сонда қайда кетуіміз керек!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Иә-иә. Осы вагон... мынау купе. *(Саудагер әйел орналасқан купені нұсқайды)*.

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Иә-иә, ол біздің орнымыз... ең өуелі орындарыңды тауып алмайсыңдар ма?

МӘЛИС ӘЛІБАЕВИЧ. Қап! Мыналарды-ай! Асай Мүсеевич, билетті көрсетіңізші!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ *(қолын қалтасына салады)*. Міне-міне... тура осы вагонға, осы купеге!..

ҚОШҚАРБАЙ *(есіне бірдеңе түскендей)*. Асай Мүсеевич, тоқтаңыз!.. Тоқтай тұрыңыз!.. Билетті біз неге көрсетуіміз керек? *(Саудагер әйелді нұсқап)*. Билетті алдымен мыналар көрсетсін...

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Дұрыс!.. Қошқарбай дұрыс айтады!.. Құдай ақы деп айтайын, осылардың түк билеті жоқ!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ, Өрине, жоқ. Мына проводникі бар – бұлардың бәрі пәйкі!.. Мафия!.. Үкіметтің ақшасын жеп, әбден құтыруға айналған!

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Қане, көрсетіңіздер билеттеріңізді. Жолдас проводник, көрсетіңіз мыналардың билетін!..

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Кешіріп қойыңыз – мен билетті сіздерге неге көрсетуім керек? Сіз, не ревизорсыз ба, комиссиясыз ба?..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ *(ышқынып)*. Әй-әй, қалқам!.. Қалқам!..

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Жолдас проводник! Мен сізге тағы да қайталап айтамын – көрсетіңіз мыналардың билетін... Көрсетіңіз деймін, қане!.. *(Жолсерік келіншекке төне түседі)*.

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК *(қайтпай)*. Ха-ха... Не? Билет керек пе?..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Мәлис Өлібаевич, ойбай, мынау қайтеді-ей?

ҚОШҚАРБАЙ. Иә-иә. Мына долы ғой!.. Нағыз көк айылдың өзі ғой мынау!

САУДАГЕР ӨЙЕЛ. Әй-әй, өйтп адамға тіл тигізбеңдер! Проводниктікі дұрыс!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Сендерді ит қосып қуу керек.

САУДАГЕР ӨЙЕЛ. Бәсе десейші!.. Біреуді билет алған заңды мұны орнынан қумақшы!..

Пойыздың бастығы келеді.

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Бұл не? Неғылған шу бұл?

САУДАГЕР ӨЙЕЛ. Үйбай, інім-ау, жақсы келдің ғой... Мына біреулер ішіп алып, бәрімізді қырайын деп жатыр...

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Иә-иә, сондай... пышақтарын жалаңдатып... *(Зорлық көрген адамдай зарлап жылай бастады)*. ...Хулиганы!..

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. О, тоба!.. О, Жаратқан!.. Қарашы, қандай залім, ө! Қандай залім?!

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Сіздер кімсіздер?!

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Біз осы пойыздың жолаушыларымыз!

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Жолаушы болсаңдар – билет қане? Билетті көрсетіңдер!..

ҚОШҚАРБАЙ. Жоқ! Алдымен сендер көрсетіңдер!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ *(түсінбей)*. Не?

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Сендер... алдымен сендер көрсетіңдер билетті!..

САУДАГЕР ӨЙЕЛ. Өне-өне, көрдіңдер ғой, естері дұрыс емес!..

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК *(одан сайын ышқынып)*. ...Хулиганы!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Қане, алға түсіндер!.. Жүріңдер былай қарай!.. Мен сендерге көрсетейін билет тексерудің қалай болатынын! Шағом марш!

САУДАГЕР ӘЙЕЛ. Дұрыс!.. Дұрыс, інім... бұларды сөйтіп құрту керек!

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ (*даусын барынша ызғарлы шығаруға тырысып*). Тыш-ш! Тынышталыңдар! Бәрің де тынышталыңдар!.. (*Саудагер әйелге қарап*). Сіздер кімге жақтасып тұрсыздар? Кімнің сөзін сөйлеп тұрсыздар? Сіздер қарапайым жолаушысыздар!.. (*Пойыздың бастығын көрсетіп*). Ал мыналар кімдер? Бұлар кімнің үстінен күн көріп жүр? Кімнің қанын сорып, ақысын жеп жүр?! Қайран, халқым-ай!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ (*кенет айқайлап жіберіп*). А-а, таныдым!.. Енді есіме түсті!.. Бұл кісі былтыр біздің ауылға депутат болам деп келген. Осы сөздерін тура сонда айтқан!..

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ (*бұрынғыдан бетер айбаттанып*). Иә-иә, айтқам!.. Мен мұны талай жерде айтқам... Және болашақта да талай айта беретін болам!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Ха-ха! Ол сөзің саған, бәрібір, жәрдемдесе алған жоқ!.. Біздің ауыл сені тырапай асырған болатын!..

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Өйткені – сенің ауылың рушыл ауыл!.. Өз руынан басқадан депутат сайламайды!.. Бірақ мен, бәрібір... бәрібір!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ (*бірдеңе түсінгендей*). Тоқтаңыз!!! Тоқтай тұрыңыз!.. Депутат болғанда... бұл сонда... (*Мәлис Әлібаевичке*). Кешіріңіз, сіздің документтеріңізді көруге бола ма?

Мәлис Әлібаевич қалтасынан куәлігін суырып беріп, сөзін қайта жалғайды.

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Бұлар сендердің қандарыңды сорып... Қандарыңды сорып... Ал сендер болсаңдар... Ай, халқым-ай!.. Қайран, менің халқым-ай!.. Сендер үшін қабырғам қайысты-ау менің!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ (*куәлікке шұқшия қарап, сосын шошып кетіп*). А-а! Апырмау, ұят болған екен... Масқара болған екенбіз... (*Жолсерік келіншекке*). Ай, бұл не? Не сұмдық мынау? Сен өзі қандай адамсың? Көзіңді неге ашып қарамайсың? Сенімен енді сөз басқаша болады... (*Қайтадан Мәлис Әлібаевичке қарап*) Мәке, Мәлис Өлібаевич! Біз сізді білеміз... Сыртыңыздан өте жақсы білеміз... Біз байқамай, қателесіп... Қане-қане, кіріңізші!... Бәріңіз де кіріңіздер!...

Бәрін купеге кіргізіп жібереді. Сыртта Пойыздың бастығы мен Жолсерік келіншек қалады.

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ *(әлгіндегідей емес мүлдем басқа үнмен)*. Айналайын-ау!.. Қарағым-ау!.. Бұл кісі деген... бүкіл Алматы білетін... Қазақстан білетін, үлкен, жауапты қызметтегі кісі емес пе? Ойбай-ау... байқамайсың ба?!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Байқағанда... өзіңіз де көріп тұрсыз ғой...

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Енді...

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ *(күпеден басын шығарып)*. Сіз, жолдас Пойыздың бастығы, бұл үшін дұрыстап жауап бересіз өлі!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Жақсы-жақсы, Мәлис Өлібаевич!.. *(Жолсерік келіншекке)* Өлгі...

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ *(күпеден басын шығарып)*. Мыналар нағып сыбырласып кетті!.. Мәлис Өлібаевич дейім, құдайақы, осылар бір пәле ойластырып жатыр!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Бұл қарындасымыз біздің теміржолдағы ең үздік... ең әдемі прәбәдник!

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ *(тамсанып)*. Шынында да, солай екен!.. Ғажап!..

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК *(майысып)*. Кешіріңіз... Кешіріңіз, Мәлис Өлімбаевич ағай... біз байқамай... Ат-шапан айыбымызды төлеуге әрқашан да дайынбыз...

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ *(Мәлис Өлімбаевичтің құлағына сыбырлап)*. Сенбеңіз... Бір сөзіне де сенбеңіз... Өтірік айтады, залым!..

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Тоқтай тұрыңызшы!.. *(Жолсерік келіншекке)*. Ат-шапан айып төлеймін дейсіз бе? Өте жақсы... Мен әрқашан дайынмын! Жайнаңдаған көзіңнен сол!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Мәлис Өлібаевич, жаңа айттым ғой, біз сізді сыртыңыздан өте жақсы білеміз...

ҚОШҚАРБАЙ. Жалғыз сіз емес, бүкіл Қазақстан біледі.

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Иә-иә, бүкіл Қазақстан... Сіз деген бүкіл халықтың... бүкіл қазақтың ең айтулы... ең белгілі...

ҚОШҚАРБАЙ. Ау, ең ұлы десейші... Ең ұлы!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Иә-иә, ең ұлы азаматтарының бірісіз...

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Дұрыс айтасыз... Баяғының хандары... батырлары тап осы Мәлис Өлібаевичтай-ақ болған шығар!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Өрине, өрине *(Асай Мүсеевичке қарап, бірақ танымайтынын жасыруға тырысып)* Ал сізді де... сізді де сыртыңыздан, былай...

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Бұл кісі – Асай Мүсеевич!.. Қазақтың ең үлкен ғалымдарының бірі...

ҚОШҚАРБАЙ. Сұмдық!.. Ұлы ғалым... Бұл кісінің ашқан жаңалықтары!.. Әсіресе, біздің батыр бабамыздың бес жасында шешен, он жасында қол бастаған көсем болған дейтін жаңалығы сұмдық!.. Ұлы ғалым!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Міне, осындай кісілермен... өстіп... жол үстінде кездесеміз деген мүлдем күтпеген жағдай...

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Өмір деген сол – тура пойыз сияқты...

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Дұрыс айтасыз... Бірақ оны жұрттың бәрі біле бермейді... Тек сіздер сияқты... Мәлис Өлібаевич, өзіңіз сияқты терең ойлы басшылар!.. Жасыратыны жоқ, Мәлис Өлібаевич министр болады деген сөз бізге де жетіп жатады...

ҚОШҚАРБАЙ. Әй, министрің не айтып тұрған?! Одан да үлкен... одан да жоғары...

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Жақсы... жақсы, одан да жоғары!.. Біз сондай қуаныштымыз. Сіз үшін, Мәлис Өлібаевич!..

ҚОШҚАРБАЙ (өңдете бастайды).

Жасасын біздің қазақтар!

Ұлы қазақтар жасасын!

Дана қазақтар жасасын!

Барлық қазақтар жасасын!..

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Мәке, Мәлис Өлібаевич, ал енді тынығам, демалам десеңіздер... түннің де біраз уағы болып қалды...

МӘЛИС ӨЛІБАЕВИЧ. Иә-иә, дұрыс... Сөйткеніміз дұрыс!.. (*Жолсерік келіншекке*) Жайнаңдаған көзіңнен сол! Ат-шапан айып төлеймін деген сөзіңнен сол!

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Мәлис аға, жақсы!.. Жақсы жатып, жайлы тұрыңыз! Айыбымызды төлейміз сосын!..

Мәлис Өлібаевич бастаған топ купеге кіріп кетеді.

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. ...Бостан босқа шу шығарып...

ЖОЛСЕРІК КЕЛІНШЕК. Қайдан білейін... Аяқ астынан... Күтпеген жерден! (*Есіне бірдеңе түскендей*) Айтпақшы, бұл купедегі бір кісіні басқа жерге ауыстыру керек екен ғой... (*купенің есігінен сығалап*) Ақсақал, сіз мында шығып кетіңізші. (*Билетсіз жолаушы шығады*). Сіз қазір басқа орынға ауысасыз...

ПОЙЫЗДЫҢ БАСТЫҒЫ. Иә-иә, сізге қазір басқа орын тауып береді.

Пойыздың бастығы мен Жолсерік келіншек кетеді.

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Ой, Алла-ай! Біреу депутаттын деп, билетінді тартып өкетеді. Біреу әкімнің деп, жатқан орнынан қуып шығады. Қайтіп күн көруге болады-ей?

Купеден Асай Мүсеевичтің басы қылтияды.

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ (өзіне). Айттым ғой... айттым, бұлардың түрі жаман!.. Мафия!.. Қарашы, өлгі екеуі сайрап сөйлеп тұрды да, бірден тілсіз қалды... Өлді ғой деймін... (Билетсіз жолаушыға қарап). Өне, есіктің алдына күзетші қойып қойыпты! Енді қайттім?.. Өлде айқайласам ба екен?

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ (өзіне). Сөйте тұра, демократия дейді... Қайдағы демократия?! (Асай Мүсеевичке қарап). Айтыңызшы, солай емес пе?

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. А-а, сіз сонда өлгі мафияның мүшесі емессіз бе?

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Ха-ха! Мафия болсам, тұрам ба өстіп...

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. А, солай ма? Онда бар ғой, біз бұл мафияны түп-тамырымен жоюымыз керек! Білесіз ғой, қазір сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң шыққан!..

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Шығуын шықты ғой.. бірақ ол заңды орындалады деп, сізге кім айтып жүр?

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. А?! Неге орындалмайды?! Мен... мен ертең Алматыға барысымен баяндамада бұл туралы айтып... сөйтіп... Жо-жоқ, ең дұрысы, бірден полицияға... тура сіздің көзіңізше... сізді күе ғып тұрып, бәрін полицияға тапсырамын... Көреміз сонда заңның қалай орындалмайтынын!

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Рақмет сенім білдіргеніңізге!.. Бірақ мен Алматыға бара алмаймын ғой!!! Менің ауылым басқа жақта!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Не?

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Менің ауылым Алматы жақта емес, менің ауылым Мәскеу жақта! Мен сол ауылыма бара жатқан адаммын!

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ (сәл ойланып). Ақсақал, сіз осы не айтып тұрсыз? Алматыға бармасаңыз, бұл пойызға неге мінісіз?!

БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫ. Ойбай-ау, неге мінбейім?! Мысалы, міне, өзіңіз қараңызшы, Алматы деген мына жақта! (көрсетеді). Ал менің ауылым, міне, мына жақта! (көрсетеді). Ал сонда мен бұл пойызға мінбегенде, қай пойызға мінуім керек?! Сенбесеңіз, өне, терезеге қараңызшы!..

Асай Мүсеевич сенбегендей, Билетсіз жолаушыға қарайды.

Сосын терезеге қарайды. Сосын біреу өлтірейін деп жатқандай, жандауысы шыға айқайлап жібереді.

АСАЙ МҮСЕЕВИЧ. Ойбай, біз басқа пойызға мініп кетіппіз... Масқара болып басқа пойызға мініп кетіппіз... Тоқтатыңдар... Тоқтатыңдар дейім пойызды! (Жын қаққан адамдай жан-жаққа жүгіре береді).

(Бірінші бөлімнің соңы. Жалғасы бар)

Әдебиет теориясы

Комедия (лат. *comedia* – сауық-сайран, әуезді әуен) – өмір құбылыстарының, мінез-құлықтың, іс-әрекеттің күлкілі жақтарын көрсету мақсатымен сахнаға лайықталып жазылған драмалық шығарма. Комедия іштей юморлық, лирикалық, музыкалық, т.б. түрлерге жіктеледі.



Артық болмас білгенің

ЖҰМАБАЙ МЕДЕТБАЕВ

Жұмабай Медетбаев (8.3.1935, Қарақалпақстан, Қожелі ауданы, Шоманай ауылында дүниеге келген – 10.05.2005, Қазақстан, Алматы қаласында өмірден өткен) – Қарақалпақстанның (1993) және Қазақстанның (1998) халық артисі.

Ташкент қаласындағы Театр және көркемсурет институтын, кейін Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваториясында оқып, оны 1965 жылы бітірген. Сол жылы Қарағандыдағы драма театрына жұмысқа орналасып, М.Әуезовтің «Еңлік–Кебек» пьесасында Кебектің бейнесін сомдаған. Ал 1966 жылдан бастап Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында қызмет еткен. М.Әуезовтің «Қара қыпшақ Қобыланды», «Айман – Шолпан», «Қарагөз», Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібегінде», т.б. пьесаларда күрделі бейнелерді сахналаған.

Домбырамен терме айтқан, жыршылығы да болған. «Қамбар батыр» жыры 1978 жылы Жұмабай Медетбаевтың оқуында күйтабаққа жазылды.

Көрермендердің көңілінен шыққан «Қымызхана» телевизиялық бағдарламасында белсенді актер ретінде қатысқан.

«Ақынжанды актер» атты естелік кітап Жұмабай Медетбаевтың 80 жылдығына арнайы 2015 жылы Алматыдағы «Білім» баспасынан жарық көрді.



1. Драма деген не? Оның жанрлық ерекшеліктері қандай?
2. Сұлтанәлі Балғабәевтың есімі мен шығармаларын білетін бе едіңдер? Өздерің тұратын мекендегі драма театрында Сұлтанәлі Балғабәевтың қай пьесасы қойылды? Сендер бардыңдар ма?



1. Пьеса мен спектакль сөздерінің мағынасы бір ме?
2. «Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасының идеясы не? Тақырыптың дәл осылай қойылу себебі неде?



1. Драмадағы көркемдік құралдарды өздіктеріңнен анықтап, жазыңдар. Олардың қолданысын түсіндіріңдер.
2. Кестені толтырыңдар.

Шығарманың әсер еткен тұсы	Өз пікірім



1. Кейіпкерлерге мінездеме беріңдер. Оларды топтау арқылы және және даралау арқылы сипаттама жазыңдар.
2. Драманың оқиға желісіне негізделген композициялық құрылымын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Үзінді бойынша дәлелде
1	Оқиғаның басталуы (Экспозиция)	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	

3. Авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтаңдар.



1. Әдебиет теориясы бойынша берілген комедия туралы анықтаманы пайдалана отырып, «Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасының комедия деп аталу себебін анықтаңдар.



1. Қазіргі көрермен және заман шындығын сахналаудың маңыздылығы туралы сыни пікір жазыңдар.



Оқу сауаттылығы

1. «Иә-иә. Мына долы ғой!.. Нағыз көк айылдың өзі ғой мынау!»
Сұрақ: Көк айыл деген нені білдіреді?
 - а) көп білетін адам
 - б) долы, ұрысқақ
 - с) мылжың
2. «Ал мыналар кімдер? Бұлар кімнің үстінен күн көріп жүр?»
Сұрақ: «Кімнің үстінен күн көріп жүр» деген сөз қандай жағдайда айтылады?
 - а) өтірікші
 - б) арамтамақ
 - с) суайт
3. «Тоқтай тұрыңызшы!.. (Жолсерік келіншекке). Ат-шапан айып төлеймін дейсіз бе? Өте жақсы... Мен әрқашан дайынмын!»
Сұрақ: Ат-шапан айып төлеу дегенде, автор қазіргі заманда нені меңзеген?
 - а) Архивтік мұралар
 - б) Өшейін айтылған сөз
 - с) пара алу



Оқушы күнделігі

«Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасын оқығаннан кейін қандай әсер алдың? Өздерің тұрып жатқан жердеосындай даңғазалық, ысырапшылдық, тағы да басқа жағымсыз қылықтар бар ма? Оларды сынау қажет пе? Осы мәселеге қатысты ойларыңды жазыңдар.



Фалаитор

Сұлтанәлі Балғабаев туралы хабарларды тауып, сыныпта пікірлесу ұйымдастырыңдар.



Артық болмас білгенің

Нобель сыйлықтары – әлемдік жаңалықтар ұсынған немесе қоғам дамуына зор үлес қосатын әйгілі ғылыми зерттеу жұмыстар үшін жыл сайын тағайындалатын халықаралық сыйлық.

Атақты Альфред Нобель өзінің ғылым саласына қосқан жаңалықтары арқасында өте көп мөлшерде табыс тапқан. Кейін өзінің есімін мәңгілікке қалдыру мақсатында ғылымның бес саласы бойынша сыйлық тағайындау туралы өсиетнама қалдырған. Бұл бес сала: әдебиет, химия, физика, медицина және бейбітшілікті нығайтуға сіңірген іс-әрекеттер үшін Бейбітшілік сыйлығы деп атап көрсетілген.

Оның аманатын орындау үшін жұмыс 1895 жылдан бастап қолға алынды. Бес сала бойынша алғаш сыйлықтарды беру 1901 жылдан басталды.

Швед банкі 1969 жылдан бастап экономика саласы бойынша да сыйлық тағайындады.



Сұталқы

Құрметті оқушылар, оқу жылы аяқталып келеді, сондықтан екі мәселеде талқылау жасауды ұсынамыз.

1. Елімізде көрнекті жазушыларымыз құнды шығармалары үшін Мемлекеттік сыйлық иегері атанады. Сондай-ақ әлемде Нобель сыйлығы да бар. Сендер қазақтың қай көркем туындысын Нобель сыйлығына лайық деп ойлайсыңдар? Сендер қазақ әдебиеті бойынша Нобель сыйлығын қай жазушыға қай шығармасы үшін берер едіңдер? Осы туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

2. Бүкіл оқу жылында ең көп асық жинаған кім, қай топ екенін анықтап, жеңімпазды құттықтауларыңа болады.

**IV бөлім бойынша
ТЕСТ**

1. Қадыр Мырза Әлидің кітаптарының тізбегін табыңдар.

- A) «Қызыл жебе», «Қызыл кітап», «Біздің жақта қыс ұзақ»
- B) «Күміс қоңырау», «Жаңғалақтар», «Ноян қоян», «Алуан палуан»
- C) «Таңғажайып дүние», «Қызыл жебе», «Қызыл кітап»
- D) «Тағдыр», «Мәңгі майдан», «Сыр сандық», «Қызыл кітап»
- E) «Еңіреп өткен ерлер-ай», «Тар кезең», «Қартқожа»

2. Шығармаларды авторлары бойынша сәйкестендіріңдер.

- | | |
|------------------|---------------------|
| 1) «Ақбілек» | A) Қ.Жұмаділов |
| 2) «Қызыл кітап» | B) Қ.Мұханбетқалиев |
| 3) «Тар кезең» | C) Қ.Мырза Әли |
| 4) «Атау-кере» | D) О.Бөкей |
| 5) «Тағдыр» | E) Ж.Аймауытов |

- a) 1a, 2b, 3d, 4c, 5d
- b) 1c, 2b, 3a, 4e, 5d
- c) 1e, 2c, 3b, 4d, 5a
- d) 1e, 2d, 3b, 4c, 5a
- e) 1c, 2a, 3d, 4b, 5b

3. Қараңызшы үлкенге,

Кішіңізге:

Орнында ма санамыз?

Күшіміз де?!

Мамонт құсап

Жігіттік

Азаматтық

Қалған жоқ па көміліп ішімізде?!

Бұл үзінді қай шығармадан алынды, авторын белгілеңдер.

- A) «Дала, сенің ұлыңмын», Ж. Өбдіраш
- B) «Батыр Баян», М.Жұмабаев
- C) «Қызыл кітап», Қ.Мырза Әли
- D) «Дала, сенің ұлыңмын», Қ.Мырза Әли
- E) «Шығамын тірі болсам адам болып», С.Торайғыров

4. С.Балғабаяевтың «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиясындағы кейіпкерлерді рөлдері бойынша сәйкестендіріңдер.

- | | |
|-------------------|-------------------------------------|
| 1) Қошқарбай | А) саудагер |
| 2) Асай Мүсеевич | В) билетсіз жолаушы |
| 3) Мэлс Өлібаевич | С) жауапты қызметкер |
| 4) С.Балғабаяев | Д) тарихшы ғалым |
| 5) Қ.Мырза Өли | Е) Аудандық өкімшіліктің қызметкері |

- а) 1b, 2a, 3e, 4c, 5d
- б) 1c, 2d, 3b, 4a, 5b
- с) 1a, 2b, 3d, 4c, 5e
- д) 1e, 2d, 3c, 4a, 5b
- е) 1d, 2a, 3b, 4c, 5e

5. Қазіргі замандағы ысырапшылық қай шығармада сатираға толы суреттелген?

- А) «Тойдан қайтқан қазақтар»
- В) «Бесеудің хаты»
- С) «Томирис»
- Д) «Тәуекел той»
- Е) «Шақан – Шері»

6. Ұяламын қарауға шағалаға.

Мылтық ұстап шалқарды жағалама.

Құстың зарын естісе,

Не демекші

Саған ана, мына жер –

Маған Ана?!

Үзінді қай шығармадан алынған? Авторын белгілі.

- А) «Бесеудің хаты», Қ.Мырза Өли
- В) «Қызыл кітап», Қ.Мырза Өли
- С) «Дала, сенің ұлыңмын», Ж.Өбдіраш
- Д) «Аққулар ұйықтағанда», М.Мақатаев
- Е) «Дала, сенің ұлыңмын», Қ.Мырза Өли

7. Қадыр Мырза Өлидің «Қызыл кітап» поэмасы қай жылы жазылды?

- А) 1968
- В) 1998

- C) 1986
- D) 1997
- E) 1987

8. С.Балғабаевтың драмалық шығармалар тізбегін анықтаңдар.

- A) «Тойдан қайтқан қазақтар», «Бесеудің хаты», «Мико, Жымбала және қасқыр»
- B) «Тойдан қайтқан қазақтар», «Мико, Жымбала және қасқыр», «Қоп бол, менің ертегім»
- C) «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ең әдемі келіншек», «Біз де ғашық болғанбыз»,
- D) «Тойдан қайтқан қазақтар», «Менің әжем сиқыршы», «Аққулар ұйықтағанда».
- E) «Тойдан қайтқан қазақтар», «Томирис», «Бесеудің хаты», Мико, Жымбала және қасқыр»

9. Қадыр Мырза Әлидің «Жаралы жолбарыс» поэмасындағы бас кейіпкер кім?

- A) Шақан-Шері
- B) Томирис
- C) Махамбет Өтемісұлы
- D) Кебек
- E) Исатай

10. Сұлтанәлі Балғабаевтың ең алғашқы пьесасы қалай аталады?

- A) «Ең әдемі келіншек»
- B) «Менің әжем сиқыршы»
- C) «Мико, Жымбала және қасқыр»
- D) «Қыз жиырмаға толғанда»
- E) «Тойдан қайтқан қазақтар»

БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР

1. – Өй, керім!.. Өй, керім!– деп, Ербол да сұқтанып, тамсанудың үстінде еді. Абай: «Қалай айттың, қалай айттың?» – деп, жолдасының жаңағы айттысын қайта-қайта қайыртты да:
– Ал мен бір нәрсе айтайын ба? Бұның ... деген аты сұлу емес. Сай емес! Жаңа ат қоямыз. Оны дәл осы арада сен таптың. ... аты қалсын, шын аты «Өйгерім! Өйгерім» болады!– деді...
Көп нүктенің орнына тиісті сөзді табыңдар.
2. Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Жұманның қатыны, ... деген бір жеңгесі:
– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау!– деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі – Ызғұттының қатыны Тобжан да сүйді...
Көп нүктенің орнына тиісті сөзді тауып, Абайды Телғара деген кім екенін анықтаңдар.
3. ... есіне Сыздық төре айтты деген сөз түсті. Оқи-оқи миында жатталып қалған сол монологты Кенесары ұрпағы – Сыздық төренің өзі келіп, құлағына сыбырлап тұрған төрізді. “Арқа сүйер асқар тауың – өз мемлекетің болмаса, асыранды итсің. “Ит қарны тойған жерде жүреді” дейді...”
...Темір есік сарт-сұрт ашылып, камераға өлдекімдер кірді.
Сыздық төренің сөзін есіне алған кім екенін ойлап, қай шығармадан алынғанын анықтаңдар.
4. – Өзге-өзгенді не қылайын, Біржан аға,– деп бастап, қонағына жаңа бір қуаныш жүзімен қарады.– Ел ақтаған бір ақын болушы еді. Тілін безеп, жанын жалдап, тіленшілікпен байды сауып, сөз қадірін сол кетіруші еді. Үн түзеген бір әнші болушы еді. Кім көрінгеннің қосшысы. Өр кез, өр мырзаның қосалқысы. Өн қадірін түсіріп, бір атым насыбайдай арзан етіп еді. Сен әнді босағадан өрлетіп, төрге шығардың, соныға ғана қуанам... Осының-ақ қадір-қасиетінді тануға жетіп тұр!..– деді.
Біржан құп тыңдап, өзі де сүйсіне көтеріліп:
– Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай! – деді. Өйгерім де, өзге жиын да екеуін дәл ұғынғандай, түгел қостап күлісті.

Роман ықшамдалып берілген, сондықтан мына диалог қай тарауда айтылуы мүмкін екенін оймен табыңдар.

5. Құдайдың құдіретімен омарташы араға айналды... бірақ бал арасына емес, малға тыныштық бермейтін көкбас сонаға айналды. Айталуы сол екен, арғы жиектегі Қызға зымырай ұшқан. Ұшқан қалпы ғашығына жетіп, иығына қонды. Не болғанын білмей, сасып қалған Қыз қолындағы екі бүктелген қамшымен сескене салып қалғанда, енді ғана арманына жеткен... қанатын серпуге шамасы жетпей, тырапай асып, домалап түскен... мәңгілікке...

Үзінді қай шығармадан алынған? Құбылуға түскен қай кейіпкер екенін анықтаңдар.

6. Тірі болсаң –
Тірісің сен ауылмен,
Ұлы болсаң –
Ұлыңмен сен ұлысың!..

Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анықтаңдар.

7. Қашқан кезде адамнан
Ізін қандап,
Тау ешкісі өтеді құзыңды аңдап.
Қызыл кітап –
Тірі жан тимесін деп,
Хайуанатқа берілген қызыл мандат.

Баяғыдай көбінің халі бірақ –
Мойындарын үзеді өлі бұрап.

Қызыл кітап –
Бұл өзі қызық кітап:
Тысы жұқа,
Астары қалыңырақ!

Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анықтаңдар.

8. Маған қонар –
Саған бақыт қонса кеп,

Менен алар –
Сенен біреу алса көп...
Ұлым менің,
Құлың емес тек қана –
Қиялдаймын
Қожайының болса деп!..

Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анық-
таңдар.

9. «Бел-белесте», «Қияда», «Тайғақта», «Асуда», «Жайлауда», «Өрде»,
«Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Оқапта», «Биікте», «Шытырманда»,
«Еңісте».

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы қай тараулардың аты жазылмай
қалғанын анықтап, дәптерлеріңе жазушы орналастырған ретпен жа-
зыңдар.

10. ...Иә, жалғыздық. Сол жалғыздықтан тағы да Көкен мен Аналық құт-
қарып еді. Бұл өмірде бар-жоғы белгісіз дарбазасыз дара үйде ішерге ас,
киерге киім таба алмай, зар еңіреп, зар жұтып жатқанында, тумасынан
бетер бөйек болып қамқор қолын созды... «Халық жауының» өйеліне
қыл аяғы қара жұмыс та бермей, қаңтарып тастағанда, тағдырдың осы
бір дағдарысынан аман-есен алып шыққан да солар. Бір күні жұмыстан
өдеттегіден тым ерте оралған Көкен:

– Ойбай, Нүрке, саған жасырыну керек, – деді өңі боп-боз болып. – Ау-
даннан адам шығып, сені қамауға алатын көрінеді. Шолаққолдың ай-
ғайлап айтқан бұйрығын есіктің сыртынан естіп қалған бір сенімді кісі
айтты...

Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анық-
таңдар.

11. – Кенесары атамыз әділет үшін, қазақ халқының бақытты ғұмыры,
азаттығы үшін басын бөске тігіп, ақыры, жат қолынан ажал тапқан
жоқ па?! – деп күлді Аяған. Шал көзін кең ашып, жаутандап, жігітке
қарады. – Оның жеңілісінің өзі ұлы жеңіс деуші едіңіз ғой. Ол бақыт
дегеннің не екенін білген жоқ, қысқа ғұмыры жанталасқан күреспен,
азаппен өтті. Кенесарыдай ардагер ұлдарының арқасында қазақ халқы
бақыттың шын бағасын білді, аға. Ал Кенекемнің ұлы Сыздықтың өмірі

ше? Ол да өке жолын таңдады. Оның өмірі де кілең жеңілестерден тұрмай ма,аға??

Үзіндіде қай кейіпкердің сөзі берілген? Бұл сөздерді ол кімге айтып жатыр? Шығарманың жанрын және авторын анықтаңдар.

12. Қатын суының айлағындағы керемет үй, көл-көсір байлық, қора толған мал, бағ аралары иен қалды. Қалса – қалсын, көп ұзамай, Қатынға тоған орнатылып, су көтерілгенде, бөрібір, шіріп астында қалады...
Су астында Нюра Фадеевнаның жетімсіреген зираты да қалады...
«НЕГЕ БІЗ ОСЫ...»

Бұл сөздер кімге тиесілі? Оның бұлай айтуының себебі неде? Шығарманың жанрын және авторын анықтаңдар.

13. Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған,
Менің мазам кетеді күдікті ойдан.
Жұртпен бірге мәз болып,
Ду-ду етіп
Қайта алмаймын одан соң күліп тойдан.

Аңшылыққа қалай жұрт қызығады?!

Қан жуады олардың ізін өлі.

Көргеннен-ақ мылтықты

Менің үшін

Дүниенің дидары бұзылады.

Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анықтаңдар.

14. ... Осылайша 1887 жылдың қысында орыстың данасы Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын қолынан жетектеп кеп, кең қазақ сахарасына ең алғаш рет қадам басты...

ЭПИЛОГ

...Ақшоқыда туған өлең, өлең мен өн көшіріліп, жатталып, Мұхаметжан өуенімен Ұлжан ауылына жеткен еді.

Көп нүкте арқылы жасырылған тараудың атын және оның қосымша тақырыбын табыңдар.

15. Сендік арды,
Сендік намыс, ұятты
Ардақ тұтып,
Жұлдыздарың жиі ақты!..

Туған дала,
Түсінгенге –
Тағдырың
Эстафета таяқшасы сияқты...

Қайран бабам
Бірақ оны
Өкеме
Аман-есен өз қолымен тапсырды!..

Сондықтан да
Мен оны
Салтанатпен ұсынамын ұлыма!
Үзінді қай шығармадан алынғанын, оның жанрын және авторын анық-
таңдар.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз..... 3

I бөлім КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ

Оралхан БӨКЕЙ.....	5
«Атау-кере» (Роман. Басы. Ықшамдалған).....	8
Жарасқан ӘБДІРАШ.....	35
«Дала, сенің ұлыңмын!» (Поэма. Басы. Ықшамдалған).....	40
I бөлім бойынша тест.....	54

II бөлім ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

Баққожа МҰҚАЙ.....	57
«Өмірзая» (Роман. Басы. Ықшамдалған).....	60
Ерболат ӘБІКЕНҰЛЫ.....	85
«Пәтер іздеп жүр едік» (Өңгіме. Басы).....	87
II бөлім бойынша тест.....	98

III бөлім ҒАСЫРЛЫҚ ТУЫНДЫ

Мұхтар ӘУЕЗОВ.....	101
«Абай жолы» (Роман-эпопея. Бірінші кітап. Ықшамдалған).....	107
III бөлім бойынша тест.....	181

IV бөлім ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ

Қадыр Мырза ӘЛИ.....	184
«Қызыл кітап» (Поэма).....	189
Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ.....	208
«Тойдан қайтқан қазақтар» (Комедиялық драма. Басы).....	209
IV бөлім бойынша тест.....	230

Білімді тексер..... 233

Учебное издание

**Алмуханова Риза Таскынгалиевна
Раушанов Есенгали Абдижапбарович
Омарханов Ернур Аханович**

КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА

**Учебное пособие естественно-математического направления
для 11 классов общеобразовательных школ**

(на казахском языке)

Редакторы
Техникалық редакторы
Мұқабаның дизайнері
Дизайнын жасаған және
компьютерде қалыптаған

Ғұсман Жандыбаев
Зайра Бошанова
Ермек Мейірбеков

Гүлмира Өтенова

ИБ №

Басуға 00.00.2020 ж. қол қойылды. Пішімі 70×90¹/₁₆
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсетті басылым.
Баспа табағы 15,0. Шартты б.т. 17,55.
Таралымы 000. Тапсырыс №



«Жазушы» баспасы
050009, Алматы қ., Абай даңғылы, 143-үй,
тел. (727) 394 41 55; факс: (727) 394 41 64.
e-mail: zhazushi@mail.ru